

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті**  
**Казахский национальный педагогический университет имени Абая**

# **ХАБАРШЫ**

# **ВЕСТНИК**

**«Бастауыш мектеп және дене мәдениеті» сериясы**  
**Серия «Начальная школа и физическая культура»**

**№2 (53) 2017**

## МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ CONTENT

**Ильясова А.Н., Уманов Г.А., Е.Ш.Каменов.**

Волейбол ойынында студенттер мен оқушылардың оқу-жаттығу дайындықтарын жоспарлау және ұйымдастыру.

**A.N.Ilyasova., Ymanov G.A., E.S.Kamenov.**

Planning and organization of tutorial-training prepare of students on volleyball.

**И. П. Сивохин, М. А. Касымбеков, А.Е. Ибрагимов, М.С. Хлыстов.**

Взаимосвязь максимальной и взрывной силы соспортивным результатом в классическом рывке штанги.

**I. P. Sivokhin, M. A. Kasymbekov, A. E. Ibragimov, M. S. Khlystov.**

The purpose of research - to investigate the relationship of maximal and explosive power and performance of motor actions in weightlifting.

**Г.П.Мейрбекова.**

Салауатты өмір сүру дағдысын қалыптастырудың ғылыми негіздері.

**G.P.Meirbekova.**

Scientific basis of skills development in a healthy lifestyle.

**С.Х.Ерназаров., Коваленко В.А., М.Г.Айдарбекова.**

Понятие и классификационное определение спортивного туризма.

**S.Ernazarov., Kovalenko V.A., M.Aidarbekova.**

The concept of classification and definition of sports tourism.

**С.А.Қожагелдиева.**

Экологиялық тәрбие берудің қажеттігі және қазіргі жағдайы.

**S. Kojageldieva<sup>1</sup>**

The current state and the need for ecological education.

**К.А.Абдреимова., Б.К.Адамбеков., К.А.Жукенова., А.Қази.**

Еркін күрестегі жалпы және арнайы дене дайындығын жетілдіру жолдары.

**K.A. Abdreimova, B.K.Adambekov, K. A. Zhukenova, A.Kazi**

Ways of improvement of the general and special physical training in free-style wrestling

**М.Б.Жаздықбаева, Ж.А.Қасымбеков**

Отбасымен мектепке дейінгі білім беру мекемесінің сабақтастығының негізі

**M.B.Zhazdykbayeva, Zh.A.Kasymbekov**

Forms and methods of interaction of preschool educational institution with family

**Адамбеков К.И., Э.К Ахметова, Ж.Т.Баякеев**

Көпкүндік биоритмдердің спортшылардың жұмыс қабылетіне әсері (балуандардың мысалында)

**Adambekov K.I. E. Akhmetova, Zh.T.Bayakeev**

The influence of multi-day biorhythms on the performance of athletes (for example, wrestlers)

**А.Қ.Рысбекова, Ж.Ұ.Сәрсенова**

Оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастырудың кейбір жолдары

**Rysbekova a.k, Sarsenova zh.u.**

Some ways of formation of research activities of pupils

**I.Kurmanali ,M.Aidarbekova**

Health tourism

**И.М.Құрманәлі М.Г.Айдарбекова**

Сауықтыру туризмі

**Г. Т.Абдуллина**

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау

**G.T.Abdullina**

Preparation of the future teachers of an elementary school

**К.И.ЕрғазиеваҒ, З.М.Бектурова**

Спорттық психология

**К.І.Үерғазиева,З. Бектурова**

Psychology of sport

**А.А. Куралбаева, Ж.Сейтжаппарова**

Бастауыш сыныпта білімді бағалау- педагогикалық өлшемнің негізі

**А.А.Kuralbayeva G.Seytjapparova**

Knowledge assessment in primary school teaching is the basis of measurement.

**А.Н.Ильясова , Адамбеков Е.К., Г.Б.Копжанов,**

Қазақ ұлттық спорт ойындарының зерттелуі

**A.N.Iliyassova, Adambekov E.K. G.B. Kopzhanov**

Researches in kazakh national sports games

**Г.П. Мейрбекова.**

Заманауи педагогикалық технологияларды қолдануда оқытудың тиімділігі

**G.P.Meirbekova.**

Efficiency of teaching in applicatiaon of modern pedagogy technologies

**Кадырбеков Р.Б,Мукажанов Н.К.**

Волейбол ойынының техникасын оқытудың тәсілдері.

**R.B.Kadyrbekov, N.K.Mukazhanov.**

Methods of teaching volleyball technics

**А.А.Жумадуллаева.**

Қазақ педагогикасы – бәсекеге қабілетті маман даярлаудың қайнар көзі

**A.A.Jumadullaeva.**

Kazakh pedagogy - source of the competitive specialists preparation

**Э.К Ахметова,А.Ж Серіков.**

Грек-рим күресі балуандарының орта таулы қырат жағдайында оқу-жаттығу процесін жоспарлау және ұйымдастыру

**E. Akhmetov,A. J. Serikova.**

Planning and management of UTP wrestlers of Greek-Roman style in the mountains.

**Ж.Н.Садуова**

Әлеуметтік психологиялық тренинг мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынастың алғышарты ретінде.

**Saduova Zh.n.**

Socio-psychological training as a prerequisite of communication between teacher and student.

**К.И.Ергазиева ,Р.Медведев**

Педагогикалық бақылау

**К.И.Ергазиева,Р.Медведев**

Педагогический контроль

**Баймурзаев Т.Х, Мендекеева А.Н.**

Денсаулық сақтау саласының жаңа ұрпақтың сапасы.

**Т.Н.Baymurzaev, A.N.Mendekeeva.**

Quality of new generation's health.

**Ш.Ш.Исахова, М.Х.Досанова**

Балабақшада баланы мектепке даярлаудың маңызы

**SH.Issahova,m.dosanova**

The importance of preparing a child to school in kindergarten

**А.А.Жумадуллаева**

Табиғат құбылыстарымен таныстыру арқылы балалардың дүниетанымын қалыптастыру

**А.А.Jumadullaeva**

Formation of students' world outlook introducing natural phenomena

**С.К.Юмашева, Г.Б.Копжанов**

Жүру мен жүгіру элементтері бар ұлттық ойындардың тәнтанулық сипаттамасы

**S.K.Yumasheva, G.B. Kopzhanov**

Physiological characteristics of national games with elements of walking and running

**Болатқызы Ш, Муратова Ж.М.<sup>2</sup>**

Төзімділік ұғымының мәні және оны дамыту әдістемесі

**Bolatyzy Sh, Muratova Zh.M.**

The characteristic of stamina and method development

**Р.Б.Кадырбеков , М.Г.Айдарбекова**

Велосипедный туризм

**R.Kadyrbekov ,M.Aidarbekova**

Cycling

**Ж.Н.Садуова**

Жоғары оқу орындарында студенттерді психологиялық дайындау жүйесінің теориялық-әдіснамалық негіздері

**Saduova zh.n.**

Theoretical-methodological bases of the system of psychological training of students of higher educational institutions

**А.Қ.Рысбекова, Қ. Омарбек**

Ұлттық салт-дәстүрлердің бала тәрбиесінде алатын орны

**A.K.Pisbekova, K.Omarbek.**

The place of national traditions in child rearing

**Ш.Ш.ИСАХОВА,М.Х.ДОСАНОВА**

Мектеп жасына дейінгі балаларға дәстүрлі емес сурет салу  
Тәсілімен эстетикалық тәрбие беру.

**SH.Issahova, M.Dosanova**

THE AESTHETIC EDUCATION OF THE CHILD OF PRESCHOOL AGE THROUGH  
UNCONVENTIONAL PAINTING

**Болатқызы Ш,Оразбаев Б.Ғ.**

Ізгілік - адамның басты рухани құндылығы

**Bolatkyzy Sh,Orazbayev B.G.**

Humanity is the main spiritual value of man

**УДК 796.332**

**МРНТИ: 796.853.23**

## **Волейбол ойынында студенттер мен оқушылардың оқу-жаттығу дайындықтарын жоспарлау және ұйымдастыру**

**Ильясова А.Н.<sup>1</sup>**

**Уманов Г.А.<sup>2</sup>**

**Е.Ш.Каменов<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>*Абай атындағы ҚазҰПУ Дене мәдениеті және спорт педагогтарын даярлау кафедрасының п.ғ.д., профессор*

<sup>2</sup>*Абай атындағы ҚазҰПУ Дене мәдениеті және спорт педагогтарын даярлау кафедрасының п.ғ.д., профессор*

<sup>3</sup>*Дене шынықтыру және спорт мамандығының 2-курс магистранты, Абай атындағы ҚазҰПУ*

### **Аңдатпа**

Мақалада оқу-жаттығуларды жоспарлау мен ұйымдастыруда арнайы спорт мектептері мен дене тәрбиесі мәдениетінің болашақ мамандарын даярлайтын оқу орындары студенттерін волейбол спорт ойынының қыр-сырына үйретудің мәселелері қарастырылады.

**Кілт сөздер:** оқу-жаттығу кезеңі, тактикалық шеберлік, ойын техникасы, жалпы және арнайы дене дайындығы.

### **Планирование и организация учебно-тренировочной подготовки студентов и учеников по волейболу.**

**А.Н.Ильясова<sup>1</sup>**

**Уманов Г.А.<sup>2</sup>**

**Е.Ш.Каменов<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>*д.п.н., профессор КазНПУ имени Абая  
(г.Алматы, Казахстан)*

<sup>2</sup>*д.п.н., профессор КазНПУ имени Абая  
(г.Алматы, Казахстан)*

<sup>3</sup>*магистрант 2-го курса специальности физической культуры и спорта,  
КазНПУ имени абая  
(г.Алматы, Казахстан)*

### **Аннотация**

В данной статье рассмотрены планирование и организация учебно-тренировочного процесса в волейболе, а также подготовка специалистов специализированных спортивных школ к проведению тренировок по волейболу.

**Ключевые слова:** учебно-тренировочный период, тактическое мастерство, техника игры, общая и специализированная физическая подготовка.

### **Planning and organization of tutorial-training prepare of students on volleyball**

**A.N.Ilyasova<sup>1</sup>**

**Umanov G.A.<sup>2</sup>**

**E.S.Kamenov<sup>3</sup>**

<sup>1</sup> *doctor of pedagogical sciences, associate Professor KazNPU named after Abai*

(Almaty, Kazakhstan)

<sup>2</sup> doctor of pedagogical sciences, associate Professor KazNPU named after Abai  
(Almaty, Kazakhstan)

<sup>3</sup> Master of physical culture and sports of KazNPU named after Abai  
(Almaty, Kazakhstan)

### Abstract

In this article discusses the planning of the trainings and the problems of organizing in the special schools and to teach the basics of the volleyball, physical culture for the future specialists.

**Key words:** training period, tactical master, the technique of games, general and special physical training

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Спорт - игілікті іс. Спортта мінез-құлық, мәдениет қалыптасады. Спортпен айналысқан адам ар ұятқа тиетін іс жасамайды. Жастайынан дене тәрбиесімен шұғылданған адам бүкіл ғұмыр бойы табысқа жетуге талпынады. Мен мұны өз тәжірибемнен білемін», – деуі тарих сахнасының төрінен спорт қозғалысының өзіндік орны бар екендігін делелдейді [1]. Сондықтан да қазіргі таңда мемлекеттік бағдарламаның негізгі мақсаты елімізде дене шынықтыруды және спортты одан әрі дамыту; халықтың дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануы үшін жағдайлар жасау, олимпиадалық, ұлттық, техникалық, қолданбалы спорт түрлерін және халық ойындарын дамыту; саланы басқарудың оңтайлы жолдарын және қазіргі әдістемесін белгілеу; дене шынықтыру және спорт саласындағы заңдарды жетілдіру; бұқаралық спорт пен жоғары жетістіктер спорты саласында спорт резерві мен халықаралық дәрежедегі спортшыларды дайындаудың ғылыми-әдістемелік, медициналық-биологиялық және психологиялық қамтамасыз етілуі жөнінде айналысқан Мустафина.Т.Қ, Дунаев.З.Қ, Амангельдиева Р.Р, Л.А Жумабекованың еңбектеріне сүйеніп зерттеулер жүргізу; спорт резервін және халықаралық дәрежедегі спортшыларды даярлау болып келеді [2]. Адам баласының ойлап тапқан әрбір пайдалы әрекеттерінің өміршендігі оның қоғам мүшелерінің ортақ қазынасына, өмірлік салтқа айналуынан көрінетіні шындық. Олай болса біз әңгіме етіп отырған волейбол спорт ойыны, бар ұлт үшін ортақ қазына, өйткені оны өмірге құштар жандар ойлап тауып өмір нәріне енгізген [3].

Қазақ волейболы спорт ойынының негізін салушы Октябрь Жарылғаповтың пікірі бойынша бүгінгі әлемдегі спорттың волейбол ойынының деңгейі өте жоғары, біздің елімізде спорттың осы түрінде волейболшыларымыздың нәтижелері табысты болуы үшін денсаулығы мықты және дене күштері жетілген, техникалық тәсілдерін толығымен меңгерген тұлғаны тәрбиелеу қажеттігі туындап отыр.

Оқу-жаттығулар процесін жоспарлау мен ұйымдастыру Арнайы спорт мектептері мен дене тәрбиесі мәдениетінің болашақ мамандарын даярлайтын оқу орындары оқушыларын волейбол спорт ойынының қыр-сырына қанықтыру – өте күрделі үрдіс.

Олар:

1. Волейбол ойыншысына тән дене құрылысы, күш-қуаты және ұжымдық әрекетке бейімдігі бар жаттығулар таңдау;
2. әрбір жаттығушыларға тән психологиялық ерекшеліктерді үнемі назарда ұстау;
3. 10-20 жас аралығындағылардың өсуі мен анатомиялық-физиологиялық құрылымын зерделі тексеру;
4. болашақ волейбол спорт ойынын жете меңгерушілерге қойылатын арнайы талаптарды үнемі басшылыққа алу қажеттігі;
5. жаттығушылардың ойын барысындағы атқартын функцияларын алдын-ала белгілеу;
6. жаттығу жүйесін алдын-ала жоспарлай отырып оның нәтижесін талдау;

7. алдағы болатын спорт жарыстарының мақсаты мен міндетін ойыншылар мен бірлесе отырып талқылау;

8. жаттығушыларды үнемі дәрігерлік байқаудан өткізіп, оларға берілетін жүктемелердің организм мүмкіншілігіне үйлесімділік табуын қадағалау;

9. жарыс-жаттығу кезеңі мен демалу және ширақ мерзімдері арасындағы органикалық бірлестіктің мерзімін белгілеу;

10. машықтанушы жастардың болашақ үлкен спортта биік тұлға дәрежесіне дейін көтерілуіне жағдай жасау [4].

Сөйтіп, жаттығушылар мен жаттықтырушылардың көздеген мақсатына жетуіне бірден-бір себепші жоғарыдағы аталып өткен кезеңдердің жүйелі, ізбе-ізділікпен бірігуінен болатын нәтиже екендігін ескертеміз. Ол дайындықтарға арналған оқу-жаттығу үрдісіне байланысты құбылыс. Себебі, жаттығу-дәріс кезінде әрбір шәкірт-машықтанушы тапсырма алады, оны өз бетімен орындайды. Тапсырманың түрлерін жаттықтырушы алдын-ала жоспарлап, оның мүлтіксіз орындалуын қадағалап отырады. Жаттығушылар орындайтын ойын тәсілдері бұрынғы меңгерген техникалық жаттығудың күрделіленген түрі немесе бұрын меңгерген ойын элементінің жалғасы да болуы мүмкін. Сол сияқты жылдық оқу-жаттығу кезеңі жылдың екі кезеңіне бөлінеді. Мүмкін, олар күзгі-қысқы және көктем-жазғы уақыттар болады. Бұл кезеңдерге сәйкес оқу-жаттығу процесі негізгі үш мерзімдік болып бөлінеді: дайындық, жарыс және өтпелі шақ. Әрбір кезеңге тән жаттығу, ойын техникасын меңгеру, демалу мен ширау сияқты әдейі ұйымдастырылған оқу-жаттығу формалары бар. Машықтанушылардың спорттық жаттығушыға бапкерлер дербес жаттығуға тапсырмалар да беруге болады. Бұл – спортшының өз бетімен іздену жұмысының өте болымды формасы.

Әрбір шәкірт-спортшы өзінің командалық ойында атқартын қызметіне байланысты әрекетін сапалы атқарудың тәсілін күрделендірудің әдістемесін өз бетінше меңгеруіне жағдай жасайды және оның ойын процесінде кездесетін, оқиғаға алдын-ала дайындығын қамтамасыз етеді. Жаттығушы-спортшылардың өз бетімен орындайтын дербес жұмысы командалық ойын өрнегін берік игеруге ғана мүмкіндік туғызбайды, ол жеке спортшының ойыншы ретін де құнды қасиеттерін өзін-өзі билеушілікті, ұйымшылдықты, өзінің түпкі ойына жету мақсаттылығын қалыптастырады [5]. Сонымен оқу-жаттығудың әрбір кезеңінің міндеттері мен мақсаттарын және формаларын таңдап алу, біріншіден, жаттығу міндеттеріне, екіншіден, оқу-жаттығу көлемі мен күрделілігіне, үшіншіден, командадағы спортшылардың жаттығу-спорттық мүмкіншілігіне байланысты. Волейболшылар оқу-жаттығу процесіндегі басты тұлға, егер бапкер әрбір спортшыға жаттығу барысында дербес назар аударып, дер кезінде көмектессе, талапкерге зер салса, онда әрбір волейболшы өзін бапкердің сенімді шәкіртімін деп сезінеді, оның адамгершілік көмегін шын ниетпен қабылдайды. Осындай ынтымақтастық педагогикасы жағдайында барлық жаттығушылар шыныға білуді, ойын өрнегін өзі жасауды сүйеді, өзі таңдаған спорт түрінен болашақ қуаныш зор табыс, мәртебе күтеді [6]. Волейболшылар үшін әр жылдық оқу-жаттығу жұмыстарының нормаларының дұрыс орындалуы негізгі заңға айналуы қажет. Сол сияқты, арнайы спорттық бағыттағы мектептердің волейболға машықтанушы топтарға арналған төмендегілердей құжаттардың болуы міндетті: оқу бағдарламасы, оқу жоспары, оқу сағаттарының жылдық тізбесі, жеке топтардың командалық жеке дара және болашақ жоспарлары, жаттығу кестесі, сынақ-бақылау нормативтерін тапсыру кезіндегі нәтижелері көрсетілген құжаттар және жаттықтырушы бапкердің дәріс мазмұны жазылған қолжазбасы, ең кемінде бір айға арналған жұмыс-дәріс жоспары болуы қажет.

Волейболшылардың оқу-жаттығу процесіне кіретін-барлық жаттығу жүктемесі, ойыншылардың күш-қуаты мен шапшаң икемділігін арттыруға арналған дене шынықтыру дәрістері сол сияқты сауықтыруға арналған емдеу-демалу орындарында болу іс-әрекетін алдын-ала мұқият жоспарлауға бүтіндей тәуелді. Олардың ішіндегі ең негізгілері болып есептелетіндер: спорт түріне байланысты күш-қуатты арттыру міндеті, ойын техникасын меңгерту, тактикалық шеберлік мектебін үйрету, теориялық-интегралдық дайындықтар жиындықтары. Мектептегі дене тәрбиесінің оқу-жаттығу бағдарламасын орындауда



оқушылардың тәжірибелік қабілеттері мен спорттық дағдыларды жете меңгеруін, дене шынықтыру даярлығын деңгейі мен жауапкершілігін, спорттың жеке бір түрінен шеберлігін бағалау мақсатында оқуды бітіретін IX-XI сыныптарда дене тәрбиесі бойынша «есептелінетіндігі» туралы байқаулар спорттық жеке түрлерін қатесіз таңдауына жағдай туғызатын негізгі шаралардың бірі, яғни үлкен спорт әлеміне «жолдама» беру деуге де болады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Назарбаев Н.Ә. Қазақстан –2030: барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. – Алматы: Білім. - 11 қазан, 1997. –17 б.;

2.Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. (баптары бойынша түсіндірмелерімен) және оны жүзеге асыру жөніндегі негізгі құжаттар. –Астана, 2000. – 322 б.;

3.Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

4.Мұстафина Т.Қ. Дунаев З.Қ. Спорттық медицина/спорттық аурулар мен жарақаттар/Оқу құралы Алматы, 1994. – 65 б.;

5.Мұстафина Т.Қ. Дунаев З.Қ Студенттердің спорттық медицинадан лабораториялық жұмыстарды өздігінен орындауға арналған әдістемелік нұсқау. Алматы, 1993. - 50 б.;

6.Мұстафина Т.Қ. Спорттық медицина /оқу құралы/ Алматы, 1996. - 360 б.

И. П. Сивохин<sup>1</sup>  
М. А. Касымбеков<sup>2</sup>  
А.Е. Ибрагимов<sup>3</sup>  
М.С. Хлыстов<sup>4</sup>

<sup>1</sup>д.п.н. Кустанайского Государственного Педагогического института

<sup>2</sup>к.п.н., доцент Казахской Академии Спорта и Туризма

<sup>3</sup>магистрант Казахской Академии Спорта и Туризма

<sup>4</sup>профессор Казахского Национального Педагогического Университета имени  
Абая

## ВЗАИМОСВЯЗЬ МАКСИМАЛЬНОЙ И ВЗРЫВНОЙ СИЛЫ СО СПОРТИВНЫМ РЕЗУЛЬТАТОМ В КЛАССИЧЕСКОМ РЫВКЕ ШТАНГИ

### Аннотация

Спортивный результат в спорте в значительной степени определяется уровнем физической подготовленности. В исследовании приняли участие тяжелоатлеты высокой квалификации в возрасте 20-23 года ( $n=10$ ). Для определения взрывной силы, которая оценивалась по длительности фазы полета в прыжковых тестах, использовалась тензометрическая платформа. Для определения максимальной силы применялся тест “Приседание со штангой на плечах максимального веса”. В тестах определялся максимальный результат в рывке штанги. Результат в рывке имеет взаимосвязь с максимальной силой ( $r=0,85$ ). Наряду с высокой значимостью максимальной силы для результата в рывке, существенным признаком является взрывная сила. Расчеты показывают, что теснота связи результата в рывке, в приседаниях и в прыжках, при их совместном влиянии возрастает ( $r=0,87$ ), и определяет спортивный результат на 76,0%, причем на долю максимальной силы приходится 50,0%, а на долю взрывной силы 26,0%. Биомеханический анализ позволяет оценить степень влияния отдельных физических качеств и условий их проявления на спортивный результат, а также дает возможность принимать точные управленческие решения при реализации тренировочного процесса в тяжелой атлетике.

**Ключевые слова:** тяжелая атлетика, классический рывок штанги, максимальная и взрывная сила, прыжковые тесты, приседания со штангой на плечах.

И. П. Сивохин<sup>1</sup>  
М. А. Касымбеков<sup>2</sup>  
А.Е. Ибрагимов<sup>3</sup>  
М.С. Хлыстов<sup>4</sup>

<sup>1</sup>Қостанай Мемлекеттік Педагогикалық институты, п.ғ.д.

<sup>2</sup>Қазақ Спорт және Туризм Академиясы, п.ғ.к.

<sup>3</sup>Қазақ Спорт және Туризм Академиясы, магистрант

<sup>4</sup>Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті, профессор

## ЗІЛ ТЕМІРДІ ҚЛАССИКАЛЫҚ ЖҰЛҚА КӨТЕРУДЕГІ МАКСИМАЛ ЖӘНЕ ЖАРЫЛЫСЫ КҮШІНІҢ СПОРТТАҒЫ НӘТИЖЕМЕН БАЙЛАНЫСЫ

### Аңдатпа

Спорттағы нәтиже көп жағдайда дене даярлығының деңгейімен анықталады. Зерттеуге 20-23 жас ( $n=10$ ) аралығындағы жоғары дәрежелі ауыр атлеттер қатысты.

Секіру тесттеріндегі ұшу фазасының ұзақтығы бойынша бағаланған жарылыс күшті анықтау үшін тензометриялық платформа қолданылды. Максимал күшті анықтау үшін «иықтағы максимал салмағы бар зіл темірмен отырып тұру» тесті қолданылды. Тестерде зіл темірді жұлқа көтергендегі максимал нәтижесі анықталады.

Жұлқа көтеру нәтижесінің максимал күшпен ( $r=0,85$ ) байланысы бар. Жұлқып көтеру нәтижесі үшін максимал күшпен қатар елеулі ерекшелік ретінде жарылыс күштің жоғары маңыздылығы бар болып табылады.

Есеп көрсеткендей отырып тұру, секіру және жұлқып көтеру нәтижесіндегі байланыс тығыздығы олардың бір-біріне ықпал жасауын арттырып ( $r=0,87$ ) 76% спорттық нәтижесін анықтайды. Сонда максимал күштің үлесіне 50%, ал жарылғыш күш үлесіне 26% тура келеді. Биомехникалық талдау кейбір дене сапаларының және олардың спорттық нәтижеге ықпал жасау шарттарын белгілі дәрежеде бағалауға мүмкіндік беріп, сонымен бірге ауыр атлетикада жаттықтыру процесін жүзеге асыру барысында нақты басқару шешімін қабылдауға мүмкіндік береді.

**Түйінсөздер:** ауыр атлетика, классикалық жұлқа көтеру, максимал және жарылыс күші, секіру тесттері, ықтағы зіл темірмен отырып-тұру.

*I. P. Sivokhin<sup>1</sup>*

*M. A. Kasymbekov<sup>2</sup>*

*A. E. Ibragimov<sup>3</sup>*

*M. S. Khlystov<sup>4</sup>*

*<sup>1</sup>Doctor of pedagogical Sciences of Kustanai State Pedagogical Institute*

*<sup>2</sup>Candidate of pedagogical Sciences, associate Professor of the Kazakh Academy of Sport and Tourism*

*<sup>3</sup>Master student of the Kazakh Academy of Sport and Tourism*

*<sup>4</sup>Professor of the Kazakh National Pedagogical University named after Abai*

## **THE PURPOSE OF RESEARCH - TO INVESTIGATE THE RELATIONSHIP OF MAXIMAL AND EXPLOSIVE POWER AND PERFORMANCE OF MOTOR ACTIONS IN WEIGHTLIFTING.**

### **Abstract**

The study took part lifters of high qualification, aged 20-23 years ( $n=10$ ). To determine the explosive power, which was estimated by the duration of the flight phase in the jumping tests, we use tensometric platform. Jumping carried out with a stop and with fast switching in the legs by bending at the extension. Jumps were performed with a barbell on your shoulders and weighing 50 and 100 kg and without complications. To determine the maximum strength applied squats on his shoulders with a maximum weight. Using test determined the maximum result in the snatch. Results. The result in the snatch is a high degree of relationship with maximum strength ( $r=0.85$ ).

**Key words:** weightlifting, snatch, maximal and explosive power, the jumping tests, squats.

**Введение.** Спортивный результат в спорте в значительной степени определяется уровнем технического мастерства и уровнем физической подготовленности. Выявление наиболее значимых и информативных показателей технической и специальной физичес.-:! подготовленности спортсменов, а также оценка степени их влияния на реализационную эффективность двигательных действий позволяет получить объективные данные для разработки более эффективных моделей подготовки и повышения качества управления за счет коррекции направленности, структуры и содержания тренировочных занятий [1,2]. Важное значение для понимания реализационной эффективности двигательного действия имеет взаимосвязь максимальной и взрывной силы, а также влияние на эти процессы рекуперации энергии упругой деформации работающих мышц и сухожилий. Экспериментальные данные позволяют лучше понять сложные механизмы реализации двигательных действий в тяжелой атлетике и выйти на разработку принципиально новых технологий совершенствования спортивно-технического мастерства спортсменов.

**Цель исследования** - определение показателей взрывной и максимальной силы, выявление особенностей и степени их влияния на спортивный результат в классическом

рывке штанги и оценка реализационной эффективности двигательных действий в тяжелой атлетике.

#### **Задачи исследования:**

- Выявить особенности и степень влияния максимальной и взрывной силы тяжелоатлетов на спортивный результат в классическом рывке штанги.
- Экспериментальным путем обосновать эффективность биомеханического контроля в тренировочном процессе тяжелоатлетов.

**Методы и организация исследования.** В исследовании приняли участие квалифицированные тяжелоатлеты в возрасте 20-23 года ( $n=10$ ). Для определения взрывной силы, которая оценивалась по длительности фазы полета (в секундах (с) и миллисекундах (мс)) в прыжковых тестах, использовалась тензометрическая платформа. Прыжки выполнялись с остановкой ( $t_{пр\ M}$ ,  $t_{пр\ M\ со}$ ,  $t_{пр\ M\ юо}$ ) и с быстрым переключением в работе нижних конечностей ( $t_{пр\ Б}$ ,  $t_{пр\ Б\ со}$ ,  $t_{пр\ Б\ юо}$ ) от сгибания на разгибание. Прыжки выполнялись со штангой на плечах весом 50 и 100 кг, и без отягощения. Динамограмма прыжка записывалась с помощью светолучевого осциллографа. Для определения максимальной силы применялся тест “Приседание со штангой на плечах предельного веса”. Результат определялся в килограммах. В тестах определялся максимальный тренировочный результат в рывке штанги. Для анализа результатов исследования применялись общепринятые методы математической статистики. Определялась среднегрупповая величина по каждой переменной  $M$ , а также стандартное отклонение  $S$ . Рассчитывались частные и множественные коэффициенты корреляции и детерминации, а так же выполнялся регрессионный анализ. Коэффициент корреляции определялся по Пирсону. Достоверность коэффициентов корреляции оценивалась по следующим показателям: ( $r > 0,63$ , при  $P < 0,05$ ;  $r > 0,77$ , при  $P < 0,01$ ).

**Результаты исследования и их обсуждение.** В таблице 1 представлены данные, характеризующие взаимосвязь результата в рывке штанги с показателями максимальной и взрывной силы.

Таблица 1 -Взаимосвязь результата в рывке штанги с показателями максимальной и взрывной силы тяжелоатлетов ( $n=10$ )

| Тесты                 | M; S        | Результат в рывке |          |
|-----------------------|-------------|-------------------|----------|
|                       |             | Лучший (г)        | Тест (г) |
| 1. Масса тела, кг     | 78,9; 9,9   | 0,27              | 0,26     |
| 2. Приседание, кг     | 187,0; 28,7 | 0,85              | 0,81     |
| 3. $t_{пр\ M}$ , с    | 0,59; 0,06  | 0,71              | 0,72     |
| 4. $t_{пр\ M50}$ , с  | 0,40; 0,05  | 0,75              | 0,75     |
| 5. $t_{пр\ M100}$ , с | 0,29; 0,04  | 0,62              | 0,62     |
| 6. $t_{пр\ Б}$ , с    | 0,61; 0,07  | 0,80              | 0,79     |
| 7. $t_{пр\ Б30}$ , с  | 0,42; 0,06  | 0,65              | 0,63     |
| 8. $t_{пр\ Б100}$ , с | 0,31; 0,05  | 0,50              | 0,50     |

Результат в рывке имеет высокую степень взаимосвязи с показателем максимальной силы ( $r=0,85$ ). Уровень максимальной силы имеет определяющее значение для результативности в рывке, что подтверждается исследованиями других авторов [3]. Наряду с высокой значимостью максимальной силы для результата в рывке, существенным признаком является взрывная сила.

Анализ взаимосвязи результата в рывке и в прыжковых тестах свидетельствуют о том, что наибольшие величины коэффициентов корреляции имеют результаты в таких тестах, как прыжок вверх без отягощения с быстрым переключением в работе мышц нижних конечностей с уступающего режима на преодолевающий ( $r=0,80$ ;  $r=0,79$ ). Данный тест можно рассматривать как наиболее информативный для оценки влияния взрывной силы на результативность в классическом рывке штанги испытуемых тяжелоатлетов.

Данный тест использовался в дальнейшей аналитической работе результатов исследования и проведения регрессионного и корреляционного анализа.

Определенный интерес представляет изучение взаимосвязи максимальной силы и различных проявлений взрывной силы. В таблице 1 представлен корреляционный анализ показателей приседаний и различных вариантов прыжков.

Результаты в приседаниях имеют более высокую степень взаимосвязи с результатами в прыжках, выполняемых с быстрым переключением в работе нижних конечностей от сгибания на разгибание.

Это свидетельствует о том, что с увеличением максимальной произвольной силы повышаются и результаты в прыжках, причем в большей степени это связано с прыжками, в которых используется эффект упругой деформации мышц и сухожилий. Увеличение максимальной силы сопряжено с ростом мышечной массы и увеличением количества миофибрилл. Это естественно ведет к увеличению количества активных акто-миозиновых мостиков, которые при деформации способны генерировать дополнительную силу, что нашло свое отражение в более высоких значениях коэффициентов корреляции с результатами в тех прыжковых тестах, в которых проявлялся эффект упругой деформации в работе мышц нижних конечностей. Данную закономерность важно учитывать при разработке методики совершенствования двигательного действия за счет правильного распределения динамических акцентов относительно работы кинематических звеньев двигательного аппарата.

Учитывая значимость таких физических качеств, как максимальная ( $r=0,85$ ) и взрывная сила ( $r=0,80$ ), был проведен регрессионный анализ исследуемых показателей. Рассчитывались коэффициенты регрессии для каждой переменной. Результаты регрессионного анализа представлены в таблице 3 и 4. С увеличением результата в приседаниях (максимальная сила) на 10 кг результат в рывке увеличивается в среднем на 5,2 кг, а увеличение времени полетной фазы прыжка ( $t_{прб}$ ) на 10 мс приводит к увеличению результата в рывке на 18,3 кг.

Результаты, представленные в таблице 2, характеризуют разницу между лучшим результатом в рывке и расчетным показателем. Положительные значения разницы свидетельствуют, насколько эффективно спортсмен использует силовые качества. Отрицательные значения свидетельствуют, что спортсмен не эффективно использует силовой потенциал. Результаты, представленные в таблице 4, характеризуют эффективность реализации спортсменами взрывной силы при выполнении рывка штанги.

Результаты, представленные в Таблицах 2 и 3, показывают, насколько спортсмены эффективно используют свой силовой и скоростной потенциал при выполнении соревновательного упражнения. Применение регрессионного анализа позволяет в количественном выражении дать объективную оценку степени реализации отдельно максимальной и взрывной силы при выполнении классического рывка штанги. Результаты проведенного исследования и последующий анализ показал, что высокая степень реализации максимальной силы не всегда совпадает с высокой степенью реализации взрывной силы.

Это требует дифференцированного подхода к процессу совершенствования спортивно-технического мастерства индивидуально для каждого спортсмена с учетом биомеханической структуры соревновательных упражнений, а также основных критериев их эффективности. Полученные результаты проведенного исследования дают важную научную информацию, которую можно использовать для совершенствования всей системы тренировочного процесса тяжелоатлетов, особенно в той его части, которые состоят из таких важных компонентов, как техническая и специальная физическая подготовка спортсменов.

Таблица 2 - Расчетные показатели в рывке от результатов в приседаниях (в кг)

| №  | Приседания(кг) | Рывок (кг) | Расчетный | Разница результат в рывке (кг) |
|----|----------------|------------|-----------|--------------------------------|
| 1  | 220,0          | 135,0      | 128,7     | + 6,3                          |
| 2  | 190,0          | 110,0      | 113,1     | -3,1                           |
| 3  | 200,0          | 130,0      | 118,3     | + 11,7                         |
| 4  | 200,0          | 115,0      | 118,3     | -3,3                           |
| 5  | 200,0          | 125,0      | 118,3     | + 6,7                          |
| 6  | 220,0          | 135,0      | 128,7     | + 6,3                          |
| 7  | 190,0          | 90,01      | 13,1      | - 23,1                         |
| 8  | 160,0          | 95,0       | 97,5      | -2,5                           |
| 9  | 130,0          | 90,0       | 81,9      | + 8,1                          |
| 10 | 160,0          | >90,0      | 97,5      | -7,5                           |

Таблица 3 - Расчетные показатели в рывке от времени полетной фазы в прыжке

| №  | Показатель $t_{пр\ б}$ (мс) | Рывок (кг) | Расчетный | Разница результат в рывке (кг) |
|----|-----------------------------|------------|-----------|--------------------------------|
| 1  | 64                          | 135,0      | 117,4     | + 17,6                         |
| 2  | 66                          | 110,0      | 121,1     | -11,1                          |
| 3  | 63                          | 130,0      | 115,6     | + 14,4                         |
| 4  | 69                          | 115,0      | 126,5     | - 11,5                         |
| 5  | 66                          | 125,0      | 121,1     | + 3,9                          |
| 6  | 68                          | 135,0      | 124,8     | + 10,2                         |
| 7  | 58                          | 90,0       | 106,5     | -16,5                          |
| 8  | 54                          | 95,0       | 99,1      | -4,1                           |
| 9  | 54                          | 90,0       | 99,1      | -9,1                           |
| 10 | 49                          | 90,0       | 96,0      | -6,0                           |

Учитывая большое значение уровня развития максимальной и взрывной силы для высоких результатов в тяжелой атлетике, была использована множественная корреляция и детерминация, а также рассчитывались частные коэффициенты детерминации. Расчеты показывают, что теснота связи результата в рывке с результатами в приседаниях и в прыжках ( $t_{пр\ б}$ ), при их совместном влиянии возрастает ( $r=0,87$ ), и определяет спортивный результат на 76,0%, причем на долю максимальной силы приходится 50,0%, а на долю взрывной силы 26,0%. В ранее проведенных исследованиях, показано влияние взрывной силы для достижения высоких результатов в тяжелой атлетике [3,4]. При этом отмечается значимость использования аккумулированной эластичной энергии работающих мышц во время цикла быстрого переключения “растяжение-сокращения”. Результаты в прыжках с остановкой и с быстрым переключением ног от сгибания на разгибание, при их совместном влиянии, имеют высокую степень взаимосвязи с результатом в рывке ( $r=0,85$ ) и определяют его вариацию на 72,0%. На долю прыжков с остановкой приходится всего 7,0%, а на долю прыжков с быстрым переключением в работе мышц приходится 65,0%. Это является доказательством того, что результат в рывке существенно определяется взрывной силой, но в большей степени в условиях дополнительного использования силы упругой деформации мышц и сухожилий, тех мышечных групп, которые определяют рабочий эффект движений.

**Выводы.** Биомеханический контроль в сочетании с математическим анализом позволяет оценить степень влияния отдельных физических качеств на спортивный результат, а также определить реализационную эффективность двигательных действий в тяжелой атлетике. Исследования показали, что результат в рывке штанги в основном определяется уровнем максимальной силы, но при этом большой вклад в это вносит

уровень развития взрывной силы. Полученные данные предполагают построение такой модели тренировочного процесса тяжелоатлетов, которая позволяла бы решать вопрос избирательной гипертрофии быстрых мышечных волокон, что может дать наибольший эффект не только для развития максимальной, но и взрывной силы.

Применение регрессионного анализа дает возможность получать важную количественную информацию о реализационной эффективности двигательных действий спортсменов, и имеет важное прикладное значение для качественного управления процессом спортивно-технического мастерства.

***Список использованной литературы:***

1 E. Turkileri, I.P. Sivokhin, A.G. Ni, G.Sh. Biktasheva. *Training of weightlifters at different levels of sport mastery: training manual.*-Kostanai: КГПИ, 2005. - 51 p.

2 Lukashov A.A., Sivokhin I.P. *Biomechanical studies of the special auxiliary exercises traditionally used for the snatch improvement //Proceeding of the weightlifting symposium. - Siofok/Hungary, 1990. - С. 43-48.*

3 Hakkinen K., Kauhanen H., Komi V.  
*Merkmale Neuromuskularer Leistungskapazität bei Gewichthebern Nationalen und Regionalen Niveaus // Leistungs sport. - 1985. -№ 5. - PP. 35-41.*

4 Фролов В.И., Фуряев А.Н., Новиков П.С. *О взаимосвязи между спортивным результатом в рывке, техническим мастерством и некоторыми физическими качествами тяжелоатлетов//Гяжсая атлетика: Ежегодник.-М., 1981.-С. 44-46.*

**Г.П.МЕЙРБЕКОВА<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
(Түркістан қаласы, Қазақстан)

## **САЛАУАТТЫ ӨМІР СҮРУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ**

### *Аңдатпа*

Мақалада оқушылардың салауатты өмір сүру дағдысын инновациялық технология арқылы қалыптастырудың негіздері туралы баяндалады. Қазақстан Республикасында балалар мен жасөспірімдер арасындағы ауру деңгейі жоғарылап, 2 млн. астам бала диспансерлік есепте тұрады. Бұл көрсеткіштер көкейтесті әлеуметтік мәселеге айналып, салауатты өмір салтын қалыптастырудың стратегиясын қажет етуде. Осы мақсатты іске асыру үшін «Қалай ауырмауға болады» бағдарламасы дайындалды. Бағдарламада денсаулықты шынықтырудың үйлесімді дамуымен қамтамасыз ету аурудың алдын алу шаралары, денсаулықты сақтау, шынықтыру тақырыптары негізгі бөлім ретінде қарастырылған. Осы бөлімдер аясында оқушыларға гигиеналық әдеттерді дағдыландыру, денсаулығына жауапкершілікпен қарау, жұқпалы аурулар туралы білім беру, дене шынықтырудың денсаулығына жағымды әсері туралы мағлұмат беру мақсаты көзделеді.

Медицина мен педагогиканың жалпы теориясына сүйеніп, денсаулық сақтаудың стратегиясына жетекші орын береді. Медицина, психология, педагогикалық ғылымдардың жетістіктері арқылы адам баласының бойында салауатты өмір салтын және денсаулықты қалыптастырып нығайтуға болады.

**Түйін сөздер:** денсаулық, денсаулықты сақтау, салауатты өмір салты, салауатты өмір, медицина, психология, педагогикалық ғылымдар, дағдыландыру, гигиеналық әдеттер, шынықтыру.

**Г.П.МЕЙРБЕКОВА<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Международный казахско-турецкий университет им. Ходжа Ахмета Ясави  
(г. Туркестан, Казахстан)

## **НАУЧНАЯ ОСНОВА РАЗВИТИЯ НАВЫКОВ ЗДОРОВОГО ОБРАЗА ЖИЗНИ**

### *Аннотация*

В этой статье рассмотрено о развитие навыков ЗОЖ среди учащихся с помощью инновационной технологии. В РК повысилась уровень заболеваемости среди детей и подростков, свыше 2 млн детей стоят на диспансерном учете. Эти показатели обернулись социальной проблемой, и сейчас актуальная проблема развития ЗОЖ. С этой целью осуществляется программа «Как можно не болеть?». В этой программе дается информации о различных болезнях, о профилактике болезней, здоровье, гигиенических правилах учащихся.

В специальных разделах дается информация о развитии навыков гигиены, об ответственности учащихся за свое здоровье, об инфекционных заболеваниях, о пользе физической культуры.

Здесь дается особое место, опираясь на теорию медицины и педагогики, на стратегии здоровья.

**Ключевые слова:** здоровье, беречь здоровье, здоровый образ жизни, медицина, психология, педагогические науки, навыки, гигиенические правила, закаляться.



SCIENTIFIC BASIS OF SKILLS DEVELOPMENT IN A HEALTHY LIFESTYLE

*Abstract*

This article is considered about skills development of healthy lifestyle among pupils by means of innovative technology. In RK raised incidence among children and teenagers, over 2 million children stand on the dispensary account. These indicators were wrapped by a social problem, and now an urgent problem of development of healthy lifestyle. ``How can we not be ill?`` program is carried out for this purpose. In this program health, hygienic rules of pupils is given to information on various illnesses, on prophylaxis of illnesses.

In special sections information on development of skills of hygiene, on responsibility of pupils for the health, on infectious diseases, on advantage of physical culture is given.

Here special room is made, being guided by the theory of medicine and pedagogic, on the strategy of health.

**Keywords:** health to protect health, a healthy lifestyle, medicine, psychology, pedagogical sciences, skills, hygienic rules, to become tempered.

**Қысқашы.** Қазақстан Республикасында балалар мен жасөспірімдер арасындағы ауру деңгейі жоғарылап, 2 млн. астам бала диспансерлік есепте тұрады. Жыл өткен сайын жүйке ауруы белең алуда. Сауалнама қорытындысы бойынша оқушылардың 40% темекі тартады, 39% ара кідік алкоголь ішімдігін қабылдайды, 17% есірткі заттарының дәмін татқан. Шылым шегу мен алкогольді асыра пайдаланудың таралу деңгейі жоғары болып қалуда (сарапшылардың бағалауы бойынша, жасөспірімдер мен жастар арасында тиісінше 22% және 40%) [1, 9].

Бұл көрсеткіштер көкейтесті әлеуметтік мәселеге айналып, салауатты өмір салтын қалыптастырудың стратегиясын қажет етуде. Осы мақсатты іске асыру үшін «Қалай ауырмауға болады» бағдарламасы дайындалды. Бағдарламада денсаулықты шынықтырудың үйлесімді дамуымен қамтамасыз ету аурудың алдын алу шаралары, денсаулықты сақтау, шынықтыру тақырыптары негізгі бөлім ретінде қарастырылған. Осы бөлімдер аясында оқушыларға гигиеналық әдеттерді дағдыландыру, денсаулығына жауапкершілікпен қарау, жұқпалы аурулар туралы білім беру, дене шынықтырудың денсаулығына жағымды әсері туралы мағлұмат беру мақсаты көзделеді.

Қазақстанда 3 миллион 525 мың отбасы бар. Республикамыздың 8 мыңға жуық мектептерінде 3 млн. 200 мың оқушы білім алуда. Бүгінгі күні оқушылардың денсаулық жағдайы қоғамымыздың көңіл аландатып отырған мәселелердің бірі болып отыр.

**Зерттеу әдістері.** Денсаулық жылы деп жарияланған 2002 жылда өткізілген зерттеулердің мәлеметтері бойынша, 12-18 жас аралығындағы балалардың денсаулығының төмен екендігі белгілі болды. Жалпы алғанда оқушылардың 50 пайызында әртүрлі өзгерістер бар. Олардың ішінде әрбір алтыншы оқушыда анықталған ас қорыту ағзаларының сырқаттары басты орында тұр. Одан кейін тамақ сапасы тікелей байланысты қан аздық, тыныс ағзаларының, тірек – қозғалыс жүйесінің аурулары, жүйке сырқаттары және психикалық бұзылыстар тұр. Демек, соңғы жылдары жалпы білім беретін мектеп оқушылары денсаулығының нашарлай түсу үрдісі байқалып отыр.

Қазақстан Республикасының статистика жөніндегі агенттігінің мәліметтері бойынша, бес жыл ішінде жасөспірімдер арасында қан аздық 2,3 есе өсіп, ересектер арасындағы көрсеткіштен 2 есе басым түсіп отыр. Психикалық бұзылыстар мен іс - әрекет бұзылыстарының жиілеуімен қоса несеп – жыныс жүйесінің, тыныс ағзаларының, эндокриндік жүйе ауруларының саны өсіп кеткен.

**Зерттеу нәтижелері.** 2004 жылда жасөспірімдер арасындағы психикалық бұзылыстар 15 пайызға өскен. Балалардағы мұндай сырқаттардан 1,5 есе, ересектердегілерден 2,5 есе асып түсіп, бұл көрсеткіш басқа жас топтарындағы адамдармен салыстырғанда ең жоғарғы көрсеткіш болып отыр [2, 68].

Валеология – жаңа, қарқынды дамып келе жатқан, адам ағзасын сауықтырумен айналысатын ғылымның саласы. Валеология – халықтың денсаулығы жайындағы, адам организмін биологиялық, әлеуметтік және рухани бірліктегі мәселелерді кешенді шешуге бағытталған ғылым. Ғылым ретінде – ол салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша ғылыми – негізделген ұсыныстарды әзірлейді. Валеологияның объектісі адам баласының денсаулық диапазонындағы бүтін адам тұлғасы. Валеологияның зерттеп зерделеу заты – дербес денсаулық. Бүтін адам тұлғасы – иерархиялық ұйымдастырушылық принципті ашық үшбірлік жүйе («төменгі, жоғарғысымен басқарылады»), сана, психика және солардың жоғарғы аспекталары (жоғарғы сезім, рухани аспекті). Сонымен, адам өмірінің мақсаты өмір сүру және репродукция, өзін тұлға, шығармашылықты жеке адам ретінде таныта білу. Осындай мақсаттарға жету барлық үш деңгейде қалыптасатын денсаулықпен қамтамасыз етіледі.

Валеология – денсаулық және салауатты өмір сүру салты туралы ғылым!

Валеология саласында валеологиялық өзін-өзі тануға, саналық ерекшеліктерге, тұлғалық іс-әрекеттіліктерге ерекше көңіл бөлінеді. Бұл жүйе өз денсаулығының құндылығы, денсаулықты сақтау мен нығайту, өзінің түсінігі бойынша валеологиялық іс - әрекеттіліктің бағытталуы, сондай-ақ салауатты өмір салтындағы білімге бағытталады (денсаулықтың тұлғалық моделі). Валеологиялық өзін-өзі саналықтың тағайындалып аяқтан тұруы, тек қана өз денсаулығының құндылықтарын сезініп, саналап қана қоймай, сонымен қатар, осы саналықты тұлғаның іс-әрекеттіліктерін саналы формасына айналдыру, жүйелеу. Валеология – ғылымдарының мазмұндауынша, баланың бойында валеологиялық өзін-өзі саналауды қалыптастырудағы маңызды және қолайлы кезең жас жеткеншек және балалық кезең, себебі осы жасқа байланысты кезеңдерде тұлғалықтың өзін-өзі саналау қарқынды қалыптасады. Денсаулықты сақтау, нығайту және салауатты өмір салтын қалыптастыруда, өзекті педагогикалық проблемаларымен қатар, валеология саласы педагогтардың назарын аударуда. Біз Белоруссия педагогы Н.К.Степаненковтың «Валеологияның негізгі ережелерін педагогикалық іс-әрекеттіліктерге ендіру, қолдану, педагогтардың ертеректегі стратегиясын - өсіп келе жатқан жас буынды бүтін тұлғалы дамытудың бірыңғай процесі ретінде оқытып тәрбиелеу қажет» деген ұғыммен келісеміз.

**Талқылау.** Салауатты өмір салтына тәрбиелеу проблемалары XX ғасырдың соңында XXI ғасырдың басында түрлі ғылымдардың зерттелу объектісі болды. Иванова Н.К. салауатты өмір салтын жалпы адамдық құндылық ретінде қарастыруға талпыныс жасады. Ғалымның мазмұндауынша «Денсаулық, салауатты өмір – мектеп оқушысымен құндылық ретінде санап, қажеттілік тұрғысында қабылдануы тиіс. Сонда ғана осы құндылықтар мінез-құлықты мативациялайды». Осындай мазмұн қазіргі заманғы әдістемелік тұжырымдамаларға сәйкестенеді. Алайда, Н.К.Иванованың қорытындылауынша «Қазіргі заман білімінің басты мақсаты өз денсаулығына, қоршаған ортаға және болашақ буынға мейіріммен қарайтын адамды тәрбиелеу». Біздің көзқарасымыз бойынша, мектеп оқушысының бойында салауатты өмір салтын қалыптастыруды бүтіндей педагогикалық процестің құрама бөлігі ретінде қарастыру қажет.

Мектептегі дене шынықтыру журналындағы мақаласында Мудеров М.Я. - денсаулық сақтау үшін, ол одан абзалы жиі ауыра берудің алдын алу үшін дене жаттығуларын жасаған немесе қозғалыста болған жақсы дейді.

Оқушылардың бойында салауатты өмір салтын қалыптастыруды тұлғаның гормониялық даму міндеттемелерімен өзара байланыстыра отырып қарастыру қажет. Осы айтылған мәселелер, жалпы білім беретін мектептердегі мәселе валеологиялық білім жайында емес, жалпы білімнің валеологиялық аспектісі, педагогикалық процессті ұйымдастырудағы формалар мен әдістемелері, осы процестің рухани саналы, психо және физиологиялық даму мәселелері жайындағы бағыттарын қарастырады. Осы мәселелер бойынша, біз Н.К.Иванованың «салауатты өмір салтын қалыптастырудағы білімнің тиімділігі, интеграциаланған валеологиялық курстар және мектеп пәндерінің валеологиялық мазмұндарымен байланысты болуы тиісті – деген тұжырымдамалармен

келісе алмаймыз». Яғни, оқыту жоспарлары мен жалпы білім беру бағдарламалдарының шамадан тыс жүктемеленулерінде, жалпы білім мазмұнына интеграцияланған валеологиялық курстарды енгізу қажет еместігін сипаттады. Бүтіндей педагогикалық процестің көзқарастары жағынан ең тиімділігі валеологияның салауатты өмір салтын негізгі идеялары мен ережелерін барлық оқу пәндері мен сыныптан тыс жұмыстардың мазмұнына ендіру болып табылады.

Л.Мәженованың айтуынша «Оқушыларға салауатты өмір салтына сай қағидаларды енгізе отырып, оқушыларды болашақтың тірегі болатын дені сау, жан-жақты азамат етіп тәрбиелеу керек»[3, 79].

Л.А.Коротаева, мектептегі валеологиялық қызмет жүйесіндегі, тұлғаның дене және рухани саулықты ерекшеліктерін қалыптастыруға қажетті шарттарды ашық көрсетті және жалпы білімнің валеологиялық аспекторларын педагогикалық тұрғыда түсіндіруге қадам жасады. Валеологиялық қызметтің іс-әрекеттері мына төмендегідей принциптермен негізделуі қажет: оқу-тәрбие процестерін кешенді іске асыру, рухани не дене күші арқасында тұлғалық ерекшеліктердің қалыптасуы; мектеп оқушысының дене және рухани дамуын жүйелі жекелей диагностикалау; дене және рухани тұлғаның қалыптасуындағы білім мазмұнының бағытталуы; сауықтырудың дәстүрлі және дәстүрлі емес әдістемелерін кешенді қолдану. Сонымен, Л.А.Коротаевамен әзірленген, валеологиялық қызметтің концепциясында балаларды сауықтырудың бүтіндей жүйелері байқалады. Жекелей дербес диагностикалау профилактика, коррекция және емдеудегі сауықтыру іс-шаралармен қатар негізгі кезендердің бірі болып табылады.

Алайда Л.А.Коротаевамен ұсынылған деректерді талдай отырып, автордың ұсынған концепциясынан мектеп оқушыларының бойында қоғам мен сананың дамуына барынша мүмкіншілік беретін ғылыми білім мен тәрбиенің принциптері көрініс таппаған. Маңызды дидактикалық принциптердің бірі оқу мен тәрбиелену процесстеріндегі оқушының саналылығы мен белсенділігі. Осы ерекшеліктерді іс-жүзіне асыру – валеология саласындағы білімді тиімді меңгере отырып, оны практикада қолдануға мүмкіншілік жасайды.

Салауатты өмір салтын қалыптастыруда білім саласын күрделендіріп, сауықтыру бойынша жұмыстарды жүргізуге мүмкіншілік беретін оқу мен тәрбиенің жүйелілігі, үздіксіздігі және кезеңдігі ерекше роль атқарады. Салауатты өмір салтын қалыптастыруда оқушылардың жастық ерекшеліктерін есепке алу маңызды,... Мектеп оқушысының денсаулығының нашарлап кету себептері қатарында гиподинамия (жеткіліксіз қозғалыс белсенділігі); мектеп және үйдегі оқушының оқу жүктемесімен шамадан тыс жүктемеленуі; дұрыс тамақтанбауы, оқу сабақтарының кестелерінің бұзылуы, демалыс және ұйқының бұзылуы себеп болып табылады. Оқушының денсаулығына мұғалімнің гигиеналық талаптарды орындамауы теріс әсер етеді (сынып бөлмесінің қажетті деңгейдегі желденбеуі; жиһаздың оқушылардың дене ерекшеліктеріне сәйкес келмеуі; оқу орындарының нашар жарықтануы т.б.). Салауатты өмір салтын балалар, оқушылар және ата-аналардың толық түсінбеушілігі, экологиялық, эстетикалық және дене мәдениеті тұрғысында жұмыстардың толық жүргізілмеуі оқушылардың бойында салауатты өмір салтын қалыптастыруды қиындататын факторлар ретінде байқалады.

Адамның өмір салты мен қоршаған ортаның арасындағы себеп-салдарға байланысты, оқушылардың денсаулықтарын сауықтыруға кедергі келтіретін факторларды жою шарттарын анықтауда оқушының бойында салауатты өмір салтын қалыптастырудың міндеттері мен мазмұндарын ғылыми негіздеу қажеттігі туады. Осы тұрғыда айтатын болсақ “... адам денесінің жетілуі – оның саулығы, егер денің сау болса, онда оны сақтамақ керек, ал егер сау болмаса, онда денді сауықтыру керек” - деп айтқан ұлы ғұлама Әл- Фараби.

Біздің зерттеу жұмыстарымыз үшін қажетті теориялық мағлұматтар Г.К.Зайцевпен тұжырымдалған. Автордың мазмұндауынша, адам баласының даму кезеңдерінде оның доминациялық базалық тұтынушылықтарына жағдай жасай алатын білімнің жүйесін валеологиялық мазмұнды деп есептеуге болады.

Белгілі бір базалық тұтынушылықтарды қанағаттандыру тұрғысында денсаулықты сақтау жайындағы А.Маслоу мына төмендегідей жайытты айтады: «Адам баласы өзін-өзі өз мүмкіншіліктері бойынша барынша жоғарғы дәрежеде іске асырумен сипатталады».

Баланың денсаулығының соматикалық қоры оның ағзасының өсіп, дамуымен, табиғи дарындылығымен қалыптасады. Өз кезегінде жекелей, дербес дамуы оның жетілу кезеңдеріндегі

байқалатын іс-әрекеттерімен жүйеленеді. Базалық іс-әрекет бір жағынан адам баласын дамытудың механизмі ретінде көрінсе, екінші жағынан - өсу процессін қамтамасыз етеді.

Жоғарыда айтылған мәселелер бойынша байқайтынымыз, баланың гармониялық даму шарттары, оның нақтылай дамып, жетілу кезеңдерінде байқалатын нақтылай іс-әрекетін толық қанағаттандыру болып табылады. Осы іс-әрекет, мұқтаждылықтарды қанағаттандыра алмаса баланың дамуын баяулатып оның денсаулығын төмендетеді. Үшінші вариантта болуы мүмкін: жеделдетіп дамыту. Ол, ереже бойынша, баланың бойында әлеуметтік мұқтаждылықтың мерзіміннен тыс қалыптасуымен байланысты. Осы вариант денсаулық үшін қауіпті, себебі «жалпы бейімделу қорының көлемінің» төмендеуіне жетелейді.

Оқушының тәрбиесінің психологиялық сәттілігінің көрінісі оның денсаулығының компоненті ретінде білім беру процессіндегі мінез-құлығын қамтамасыз ететін рухани мәселесі. Осы жағдайлары адамның өзін өзі сақтау, сыйласу мен сүйіспеншілікке деген мұқтаждылығымен мазмұндалады, шартталады. Білім беру мекемелерінде ең маңызды педагогикалық міндеттемелердің бірі балалармен сұқбаттасу, қызығушылықтарын өсіру, сүйіспеншілік атмосферасын, ортасын құра білу. А.С.Иманғалиевтың айтуынша, мектеп оқушысының денсаулығындағы әлеуметті-өнегелік компонентері, екі негізгі критериялармен сипатталады: білім іс-әрекетіне деген қарым-қатынастылық және мінез-құлықтың ережелері. Сондықтан, білім беру іс-әрекеттері мен мектеп оқушысының мінез-құлық сипаты оның базалық іс-әрекетінде.

Мектеп оқушыларының білім алу іс-әрекеттерінің мотивациялық негіздерін зерттеу барысында Г.К.Зайцев, мектептегі үстемді оқыту, баланың бойында зиянды әсерлердің қалыптасатынын атап көрсетті. Г.К.Зайцевтің деректері бойынша өзін-өзі мектепте басқару, өзін - өзі жетілдіру мұқтаждылықтары, жоғарғы сынып оқушыларының арасында 20 - пайызында ғана байқалады. Ал, қалғандарында жалған мотивтер байқалады; әрбір үшінші оқушыда формалды мақсаттылықтарға жету мотивациялары басым (жоғарғы баға беру) және ресми оқу іс-әрекеттіліктерін орындау (оқытушының тапсырмасын орындай отырып, жақсы қарым-қатынаста болу). Жартысынан көбі формалды қатынастылықта бекітілгілері келеді (жоғарғы баға ала отырып өз білімдерін өзге оқушылардың алдында жоғарылығын үстемдеуі). Жоғарғы сынып оқушыларының білім алу іс-әрекеттіліктерінің саналы негіздерін Г.К.Зайцевтың зерттеу нәтижелері бойынша, әрбір үшінші оқушы оқуға деген талпыныс таныта білген. 63% мектеп оқушысы болашағы жайында өз ойларын танытқан: атап айтсақ, оқу болашақ мамандықпен байланысты, алайда денсаулықты төмендетуі мүмкін, өте жоғарғы қуаттылықты, талпынысты талап етеді. Сол сияқты оқу болашақ мамандықпен байланысты емес, алайда өмірде қажетті көзқарасты дамытады, оқу психикаға теріс әсер етеді (қызығушылықты төмендетеді, нашар дамытады, денсаулықты төмендетеді) деген секілді пікірлер.

**Қорытынды.** Жас жеткіншектік шақта көптеген қажетті мұқтаждылықтар нақтыланады, мінез-құлықтың саналы дамуы, қоршаған ортамен байланыстылық және т.с.с. байқалады. Осындай мұқтаждылықтардың дамуын, осы мезгілдегі, жас жеткеншектердің ортаны тану, өмірдің мәнін іздеу, өзін-өзі ортаға таныта білу сияқты ерекше қабілеттіліктерімен байланыстырады. Өзінің құндылығы мен жеке дербестілігін көрсету процесінде, сонымен қатар, өзін-өзі анықтау мен әрекеттеу нәтижесінде жас адамдардың бойында жауапкершілік, әрекетшілік, тұлға ретінде тани білу секілді сапалық көрсеткіштер қалыптасады.

Ә.Райымбековтың айтуынша «Біз әрдайым мектептегі жас жеткіншектердің дұрыс білім алып, салауатты өмір салтын қалыптастырып кетулері жолында бар күш-жігерімізді аямаймыз».

Педагогикалық процесстің бірқатар салауатты өмір салты туралы аспекталары А.Г.Голевтің еңбектерінде ашық көрсетілген. Автордың анықтауынша, валеология – денсаулыққа деген кешенді талпыныс. Ол медицина мен педагогиканың жалпы теориясына сүйеніп, денсаулық сақтаудың стратегиясына жетекші орын береді. Біз осы көзқарасқа келісеміз, себебі, медицина, психология, педагогикалық ғылымдардың жетістіктері арқылы адам баласының бойында салауатты өмір салтын және денсаулықты қалыптастырып нығайтуға болады.

**Пайдаланылган әдебиеттер тізімі:**

1. А.Имангалиев, Г.Сисенгалиева, Г.Тыныбаев, С.Исаев. О необходимости валеологических знаний в Казахстане // Поиск. – 1999.-№4-5.-С.90-93.
2. Соковня-Сейшона И.И. Основы здорового образа жизни и первая медицинская помощь: учеб. пособие: для студ. сред. пед. учеб. заведений. – 2-е изд., стереотип. – М.: Издательский центр «Академия», 1999.- 208 с.
3. Жук Е.Г. Гигиенические концепции здорового образа жизни // Гигиена и санитария. – 1990.- №6.-С.68-71.

Коваленко В.А.<sup>1</sup>  
С.Х.Ерназаров<sup>2</sup>  
М.Г.Айдарбекова<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ Дене мәдениеті және спорт педагогтарын даярлау кафедрасының  
п.ғ.к., доцент

<sup>1</sup>магистр-преподаватель кафедры «Теории и методики подготовки педагогов физической  
культуры и спорта»

<sup>2</sup>старший лаборант кафедры «Теории и методики подготовки педагогов физической  
культуры и спорта»

## ПОНЯТИЕ И КЛАССИФИКАЦИОННОЕ ОПРЕДЕЛЕНИЕ СПОРТИВНОГО ТУРИЗМА

### *Аннотация.*

Спортивный туризм становится все более популярным в Казахстане и за рубежом, но его содержание и особенности остаются недостаточно определенными. Конкретизации содержания и места в классификации спортивного туризма посвящена данная статья.

**Ключевые слова:** туризм; спорт; спортивный туризм; классификация видов туризма.

Коваленко В.А.<sup>1</sup>  
С.Х.Ерназаров<sup>2</sup>  
М.Г.Айдарбеков<sup>3</sup>  
И.к.п.н., доцент КазНПУ имени Абая

(г.Алматы, Казахстан)

<sup>1</sup> «Дене мәдениеті және спорт педагогтарын даярлаудың теориясы мен әдістемесі»  
кафедрасының магистр-оқытушысы

<sup>2</sup>Дене мәдениеті және спорт педагогтарын даярлаудың теориясы мен әдістемесі»  
кафедрасының аға лаборанты

## СПОРТТЫҚ ТУРИЗМ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ БІЛІКТІЛІГІ

### *Аңдатпа*

Спорттық туризмнің Қазақстанда және шетелде танымал болып барады, бірақ оның мазмұны және ерекшеліктері жеткіліксіз. Бұл мақала спорттық туризмнің мазмұнын нақтылау және ұстау орындарын жіктеуге арналған.

**Түйін сөздер:** туризм; спорт; спорттық туризм; туризм түрлерінің жіктелуі.

Kovalenko V.A.<sup>1</sup>  
S.Ernazarov<sup>2</sup>  
M.Aidarbekova<sup>3</sup>

<sup>1</sup> candidate of pedagogical sciences, associate Professor KazNPU named after Abai  
(Almaty, Kazakhstan)

<sup>1</sup>*master-teacher of the Department "Theory and methodology of training teachers of physical culture and sport"*

<sup>2</sup>*senior laboratory assistant of the Department "Theory and methodology of training teachers of physical culture and sport"*

## THE CONCEPT OF CLASSIFICATION AND DEFINITION OF SPORTS TOURISM

### *Abstract*

Sports tourism is becoming more popular in Kazakhstan and abroad, but its content and features remain insufficiently defined. Specify the content and place in the classification of sports tourism focus of this article.

**Key words:** tourism; sport; sports tourism; classification of types of tourism.

**Введение.** Сегодня системному развитию спортивного туризма в Российской Федерации препятствует отсутствие разработанной теории и методики данного процесса. Прежде всего не до конца определены границы и структура самого явления, называемого спортивным туризмом, те специфические организационно-экономические черты, которые ему присущи, а также требования к управленческому процессу, которые из них вытекают. Некоторые результаты решения задачи определения данных положений представлены в данной статье.

**Материалы и методы.** Проведенное исследование основано на классификациях и определениях туризма, предлагаемых рядом отечественных специалистов, а также принятых в теории и практике статистики туризма в соответствии с рекомендациями ООН. В его ходе использованы такие общенаучные методы, как анализ и синтез, сравнение, классификация и иные.

**Обсуждение.** Туризм представляет собой разновидность экономической деятельности, на протяжении уже многих лет являющейся одной из растущих наиболее быстрыми темпами, которые с течением времени (за исключением кризисного 2009 г. и последовавшего за ним в 2010 г. восстановления) только увеличиваются. В результате такого роста в 2011 г. поступления от туристской деятельности превысили \$1,030 трлн., прибавив за год \$102 млрд. В сопоставимых цифрах это означало рост в размере 3,8 % на фоне увеличения количества международных туристских прибытий в размере 4,8 % (до 982 млн).

Применительно к отдельно взятой стране ООН предлагает классифицировать туризм и выделять при этом следующие его виды:

1. «Внутренний туризм, который включает деятельность в пределах рассматриваемой страны постоянно проживающего в ней посетителя в рамках либо внутренней туристской поездки, либо выездной туристской поездки.

2. Въездной туризм, который включает деятельность не проживающего в рассматриваемой стране посетителя в пределах данной страны во время въездной туристской поездки.

3. Выездной туризм, который включает деятельность постоянно проживающего в рассматриваемой стране посетителя за пределами данной страны в рамках либо выездной туристской поездки, либо внутренней туристской поездки» [5].

Причем «три вышеуказанных вида туризма могут комбинироваться различным образом, составляя другие виды туризма, и в этом случае следует использовать следующие определения:

а. туризм в пределах страны, который включает внутренний и въездной туризм, то есть деятельность проживающих и не проживающих в рассматриваемой стране посетителей,

в пределах данной страны в рамках внутренних или международных туристских поездок;

б. национальный туризм, который включает внутренний и выездной туризм, то есть деятельность посетителей, постоянно проживающих в рассматриваемой стране, в пределах и за пределами данной страны в рамках либо внутренних, либо выездных туристских поездок;

с. международный туризм, который включает въездной и выездной туризм, то есть деятельность посетителей, постоянно проживающих в рассматриваемой стране, за ее пределами в рамках внутренних или выездных туристских поездок, и деятельность посетителей, не проживающих в рассматриваемой стране, в пределах данной страны во время выездных туристских поездок».

Тот же источник предлагает классифицировать туристские поездки (в одних случаях предлагая типовые классификации, а в других оставляя их разработку «на откуп» национальным органам туристской статистики) по следующим признакам:

1. Основная цель туристской поездки, без которой та бы не состоялась и которая определяет типичные виды деятельности и модели поведения туриста, включая личные и деловые цели.

2. Тип «туристского продукта» - комбинация его ключевых параметров (место посещения, виды транспорта, размещения, активности в местах пребывания и пр.), актуальная для профессиональных участников туристского рынка. С данной точки зрения выделяются как самостоятельные типы гастрономический туризм, экотуризм, городской, пляжный, агротуризм, оздоровительный, зимний туризм и т.д.<sup>1</sup>

3. Продолжительность поездки или посещения по количеству ночевки с выделением как типичные длительных и краткосрочных поездок.

4. Место начала и место назначения поездки по стране и (или) региону постоянного проживания и посещения.

5. Вид транспорта (основной) - тот, на котором преодолено наибольшее расстояние или проведено наибольшее количество времени или потрачено наибольшее количество средств. При этом выделяются воздушный, водный и сухопутный транспорт.

6. Вид размещения с делением его на размещение на коммерческой, некоммерческой, комбинированной основе или без получения услуг размещения (походы).

Отметим, что представленная классификация видов туризма, предлагаемая методическими рекомендациями ООН и носящая в силу этого отчасти нормативный характер, дополняется рядом отечественных и зарубежных специалистов. Одни из них предлагают использовать в дополнение к перечисленным еще ряд критериев, практически все из которых находятся в составе организационно-экономического блока. Так, в частности, А.Ю. Александрова, А.В. Бабкин, Л.П. Шматько и некоторые другие авторы предлагают дополнить данный блок следующими критериями:

- наличия тура и формирующего его профессионального участника рынка (организованный и неорганизованный туризм);
- числа совместно путешествующих туристов (индивидуальный и групповой туризм);
- возраста путешествующих (детский, молодежный туризм, а также туризм лиц среднего и третьего возраста);
- субъекта, финансирующего (или софинансирующего) поездку (коммерческий и социальный туризм);
- доступности туристской поездки и отдельных услуг (массовый и элитарный туризм);
- интенсивности туристических потоков (постоянный и сезонный туризм);
- устойчивости как модели хозяйственного поведения, не наносящего необратимого ущерба окружающей среде [1, 2, 8].

---

Относительно типа туристского продукта «Международные рекомендации по статистике туризма ООН» оговаривают, что данное понятие не корреспондирует понятию продукта, которое используется экономической теорией. Международных рекомендаций по использованию данного классификационного признака не существует из-за отсутствия «достаточного количества единообразных характеристик» туристских продуктов.



В работах практически всех авторов из числа перечисленных, а также ряда других среди видов туризма встречается понятие спортивного туризма.

По А.В. Бабкину, «спортивный туризм предполагает выезд для проведения спортивных мероприятий в тех или иных странах и регионах. Его, в свою очередь, можно подразделить на профессиональный и любительский туризм, ... который можно подразделить следующим образом: зимние и летние, а также водные, воздушные, пустынные и горные виды спорта» [2]. Непонятным при этом остается то, почему последнее деление предлагается только для любительского спортивного туризма, а также то, почему данное определение не охватывает собой путешествия болельщиков и зрителей.

Л.П. Шматько характеризует его существенно шире следующим образом: «Спортивный туризм - это поездки для участия в различных спортивных состязаниях. Спортивный туризм подразделяется на две разновидности: активный - поездка и пребывание в посещаемом месте для непосредственного участия в спортивных соревнованиях и пассивный - когда поездка и пребывание осуществляются для участия в спортивных соревнованиях в качестве зрителя.» [8]. Т.е. спортивный туризм в данном случае - это путешествия не только профессиональных спортсменов и любителей, обслуживающих их команд, организаторов, но и зрителей спортивных соревнований.

Еще более широкое определение спортивного туризма предлагается К.А. Богинским в специально посвященном тематике спортивного туризма диссертационном исследовании: «Как потребительская деятельность, спортивный туризм может быть определен как перемещение индивидов за пределы их постоянного места проживания, полностью или частично мотивированное интересом удовлетворения специфических спортивных потребностей туристов, связанных с поддержанием и развитием физических кондиций и спортивного мастерства; профессиональных навыков; развлечением; организацией досуга и общения на основе использования спортивных ресурсов в форме туристских продуктов.

Предлагается выделять следующие уровни спортивного туризма:

1. Профессиональный спортивный туризм, основанный на профессиональной или полупрофессиональной деятельности и контактах в спортивной сфере...
2. Специализированный спортивный туризм, имеющий в качестве основной цели поездки активные занятия, часто в определенных видах спорта, включая массовые спортивно-рекреационные мероприятия, или пассивное зрительское участие в определенных спортивных событиях...
3. Неспециализированный спортивный туризм, характеризующийся участием в спортивной сфере как неотъемлемой, существенной части туристской деятельности, реализующей предварительное намерение, но при этом имеет иную, преимущественно, рекреационно-оздоровительную доминанту в мотивации поездки и использовании спортивных технологий разных видов спорта.
4. Сопутствующий спортивный туризм - представляющий дополнительный, необязательный элемент туристского поведения, т.к. участие в спортивной активности в иерархии мотивации туриста занимает более низкую позицию, а часто является результатом импульсивного решения, принятого уже в период пребывания в дестинации, воспользоваться имеющейся спортивной инфраструктурой и обслуживанием или разделить участие в спортивных занятиях за компанию, для поддержания новых знакомств и т.д.» [3].

Анализируя данное наиболее широкое определение, авторы считают возможным высказать сомнение в целесообразности причисления к спортивному туризму так называемого сопутствующего спортивного туризма, т.к. здесь спорт является лишь одним из вариантов времяпровождения во время в том числе неспортивно мотивированной туристской поездки.

В целом же приведенные определения позволяют, как мы полагаем, сделать заключение относительно отсутствия единого подхода к определению термина спортивный туризм. Данное отсутствие, прежде всего, вытекает из различной трактовки содержания и

роли, которую играет прилагательное «спортивный» в отношении туризма у различных специалистов из числа процитированных.

Вместе с тем в соответствии с классическим определением: «Спорт (англ. sport, сокращение первоначального disport — игра, развлечение) - составная часть физической культуры, соревнования по различным физическим упражнениям и их комплексам, а также система их организации и проведения. Исторически сложился как особый способ и форма выявления и унифицированного сравнения достижений людей в определенных видах физических упражнений. Спорт в широком смысле охватывает соревновательную деятельность, специальную подготовку к ней (спортивную тренировку), специфические социальные отношения, возникающие в сфере этой деятельности, ее общественно значимые результаты. Спорт способствует нравственному, эстетическому воспитанию, удовлетворению духовных запросов, выступает как одна из наиболее массовых форм дружеских интернациональных связей» [9].

В то же время: «Физическая культура - часть культуры, представляющая собой совокупность ценностей, норм и знаний, создаваемых и используемых обществом в целях физического и интеллектуального развития способностей человека, совершенствования его двигательной активности и формирования здорового образа жизни, социальной адаптации путем физического воспитания, физической подготовки и физического развития» [7]. Причем «...вполне логично рассматривать физическую культуру как цель, а спорт как средство ее достижения. Именно по этой причине широкое распространение приобретает дефиниция «спорт для всех», отражаемая все более предметно на международном уровне - в документах ЮНЕСКО, Совета Европы, МОК. ... Основным средством физической культуры, развивающими и гармонизирующим все проявления жизни организма человека, являются сознательные (осознанные) занятия разнообразными физическими упражнениями (телесными движениями), большинство из которых придуманы или усовершенствованы самим человеком» [4].

С точки зрения энциклопедических определений третий уровень спортивного туризма, по К.А. Богинскому, является, строго говоря, не спортивным, а лечебно- или рекреационно-оздоровительным туризмом, реализуемым посредством физической культуры и соответствующих упражнений. А четвертый уровень не является и таковым, т.к. в нем физическая культура и спорт не являются средством достижения целей туристической поездки.

Принципиально важно, что все авторы, определения спортивного туризма которыми анализировались нами выше, называют его видом туризма. Вместе с тем вид представляет собой «1. Подчиненное понятие, входящее в состав другого, высшего понятия - рода (филос.)... 2. Совокупность особей, обладающих одинаковыми признаками, единица классификации животных и растений, подчиненная роду, как высшей единице (биол.)» [6]. Таким образом, если экстраполировать определение, данное для живой природы на социально-экономическую сферу, то вид представляет собой абсолютно однородную, неделимую группу, в которой каждый элемент не отличается от других, по крайней мере с точки зрения ключевых (видообразующих) характеристик. Это делает неверной квалификацию спортивного туризма как самостоятельного вида, т.к. он осуществляется различными участниками соревнований (спортсменами, тренерами, вспомогательным персоналом, организаторами спортивных мероприятий и пр.), деятельность которых и, соответственно, потребляемые товары и услуги, принимаемые решения и т.д. кардинально отличаются друг от друга.

Основополагающим различием между перечисленными группами является, как мы полагаем, то, что путешествуя по линии спортивного туризма, их члены ставят перед собой совершенно разные главные цели поездки:

- спортсмены (профессиональные и любители) - цели получения дохода, профессиональной подготовки, новых личных достижений и рекордов, спортивного досуга и отдыха, оздоровления и др.;

- тренеры, обслуживающий персонал и организаторы соревнований - цели профессиональной деятельности и получения дохода без трудоустройства на предприятии, зарегистрированном в месте посещения;

- зрители и болельщики - цели рекреации (проведения отпуска, досуга и отдыха) с общением и получением новых эмоций и впечатлений, параллельным знакомством с историческими и культурными достопримечательностями в месте проведения спортивного соревнования.

Моментом, объединяющим перечисленные многочисленные и разнообразные цели, является то, что единственной деятельностью, посредством которой они достигаются, является деятельность в сфере спорта. То есть понятие «спортивный» выступает по отношению к видам рекреационного, оздоровительного, культурного и познавательного, а также делового туризма, определяемым главной целью туристической поездки спортсменов, тренеров, обслуживающего персонала, а также зрителей спортивных мероприятий, болельщиков спортсменов и команд как объединяющее понятие более высокого уровня.

**Заключение.** Сформулированный подход позволяет предложить систему классификационных критериев для спортивного туризма (рис. 1) и определить данное явление как группу видов туризма, выделяемую по признаку единства сферы реализации разнообразных главных целей туристических поездок: спортивный туризм представляет собой поездки в какое-либо основное место назначения, находящееся за пределами обычной среды туристов, на срок менее года с любой главной личной или деловой целью (за исключением цели трудоустройства на предприятии, зарегистрированном в стране или месте посещения), достигаемой в сфере спорта, обязательным атрибутом которого является соревновательность участников.

**Список использованной литературы:**

1. Александрова А.Ю. *Международный туризм: Учебное пособие*. М., 2002. 339 с.
2. Бабкин А.В. *Специальные виды туризма: Учебное пособие*. Ростов-на/Д., 2008. 119с.
3. Богинский К.А. *Использование потенциала спортивного туризма в формировании комплексного туристского продукта дестинации*. Автореф. дисс. ... уч. ст. канд. экон. наук. Санкт-Петербург, 2011. 22 стр.
4. Википедия. Свободная энциклопедия // *Физическая культура* [Электронный ресурс]. - Режим доступа: [http://ru.wikipedia.org/wiki/Физическая\\_культура](http://ru.wikipedia.org/wiki/Физическая_культура).
5. Организация Объединенных Наций. *Международные рекомендации по статистике туризма*, 2008 год. Мадрид, Нью-Йорк, 2010 г.
6. Словopedia // *Толковый словарь Ушакова* // *Вид* [Электронный ресурс]. - Режим доступа: <http://www.slovopedia.com/3/194/776441.html>.
7. Федеральный закон Российской Федерации от 4 декабря 2007 г. №329-ФЗ «О физической культуре и спорте в Российской Федерации».
8. Шматько Л.П. и др. *Туризм и гостиничное хозяйство: Учебное пособие*. 2-е изд. М.: ИКЦ «МарТ»; Ростов-н/Д.: Издательский центр «МарТ», 2005. 352 с.
9. Яндекс. Словари // *Олимпийская энциклопедия*, 2006 // *Спорт* [Электронный ресурс].

***С.ҚОЖАГЕЛДИЕВА<sup>1</sup>***

<sup>1</sup>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
(Түркістан қаласы, Қазақстан)

## **ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ҚАЖЕТТІГІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ**

### ***Аңдатпа***

Ғылыми-техникалық прогрестің өркендеуі, адамдардың шаруашылық іс-әрекетінің дамуы артып, өндірістің өсуіне қарай табиғаттан алынатын шикізат пен өндіріс қалдықтарының көлемі артып, айналадағы ортаны бүлдіруде. Табиғи және әлеуметтік өзгерістердің көп болуы және олардың жаһандануы адамзатты оның ары қарай тіршілік ету мүмкіндігі туралы ойландырмай қоймайды. Қазіргі кезде адамзат алдында тұрған міндет экологиялық мәселелерді шешудің оңтайлы жолдарын табу.

Бүгінгі күні экологиялық дағдарыстың негізгі себептерінің бірі болып қоғамның экологиялық мәдениетінің төмендігі табылады деп сеніммен айтуға болады. Адам баласы табиғат қорғауды жүзеге асыру үшін табиғатты тиімді пайдалану жүйесі бойынша жұмыстар атқарады. Ал табиғатты тиімді пайдалану – табиғат ресурстарын пайдалану мен оны қайта түлетудің ең ұтымды әрі адамға пайдалы технологиясы.

**Кілт сөздер:** Табиғат әлемі, экологиялық нашар ахуал, мәдениет, табиғатты аялау.

***С.ҚОЖАГЕЛДИЕВА<sup>1</sup>***

<sup>1</sup>Международный казахско-турецкий университет имени Х.А. Яссави  
(Туркестан, Казахстан)

## **СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ И НЕОБХОДИМОСТЬ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ**

### ***Аннотация***

Процветание научно-технического прогресса, повышение хозяйственной активности людей, повышение объёма остатков природного сырья получаемых от природы. Наличие природных и социальных изменений, и глобализации жизнедеятельности человечества, о возможности его дальнейшего существования заставляет нас задуматься об этом. В настоящее время перед человечеством стоит задача найти оптимальные пути решения экологических проблем.

На сегодняшний день можно с уверенностью сказать что одной из основных причин экологического кризиса является низкий уровень экологической культуры. Человечество чтобы осуществить защиту природы выполняет работы по системе рационального природопользования. А бережное использование природы - полезная технология использования природных ресурсов.

**Ключевые слова:** мир природы, плохая экологическая обстановка, бережное отношение к природе, худшее состояние природы, культура.

## **THE CURRENT STATE AND THE NEED FOR ECOLOGICAL EDUCATION**

### **Abstract**

Prosperity of scientific and technical progress, increase of economic activity of people, increase in the volume of residual natural raw materials received from nature. The presence of natural and social changes, and the globalization of human life, the possibility of its continued existence makes us think about it. At present, humanity faces have the task of finding the best ways to solve environmental problems.

To date, one can say with certainty that one of the main causes of the ecological crisis is the low level of ecological culture. To implement the protection of nature mankind is carrying out works on the system of rational nature management. And careful use of nature is a useful technology for the use of natural resources.

**Key words:** the world of nature, poor ecological situation, careful attitude to nature, the worst state of nature, culture.

**Кіріспе.** Ғылыми-техникалық прогрестің жедел даму барысында қоғам мен табиғаттың қарым-қатынас мәселесіндегі күрделі шиеленістерді дұрыс шеше білу бүкіл жер шарының болашағын, әрбір азаматтың өмірін сақтауға мүмкіндік береді. Өйткені, өндірістің дамуы табиғи қорлардың дағдарысқа ұшырауына, қоршаған табиғи ортаның ластануына себепші болып, жаңа дағдарыстардың туындауына ұйытқы болды.

Табиғат әлемі - адамдардың тіршілік ету ортасы. Ал, адамдар табиғатсыз өмір сүре алмайды. Соңғы жылдардағы мемлекеттік жоспарларды орындау, өндірісті өркендету негізгі міндет болып, табиғатты (ауаны, суды, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін) қорғап, ядролық жарылыстар, табиғат байлықтарын орынсыз пайдалану табиғатты ауруға ұшыратты. Жұтатын ауамыз, ішетін суымыз, жейтін тамағымыздың құрамында улы заттар көбейді. Заводтардан шығатын қалдықтар сүзгіден дұрыс өткізбестен ауаға таралып, осының нәтижесінде өкпе, обыр, жүрек, психикалық аурулар саны көбейіп барады. Дүние жүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне сүйенсек, аурулардың 80-90% ішетін ас суынан және жұтатын ауадан туындап отырғаны көрінеді.

Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқатының артуын қамтамасыз ету мақсатымен, Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан 2030» атты өз халқына жолдауында адамдардың денсаулығын жақсарту, ауруларды болдырмау және салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін экологиялық проблемаларды шешу қажеттігі атап айтылған. Президенттің жолдауында: «Экологиялық нашар ахуал бүгінде адам өлімінің 20%-на себеп болып отыр, ол кейбір аймақтарда жағдай мұнан да қиын, отандастарымыздың үштен бірінің сапасыз тамақтанбауы да теріс демографиялық салдарға әкеп соғады», - деді [1].

Озон қабатының жұқаруы, улы тұзды жаңбырлардың жаууы, қоршаған ортаның химиялық заттармен ластануы адамның іс-әрекетінен жасалған қасірет болып табылады. Табиғаттың осындай күйге ұшырап, еліміздің көптеген жерлерінің апат аймағына айналуының бір себебі – экологиялық білім мен тәрбиенің төмендігі.

**Зерттеу әдісі.** Ғылыми-техникалық прогрестің өркендеуі, адамдардың шаруашылық іс-әрекетінің дамуы артып, өндірістің өсуіне қарай табиғаттан алынатын шикізат пен өндіріс қалдықтарының көлемі артып, айналадағы ортаны бүлдіруде. Қазіргі кезде табиғат пен адам арасындағы қарым-қатынасты дұрыс жолға қойып, табиғат байлықтарын көздің қарашығындай сақтап, оны үнемдеп пайдаланудың болашақ үшін маңызы зор.

Соңғы XX ғасырдың екінші жартысында адам баласының алдынан шыққан табиғатты қорғау мәселесі, жастарды соған сай оқыту мен тәрбиелеудің қажеттілігі туып, экологиялық мәселелер қазір әлемде өзінің қоғамдық мәні жоғары алдыңғы қатардағы мәселенің біріне айналды.

**Зерттеу нәтижесі.** Қазақстан Республикасы Конституциясының 6-шы бабы жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекеттің меншігі екендігі, олардың мемлекет қорғауында болатындығын мәлімдейді, осы конституцияның 38-ші бабы Қазақстан Республикасының азаматтарын табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндеттейді [2].

Қазіргі кезде адамзат алдында тұрған міндет экологиялық мәселелерді шешудің оңтайлы жолдарын табу.

Қазіргі кездегі экологиялық жағдай қоғамның, адамның өмір сүру ортасына деген қарым-қатынасына басқаша қарауға мәжбүр етті. Экологиялық мәселелер адамдардың табиғи ортаға деген рационалды емес қарым-қатынасының салдары ретінде пайда болды. Ендігі кезде экологиялық апаттан қалай құтылу немесе оны бастан өткізу туралы емес, оның техногендік және экологиялық-мәдени салдарын қалай жеңілдетуге болады деген сұрақ туындайды.

Мәдениет өзінің даму барысында белгілі бір мағынада өзі мәселелерді туғызды және сол мәселелерді шешу үшін біз қазір мәдениетке жүгінеміз.

Мәдениет экологиясы терминін алғаш ғылыми айналымға енгізген Д.С.Лихачевтың пікірінше этикалық-рухани құндылықтарды ашатын экологиялық мәдениет сұрақтары зерттеуді аса қажет етеді. Экологиялық дағдарысқа қауіпті тудыратын тек сыртқы ортаның ластануы ғана емес, сонымен қатар адамның ішкі әлемінің, мәдениетінің, санасының ластынуы да экологиялық қауіпті құрайды деген ғалымның ойына қосылуға болады [3].

Егер «мәдениет» түсінігінің бастауларына көз жүгіртсек, адамның табиғатқа қатынасы үнемі мәдениетпен «өңделіп» отырды. Адамдар негізінен табиғаттың тұтастығын, өзінің табиғатпен байланысының үзілмейтіндігін жақсы сезе білді және қабылдаушы мәдениеттен өндіруші мәдениетке көшу арқылы әлеуметтік-мәдени экспансияның рычагі арқылы табиғатпен байланысын күшейтті.

Мектеп пен мектептен тыс мекемелерде өткізілетін көпшілік балалар арасындағы табиғат қорғау жұмысында кезінде үлгілі тәжірибелер көп болған. Қазіргі кезде сол тәжірибелерді жинақтап, талдап, олардың оңтайлы әдістерін қайтадан саралап, оқу-тәрбие процесінде пайдалану қажеттілігі байқалуда. Осы жағдай бізге диплом жұмысының тақырыбын «Бастауыш сынып оқушыларының экологиялық мәдениетін қалыптастыру» деп таңдап алуға негіз болады.

Гуманитарлық біліммен қатар экологиялық білім адамдардың экологиялық санасының қалыптасуына, Қазақстанның экологиялық дағдарыстан шығуына септігін тигізетін, адамдардың құндылықтарды, білімді меңгеруіне мүмкіндік жасау керек.

Экологиялық сананың, мәдениеттің қалыптасуы барлық азаматтардың экологиялық санасының, экологиялық тәрбиесінің дамыған болуын қарастырады.

Табиғатқа әсер етудің күшті құралдарын пайдалана отырып, біз әлі бұл құралдарды пайдаланудың салдарын біле бермейміз, біздің табиғи үдерістерге араласуымыздан туындайтын тізбектік реакцияны көре бермейміз.

Екінші жағынан, ғылыми-техникалық прогресті ары қарай жетілдіру қажет, оны дамыту экологиялық мәселелерді шешуде жаңа технологияларды жасауға әкеледі. Осыған байланысты американдық ғалым Б.Коммонер: экологиялық игілік біздің техникаға дейінгі кезеңге оралуымызды талап етпейді. Ондай нәтижеге экологиялық білімге негізделген қайта құрулар арқылы да жетуге болады дейді.

**Талқылау.** Қазақстан Республикасының «Қоршаған ортаны қорғау туралы» заңының 89-бабының әрқайсысы еліміздің болашағын экологиялық жағынан қамтамасыз ету шараларына арналады. Заңда басқа салалармен қатар педагогикалық жағынан шешілуі тиісті міндеттер белгіленіп, экологиялық тәрбие мен білім берудің жалпыға бірдей және үздіксіз жүргізілуі қажеттілігі көрсетіледі [4].

Өйткені табиғатты аялау, соның негізінде имандылыққа, ізгілікке баулу бала тәрбиесіндегі ұлттық тамырдан нәр алады, яғни, экологиялық ой-тұжырымдар баланың қоршаған табиғат ортасымен және өмір сүріп отырған қоғамындағы қалыптасқан ғылыми ұғым түсініктерімен байланыстырса, соғұрлым өз туған жерін, елін қорғауға тәрбиелейді. Табиғат арқылы балалардың имандылық сезімдерінің алғашқы нышандарын қалыптастыру жайлы Я.А.Коменский ескерткен.

Ал, Қазақстанда білім беру жүйесін әлемдік стандартқа жақындату саясаты жүргізіліп жатқан кезеңде, мектептердегі оқу мен тәрбие ісінің мазмұнына қазіргі талапқа сай жан-жақты ойластырылған ең тиімді жұмыс түрлері мен тәсілдерін іздестіруді талап етеді. Сондай жаңа тәсілдер туралы ой Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында [5], Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында [6], сондай-ақ, елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған жолдауларында көрсетілген. Нақ осы құжаттар, заңдар бүгінгі таңда экологиялық тәрбиенің негізгі бағыттарын айқындап берді.

Табиғаттың сұлу көріністері арқылы жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерін, табиғатты қорғау, сүю сезімдерін тәрбиелеу туралы қазақ халқының ағартушылары мен зиялы қоғам қайраткерлері Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердиев еңбектерінде көп көңіл бөлінген. Ұлы Абай өз өлеңінде табиғат пен

адам өмірін, тіршілігін, ажырамайтын, бөліп қарастыруға келмейтін біртұтас дүние ретінде қарастырған. Белгілі педагог-психолог Жүсіпбек Аймауытов балаға ең қымбат, ең жақын туған жері, туған жерінің табиғаты, оның құбылыстарын білу өте қызық екендігін айтады. Мұндай оқыту жүйесі баланың санасын жандандырып, төңіректегі әлемге терең көзбен қарауға үйретеді.

Экологиялық білім мен тәрбие беру мәселесі жөнінде Ә.Е.Бейсенова, Ә.Бірмағамбетов, Х.Жүнісова, Ж.Б.Шілдебаев т.б. еңбектерінде жазған [7].

Экологиялық мәдениеттің негізін экологиялық қарым-қатынас құрайды. Экологияландыру қоғамды сақтаудың шешуші шарты болып табылады, тек сол арқылы ғана адам мен табиғаттың арасында үйлесімділік орнатуға болады. Мәдениет жекелендіруден гөрі, адам мен табиғатты біріктіру құралына айналады.

Табиғатқа жанашыр болу адамзат қоғамына, оның келешегіне жанашырлық жасау болып табылады. Сол себепті туған жеріміздің тамылжыған, тамаша табиғатын сүю, оны қастерлеп, қадірлеу әрбір адамның азаматтық парызы. Сонымен бірге Қазақстан халықаралық деңгейде өзінің тұрақты даму және экологиялық қауіпсіздік идеяларын қолдайтынын қоршаған орта және даму жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы конференциясының құжаттарына қол қоя отырып (РИО – 92), «Европа үшін қоршаған орта» үдерісінің белсенді мүшесі бола отырып, климатты өзгерту бойынша халықаралық маңызды конвенцияларға қосыла отырып бірнеше мәрте дәлелдеді. БҰҰ-ның 1997 жылғы 23-маусымдағы Басты Ассамблеясының XIX арнайы сессиясындағы сөзінде елбасы әлемдік қауымдастықты күш біріктіре отырып, экологиялық мәселелерді, соның ішінде оның ойынша әлемдік маңызы бар Семей полигоны және Арал теңізі маңында қалыптасқан экологиялық мәселелерді шешуге шақырды. Бірақ халық табиғи ортаны қорғауда өзінің белсенді қатысуының қажет екендігін түсінбей, жұмсалған күш нәтиже әкелмейді.

### **Қорытынды**

Мектептегі экологиялық тәрбие беру ісінің педагогика теориясы мен мектеп тәжірибесінде жаңа сала ретінде қазіргі кезде дамып келе жатқандығын байқатады. Қазіргі кезде мектеп практикасы шын мәнінде уақыт талабынан кейін қалып, ол экологиялық сауатты тәрбиеге оқушыларды дайындауды қамтамасыз ете алмайды. Өйткені, зерттеуші ғалымдардың пікірінше мұндай жағдайдың туындауында басты себептердің бірі – экология идеясын жеткізудің жеткіліксіздігі, табиғи ортаның бағалылығы көпшілігінде пайдакүнемдік негізде түсіндірілуі, экологиялық мазмұндағы білімдердің өзара тығыз бірлігінің болмауы деп саналады.

Бір кезде академик П.Ф.Тимирязев «Табиғат аясына мылтықпен емес, фотоаппаратпен шығатын уақыт та болады» деген еді. Ол айтпақшы, әрине, адам баласының мәдениеті өседі, табиғатты жоя бермейді, қадірлейді, тамашалайды, зерттейді, үйренеді. Өйткені өзін мәдениеттімін деп санайтын әрбір адам тек өз халқының емес, бүкіл адам баласының өткенін де, қазіргідей болашағын да ойлау керек.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан 2030». Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. Алматы, 1997.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы, 1995.
3. Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау туралы заңы. //Егеменді Қазақстан, 1997.
4. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. - Алматы, 2007.
5. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Қазақстан мектебі. №2, 2004.
6. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050:бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауы. 03 –ақпан, 2014.
7. Ә.С.Бейсенова,Ж.Б.Шілдебаев, Г.З.Сауытбаев. Экология. Алматы, «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2001. 366 б.

*К.А.Абдреимова<sup>1</sup>*

*Б.К.Адамбеков<sup>2</sup>*

*К.А.Жукенова<sup>3</sup>*

*А.Қазі<sup>4</sup>*

<sup>1</sup>*Абай атындағы ҚАЗҰПУ, «Дене мәдениеті және спорт педагогтарын даярлау теориясы мен әдістемесі» кафедрасы, п.ғ.к., ассоц.профессор,  
(Алматы қаласы, Қазақстан)*

<sup>1</sup>*Абай атындағы ҚАЗҰПУ, «Дене мәдениеті және спорт педагогтарын даярлау теориясы мен әдістемесі» кафедрасы, п.ғ.к., доцент  
(Алматы қаласы, Қазақстан)*

<sup>2</sup>*Абай атындағы ҚАЗҰПУ, «Дене мәдениеті және спорт педагогтарын даярлау теориясы мен әдістемесі» кафедрасы, п.ғ.к., доцент,  
(Алматы қаласы, Қазақстан)*

<sup>3</sup>*«5B010800 – Дене мәдениеті және спорт» мамандығының 4 курс студенті  
(Алматы қаласы, Қазақстан)*

## **ЕРКІН КҮРЕСТЕГІ ЖАЛПЫ ЖӘНЕ АРНАЙЫ ДЕНЕ ДАЙЫНДЫҒЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ**

### ***Аңдатпа***

Жақсы спортшы тәрбиелеп шығару үшін, дұрыс таңдалынып алынған оқыту әдістемесі мен спортшының жалпы және арнайы дене дайындығының маңызы өте зор. Спортшы бойына керекті жан жылуы, өз елінің намысын қорғауға деген ұмтылыс сияқты қасиеттерді ендіру үлкен біліктілік пен мұқалмас күш-жігерді талап етеді.

Осыған байланысты бұл мақалада еркін күрестің жалпы және арнайы дене дайындығының мәні мен маңызы қарастырылады, сондай-ақ еркін күрестің арнайы және жалпы дене дайындығын арттыру жолдары мен ерекшеліктері жайлы сөз болады

Сондай-ақ еркін күреспен айналысушы спортшылардың дене дайындық деңгейіне қойылатын талаптар мен әдіс-тәсілдер туралы баяндалады.

**Түйін сөздер:** еркін күрес, жалпы дайындық, арнайы дайындық, жаттықтырушы

*К.А.Абдреимова<sup>1</sup>*

*Б.К.Адамбеков<sup>2</sup>*

*К.А.Жукенова<sup>3</sup>*

*А.Қазі<sup>4</sup>*

<sup>1</sup>*к.п.н., ассоц.профессор кафедрасы «Теории и методики подготовки педагогов физической культуры и спорта» КазНПУ имени Абая,  
г.Алматы, Казахстан.*

<sup>1</sup>*к.п.н., доцент кафедрасы «Теории и методики подготовки педагогов физической культуры и спорта» КазНПУ имени Абая,  
г.Алматы, Казахстан.*

<sup>2</sup>*к.п.н., доцент кафедрасы «Теории и методики подготовки педагогов физической культуры и спорта» КазНПУ имени Абая,  
г.Алматы, Казахстан.*

<sup>3</sup>*студент 4-курса, специальности 5B010800-Физическая культура и спорт  
г.Алматы, Казахстан.*



## ПУТИ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ОБЩЕЙ И СПЕЦИАЛЬНОЙ ФИЗИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВКИ В ВОЛЬНОЙ БОРЬБЕ

### *Аннотация*

Для того, чтобы воспитать хорошего спортсмена, верно подобранная методика обучения и общая и специальная подготовка спортсмена очень важна. Привить спортсмену такие качества как теплота души, стремление защищать честь своей страны требует умения и несокрушимой силы воли.

Поэтому в этой статье рассматривается значения и важность общей и специальной подготовки в вольной борьбе, изучены особенности, а также пути повышения общей и специальной подготовки в вольной борьбе.

А также излагается требования и методы, приемы поставленные на физический уровень занимающихся спортсменов по вольной борьбе.

**Ключевые слова:** вольная борьба, общая подготовка, специальная подготовка, тренер

*K.A. Abdreimova<sup>1</sup>*

*B.K. Adambekov<sup>2</sup>*

*K.A. Zhukeno<sup>3</sup>*

*A. Kazi<sup>4</sup>*

*<sup>1</sup>candidate of pedagogical sciences, associate professor of the department "Theories and methods of training teachers of physical culture and sports" KazNPU named after Abai, Almaty, Kazakhstan.*

*<sup>1</sup>dosent of pedagogical sciences, associate professor of the department "Theories and methods of training teachers of physical culture and sports" KazNPU named after Abai, Almaty, Kazakhstan.*

*<sup>2</sup>candidate of pedagogical sciences, associate professor of the "Theory and methods of training teachers of physical culture and sports" KazNPU named after Abai, Almaty, Kazakhstan.*

*<sup>3</sup>student 4 courses, specialties 5v010800-physical culture and sport Almaty, Kazakhstan.*

## WAYS OF IMPROVEMENT OF THE GENERAL AND SPECIAL PHYSICAL TRAINING IN FREE-STYLE WRESTLING

### *Abstract*

To train the good athlete, truly picked up training technique both the general and special training of the athlete is very important. To impart to the athlete such qualities as warm-heartedness, the aspiration to protect honor of the country demands ability and indestructible will power.

Therefore in this article is considered values and importance of the general and special preparation in free-style wrestling, features, and also ways of increase in the general and special preparation in free-style wrestling are studied.

And also it is stated the requirement and the methods, receptions put on the physical level of the engaged athletes on free-style wrestling.

**Keywords:** free-style wrestling, general preparation, special preparation, trainer

Жалпы өмірдің өзегі мен ағымының өзі - күрес. Демек, «күрес» деген бір ауыз сөздің мән-мағынасы өте тереңде. Ғаламшардағы тіршілік иесінің барлығы өмір үшін күресуде. Тіршіліктің өзі күреспен жасалды.

«Қазақстан – 2050» мемлекеттік стратегиясында дене тәрбиесі туралы: «Салауатты өмір салтын ынталандыру әрқайсымыздың дене тәрбиесімен шұғылдануымызға, дұрыс тамақтануымызға, есірткілерді, темекі мен ішімдікті тұтынуды қойып, тазалық пен санитария шараларын сақтауымызға бағытталған», – делінген. Сонымен қатар, «Салауатты

өмір салтын теріс әдеттерден алшақтатудың бірден-бір жолы жастарды спортқа бейімдеу болып табылады», – деп атап айтылған. Осындай спорт түрлерінің бірі – еркін күрес.

Басқа халықтардағы сияқты еркін күрестің де өзіндік даму тарихы бар. Міне, осындай даму барысында осы күрес түрінің өзіндік айла-тәсілдері мен ережелері қалыптасты.

Еркін күрес халқымыздың дамыған ұлттық спорт түріне жатады. Күрес ұлтымыздың дәстүрімен тығыз байланысты. Көпшілік маңызы бар мейрамдар мен ойын-сауықтар күрессіз өтпейді. Күрес палуанның шеберлігімен қатар оның мінез-құлқынан да сыр береді. Сондықтан күресте дене күшімен айла-тәсіл қаншалықты керек болса, батылдық пен табандылық, төзімділік пен сабырлылық сияқты адами қасиеттер де соншалықты қажет.

Еркін күрестің табиғаты біздің ұлттық күресімізге жақын. Ерте заманда күрес атаулы қазіргідей өзіндік ерекшеліктеріне сай жіліктеліп, бөлінген жоқ. Бірақ әр халықтың күресінде өзгешеліктер болғаны рас.

Әлемдік мәдениетте өзіндік орны бар қазақ қашаннан балуан халық. Кезінде Қазақстанда еркін күреске 40 мыңдай жасөспірімдер мен жастардың, мамандардың ден қоюы осының айқын дәлелі. Біздің елімізде еркін күрестің өркен жайып, дамуы 1955 жылдан бастау алады.

Күрес түрлерінде балуан бойындағы барлық қасиеттер маңызды болып табылады. Бірақ, сайып келгенде жарыстарда палуанның іс-қимылдары балуанның әдіс-тәсілдерді орындау шеберлігімен бағаланады. Яғни жекпе-жектегі балуанның жеке тәжірибесі айқындаушы басым фактор болып табылады. Сондықтан студенттер күреспен неғұрлым ұзақ шұғылданса, оның шеберлігі соғұрлым арта түседі, тәжірибесі шыңдалады.

Балуандарды дайындауда жаттықтырудың көптеген әдістемелері мен құралдары қолданылады. Жаттығу құралдарында балуандарды жаттықтыру үшін «нені қолдану керек?» деген сұраққа жауап алынады.

Жаттығу әдістемелерінде «қалай қолдану керек?» деген сұраққа жауап беріледі. Жаттықтыру кезеңдерінде мақсатына байланысты әртүрлі құралдар мен әдістемелер таңдап алынады.

Дене жаттығуларын кеңінен пайдалану балуан дайындауда басты құрал болып табылады. Дене жаттығулары: негізгі, жалпы дамыту, арнайы, көмекші және бейімдеуші жаттығулар болып құрал ретінде бес түрге бөлінеді.

Негізгі жаттығу түрлеріне таңдап алынған спорт түріне қажетті барлық жаттығулар енеді.

Жалпы дамыту жаттықтыруларын қолдану спортшының дене қабілеттерінің жан-жақты дамуына әсер етеді, оның өзі екі түрге: бірі басқа спорт түрлерінде қолданылатын жаттығуларды пайдалану, екіншісі күрес түрлерінде орындалатын жаттығулар, мысалы, ауыр салмақтар көтеру, маникендермен жұмыс жасау, көпірге тұру, аударылулар, домалаулар, т.б. болып бөлінеді.

Арнайы дайындау жаттығуларын пайдалану арқылы маманданған спорт түріне қажетгі арнайы дене қабілеттерін арттыруға және сол спорт түрінде пайдаланылатын әдіс-тәсілдік жаттығуларды жетілдіру іске асырылады.

Арнайы жаттығуларды орындату сол спорт түріне қажетті дене күш қабілеттерін арттырады, ағзаның төзімділігін күшейтеді.

Бейімдеуші жаттығулар да өз ерекшелігі жағынан негізгі жаттығуларға ұқсас болып келеді, бірақ олар маманданған спорт түріндегі қолданылатын негізгі әдіс-тәсілдерді дұрыс үйрету, қателіктерді түзету үшін қолданылады.

Көмекші жаттығулар спортшыны демалту, сергіту, сауықтыру мақсатында қолданылады, оған басқа спорт түрлерінде берілетін жаттығулар көбірек енгізіледі. Спортшы дайындығының сапасы үшін жоғарыда көрсетілген жаттығу құралдарын дұрыс таңдау және дұрыс пайдалану маңызды болып келеді.

Барлық қолданылатын жаттығу түрлерінде олардың негізгі ерекшеліктерін анықтау маңызды. Оларға: бастапқы қалып, қозғалысқа түсетін негізгі дене мүшелері, қоғалыс бағыты, қозғалыстың кеңдігі, қозғалыс жылдамдығы, жұмсалатын күш мөлшері,

қозғалыстардың үйлесімдігі, жаттығуды қайталау жиілігі, жаттығуды орындау ұзақтығы жатады.

Бір жаттығу түрінің бөлімін немесе бөлігін жиі қайталатып жаттықтыру, оның арнайы дайындық жаттығу түрі екендігін көрсетеді.

Жаттығу түрін неғұрлым кең аяда орындату адамның иілгіштігін, жиі және тез қайталау жылдамдық қабілеттің арттырады.

Балуандарды жаттықтыру кезінде төмендегідей негізгі жаттықтыру: қайталау, ауыспалы, үзілісті, бір қалыпты, жарыстық, т.б. әдістемелер қолданылады.

Қайталау әдістемесінің ерекшелігі берілген жаттығу түрін өзгертпей көп рет қайталау тапсырмасынан тұрады.


Ауыспалы жаттығу әдістемесінде жаттығуды қайталау барысында орындау жылдамдығы өзгеріп отырады.

Үзілісті әдістемеде берілген жаттығу тапсырмасын алдын ала белгіленген демалыс үзілістері арқылы қайталап орындау міндеттеледі.

Бірқалыпты әдістемеде орындалатын тапсырманы спортшы барлық белгіленген уақыт аралығында бірқалыпты жылдамдықты сақтап орындау тапсырылады.

Бұл өз кезегінде еркін күрес жүйесінің әдіс-тәсілдерін барынша терең меңгеру болып табылады.

Ғалымдардың пікірінше еркін күрес жүйесінің негізі әдіс-тәсілдерді орындау дағдыларынан тұрады. Олар қарсыластардың өзара орналасуына байланысты ерекшеленеді. Оны төмендегі суреттенбайқауға болады:



1-сурет. Еркін күрестегі барлық қозғалыс әдістерінің сызбасы

Күрес әдісінің немесе орындалатын жаттығудың күрделілігіне қарай толығымен немесе бөліктерге бөліп үйрету әдістемесі қолданылады. Алдымен үйретілетін әдістің толық аты аталады, орындауға қолайлы жағдайлар көрсетіледі де, алдымен әдісті толығымен, соңынан бөліктерге бөліп көрсетеді. Орындау кезінде кездесетін негізгі қателіктерге тоқталады. Әдісті күрделенген түрде орындату үшін қосымша кедергі болатын жағдайлар қарастырылады, оған қозғалып жүру, қарсыласу, киімнен, денеден ұстаудың түрлерін өзгерту т.б. жатады.

Өтілген тақырыптар мен тапсырмалардың орындалуы жүйелі түрде тексеріліп отырылады. Тексеру түрлері емтихан, сынақ тестілері, спорттық жарыс болуы ықтимал, анықталған кемшіліктерді дер кезінде түзетіп отырудың маңызы зор. Кемшіліктер көбінесе,

төмендегідей жағдайларда туындайды: үйретілетін әдіс немесе жаттығу туралы дұрыс түсінік болмаған жағдайда, дене күш дамуы (күш, жылдамдық, иілгіштік, т.б.) жеткіліксіз деңгейде болған кезінде, күрес әдістерін сапасыз көрсеткен кезде, үйренушінің көңіл-күйінің нашар болған жағдайында, үйренушіге шамадан тыс жүктеме беру салдарынан, жаттығатын орынның шамадан тыс ыстық немесе суық болуы да кері әсерлерін тигізеді.

Кейбір үйренушілер әдіс-жаттығуларды баяу қабылдайды, оның себебін шәкірттердің мінез-құлқының ерекшеліктерінен іздеу қажет. Осындай жағдай байқалса, әдісті үйретуді асықтырмай, игеру дәрежесіне байланысты сатылап қайталау пайдалы. Егер әдісті мүлдем игере алмаса, сол әдісті үйретуді тоқтата тұрып, келесі түріне көшкен жөн. Байқалған қателіктер үйренуші топтың көпшілігіне тән болса, онда жаттығуды орындауды тоқтата тұрып, ортақ қателікті түзетуге жол іздестіріледі. Егер қателік біразына ғана тән болса, онда топтың жұмысын тоқтатпастан, әлгі шәкірттермен жұмыс жеке жүргізіледі. Жаттығу үстінде үйренушілердің көңіл-күйін, денсаулықтарын үнемі қадағалап отыру керек. Оқу-жаттығу жұмысы ұстаз-жаттықтырушы мен үйренушінің арасында екі жақты байланыс арқылы жүзеге асады, егер педагогикалық байланыс әлсіз немесе тұрақты болмаса, түпкі нәтижеге жету қиын болады.

Осылайша спортшы дене жаттығуларын тұрақты орындау арқылы дене қуаты қасиеттері деңгейін жоғарылата алады. Ол сол жоғарылатқан деңгейде адам денесінде, санасында сақталып тұрады. Әрине спортшы әрекет жасап, ол дене қуаты қасиеттерін тұрақты деңгейде ұстап отырмаса, ол қасиеттер төмендейді, егер тұрақты түрде өмір бойы жүйелі жаттықтырулар арқылы шұғылданып отырса, жаттығу техникасы секілді дене қуаты қасиеттері де адам денесінде, санасында сақталып тұрады.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы. // Егемен Қазақстан, 19.01. 2006, №16
2. Миндияшвили Д.Г. Вольная борьба: история, события, люди. Федерация спорт. борьбы России, Гос. науч. учреждение "Сибирский науч. центр Рос. акад. образования". - Москва: Советский спорт, 2007.
3. Караков А. Қазақ халқының дене тәрбиесі жаттығуларына тарихи-педагогикалық талдау. Дене тәрбиесінің жаршысы.– Алматы, 2008 ж. №1-2.

**М.Б.ЖАЗДЫҚБАЕВА<sup>1</sup>,  
Ж.А.ҚАСЫМБЕКОВ<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
(Түркістан қаласы, Қазақстан)

## **ОТБАСЫМЕН МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІНІҢ САБАҚТАСТЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІ**

### *Аңдатпа*

Мақалада мектепке дейінгі білім беру жүйесінің жаңаруы, гуманизациялау үрдістері мектепке дейінгі мекеменің отбасымен қарым-қатынасын белсендендіру қажеттілігінің туындағанын көрсетіп отыр. Отбасымен балабақша - біздің болашағымыздың бастауында тұрған екі әлеуметтік институт. Мектеп жасына дейінгі баланы толыққанды тәрбиелеу отбасымен балабақшаның тығыз сабақтастығы орнаған кезде ғана мүмкін болады. Отбасымен балабақша арасындағы түсінбеушілік көп жағдайда балаға барынша теріс ықпал етеді. Өкінішке орай көпшілік ата-аналардың баланың балабақшадағы тамақтануы мен қалай киінетіндігі ғана қызықтыратыны ешкімге құпия емес. Олардың арасында балабақшаны ата-аналары жұмыста кездебалаларына қарап отыратын орын ретінде қабылдайтындары да кездеседі. Ата-аналарды тек балалармен ұйымдастырылатын педагогикалық жұмыстармен ғана емес, бастысы топтың және балабақшаның тәрбиелік мақсаттары және дәстүрлерін көрсеткіміз келді. Қазіргі заман отбасындағы тәрбие үдерісінің ерекшеліктерін ашып көрсетілді. Балабақшамен ата-ана қарым-қатынасындағы балаға тәрбиелік ықпалын арттырудың сабақтастық жолдары айқындалды.

Отбасымен балабақшадағы тәрбие үдерісі сабақтастығын арттыру жолдарын, әдіс-тәсілдері көрсетілді. Дәстүрлі бағыттардың жаңа бағытпен алмасуы білім берудегі мақсат пен құндылықтардың өзгерісіне әкелетіні айтылды.

*Түйін сөздер:* сабақтастық, бала, бақша, ата-ана, әдіс, ойлау, талдау, амал-тәсіл.

**М.Б.ЖАЗДЫҚБАЕВА<sup>1</sup>  
Ж.А.КАСЫМБЕКОВ<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Международный казахско-турецкий университет им. Ходжа Ахмета Ясави  
(г. Туркестан, Казахстан)

## **ФОРМАХ И МЕТОДАХ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ ДОШКОЛЬНОГО ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО УЧРЕЖДЕНИЯ С СЕМЬЕЙ**

### *Аннотация*

В данной статье рассматриваются семья - уникальная среда, детский сад - специфический воспитательный феномен - это равнозначные, взаимодополняющие «объединения», необходимые для правильного личностного, социального и духовного развития ребенка.

К сожалению, принцип свободной активности детей, все чаще остается не реализован, современные дошкольные учреждения так же стеснены программой, как и школы. Один из ведущих видов детской деятельности - игра требует пристального внимания семьи, педагогической общественности, побуждая тем самым к поиску форм и методов взаимодействия.

Теория и практика дошкольного воспитания и обучения, начиная с самых своих истоков уделяла вопросам взаимодействия семьи и дошкольного учреждения существенное внимание, а зачастую выделяла его в качестве центрального момента контактной деятельности двух социальных институтов, таких как семья и детского сада. Существенное значение для разработки проблем взаимодействия семьи и детского сада имели психологические представления о механизмах контактной деятельности педагогов и родителей.

Уже сам факт пристального внимания психологов к этому кругу проблем говорит о том, что практика настоятельно требовала разработки моделей контактной деятельности педагогов и родителей с ориентацией на личность ребенка. Появляются публикации для родителей, педагогов по вопросам "делового сотрудничества" с ребенком.

Анализ сложившихся отношений с дошкольным учреждением мы начали с изучения некоторых типичных вариантов взаимодействия двух социальных институтов

**Ключевые слова:** семья, изучение, технология, инновация, метод, родитель, задача, сотрудничество, роль, развитие, беседа.

**M.B.ZHAZDYKBAYEVA<sup>1</sup>**  
**Zh.A.KASYMBEKOV<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasavi  
(Turkistan city, Kazakhstan)

## **FORMS AND METHODS OF INTERACTION OF PRESCHOOL EDUCATIONAL INSTITUTION WITH FAMILY**

### **Abstract**

This article - discusses the family - a unique environment, a kindergarten - a specific educational phenomenon - it is necessary, complementary "unity" necessary for the proper personal, social and spiritual development of the child.

Unfortunately, the principle of the free activity of children, more often still not implemented, modern preschool program as constrained as the school. One of the leading types of children's activities - the game requires attention of the family, teaching community, thereby encouraging the search for forms and methods of interaction.

Theory and practice of pre-school education, since its very beginning paid on family interaction and preschool considerable attention, and often makes it stand out as a central moment of contact work of the two social institutions such as family and kindergarten. Essential to the development problems of family interaction and kindergarten had psychological understanding of the mechanisms of contact activity of teachers and parents.

The very fact of psychological attention to this range of problems suggests that the practice is strongly demanded the development of contact activity patterns of teachers and parents to focus on the child's personality. There are publications for parents and teachers on the "business cooperation" with the child.

**Keywords:** Family, study, technology, innovation, method, parent, mission, partnership, role, development, conversation, observations, education.

**Кіріспе.** Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие және оқыту негізгі ережелерінде отбасы тәрбиесін ұйымдастыруға қойылатын жалпы талаптар, отбасы баланы әлеуметтендірудің алғашқы институты ретінде қарастырған. Бұл құжат педагогтың отбасымен ынтымақтастығына мынадай міндеттер қояды: «Сабақтастық және ынтымақтастық негізінде отбасымен мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында балаларға қойылатын біркелкі талаптармен бірыңғай білім беру кеңістігін қамтамасыз ету, баланың отбасымен мектепке дейінгі ұйымда психикалық-физикалық денсаулығын қамтамасыз ету, баланың жеке дамуы үшін білім беру траекториясын құруда баланың бейімділігі мен отбасы қажеттілігін есепке алу» [1].

Сабақтастық - екі институт арасындағы оқу-тәрбие үдерісі құбылыс-тарының сәйкес келіп, көзделген мақсатқа жету жолы.

Ата-аналардың кең таралған жұмыс формасы жекелеп әңгімелесу болып табылады. Ата-аналармен алғаш танысу. Бала туралы, балалар бақшасы туралы алғашқы әңгімелесу. Бұл ата-аналар мен тәрбиешілер арасындағы достықтың басы бола ала ма, әңгімелесудің мазмұнына, оның мақсат қоюшылығына, тәрбиешінің тәрбие мәселесін қоя білу шеберлігіне байланысты.

Ата-аналармен сіз өз тәрбиеленушілеріңіздің үйіне келгенде сөйлесіп келісу оңай болады. Әңгімелесу сенімді түрде өтеді. Әрбір ата мен ана бөгде кісілердің көзінше кеңес сұрап, өз сәбиінің кемшіліктері туралы ашықтан-ашық айта алмайды.

Сөзсіз, әңгімелесудің табысты болуы көбіне сіздің тақтыңыз бен сезімталдығыңызға, ата-аналарды тәрбие мәселелерімен қызықтыру шеберлігіңізге, олардың сенушілігін тудыра білуіңізге байланысты. Сонда олар бала туралы өздерін қапаландыратын, сенімсіздендіретін нәрселерді айтып беруге дайын тұрады; сәби туралы тәрбиеші осы кезге дейін байқамаған және ешқашан біле де алмайтындары туралы айтып беруі мүмкін [2].

Ата-аналар немен шұғылданса да, мамандығы кім болса да, олар әр уақыт өз балаларының тәрбиешісі. Осыны еске сақтай отырып, тәрбиеші үгіт жұмысын үлкен мемлекеттік маңызды іс ретінде бағалайды: тәрбиеші біліммен қарулану тек ата-аналар міндетін орындау үшін ғана қажетті емес, азаматтық міндет. Әрбір адамның міндеті — өз балаларын пайдалы азаматтар етіп тәрбиелеу. Ал тәрбиеші біліммен, шеберлікпен қаруланбай бұл міндеттерді қоғам алдында орындауға болмайды.

**Зерттеу әдістері.** Ата-анамен тәрбиеші арасындағы келіспеушілік объективті және субъективті себептерден туындауы мүмкін. Бірінші себепке тәрбиеші біліктілігінің және өз ісіне жауапсыздықпен

қарауы. Субъективті себептер ата-ана немесе тәрбиеші тарапынан болуы мүмкін. Оған ата-аналардың балабақшадан күтілмеген теріс жағдайларына ренжуі жатады. Ата-анамен тәрбиеші арасындағы келіспеушілікті шешудің тиімді жолы - тәрбиешіге байланысты. Егер тәрбиеші жан дүниесімен жұмыс істеп, өз ісіне бейім болса, ата-аналар оның кейбір кемшіліктерін кешіруі мүмкін.

Кікілжінді болдырмаудың бірден бір жолы -- тәрбиеші ақпаратты ата-аналарға дұрыс, сауатты түрде жеткізе алуы.

Ата-анамен әңгімелесу барысында есімін айтып отыру пайдалы, себебі мұның өзі оларды басқа ата-аналардан ерекшелетіп тұрады және тәрбиеші ата-анаға ықыласпен қарауының, сонымен қатар, мүдделі екендігінің белгісі болып саналады. Сыпайылық таныту үшін ата-анаға «Сіз» деген абзал, қажет болса, олардың атын толық айтуға болады, бұл өзара қарым-қатынастың ара қашықтығын сақтайды.

Егер ата-ана өзінің пікірін айтып жатса, оны ықыласпен тыңдау керек, мысалы, анасы топтағы бір бала өзінің баласын ұрғандығы жайлы шағымдана бастаса, тәрбиеші сөзін былай бастауына болады: «Меніңше, кеше сіздің балаңызды ұрғанын аренжулі көрінесіз». Ата-аналармен жақсы қарым-қатынас жасаудың тағы бір жолы - бұл тәрбиешінің ұнамды ойларды пайдалана алу қабілеті, әртүрлі жағдайлардан жағымды нәрсені көру.

Тәрбиелеудің отбасылық тәжірибесін зерттеудің жоспары түрлі әдістердің көмегімен жүзеге асады. Отбасын зерттеудің әдістері арасында әлеуметтік әдістер кең таралған:

Интервью әдісі респонденттердің шынайы мүмкіншілігіне жағдай жасауды талап етеді. Интервью формальды емес жағдайда, зерттеуші мен зерттелуші арасындағы қарым-қатынас жеке симпатияларға негізделіп өтілсе, оның өнімділігі арта түседі.

Әңгімелесу әдісі интервьюден ұйымдастыру мен құрылысының еркіндігімен, әңгімелесушілер арасында формальды емес ахуал және қарым-қатынасымен ерекшеленеді.

Анкеталау әдісі (жазбаша сауалнама) зерттеушіні қызықтыратын көптеген ақпараттарды жинауға мүмкіндік береді.

Отбасын зерттеу педагогикалық психологиялық тренинг секілді зерттеу әдісі де бастырөл атқарады. Онда әдетте бірін-бірі ұнататын, отбасы тәрбиесінде ұқсас проблемалар бар отбасы мүшелерін қамтиды. Педагогикалық-психологиялық тренингтің тақырыптары «Мен өз баламды білемін бе?», «Агрессивті баламен өзін қалай ұстау керек?», «Әкесіз баланы қалай тәрбиелеу керек?» және т.б. болуы мүмкін.

Балалардың үйіне бару - отбасындағы мектеп жасына дейінгі баланың қалыптасуына ықпал ететін ортаны зерттеуде тиімді әдістердің бірі. Жас тәрбиешілерге отбасына алғаш бару - ол үшін өте жауапты қадам.

Ата-анаға баланың кемшіліктері туралы айту үшін тәрбиешіден үлкен такті талап етіледі. Тәрбиешіге, оның нұсқаулары нақтылы, жанұя жағдайларына оның материалдық мүмкіндіктеріне байланысты қолданылатындай болуы жөнінде кеңес беріңіз. Стандарттық, орындалмайтын кеңес тәрбие кемшілігін жоюға көмектеспейтіні былай тұрсын, ата-аналарға жеңе алмайтын қиыншылықтарды тудырады [3].

Ата-аналар арасында білімі, мәдени дәрежесі, тәрбие мәселесіне ықыласы әр түрлі адамдар бар. Бір жанұяда 2—3 бала, ал кейбір жанұяларда жалғыз бала өседі. Кейбір балаларға жанұяда шектен тыс көңіл бөлінсе, екінші бір балаларға ата-аналар аз көңіл бөледі. Жанұяның өзіндік жағдайларына шығармашылық-пенкірісу тәрбиешіге кеңесті неден бастауды, оның қайсысы маңыздырақ екенін анықтауға көмектеседі.

**Зерттеу нәтижелері.** Тәрбиеші ата-аналармен жоспарлы жұмыс жүргізеді, оның мазмұны 3 негізгі блоктан тұрады. Ата-аналарды балабақша өмірінің оқу-тәрбие үрдісіне қатыстыру, ата-аналардың психологиялық-педагогикалық білім деңгейін көтеру, балаларды жетілдірумен тәрбие үрдісіне ата-аналарды қатыстыру. Әрбір блокты қызметтүрі және жүйе формасы деп қарауға болады.

Ата-аналармен бірге жүргізілетін жұмыстардың формаларын 1-кестеде келтірдік.

Кесте-1 Ата-аналармен бірге жүргізілетін жұмыстардың формалары

| Дәстүрлі                                                                                                                                                                                                                                | Дәстүрден тыс (жаңашыл)                                                                                                                                                                                          |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <ul style="list-style-type: none"> <li>- Ата-аналар жиналысы;</li> <li>- Жеке және топтық, балабақшаның жалпы конференциялары;</li> <li>- Тәрбиешінің жеке кеңесі;</li> <li>- Баланың үйіне бару;</li> <li>- Ашық есік күні.</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Тренингтер;</li> <li>- Пікірсайыстар;</li> <li>- Психологиялық демалыс сәттері (разминка)</li> <li>- Дөңгелек үстелдер ұйымдастыру;</li> <li>- Ауызша журнал</li> </ul> |

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
|--|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <ul style="list-style-type: none"> <li>-Ата-аналар кештері</li> <li>-Ата-аналар оқулары</li> <li>-Ата-аналар рингі</li> <li>-Ашық сабақтар</li> <li>-on-line бақылау;</li> <li>- консультациялық пункттер;</li> <li>- ауызша журналдар;</li> <li>- сауалнама жүргізу;</li> <li>- клубтар ұйымдастыру;</li> <li>- іскер ойындар ұйымдастыру</li> </ul> |
|--|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеруде көрнекілік арқылы насихаттауды жүзеге асырудың орны ерекше. Көбінесе «Ата-аналар, сіздер үшін» атты топтық қабырғалар безендіріледі. Ол екі бөлікке бөлінген ақпараттардан құралады: әр түрлі хабарландырулар және балабақшамен отбасындағы жүргізіліп жатқанағымдағы жүргізіліп жатқан тәрбие жұмыстары[4].

Ата-аналармен жұмыс жасағанда педагогикалық насихаттаудың маңызды формасы- жылжымалы -мұқабалардың орны ерекше. Ол әр отбасымен жеке жұмыс жасауға өте қолайлы. Жылдық жоспарды құрған кезде мұқабалардың тақырыптары таңдалып қойылады. Мысалы, «Отбасында баламен ересектердің бірлескен еңбегі», «Балабақшамен отбасындағы дене тәрбиесі үрдісі», «Балаңыз үйде болғанда», т.б.

Ата-аналар жиналысында жылжымалы-мұқабалар жайлы әңгімелесіп, олармен таныстыру қажет. Оны үйге де беріп жіберуге болады. Алып келген соң, тәрбиеші ата-анамен нені түсінгенін, оны қолдана алғандығы жайында әңгіме жүргізеді.

Кейбір аналар баласының жағдайын жасаймын деп, үй жұмысына көп уақыт бөледі, ондай балада ойын үшін барлық жағдай жасалған, қарнытоқ, жақсы киінген, бірақ анасымен байланысы аз. Ол анасының уақыты жоқ деп ойлап, қарым-қатынасқа деген қажеттілігін жоғалта бастайды.

Айтып өтілгендей, толық емес отбасымен жұмыстың негізгі міндеті- педагогтармен ата-аналардың бір-біріне деген сенімін арттыру, жақын байланыс жасау. Жылжымалы мұқабаларды пайдалану барысында оларды мынадай етіп дайындауға болады: бірінші бетінде аналардан баласын қалай тәрбиелейтіні жайлы сұрау. Жұмысты жеңілдету үшін мынадай сұрақтарды дайындауға болады: «Сізді балаңыз несімен қуантады?», «Балаңызды адамгершілікке тәрбиелегенде қандай қиындықтар кездеседі?», «Балаңызды не үшін және қалай жазалайсыз?», т.б. немесе педагогикалық жағдаяттар тудырып, жауап берулерін өтіну.

Ата-аналарды балабақшада болып жатқан педагогикалық үдерістерге қатыстыра отырып баланы тәрбиелеудің міндеттерімен мақсатын орындауға, және оны ойдағыдай іске асырылуына ықпал етеміз. Сондықтан да ата-аналар балаларының балабақшада ұйымдастырылатын өмірін, оның қалай өсіп жатқанын, интеллектуалдық жеке қабілеттерінің қалыптасып жатқанын көріп, бақылау жасап отырғаны абзал. Отбасы мен балабақшадағы атқарылатын істер әртүрлі болады да, бірінің жұмысын екіншісі атқара алмайды, сол себепті олар сабақтаса отырып, бірін-бірі толықтырады[5].

Ата-аналар арасында өткізілген әңгімелесу, жазба жұмыстар мен тестілер нәтижесінде балаға мән бермеу жалпы «балаға қарауға уақытымыз жетпейді», не болмаса, «осылардың тамағы мен киімін тауып беруге әрең шамамыз келіп жүр», «енді оны балабақшадағы тәрбиешілер немесе ата-әжесі болмаса, олардың тәрбиесімен айналысуға әліміз жетпейді» - деген сипатта. Бұдан балаға бір жола көңіл бөлмеу секілді әсіре қателіктің болмағаны, бірақ мүмкіндіктің жоқтығын сылтау ретінде келтіретіні белгілі болды.

Қаталдық – әлі де болса отбасы тәрбиесінде кездесіп қалады. Ата-аналардан алынған жауаптардан бұл тәсілді, әсіресе, ұл бала тәрбиесінде қажет дейтіндер болды. Кейбір ата-аналар «бұл баланы тәртіпке шақырудың бір жолы» десе, кейбірлері «таяқ жемесе ол бала бола ма», ал, кейбірлері «бала деген біреуден қорықпаса, тәрбие қонбайды» деген. Алайда, ата-аналардың басым көпшілігі ұрып, соғуға қарсы, бірақ «кейде керек шығар» дейді[6].

Баланың шамасы келмейтін істерді талап ету, мүмкіндігінен жоғары талап қою, олардың өзін бағалауын төмендетіп, бойында сенімсіздік туғызады, олар өздерін әлсіз, нашар, басқалардан кем санап, басылып қалады, мінездерінде сенімсіздік, өз білгенін қолынан келгенін көрсете алмайтын тартыншақ, жалтақ, жігерсіздік туғызады. Ата-аналардың барлығы бұған қарсы болғанымен жазба түрінде алынған жауаптардан «пәленшенің баласының қолынан келген іс неғып сенің қолыңнан келмейді», «сен де сондай болмайсың ба» деген секілді сөздердің айтылатыны белгілі болды.

Педагогикада ата-аналар мен тәрбиешілердің балаға қойған талабының бір жерден шығуы аса маңызды тәрбиелеу тәсілі ретінде қарастырылады. Отбасы тәрбиесінде мұны әке мен шешенің балаға



қойған талабының бір жерден шығуы деп қарастыруға болады. Осындай бірыңғайлықтың болмауы баланың өз білгенін істеп кетуі, әкені де, анасын да тыңдамауына, балада тілазарлық, бірбеткейлік, елемеу секілді мінездердің қалыптасуына соқтырады.

Отбасымен сабақтастықты арттыру мақсатында «Менің отбасымен балабақшадағы өмірім» фотокөрмесін ұйымдастырдық. Мұнда отбасындағы балалардың ойын үдерісімен үй шаруасын араласып жатқан суреттері, балабақшадағы ойын үдерісі, балалардың кезекшілікті орындап жатқандары, гүлдерді қосытып жатқан суреттері ілініп қойылды. Мұндағы мақсат ата-аналарға балаларының балабақшада не істеп жатқандары жайлы мәлімет беру және баланың үйде қалай еңбек ететіні, кіммен ойнайтыны, қандай ойыншықтармен ойнайтынын анықтау, хабардар болу және отбасымен балабақшадағы ойынмен еңбек үрдістерінің сәйкестігін анықтау болды.

**Талқылау** «Отбасы ережесі» тренингі арқылы әр отбасының өзіндік ережесі, қағидалары мен талаптарының бірдей еместігін анықтадық. Бұл тренингтің мақсаты да сол болатын. Тренингке қатысушы ата-аналар өздерінің отбасында ұстанатын ережелерін түсіндіріп талдау жасап, алма ағашына алманың сүретін жапсырды:

Сол арқылы ата-аналар бір-бірлеріне педагогикалық бағыт-бағдар беріп, әдістемелік тұрғыда жол көрсеттік:

Балаға жақсы ат қою. Балаға жақсы оймен, ізгі ниетпен есім берген жөн. Бала ұлғайғанда өзінің атынан ұялмайтындай болуы керек. Кісінің есімі оның тағдырына да ықпал ететінін ескерген дұрыс.

Ата-аналармен бірге ұйымдастырған «Сезім құмырасы» атты тренингі арқылы ата-аналардың балаларына деген мейірімін, көзқарасын зерттеп білдік. Тренингтің шарты бойынша, қатысушы әрбір ата-аналарына қалай атайды, еркелететінін бір гүлге жазып, құмыраға салады. Осылайша, гүлдердің санын анықтай отырып, ата-ана баласына деген мейірімін көрсетті [7].

Тәрбиеші айтуы бойынша, сабақтастықты жүзеге асыруда мерекелік іс-шараларға, ашық есік күндерін ұйымдастыруға ата-аналарды тарту үлкен нәтиже береді. Ата-аналарға арналған жылжымалы-мұқабалармен, ата-аналар комитетінің жүргізіп жатқан жұмыстарымен таныстық. Балабақша топтарының әр бөлмесінде міндетті түрде болатын «Ата-аналар, сіздер үшін!» атты қабырғада балалардың жас кезеңдеріне сай күн тәртібі, ата-аналарға арналған кеңестер, балабақша ережелері, хабарландырулар, «Бүгін біз не істедік?» қабырғасында балалардың бүгін жаттаған өлеңдері, сызған суреттері, ертегілерімен құрастырған жұмыстары қойылған. Мұндағы мақсат балалардың балабақшадағы іс-әрекеттерімен таныстырып қана қою емес, үйде де осы іс-әрекеттердің жалғасын тауып, баламен бірге орындауларын ата-аналарға ұсыну болмақ. Топта жаттаған өлең, тақпақтары балабақшада жатталғанымен, үйде қайталанып, пысықталып отырмаса, бала ұмытып қалуы мүмкін.

**Қорытынды.** Ата-аналардың білім деңгейлері мен отбасының балаға ықпал ету жолдарын меңгеру деңгейлері зерттеліп, математикалық есептеулер арқылы қорытынды жасалып, дәлелденді.

Отбасы тәрбиесін зерттеу барысында бізге мынадай қиындықтар мен кедергілер кездесті:

- Ата-аналардың қатысу белсенділігі төмен болды;
- Ата-аналармен қарым-қатынас жасауда қиындықтар болды;
- Педагогикалық іскерлік пен шеберліктің жетіспеуі;
- Кейбір ақпараттармен дұрыс емес мәліметтердің таратылуы;
- Әр отбасының ішкі әлеміне тереңдеу мүмкін еместігі;
- Барлық ата-ананың шындықты айтып тұрғанын тексеру жолдарының жеткіліксіздігі;
- Біреудің отбасындағы ішкі ахуалдарға араласуға жол бермейтін тұрмыстық әдепті заңмен бекіген ережелерді сақтау қажеттілігі.

Ата-аналармен жұмыс жүргізе отырып, біз мынадай жетістіктерге жеттік:

- Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар барысында баланың отбасындағы тәрбие үрдісінің ерекшеліктері ақпараттар алдық;
- Ата-аналарды біріктіріп, ұйымшылдыққа шақырдық;
- Баланы жан-жақты тәрбиелеуде ата-анамен бірлесе отырып жасаған іс-әрекеттер нәтижесінде қол жеткіздік, оның тиімділігімен ықпалын айқындадық;
- Ата-аналардың педагогикалық және психологиялық білімі деңгейін жоғарылатуды жүзеге асыру мүмкіндіктерін қарастырдық.

Әңгімелесулер мен сұхбаттасулар өткізу барысында кейбір отбасыларының ерекшеліктеріне байланысты, кейбір ата-аналардың құлшынысының төмендігіне қатысты оларды жинау, ұйымдастырудың өте қиын болғаны және толық қамтудың мүмкін еместігі. Сонымен, зерттеу жұмысымыздың нәтижелері бізге мынадай тұжырымдар жасауға мүмкіндіктер берді:

- Бүгінгі күнгі отбасы тәрбиесінің рөлін арттырудың негізгі көзі – балабақша, соның ішінде тәрбиешілер болуға тиіс;

- Ата-аналардың педагогикалық білімін жетілдіру үшін ата-аналар үшін әңгімелер, дәрістер, конференция өткізу, лекторийлер ұйымдастырылуы керек;

- Ата-аналар үшін ұйымдастырылатын дәрістерде «балалардың жас және дара ерекшеліктеріне» сәйкес алынуы өте орынды;

- Балабақшадағы тәрбиешілерге балалардың ата-аналарының моральдық жағынан жоғары деңгейге жетуі үшін кеңестер беруі керек.

Отбасы мен балабақшаның сабақтастығын арттыру барысында қолданған формалар тиімді екені дәлелденді. Балабақша өмірінің барысымен, дәстүрлерімен, ережелерімен, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттердің жүргізілуімен таныстырудың маңызы зор. Ата-аналарға балабақша өміріне қатысуға мүмкіндік бере отырып, сабақтастықты нығайту мақсатында әртүрлі жұмыстар жүргіздік, бақылау-зерттеу жұмысымыздың нәтижесінде ата-аналардың балабақшаға деген оң көзқарасы, педагогикалық мәдениеті жоғарылады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1 Смагулова Г.Т. Ата-аналармен жұмыс жүргізу жолдары // *Отбасы және балабақша*. -2010 -№4 -7 журналдан мақала.

2 Қазақ балабақшаларында тәрбиелеу және білім беру мазмұнын жаңарту тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігі. - Астана: 2010. газеттен мақала

3 Мендаяқова Қ.М., Утебекова Н.С. Мектепке дейінгі білім беруде Монтессори педагогикасының тиімділігі // «Қазақстандағы және әлемдегі мектепке дейінгі білім беру: тәжірибе, қазіргі жағдайы және болашағы» Халықар. конф. мат.: - Алматы, 2014 -265-268 б конференция еңбектер

4 Тулимбетова Л.Б. Балабақша жағдайында ата-аналармен ұйымдастырыла-тын жұмыс түрлері // «Білім беру жүйесінің интеграциялану жағдайында бәсекеге қабілетті маман даярлаудың мәселелері» Халықар. ғыл.-прак. конф. мат. Түркістан-Шымкент, 2015. 271 Б. конференция еңбектер

5 Богославец Л.Г., Давыдова О.И., Майер А.А. «Работа с родителями в ДОУ» // Научно- практический журнал «Управление ДОУ» М.: Творческий центр «Сфера», 2005 –С.86-88 .журналдан мақала

6 Шарипова Ш. Отбасымен балабақшаның педагогикалық байланысы // *Отбасы және балабақша*. -2012 -№5 -26 б. журналдан мақала

7 Жаздықбаева М.Б. Мектепке дейінгі білім беруді ұйымдастыру және басқару. - Шымкент: Әлем, - 2015 -72-85 б. кітап

УДК 796.814  
МРНТИ 14.25.09

**К.И.Адамбеков<sup>1</sup>**

**Э.К.Ахметова<sup>2</sup>**

**Ж.Т.Баякеев<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>*Абай атындағы ҚазҰПУ Дене мәдениеті және спорт педагогтарын даярлау кафедрасының п.ғ.д., профессор*

<sup>2</sup>*п.ғ.к., доцент Абай атындағы ҚазҰПУ  
(Алматы қаласы, Қазақстан)*

<sup>3</sup>*Дене шынықтыру және спорт мамандығының 2-курс магистранты, Абай атындағы ҚазҰПУ  
(Алматы қаласы, Қазақстан)*

### **Көпкүндік биоритмдердің спортшылардың жұмыс қабылетіне әсері (балуандардың мысалында)**

#### **Андатпа**

Мақалада көпкүндік биоритмдердің спортшылардың жұмыс қабылетіне әсер етудің теориялық ойлары айтылады. Мысал ретінде спортшы балуанның нақты бір уақыт кезеңіне арналған биоритмдерінің оң немесе теріс көрсеткіштері анықталады.

**Тірек сөздер:** цикл, биоритм, циклдылық графигі, биоритмология.

**К.И.Адамбеков<sup>1</sup>**

**Э. Ахметова<sup>2</sup>**

**Ж.Т.Баякеев<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>*д.п.н., профессор КазНПУ имени Абая  
(г.Алматы, Казахстан)*

<sup>2</sup>*к.п.н., доцент КазНПУ имени Абая  
(г.Алматы, Казахстан)*

<sup>3</sup>*магистрант 2-го курса специальности физической культуры и спорта,  
КазНПУ имени абая  
(г.Алматы, Казахстан)*

### **Влияние многодневных биоритмов на работоспособность спортсменов (на примере борцов)**

#### **Аннотация**

В данной статье рассмотрены теоретические материалы влияния многодневных биоритмов на работоспособность спортсменов. В качестве примера приведены положительные и отрицательные показатели биоритмов спортсмена борца на определенный период времени.

**Ключевые слова:** Горная, адаптация, спорт, нагрузки, результаты, к гипоксии, организм, кислород.

**K.I.Adambekov<sup>1</sup>**

**E. Akhmetova<sup>2</sup>**

**Zh.T.Bayakeev<sup>3</sup>**

<sup>1</sup> *doctor of pedagogical sciences, associate Professor KazNPU named after Abai  
(Almaty, Kazakhstan)*

<sup>2</sup>*candidate of pedagogical sciences, associate Professor KazNPU named after Abai  
(Almaty, Kazakhstan)*

<sup>3</sup>*Master of physical culture and sports of KazNPU named after Abai  
(Almaty, Kazakhstan)*

## **I The influence of multi-day biorhythms on the performance of athletes (for example, wrestlers)**

### **Abstract**

In this article, theoretical materials of the influence of multi-day biorhythms on the performance of athletes are considered. In quality there are positive and negative indicators of biorhythms.

**Reference words:** cycle, biorhythm, cyclicity schedule, biorhythmology

Ғалымдар адам баласының барлық қызметтерінің тиімділігін арттырудың жаңа жолдарын іздеумен келеді және өзін-өзі бақылау әдісінің көмегімен ұзақтығы 7, 14, 21 және 28-30 күндік кезеңдерде бірқатар физиологиялық функциялардың ауытқуларын анықтады. Кенет, түрлі континенттердегі ғалымдар бір-біріне тәуелсіз барлық адамдар туылған күнінен бастап олардың дене дайындықтарын (мұндай өзгерістер мен жағдайлардың циклдылығы өмір бойы тұрақты – 23 күн), көңіл-күйлерін (мұндай өзгерістер мен жағдайлардың да циклдылығы өмір бойы тұрақты және әрбір 28 күн сайын қайталанып тұрады), ойлау қабылеті (циклдылығы – 33 күн) секілді қасиеттерін анықтайтын өмірлік ритмдердің әсеріне тәуелді болады деген тұжырымға келеді. Осындай 23-28-33-күндік циклдың бірінші жартысында барлығы дерлік жоғары деңгейде өрбиді, ал күннің екінші жартысында – төмендейді, бұған қоса дененің 23-күндік циклында жоғарылаудың он бір күнінен кейін дене дайындығының, координацияның толық төмендеуімен, еңбек қабылетінің және дене ыңғайының жоғалуымен сипатталатын он екінші күн келеді [1].

Циклдылық графикті есептеу өте оңай, оның тіпті қазіргі таңда компьютерлік бағдарламалары да сан алуан. Көпкүндік биоритмдер графигын қолдан есептеудің де жолы өте қарапайым. Бұл үшін адамның туылған күнінен бастап өмір сүрген күндерін (жылдар санын \* 365 күн + өмір сүрген жоғары жылдың бір-бір күнін + туылған күннен бастап есеп жүргізіліп отырған күнге дейін өмір сүрген күндер). Сосын күндердің жалпы санын 23, 28, 33-ке бөлу керек. Алынған сан (әрине, график құруда онша маңызды емес) сіздің өмір бойы қанша тиісінше циклдарды өткізгендігіңізді көрсетеді.

Қалдықта қалған сандар өте қажет, олар циклдылық графиктерін құруда аса маңызды, сонымен қоса кезекті циклдың қанша күнін адам өткізгендігін және есепке алып отырған күні сол немесе өзге де циклдың қай күніне тиісті екендігін көрсетеді.

Бірінші цикл – физикалық (дене жаттығуының көлемі, іс-әрекеттің координациялық қиындылығы) циклы.

1-5 күндер – дене жаттығуының көлемі аздау, жеңіл түрде өсуде.

6-11 – дене жаттығуының көлемі жоғарылайды және циклдың 11-ші күніне өз шегіне жетеді.

12-ші күн – бұл күні жаттығуларды жасамау керек.

13-18 – дене жаттығуының көлемі жоғары, бірақ біртіндеп төмендеуде.

19-23 – жаттығу көлемі көп емес, жеңіл түрде әлі де болсын төмендеуде.

Екінші цикл – эмоционалдық (интенсивтілік, шапшаңдық, назар аудару) цикл.

1-7 күндер – сабақтардың интенсивтілігі жоғары емес, бірақ біртіндеп өсуде.

8-14 – интенсивтілік жоғары, 14-ші күнге қарай шырқау шегіне жетеді.

15-21 – интенсивтілік жоғары, бірақ біртіндеп төмендеуде.

22-28 – интенсивтілік шамалы ғана, жеңіл түрде әлі де болсын төмендеуде.

Үшінші цикл – интеллектуалды (ақыл-ой, ойлау жүктемесі, есеп ойыны) циклы.

1-8 күндер – ақыл-ой, ойлау жүктемесі көп емес, жеңіл өсуде.

9-17 - ақыл-ой, ойлау жүктемесі көп және циклдың 17-ші күніне өз шегіне жетеді.  
 18-25 - ақыл-ой, ойлау жүктемесі көп, бірақ біртіндеп азаюда.  
 26-33 - ақыл-ой, ойлау жүктемесі шамалы ғана, жеңіл түрде әлі де болсын төмендеуде [2].

Мысалы, студенттің туылған күні – 19 наурыз 1992 жыл болсын делік. 2010 жылдың 1 қыркүйегіне биоритмдерінің айлық графигын жасау керек.

18 жылға өмір сүрген күндерін жоғары жылдарды (1996, 2000, 2004, 2008) ескере отырып есептейміз:

$$365 \cdot 18 + 5 = 6575 \text{ күн.}$$

2010 жылдың 19 наурызынан 2010 жылдың 1 қыркүйегіне дейін тағы да күндерді сүрді:

$$12 + 30 + 31 + 30 + 31 + 31 = 165$$

Күндердің жалпы саны құрайды:

$$6575 + 165 = 6740 \text{ күн.}$$

Ары қарай есепті калькулятормен келесідей алгоритм бойынша шығарамыз:

$$6740 / 23 = 293,04348;$$

$$(293,04348 - 293) \cdot 23 = 1,00004 \sim 1$$


$$6740 / 28 = 240,71429$$

$$(240,71429 - 240) \cdot 28 = 20,00012 \sim 20$$

$$6740 / 33 = 204,24242$$

$$(204,24242 - 204) \cdot 33 = 7,99986 \sim 8$$

Алынған 1, 20, 8 сандары 2010 жылдың 1 қыркүйегі студенттің физикалық циклының 1-ші, эмоционалдық циклдың 20-шы және интеллектуалды циклының 8-шы күні өтті дегенді білдіреді (сурет 1).



Сурет 1. Биоритмдердің айлық графигы

Бұл жаңалық кең етек ала бастаған кезде биологиялық ритмдердің теориясын спортта қолданудың қадамдары жасала бастады. Бұл теория «теоретиктер» мен «практиктердің» нағыз шайқас құралына айналып та үлгерді. Апталық, айлық, үш айлық және өзге де циклдардың, апталық топтық кестелердің теориялық пайымдаулары бірден жоққа шығарылды. Олардың құрылуы адам организмінің талаптарынан негізделмегендігі, тек ұйымдастырушылықтың ыңғайына қарай құрылғандығы түсінікті болды. Бірақ та осы теориялық материалдардың негізінде көптеген докторлық және кандидаттық диссертациялар әзірленіп, кітаптар мен оқулықтар жазылды.

Практиктер мынандай ойда болды: «спортшыларға жарыс кезеңіде нашар немесе онша емес биоритмдердің көрсеткіштері келетіндігі олардың тағдырын алдын ала шешіп қойғаны ма?» Бұл ойлары өте қатал. Бұл сұрақтың қойылуының өзі әділетсіздік. Адамдардың ерік-жігері көптеген қиындықтарды артта қалдыратындығы бәрімізге белгілі. Ал, атақты спортшылар негізінде қайтпас мінезді болып келеді. Егер, ритмдердің көрсеткіштері алыс болашаққа белгілі болатын болса, мысалы Олимпиада ойындарына (өту мерзімі 4 жыл сайын белгілі), онда спортшы осы кезеңде өз жаттығуларының көлемін жобалап, ойын болатын күндеріне қажетті жаттығуларын жасап, оған бейімделуіне зор мүмкіндігі туады.

Биоритмология принциптерін білудің арқасында спортшылардың жарыстарын жобалап және реттеп қана қоймай, қарсыластың туылған күнін біле отыра оның жағдайын объективті түрде жобалап, тиісінше оған қарсы күресті жүргізуге болады.

Бұдан біз биоритмдердің спортшы жаттығуының сапасы мен жарыстардағы көрсеткіштеріне әсері жаттығу процесінің тіпті іс-әрекеттердің дәл орындалған жағдайында тек боз кілемде күресе беруден ғана тұрмайтындығын тағы бір дәлелдей түскендігін аңғарамыз.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1.Гриневич В. Биологические ритмы здоровья // Наука и жизнь. – 2005. - № 1.
- 2.Биоритмы, спорт, здоровье. Агаджанян Н.А., Шабатура Н.Н. - М: Физкультура и спорт, 1989.
- 3.Кудрявцева Г.А. Роль циркадианных биоритмов в формировании функционального состояния организма
- 4.Линн Лэмберг. Здоровье человека и его биологические часы. – М.:ВЕЧЕ – АСТ, 1998.
- 5.Биологические ритмы / Под ред. Ю. Ашоффа: В 2 т.- М.: Мир, 1984. – 235 с.

**А.Қ.РЫСБЕКОВА<sup>1</sup>**  
**Ж.Ұ.СӘРСЕНОВА<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
(Түркістан қаласы, Қазақстан)

## **ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ КЕЙБІР ЖОЛДАРЫ**

### *Аңдатпа*

Мақалада жалпы білім беретін мектептердегі оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастыру мәселелері және зерттеушілік іс-әрекеті ұғымының мағынасы қарастырылады. Зерттеушілік іс-әрекетінің оқу-зерттеушілік іс-әрекеті, зерттеушілік-жобалау іс-әрекеті, ғылыми-зерттеушілік іс-әрекеті, зерттеу практикасы сияқты түрлеріне сипаттамалар ұсынылады. Зерттеушілік іс-әрекетінің басты бағыттары талданып, оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін проблемалық оқыту заңдылықтары негізінде ұйымдастыру мен проблемалық сипаттағы тапсырмалар беру арқылы бағытты ұйымдастыру жолдарын іздестіру мәселелері талданып зерттеледі.

Оқушыларының қазіргі жағдайдағы зерттеушілік іс-әрекетке қызығушылығы анықталып, зерттеушілік іс-әрекетінің құрылымы қарастырылады, жаңа білімдерді ізденіс деңгейінде игерту әдістемесін дамыту мен тиімділігін анықтау жүзеге асырылған, оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға бағытталған тапсырмаларды іріктеуде қойылатын әдістемелік талаптар талданған және оқушылардың зерттеу іс-әрекетін қалыптастыруға бағытталған ғылыми педагогикалық әдебиеттерге шолу жасалған.

**Тірек сөздер:** зерттеу, зерттеушілік іс-әрекет, танымдық белсенділік, зерттеушілік тәжірибе, зерттеушілік-жобалау іс-әрекеті, ғылыми-зерттеушілік іс-әрекет, зерттеу практикасы, құзіреттілік.

**РЫСБЕКОВА А.Қ.<sup>1</sup>**  
**САРСЕНОВА Ж.Ұ.<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Международный казахско-турецкий университет им. Ходжа Ахмета Ясави  
(г. Туркестан, Казахстан)

## **НЕКОТОРЫЕ ПУТИ ФОРМИРОВАНИЯ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧЕНИКОВ.**

### *Аннотация*

В статье рассматривается формирование исследовательской деятельности у учеников общеобразовательной школы и смысл понятия исследовательская деятельность. Предлагаются описания таким видам исследовательской деятельности как учебно-исследовательская деятельность, проектно-исследовательская деятельность, научно-исследовательская деятельность, практика исследования. Анализируются основные направления исследовательской деятельности. Исследуются пути направленные на организацию исследовательской деятельности учеников на основе закономерностей проблемного обучения и выполнении заданий проблемного характера.

Определение интереса у учеников к современной исследовательской деятельности, рассматривается строение исследовательской деятельности, осуществлено развитие и эффективность определения методики усвоения новых знаний на уровне соискания, в заданиях направленных на развитие исследовательской деятельности учеников проанализированы методические требования предъявляемые к отбору, проведен обзор научно-педагогической литературы направленной на формирование исследовательской деятельности учеников.

**Ключевые слова:** исследования, исследовательская деятельность, познавательная активность, исследовательская практика, проектно-исследовательская деятельность, научно-исследовательская деятельность, практика исследования, компетентность.

## **SOME WAYS OF FORMATION OF RESEARCH ACTIVITIES OF PUPILS**

### **Abstract**

The article deals with the formation of research activity of the pupils and the meaning of research. Descriptions of such research activities as teaching and research activities, research activities, scientific research activities, research practice. The main directions of research activities were analyzed. Explore ways to organize research activities of students on the basis of patterns of problem-based learning and the performance of tasks of the problem character.

The definition of interest in the students to modern research, we consider the structure of research activities carried out the development and efficiency of defining how learning at the level of the competition, in the tasks aimed at the development of research activity of students are analyzed methodological requirements imposed on the selection process, a review of the scientific and pedagogical literature aimed at the formation of research activity of students.

**Key words:** research, research activity, educational activity, research practice, design and research activities, research activities, research practice, competence.

### **Кіріспе**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында оқушының қабілетіне қарай шығармашылығы, интеллектуалдық дамуын және дарындылығын таныту мәселелері енгізіліп отыр [1].

XXI ғасыр - бәсеке ғасыры, осыған орай біздің қоғам дарынды, қабілетті, жан-жақты жетілген тұлғаларды қажет етеді. Сондықтан да еліміздің білім берудегі ұлттық жүйесі өте қарқынды өзгерістер сатысында тұр. Білім берудегі ұлттық жүйенің бүтінгі таңдағы негізгі мақсаты - ұлттық құндылықты әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті, өзіндік жеке көзқарасы қалыптасқан, ізденімпаз шығармашыл, құзіретті тұлға тәрбиелеу. Ол үшін оқушылардың ізденімпаздыққа үйрету, белсенділігін арттыру және білімді өз бетінше алуы мен қолдана білетін зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастыру басты мәселе болмақ. Бұл талапқа байланысты біздің елімізде ауқымды шаралар жасалуда. Соның бірі, жас ұрпақты тұрақты түрде жаңа білім мен дағдыларды игерулеріне жағдай туғызу.

Зерттеу әрекетін қарастырудың негізін қалаушылардың бірі Д.Берлайн, ол өзінің анықтамасында – беймәлімдіктің туындауынан ынтаны бәсеңдетпеуге бағытталған әрекет [2], ал А.Н. Поддьяков зерттеу әрекетін сырттай қоршаған ортадан жаңа мәліметтер іздестіру мен оларды табуға бағытталған әрекет ретінде анықтады [3].

А.Н.Леонтьев [4] кез-келген белсенділікті зерттеушілік іс-әрекет деп қараған жоқ, тек тұлға, қажеттілік, мотив, мақсат, міндеттермен психологиялық байланыстағы, мақсатқа бағытталған белсенділіктерді ғана зерттеушілік іс-әрекет өз тұжырымын айтты.

А.Е.Әбілқасымова [5] білім алушылардың оқу-танымдық, шығармашылық әрекеттерін, яғни олардың өздігінен білім алудағы танымдық белсенділіктерін дамыту арқылы олардың пәнге деген қызығушылықтарын, ізденімпаздықтарын қалыптастыру арқылы шығармашылыққа тәрбиелеумен байланысты деп өз пікірін айтты.

### **Зерттеу әдістері**

Зерттеу үдерісінде М.А.Даниловтың [6] дидактикалық мақсатқа жету үшін қолданылатын әдістері яғни, шығармашылық іс-әрекет, мақсатқа жету үшін оқушылардың іс-әрекетін реттеп, ұйымдастыру тәсілдері, И.Я.Лернердің [7] оқушылардың танымдық іс-әрекеті және өз бетімен білім алудың әдістері, Ю.К.Бабанскийдің [8] оқу-танымдық іс-әрекетті ынталандыру, ұйымдастыру, бақылау әдістерін және М.И.Махмутовтың [9] ақпарат беру, түсіндіру және ынталандыру, Н.Д.Хмельдің [10] педагогика ғылымындағы жобалау әдісінің теориялары мен әдістемелері қолданылды.

### **Зерттеу нәтижелері**

Эксперименттік жұмыс оқу жылының бірінші жарты жылдығында жүзеге асырылады. Жалпы орта мектеп оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін анықтау кезеңдерінің әртүрлі жолдары қарастырылады. Эксперимент үш кезеңнен тұрады: Бірінші кезеңде сауалнама, зерттеулер мен сынақтарды жүргізу арқылы оқушыларының қазіргі жағдайдағы зерттеушілік іс-әрекетке



қызығушылығы анықталды. Сауалнама нәтижелері келесідей қорытынды жасауға мүмкіндік берді: Оқушыларының көпшілігінің ізденіс жұмысын жүргізуге қызығушылықтары бар, бірақ дәстүрлі оқыту әдістері мен формаларының практикада басым қолданылуы оларды белгілі әдістерді таңдауға итермелейді, яғни ақпарат көздерінен дайын материалдарды алу. Олай болса оқушыларды зерттеу ісіне баулуды бағытты ұйымдастыру жолдарын іздестірудің маңыздылығы артады- деп өз пікірімізді білдіре отырып соның нәтижесінде оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастырудың қажеттілігіне байланысты ақпарат жинап, ғылыми зерттеуді талапқа сай орындауды қарастырдық.

Екінші кезеңде жоғары айтылғандарды басшылыққа ала отырып оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетінің құрылымын қарастырамыз олар: таңдалатын материалды анықтау, әрекет ретін ойластыру, алынған нәтижені көрсету. Эксперименттің екінші кезеңі барысында оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін арнайы тапсырмалар және жаңа білімдерді ізденіс деңгейінде игерту әдістемесін дамыту мен тиімділігін анықтау жүзеге асырылды. Эксперимент барысында таңдалған тақырыптар бойынша жаңа білімді игерту бағыты оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру үшін алдан – ала дайындалған тапсырмаларды орындатуды ұйымдастыру арқылы жүргізілді. Сонымен жүргізілген эксперименттің нәтижелері зерттеу жұмысын ұйымдастыруға арналған материалдарының тиімділігін көрсетті және теориялық болжамның дұрыстығын дәлелдеді.

Үшінші кезеңде, жалпы орта мектепте оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін тақырыптарды және сабақ кезеңдерінің ерекшеліктеріне байланысты материалдарды белгілі критерийлерге сүйене отырып таңдау арқылы ғана тиімді шешімін табатынына көз жеткіздік. Оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамытудың негізгі құралдарының бірі тапсырмалардың мазмұнының пән бағдарламасында белгіленген оқу материалымен тікелей байланыста болуы, тапсырмалар мазмұны танымдық сипатта оқушының ой-өрісін, шығармашылық қасиеттерін дамытатындай болуы өз нәтижесін береді.

Оқушыларға жаңа тақырып бойынша материалдарды игерту үшін зерттеушілік бағыттағы тапсырмаларды орындау, зерттеушілік іс-әрекет сабақтастықтары негізінде, соның ішінде ізденушілік және зерттеушілік іс-әрекеттерді проблемалық оқыту заңдылықтары негізінде ұйымдастыру, талдау жасау оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамытады және зерттеушілік қызығушылығын қалыптастырады.

### **Талқылау**

Зерттеу біліктілігі мен дағдысы әр адамның түрлі саладағы іс-әрекеттерін дәлелді және тиімді ету үшін қажет - деп түйіндесек, ал оқу қызметінің ажырамас бөлігі зерттеушілік іс-әрекет деп айта аламыз. Сондықтан оқушыларды зерттеушілік іс-әрекетке баулу – жеке адамға бағытталған білім беру парадигмасын іске асыру болып табылады. Ол білімді шығармашылықпен игертуге, яғни жеке тұлғаның зерттеушілік қабілеттерін, біліктіктерін дамытуға бағытталған оқытуға негізделеді.

Зерттеу күнделікті қолданыста адамның танымдық әрекет түрлерінің бірі ретінде жаңа білімді игеру қабілетімен түсіндіріледі. Зерттеушілік - баланың қоршаған ортасын өз бетінше танып білуге деген табиғи ынтасы негізінде құралған оқытудың негізгі тәсілі. Зерттеу белгісізді іздеу, жоспарлау жаңа білімді іздеу үдерісі. Ал бұл - адамның танымдық іс-әрекеттерінің бірі.

В.В.Чебышеваның [11] пікірі бойынша, оқушыларды зерттеу үдерісінде жоспарлауға оқыту күрделі үдеріс болып саналады, дегенменен жоспарлау кезеңін ұйымдастыру мақсатты болжау мен қойылған мақсатты жүзеге асыруды байланыстыратын кезең болып саналады, бұл кезеңде орындалатын жұмысқа жауапты қатынас және қызығушылықты тәрбиелеу, оның тиімділігін арттыру құралдарын іздеуге белсенді ұмтылыс жасау, алдын ала орындалатын әрекетті ойластыру дағдысын тәрбиелеу, оны жетістікпен орындау. Жоспарлау барысында орындалатын зерттеушілік іс-әрекетінің барлық кезеңдерін анықтау және талдау жүргізіледі: зерттеушілікке қажет материалдарды, құрал-жабдықтарды таңдау, жұмыс орнын ұйымдастыру, зерттеушіліктің сапасын тексерудің өлшемдерін анықтау және нәтижесін көру.

Қазіргі таңда біздің міндетіміз тұлғаның тұрақты түрде жаңа білім алуына және соған сәйкес оларды қолдана алу іскерліктерін қалыптастыруға, яғни шығармашылық тұлға ретінде дамуына ықпал ету. Бұл міндетті жүзеге асыруда оқушылардың өз бетімен білім алуға ынталы ету, танымдық қызығушылығы арқылы зерттеушілік іс-әрекетін дамыту және практикада нақты шешімін табумен тығыз байланыстыру өз нәтижесін береді. Зерттеушілік іс-әрекет оқушыларды жаңа білімді игеруге ғана бағыттап қоймай, жаңа ақыл-ой қызметінің қалыптасуына көмектеседі, яғни арнайы шығармашылық қабілетінің дамуына да зор ықпал етеді.

### **Қорытынды**

Қорытындылай келсек оқушыларға зерттеушілік іс-әрекетті меңгерудің динамикалығы, проблемалық-танымдық тапсырманың құрамына жеке тапсырмалардың енгізілуімен және оларды ұйымдастырумен қамтамасыз етіледі. Оқушылардың белсенділігі, проблемалық жағдайы, оның бастауы болатынымен және белсенді ойлау іс-әрекетінің үздіксіз адам психикасының сезімдік-эмоционалды саласымен байланысты болуына негізделеді. Ізденістік сипаттағы өзбетінділік ойлау әрекеті, оқу проблемасын қабылдаумен байланысты болады, сонымен бірге білім алушылардың эмоционалды белсенділігін туындатады.

Сонымен, аталған мәселені теориялық зерттеу нәтижесінде, проблемалық-танымдық тапсырмалар бізге оқушылардың танымдық қажеттілігі мен ойлауын белсендіруге жағдай жасайтын проблемалық жағдайларды ұйымдастыру мүмкіндігін ұсынады; соңғы нәтижесінде оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетті жетістікпен меңгеруге мүмкіндік береді.

Оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастыру бойынша теориялық идеялар мен көзқарастардың негізінде, біздің зерттеудің келесі негізгі қорытындылары анықтады:

Оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға бағытталған тапсырмаларды іріктеуде келесі әдістемелік талаптардың орындалуы қажет:

- тапсырмаларды пән бағдарламасында белгіленген оқу материалымен тікелей байланыстыру;
- тапсырмалар оқушының ой-өрісін, қиялын және басқа да шығармашылық қасиеттерін дамытатындай мазмұны танымдық сипатта болуы;
- берілген тапсырмаға ұқсас, бірдей шешімге алып келетін тәсілдерді қолдануға болатын жобалардың болуы;
- берілген тақырыптың әр түрлі шешу тәсілдерін табуға арналған тапсырмалар мен сұрақтарды қолдану және олардың тиімділігін салыстыру мүмкіндіктерінің болуы.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. ҚР Білім туралы заңы. Егемен Қазақстан. 2017ж. 15.08.№254-256- газеттегі мақала
2. Берлайн Д. Мотивация поведения личности. – М., 1996. – 206 с. -кітап
3. Поддьяков А.Н. Исследовательское поведение: стратегии познания, помощь, конфликт. М, 2006. – 204 с.- журналдағы мақала
4. Леонтьев А.Н. Развитие творческой активности школьников. - М.: Педагогика, 1991. - 155 с. - журналдағы мақала
5. Әбілқасымов А.Е. Оқушылардың танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру /Монография. - Алматы: Білім, 1994. - 190 б. -кітап
6. Данилов М.А. Умственное воспитание школьников // Советская педагогика, 1964, №12. - С. 70-86. - журналдағы мақала
7. Лернер И.Я. Дидактические основы методов обучения. - М.: Педагогика, 1981. - 185с.-кітап
8. Бабанский Ю.К. Оптимизация процесса обучения. - М.: Педагогика, 1977. - 252с.-кітап
9. Махмудов М.И. Проблемное обучение: Основные вопросы теории, - М: Педагогика, 1975.-кітап
10. Хмель Н.Д. Педагогический процесс в общеобразовательной школе. - Алма-Ата.: Мектеп, 1984. - 134с.-мақала
11. Чебышева В.В. Психология трудового обучения-Москва: Просвещение 1969.303с.-интернет желісі

*I.Kurmanali<sup>1</sup>  
M.Aidarbekova<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>master-teacher of the Department "Theory and methodology of training teachers of physical culture and sport"

<sup>2</sup>senior laboratory assistant of the Department "Theory and methodology of training teachers of physical culture and sport"

## HEALTH TOURISM

### *Abstract*

Health tourism is becoming more popular in Kazakhstan and abroad, but its content and features remain insufficiently defined. Specify the content of health tourism this paper is devoted.

**Key words:** tourism; sport; health tourism; active recreation.

*И.М.Курманали<sup>1</sup>  
М.Г.Айдарбекова<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>магистр-преподаватель кафедры «Теории и методики подготовки педагогов физической культуры и спорта»

<sup>2</sup>старший лаборант кафедры «Теории и методики подготовки педагогов физической культуры и спорта»

## ОЗДОРОВИТЕЛЬНЫЙ ТУРИЗМ

### *Аннотация.*

Оздоровительный туризм становится все более популярным в Казахстане и за рубежом, но его содержание и особенности остаются недостаточно определенными. Конкретизации содержания оздоровительного туризма посвящена данная статья.

**Ключевые слова:** туризм; спорт; оздоровительный туризм; активный отдых.

*И.М.Құрманәлі<sup>1</sup>  
М.Г.Айдарбекова<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>«Дене мәдениеті және спорт педагогтарын даярлаудың теориясы мен әдістемесі» кафедрасының магистр-оқытушысы

<sup>2</sup>Дене мәдениеті және спорт педагогтарын даярлаудың теориясы мен әдістемесі» кафедрасының аға лаборанты

## САУЫҚТЫРУ ТУРИЗМІ

### *Аңдатпа.*

Сауықтыру туризмі Қазақстанда және шетелде танымал болып барады, бірақ оның мазмұны және ерекшеліктері жеткіліксіз. Бұл мақала сауықтыру туризмінің мазмұнын нақтылауға арналған.

**Түйін сөздер:** туризм; спорт; сауықтыру туризмі; белсенді тынығу.

Health tourism is the most popular and popular area of medical tourism, it has existed since ancient times. Already the ancient Greeks, in order to improve their health, went to the sanctuary of the god-healer Asclepius in Epidaurus - there were hotels, baths, palaestra (gymnastics schools). The ruins of structures for treatment with mineral waters of the Roman Empire have been preserved in the areas of many famous European resorts. Spa tourism as the basis of health tourism began to develop actively in Europe, since the XVII century. In the XX century in the world there was a whole resort industry, covering almost all countries and continents. On the basis of traditional climatic, balneological, and mud resorts, new forms of healing have appeared - SPA, wellness, fitness. The list of services provided by modern resort and spa facilities often includes check-up programs.

The most widespread and popular were resorts offering several therapeutic and health-improving factors, especially SPA-resorts or SPA-hotels. The latter can be located not only in the resort areas, but also in large metropolitan areas, and also provide services for recovery and relaxation.

At many resorts wellness programs (wellness, anti-stress, cosmetology) are involved, which will suit absolutely healthy people. The hotels with centers of thalassotherapy are invariably in demand at sea resorts. The European centers of medical and health tourism are widely known in the world. The Czech Republic is in the lead in terms of the number of foreign tourists arriving at resort and sanatorium treatment. Every year it is visited by 50,000 people from more than 70 countries. The famous Czech health resort Karlovy Vary accepts medical tourists from all five continents. Special love this balneological resort enjoys among the inhabitants of the CIS countries. In Germany, there are more than 300 resorts, which receive over 1 million people from Europe, the US and Canada. Mountain and balneological resorts in Austria and Switzerland are also the main European destinations for health tourism. A lot of world famous resorts (Vichy, Evian) and thalassotherapy centers are in France. A number of excellent balneological resorts are located in Italy. Rapid development of health tourism in Poland, Hungary, Slovakia, Bulgaria. Romania and the republics of the former Yugoslavia also offer health programs at the seaside and balneological resorts. Seaside resorts attract tourists Spain, Portugal and Greece.

On the American continent, the United States is the leader of health tourism. Most of the North American resorts are balneological, but they are visited, mostly by the Americans themselves. There are also climatic resorts, however, US residents prefer to be treated and relaxed at the resorts of Cuba, the Bahamas and Central America. Australia has all the natural resources for health tourism, but because of the remoteness of the Green Continent, its resort hotel centers, like the United States, are geared towards receiving "domestic" tourists. In Africa, health tourism has been actively developed not only by increasing the number of tourists in the already well-known recreation and recreation areas (for example, in Egypt) but also in

Tunisia, Morocco, Kenya and South Africa. Traditional destinations for health tourism for residents of the CIS countries are Israel (the Dead Sea resorts), Egypt and Turkey with their marine climatic resorts. A fairly developed resort infrastructure is available in the CIS countries. In Russia, there are now 45,000 health resorts, the most famous resort complexes in the Crimea, Greater Sochi and the Caucasus Mineral Waters. Also well known in the neighboring countries are the resorts of Truskavets, Transcarpathia (Ukraine), Jurmala (Latvia). However, because of the discrepancy in the level of service to high international standards, most of these resorts attract only residents of these countries.

In the last 10 years, this direction is developing rapidly in India and the countries of Southeast Asia (Singapore, Thailand, China, Malaysia), taking into account the growing needs of holidaymakers and the latest trends in the development of world health tourism. As a rule, rehabilitation in newly built luxury SPA-hotels and wellness centers includes the methods of oriental medicine, which are increasingly in demand among supporters of a healthy lifestyle.

Health tourism is one of the most promising areas in the tourism industry. The basis of its popularity in the 21st century is the victory of a preventive trend in modern medicine, as well as fashion for a healthy body and a healthy mind.

### **References:**

1. George Cole; Ryan Jordan & Alan Dixon (2006), *Lightweight Backpacking and Camping*, Bozeman, MT: Beartooth Mountain Press, ISBN 0974818828
2. Freeling, Elisa (Nov-Dec, 2002), "When Grandma Gatewood hiked the Appalachian Trail", Sierra, <<http://www.sierraclub.org/sierra/200211/good.asp>>
3. Ray Jardine (1992), *The PCT Hiker's Handbook*, LaPine, OR: AdventureLore Press, ISBN 0963235907
4. Ray Jardine (1999), *Beyond Backpacking: Ray Jardine's Guide to Lightweight Hiking*, LaPine, OR: AdventureLore Press, ISBN 0963235931

<sup>1</sup>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
(Түркістан қаласы, Қазақстан)

## БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУ

### *Аңдатпа*

Мақалада мұғалімнің кәсіби - педагогикалық іскерлігі қоғамдық - саяси, жалпы ғылыми, арнайы, психологиялық - педагогикалық және кәсіби - әдістемелік білім жүйесі қаралады. Білім беруді жаңарту негіздерінің бірі ретінде құзыреттілік тұрғыдан келуді жақтаушылар күтілетін нәтижелер тұжырымдамасын құруда. Сонымен, білім беру/оқыту нәтижелеріне бағдарланған оқыту үдерісі - заманауи білім беру жүйесінің даму тенденциясының негізін қалайды және болашақ мұғалімдерді даярлауды жетілдірудің әдіснамалық тұғырларын кіріктіреді. Атап айтқанда, тұлғалық тұғыр – болашақ мұғалімдердің өздерін субъект ретінде сезінуіне көмектеседі; іс-әрекеттік тұғыр – болашақ мұғалімнің технологиялық даярлығының құрылымын және мазмұнын меңгеру тетігін айқындауға мүмкіндік жасайды; жүйелілік тұғыр – кәсіби әрекет барысында студенттерде технологиялық даярлықты мұғалім мен оқушы іс-әрекетінің сабақтастығында қарастырады.

**Кілім сөздер:** педагогикалық іс-әрекет, кәсіби даярлық, бастауыш сынып мұғалімі, технология, іскерлік пен дағды.

Г. Т. АБДУЛЛИНА<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Международный казахско-турецкий университет им. Ходжа Ахмета Ясауи  
(г. Туркестан, Казахстан)

## ПОДГОТОВКА БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЫ

### *Аннотация*

В данной статье рассматриваются профессионально-педагогические умения учителя в свете научно-политической, общенаучной, специальной, психолого-педагогической и профессионально-методической системе образования. Сторонники компетенции как одной из основ модернизации системы образования создают концепцию ожидаемых результатов. Кроме того, процесс обучения направленный на результаты образования / обучения является основой современных тенденций развития системы образования и выстаривает методологически подходы для улучшения подготовки будущих учителей. В свою очередь, личностный подход - помогает самому учителю чувствовать себя как субъект; деятельностный подход – позволит будущему учителю определить рычаги овладения структурой и содержанием технологической подготовленности; систематический подход - рассматривает преемственность технологической подготовленности и деятельности учащихся в процессе профессиональной деятельности студентов.

**Ключевые слова:** педагогическая деятельность, профессиональная подготовка, учитель начальной школы, умения и навыки.

## **PREPARATION OF THE FUTURE TEACHERS OF AN ELEMENTARY SCHOOL**

### ***Abstract***

This article discusses the problem of the vocational teacher pedagogical skills of scientific and political, general scientific, general scientific, special, psychological, educational, professional and methodical educational system. Supporters of competence as a pillar of the education system modernization to create the concept of expected results. In addition, the learning process aimed at results of education / training is the basis of modern trends of development of the education system to improve the training of future teachers. In turn, the personal approach - helping the teacher to feel as a subject; activity approach - allow future teachers to identify the levers of mastering the structure and content of technological readiness; systematic approach - considering the continuity of technological readiness and activity of pupils in the course of professional activity of students.

**Keywords:** educational activities, training, elementary school teacher and skills.

**Кіріспе.** Ел Президенті, Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы Жолдауы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» деп аталғаны еліміздің халқына, оның ішінде педагогтарға айқын. Жолдаудың педагогтар үшін өзіндік ерекшелігі бар екені де белгілі. Елбасы мұнда басымдық берген бағыттардың ішінде, адам капиталына ерекше назар аударды. Оның ішінде «Қазақстанда адами капитал сапалы өсуі, ең алдымен, білім беру мен денсаулық сақтауға байланысты екендігін айта келіп, «Біріншіден, оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу; екіншіден, педагогтар құрамының сапасын арттырудың маңызы зор; ... бесіншіден, оқу жастарға тек білім ғана беріп қана қоймай, сонымен бірге оларды әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана білуге де үйренуі тиіс; алтыншыдан, оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту қажет» - деп маңызды іс-шараларды атап көрсетті [1, 4 б.]. Бұл мәселелер білім меңгерту негізін құрайтын оқыту үдерісін ұйымдастыруды, болашақ педагогтарды даярлау сапасын арттыруды алға тартады.

**Зерттеу әдістері.** Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау мәселесі бойынша ғылыми зерттеулерді талдау құзыреттілік тұғыр тұрғысынан болашақ мұғалімдердің технологиялық даярлығын жетілдіру; қажеттілігі мен олардың оқыту үдерісін ұйымдастыру; академиялық жүйесі арасындағы қайшылықты бөліп көрсету; Мектепте қандайда бір пәнді оқыту арқылы оқушылар мәселені талдау; жалпылау, нақтылау, қажетті және жеткілікті шарттарды көрсете білу; ұғымдарды анықтау, пайымдаулар құру, ой қорытулар жасау, оны дәлелдеуге т.б. үйрете;

Білімгерлердің оқу пәндері бойынша жұмыстары технологиялық даярлығын қалыптастыруға бағытталады және оқу-танымдық тапсырмаларының жүйесін дайындау кезінде дидактикалық негіз ретінде алынады.

В.А.Сластениннің ойы бойынша, мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетке кәсіби даярлығы бірқатар қасиеттермен және сипаттамалармен анықталады. Бұлар: психологиялық даярлық - мектептегі жұмысты мақсат еткен педагогикалық іс-әрекетке әртүрлі деңгеймен қалыптасқан бағыттылық; ғылыми-педагогикалық даярлық - педагогикалық іс-әрекетке қажетті көлемдегі қоғамдық-саяси, психологиялық-педагогикалық және арнайы білімдер; практикалық даярлық - талап етілген деңгейдегі қалыптастырылған кәсіби-педагогикалық іскерліктер мен дағдылардың болуы; психофизиологиялық даярлық - белгілі мұғалім мамандығын игеруге және педагогикалық іс-әрекет үшін сәйкес алғышарттың болуы, кәсіби құнды жеке тұлғалық сапаның қалыптасқандығы; дене бітімі даярлығы - денсаулық жағдайының педагогикалық іс-әрекет талабымен дене бітімінің дамуы және кәсіби жұмыс жасау қабілеттілігі [2].

**Зерттеу нәтижелері.** Соңғы уақытта, мұғалім құзыреттерімен қатар технологиялық мәдениет пен даярлығы жөнінде де бірқатар зерттеулер жүргізілген.

Қазіргі уақытта «технология» ұғымы барлық саланы қамтушы феноменге айналды. Ол адамзаттың өмірлік іс-әрекетінің барлық сферасын (саяси технология, дизайн-технология, педагогикалық технология, қоржинақтаушы технология, денсаулық сақтау технологиясы, шығармашылық технологиясы, технология философиясы, биотехнология, нанотехнология және т.б.) қамтиды.

«Технология» термині гректің *techne* - өнер, шеберлік, іскерлік және *logos* – ілім, ғылым сөздерінен шыққан. Энциклопедиялық сөздікке сәйкес технология бұл «өндірістік өнім үдерісінде жүзеге асырылатын, шикізаттың, материалдық немесе жартылай фабрикаттың жағдайын, қасиетін, формасын өзгерту, дайындау, өңдеу әдістерінің жиынтығы» [3]. Сонымен, «Технология» деген термин гректің түп тамыры *techne* - өнер, шеберлік, кәсіп және *logos* - ғылым, білім деген сөздерінен шыққандығын білдіріп отыр. Екі сөздің құрамы шеберлік туралы ғылым немесе ілім деген мағынаны білдіреді. Ол - өндірістік үдерістерді жүргізудің тәсілдері мен құралдары туралы білімдер жиынтығы.

«Технология» ұғымының түсінігі оны таза өндірістік сферадан алып шығып, технологияны материалдық және рухани әлемге және оның түрленуіне әрекет ететін әдістер мен құралдардың барлық жиынтығын қарастыруға мүмкіндік береді. Осылай технологияның кеңейтілген түсінігі қазіргі уақытта кең тараған («сайлау технологиясы», «білімдік технологиясы» және т.б.). «Технология» сөзі «алгоритм» сөзімен «тәсіл», «әдіс» сөздерінің синонимі болуда.

Білім беру үдерісінің нәтижелі болуы көптеген факторларға, атап айтқанда, педагогикалық жүйе құраушыларына байланысты. Оның ішінде педагогикалық үдерістің толық мәнді жобалануы мен жүзеге асырылуындағы педагогикалық технологияларға байланысты. Осы себепті де, педагогикалық технологияға, оның мәні мен мазмұнына зерттеушілер тарапынан сипаттамалар жасалады. «Педагогикалық технология» сөз тіркестерімен қатар «оқыту технологиясы» ұғымы да зерттеулерде кеңінен қолданылады [4].

Педагогикалық іс-әрекет саласына «технология» деген ұғымды енгізу “индустриалдық” технология (Ф.Б.Гильбрейт, Ф.У.Тейлор және т.б.) деген идеяға негізделген және ол оқытуда техникалық жабдықтарды қолданумен байланысты. Білім беру саласындағы педагогикалық технологияның басқа бағыттары оқу материалын талдау техникасын, мұғалім мен оқушылардың оқу іс-әрекетін (Т.А.Ильина) ұйымдастыруды қарастырады. Сонымен қатар, педагогикалық технология ұстаздар мен оқушылардың аз ғана күш жұмсап ең жақсы нәтижелерге жетудің тиімді принциптері мен әдістерін анықтауға бағытталады.

Материалдық өндіріс саласында еңбек затын бірте-бірте терең меңгеру негізінде еңбек өнімінің өсуіне әкелетін жаңа технологиялар жасалса, ал білім беру саласында технологиялар ұстаз іс-әрекетінің жеке жақтарына сай жасанды, қолдан жасалған конструкциялар ретінде қарастырылады.

И.П.Подласый және басқа да ғалымдар «мұғалімге қойылатын бірінші талап оның қабілеті болуы» дейді [5].

Педагогтік қабілет – оқушылармен жұмыс жасауға бейімділігін білдіретін тұлғалық қасиеті, балаларға деген сүйіспеншілік, олармен жұмыс істеуден ләззат алу. Педагогтік қабілет кейде әдемі сөйлеу, ән айту, сурет салу, ұйымдастыра білу сияқты нақты әрекеттерден көрініс табатыны белгілі.

Қабілет түрлері

| Түрлері          | Сипаттамалары                                                                                                                          |
|------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Ұйымдастырушылық | Жұмысты жоспарлау, оқушыларды біріктіру, оларға міндеттер бөлу, тапсырмалар беру, жасалған жұмысты қорытындылау, т.б. кезінде көрінеді |



|                 |                                                                                                                                                                                                                                                                     |
|-----------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Дидактикалық    | Оқу материалын, көрнекілікті, сабаққа қажетті құралдарды іріктеу және дайындау, оқу материалын түсінікті, жүйелі, нанымды етіп жеткізе білу, оқушылардың танымдық қызығушылықтарын оята және дамыта білу, оқу – танымдық белсенділіктерін арттыру арқылы анықталады |
| Перцептивтік    | Балалардың жан – дүниесін түсіне білу, олардың эмоциялық жағдайын бағалай алу, психикалық ерекшеліктерін ажырата білу кезінде байқалады                                                                                                                             |
| Коммуникативтік | Оқушылармен, олардың ата – аналарымен, әріптестерімен, оқу орнының басшыларымен қарым – қатынас орнықтыра білуімен айқындалады                                                                                                                                      |
| Суггестивтік    | Оқушыларға эмоциялық - жігерлі әсер ете білуінен тұрады                                                                                                                                                                                                             |
| Зерттеушілік    | Педагогикалық ситуациялар мен үдерістерді көру және нақты бағалай білуді іске асыруымен бағаланады                                                                                                                                                                  |
| Ғылыми–танымдық | Мұғалімнің педагогика, психология, әдістеме саласында жаңа ғылыми білімді меңгеруі                                                                                                                                                                                  |

Сондай-ақ, педагогикалық еңбектерге сәйкес мұғалімдерден талап етілетін іскерліктер мен дағдыларды атап көрсетуге болады.

Конструктивтік - тәрбиеленушінің жеке тұлғасын қалыптастыру және жобалау қабілеті, әртүрлі жүйелерде баланың іс–әрекетін болжай білу, жұмыс нәтижесін алдын ала болжай білу, оқушының жас және психофизиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып жеке тәсілді іске асыру.

Экспрессивтік (функционалдық) - өз ойын, білімін, сенімін сырттай ым–ишара және сөз арқылы бейнелей білу.

Академиялық - танымдық іс–әрекетке қабілеті, балаларға ықпал ету құралдары, формалары мен әдістері туралы білімдерін жүйелей білуі, өзіндік білім алу, ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша өз тәжірибесін зерделеу және тұжырымдай білу.

Техникалық-технологиялық - қызмет көрсету, техникалық еңбек бойынша жұмыс жасай білу.

Мұғалімнің іскерліктері мен дағдыларын осылай жүйелеп, топтастырып көрсетуге болады. Ұстаз тұлғасына қойылатын талаптарды Т.М.Баймолдаев пен Т.М.Мәжікеев Н.В.Кухарев төмендегідей беруін атап көрсетеді [6]

1. Ғылыми - теориялық дайындық.
2. Іс-әрекет пәнін білуі (ақпаратты икемді және еркін қолдануы).
3. Өз білімін көтеруге, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылуы. Шығармашылық - еңбекке қаныққан талант.
4. Балаларға деген пәк сезім, махаббат.
5. Ақылды талап қоюшылық (педагогикалық ақылмен ойластырылған талап қоюшының) авторитарлықпен үш қайнаса, сорпасы қосылмайды.
6. Өлшем сезімі. Талап қоюшылық мөлшерін анықтай білу.
7. Педагогтік ілтипат (ұстаздық қалыпты қарым-қатынастар жасау негізінде көрінеді).
8. Барлық істе мұғалімнің жеке басы үлгісі.
9. Ұжымдағы қарым-қатынас мәдениеті. Шыдамдылық, төзімділік, шынайылық, сергектік, ілтипаттылық.

10. Байқағыштық және тапқырлық, дауыс ырғағын ұстай білу, өз істерінің салдарын көре білу.

11. Педагогтік көрегендік. Көрегендік оқушылармен кездесулерде болуы мүмкін кедергілерді, қиындықтарды анықтап, сезіне білумен, оқушыға өз мінезіндегі қарама-қайшылықты көре білуге көмектесу үшін оқушы көзқарасын қабылдауды, қалыптасқан қарым-қатынас негізінде қажетті сапа қалыптастыруды қамтиды.

12. Өз тәртібінің ойластырылуы, яғни мұғалім әрқашан өзінің осы не басқа бір іс-әрекетінің қандай нәтиже берерін түсіне білуі.

13. Кәсіби қырағылық мұғалімге оқушылардың дамуын зерделеп отыруға мүмкіндік жасайды және соның негізінде өзінің жоспарланған, жеткілікті дәлелденілген қызмет жүйесін жасауға мүмкіндік береді.

**Талқылау.** Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің тұлғасына қойылатын осы талаптарды меңгерту барысында жас ұрпақты білімді етіп тәрбиелеуге болады. Мұғалім жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу ісінде кәсіптік деңгейі және ұстаздық шеберлігі жоғары болуы үшін педагогикалық-психологиялық арнайы зерттеулер негізінде айқындалған педагог мамандығына тән іскерлік пен дағдыларды меңгеруі тиіс. Өйткені педагогтік іс-әрекет өте динамикалық жүйе, оның өзіндік арнайы құрылымы бар. Олар жоғарыда көрсетілгендей бірнеше бөліктерден тұрады.

Педагогикалық-кәсіптік қасиеттері – балаға деген ынта-ықылас, махаббат, педагогикалық еңбекке қызығу, психологиялық-педагогикалық сезімталдық, байқағыштық, әділдік, талап қоя білушілік, табандылық, ұстамдылық, өзін-өзі басқара білу, қайырымдылық, мамандықты сүйе білу.

Танымдылық қасиеттер: ғылыми ой-өрісінің тереңдігі (білімдарлығы), рухани танымдық қызығушылығы және оны қажетсінуі, интеллектуалдық белсенділігі, жаңаны жақтаушылығы, педагогикалық өздігінен білім алуға ынтасы, шығармашылықпен педагогикалық ынтымақтастықты қолдауы, жаңашыл педагогтарды дұрыс түсінуі, қабылдауы.

Мұғалім адамдарды тәрбиелеуші, жетілдіруші, үнемі ықпал жасаушы маман иесі болғандықтан, оның кәсібінің ерекше белгісінің бірі – педагогтік әдеп.

Педагогтік әдеп, кең мағынасында педагогикалық үдерісте әрбір оқу-тәрбие мәселесін шешуде, жеке адамдармен не ұжыммен қарым-қатынас жасауда көрінетін кәсіптік сапа.

Педагогтік әдеп жай ғана сыпайылық білдіру ғана емес, ол шығармашылық ақыл-ой әрекеті, мәдени мінез құлықтың, саналы іс-әрекеттің, білімділік пен іскерліктің жиынтығы. Мұғалімнің әрбір қадамында, баламен арақатынасында сезгіштік, байқампаздық, салмақтылық, ұстамдылық, ілтипаттылық, кешірімділік, талап қоя білу, адамға сенім арту, ынталы-ықыласты болу, талас-тартыс туған жағдайда әділдік, адалдық көрсету, бала жүрегіне жол таба білу, оны тыңдай білу, түсіне білу қасиеті педагогтік әдептілік белгілеріне жатады.

Педагогикалық технологияны топтастыра келе, біздер технологияны оқытушы мен оқушының қарым-қатынасын ұйымдастыру типі бойынша оқушы мен оқытушының бірлескен іс-әрекетіндегі стационарлық оқыту, сырттай оқыту, өзіндік білім алу, педагогпен өзара әрекет етуші оқушылардың саны бойынша (жеке дара, топтық, ағымдық деп) бөлеміз. Технологияның ерекшелігі пайдаланылған инфрақұрылым элементтері құрамына байланысты. Мәселен, компьютерлік техниканы қолданумен оқытудың заманауи технологиясының мәні бөлінеді.

Білім беру технологиясы келесі процедураларды қамтиды:

- оқытушы тапсырмасының негізін, оның мақсатын, операцияларды орындау сатыларын және қорытындысын түсіндіреді;
- әрбір операцияны орындауды көрсетеді және оқушылардың зейінін күшейтеді;
- әрбір операцияны қайта түсіндіреді, оқушыдан нені ұққанын, нені ұқпағанын түсіндіру арқылы;

- оқушы әрбір операцияны, нені орындап жатқанын дауыстап айтып орындауын өтінеді;

- оқушыға әрбір операцияны, педагогтің нұсқаулары бойынша орындауды ұсынады;
- оқушылардың іс-әрекетіне баға береді және егер қажет болса жөндеулер енгізеді;
- оқушы операцияларды қате жібермейінше орындай береді;
- оқушыны берілген жұмысты орындауымен мадақтайды.

Технология негізінде оқушыға суреттелген өнімді түрдегі берілген әрекетті меңгеруді қамтамасыз ететін, орындаушы функцияларына бөлінген мұғалім іс-әрекеттерді түсіндіру, операцияларды көрсету, оқушылардың оны орындауын бағалау және жөндеумен байланысты.

**Қорытынды.** Қорыта келгенде жас мұғалімнің жеке сапалық қасиеті барлық бөліктердің, соның ішінде, мұғалімнің технологиялық даярлығының негізі ретінде қарастырылады. Қазіргі таңда педагогқа, оның іс-әрекетіне қойылатын талаптар өзгерді, соны орындау барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін жан-жақты етіп тәрбиелеуіміз керек. Заманауи өркениет жетістіктерін көрсететін педагогикалық құралдар едәуір байытылды және оны қолдана білетін ұрпақ тәрбиелеуіміз керек. Білім беру және заманауи білім беру үдерісінің мақсаты қоғам мен адам өмірінің барлық саласына ықпал етеді. Мұғалімнің іскерлігі оның даярлығының негізгі компоненті болып табылады. Сондықтан, болашақ мұғалімді терең әдіснамалық және теориялық тұрғыда даярлау қай кезде де күн тәртібінен түспек емес.

**Мысалы:** Оқу тобында сабақтың теориялық бөлімінде интеллектуалдық іскерліктер проблемалық мәселелер мен оқу-танымдық міндеттерді шешу мен ауызша, жазбаша формада жеке жүргізілді. Оқу топтарында аталған пән бойынша «Қағаз бен қатырма қағаздың негізгі қасиеттері» тақырыбында мақсатты бағытталған мәселелер қарастырылды. Сұрақтар мазмұны төмендегідей болды: Неге? Бұл қайдан келіп шыққан? Мұны қалай тексеруге болады? Оның себебі неде? Немен түсіндіріледі...? Қалай негіздеуге болады? Қай жерде қолданылады? Не болады, егерде...? Қандай себептермен? және т.б.

Бұл проблемалық мәселелер сабақтарда кіріспе нұсқауларда былайша беріледі:

«Қағазбен жұмыс» тақырыбы бойынша:

1. Қағаз қыркуда қайшылардың формалары мен өлшемдері біркелкі емес?
2. Қайшылар неге әртүрлі болып жасалады?
3. Ұсақ өлшемді қайшымен қағазды қырку кезінде қағаз қатты болса, тұтқасы ұзын қайшымен жұмыс жасауымыздың себебі неде?

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1 *Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты.* - Астана, 2012, қаңтар - 27.

2 *Сластенин В.А. Комплексная программа “Учитель советской школы”* // 1986.

3 *Краткий словарь по философии.* – М.: Политиздат, 1982.

4 *Ортаев Б.Т., Абдуллаева Қ. «Оқытудың бірыңғай технологиясы» жөнінде* // *Қырғызстан Республикасы Арабаев атындағы ҚМУ Жаршысы.* - 2011. №5.

5 *Подласый И.П. Педагогика начальной школы: учеб. пособие для студ. пед. колледжей.* – М.: Гуманит. изд. Центр ВЛАДОС, 2000.

6 *Білім стандарты / құрастырушы-авторлар Т.М.Баймолдаев, Т.М.Мәжікеев.* - Шымкент: Оңтүстік Қазақстан облыстық үздіксіз білім беру институты, 2000.

**К.И.Ергазиева<sup>1</sup>,  
З.М.Бектурова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>*Абай атындағы ҚазҰПУ Дене мәдениеті және спорт педагогтарын даярлау кафедрасының х.ғ.к.,  
доценті*

*(Алматы қаласы, Қазақстан)*

<sup>2</sup>*Абай атындағы ҚазҰПУ Дене мәдениеті және спорт педагогтарын даярлау кафедрасының оқу  
шебері*

*(Алматы қаласы, Қазақстан)*

## **<sup>1</sup>СПОРТТЫҚ ПСИХОЛОГИЯ**

### **Аңдатпа**

Мақалада ғылыми-зерттеу тапсырмаларын шешу үшін мұғалім меңгеруі тиіс нақты дағдылар жиынтығы, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізудегі мұғалімнің позициялары қарастырылған. Ашық бірлескен іс-әрекет, екі жақты бірлескен іс-әрекет, жабық бірлескен іс-әрекет түрлеріне анықтама беріліп, қазіргі таңдағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудағы ең тиімді әдіс ашық бірлескен іс-әрекет туралы айтылған. Жас жеткіншектердің бойындағы ерекше қабілеттілікті, дарындылықты тани білу, оның одан әрі дамуына бағыт-бағдар беру, оны сол бағытта жетелеу - ұстаз парызы. Сол себептен де білім сапасын арттыру, оқушылардың дарындылығын айқындап, біліміне, ойлау қабілетіне сай деңгейлеп оқыту, ғылыми ізденіс қабілеттерін қалыптастыру - әрбір ұстаздың міндеті.

**Түйін сөздер:** ғылыми-зерттеу, мұғалім позициясы, ашық бірлескен іс-әрекет, екі жақты бірлескен іс-әрекет, жабық бірлескен іс-әрекет.

**К.И.Ергазиева<sup>1</sup>.  
З.М.Бектурова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>*к.х.н.,доцент кафедры «Теории и методики подготовки педагогов физической культуры и спорта»  
КазНПУ имени Абая.*

*(г.Алматы,Казахстан)*

<sup>2</sup>*уч.мастер кафедры «Теории и методики подготовки педагогов физической культуры и спорта»  
КазНПУ имени Абая.*

*(г.Алматы,Казахстан)*

## **<sup>1</sup>СПОРТИВНАЯ ПСИХОЛОГИЯ**

### **Аннотация**

В статье рассматривается состояние решения задач проведения определенного набора навыков, научных исследований, представленных позицией учителя. Двустороннее совместное действие, открытое совместное действие, закрытое совместное действие как виды помощи и организация современных научных исследований говорит о наиболее эффективном методе открытых совместных действий. Научитесь распознавать молодое поколение в специальных способностях и талантах, чтобы направлять дальнейшее развитие своего руководства в том же направлении, что обязанность учителя. Поэтому для повышения

качества образования одаренных студентов, образования, преподавания мышления со способностью идентифицировать, исследовательские способности формирования задачи каждого учителя.

**Ключевые слова:** исследование, позиция учителя, открытое совместное действие, двустороннее совместное действие, закрытое совместное действие.

**K.I.Yergazyeva<sup>1</sup>,**

**Z. Bekturova<sup>2</sup>**

<sup>1</sup> *Candidate of chemistry sciences, Associate professor Kazakh National Pedagogical University  
named after Abai  
(Almaty, Kazakhstan)*

<sup>2</sup> *educational master of the Department "Theory and methodology of training teachers of physical culture and  
sport" KazNPU named after Abai  
(Almaty, Kazakhstan)*

## **<sup>1</sup>PSYCHOLOGY OF SPORT**

### **Abstract**

The consider of that article research should be able to solve the tasks of carrying out a certain set of skills, scientific research, presented by the position of teachers. Bilateral open joint action, joint action, joint action has closed the types of assistance and the organization of modern scientific research indicates the most effective method of open joint action. Learn to recognize the younger generation in special abilities and talents in order to guide the further development of their leadership in the same direction as the teacher's duty. Therefore, to improve the quality of education of gifted students, education, teaching of thinking with the ability to identify, the research capabilities of the formation of the task of each teacher.

**Keywords:** research, teacher's position, open joint action, bilateral joint action, closed joint action.

Спорттық психология – бұл оқу-жаттығу жұмыстары мен жарыстық қызмет үрдісіндегі адамның психологиялық көріністерінің заңдылықтарын зерттейтін психология ғылымының саласы. Бұл ғылым саласының туындауының қажеттілігі спорттық қызметке тән ерекшеліктермен байланысты, ең алдымен үздік жетістікке жетуге деген ынтамен, жарыстағы жігерлілікпен, біршама кейде шекті физикалық және психикалық жүктеулермен байланысты.

Спорт психологиясының негізгі мақсаты – спортшылар мен спорттық шеберліктің топтарында жарысқа қатысуға қажет психологиялық заңдылықтардың қалыптасуын зерттеу болып табылады, сонымен қатар жаттығу мен жарысқа дайындалудың психологиялық негізделген әдістерін дайындау.

Қойылған мақсаттарды жүзеге асыру келесі негізгі міндеттерді шешуді көздейді:

1. Спортшылардың психикасына спорттық қызметтің әсерін зерттеу:
  - а) жарыстың психологиялық талдауы (спорттың жеке түрлері бойынша жалпы және нақты);
  - б) спортшыларға жарыстардың әсерінің сипатын анықтау;
  - в) спортшы психикасына жарыстан туындайтын талаптарды айқындау;
  - г) жарыста сәтті шығу үшін спортшыларға қажет (басқа спорттық ғылымдардың өкілдерімен бірге) моральдық қолдауды анықтау;
  - д) жаттығу қызметінің және спорттық тұрмыстың шарттарын психологиялық талдау.
2. Спорттық жаттығулардың тиімділігін арттыру үшін психологиялық шарттарды дайындау. Спорттық психология спорттық шеберлікті жетілдірудің механизмдері мен заңдылықтарын ашуға, арнайы білімнің қалыптасу жолдарын айқындауға, сондай-ақ спортшылардың ұжымдық әрекеттерінің жетістікке ие болуы үшін қамтамасыз ететін машықтардың болуын ашуға арналған.

Мұның барлығы психологтардан келесі шарттарды талап етеді:

а) спорттық жаттығу құралдары мен іс жүзінде қолданылатын әдістерді психологиялық негіздеу және жаңа әдістерді іздеу;

б) спортшы ағзасының мүмкіндіктерінің максималды жұмсалуды үшін қажет әдістерді психикалық функцияларды дамыту есебінен, сонымен қатар жаттығудың аппаратуралық әдістерін құру есебінен (мысалы «биологиялық кері байланыс жүйелерін қолдану») анықтау;

в) спорттың жеке түрлерін психологиялық сипаттаудың әдістерін анықтау (психограмм), спорттық қабілеттердің, әлеуметтік құрылым мен команданың психологиялық жағдайының психодиагностикасын анықтау;

г) жаттығу жағдайында жарыс шарттарын үлгілеудің ғылыми негізделген әдістерін дайындау.

3. Спортшылардың жарысалды дайындықтарының психологиялық негізін дайындау. Қазіргі уақытта спортшылардың жарыс алды дайындықтарының сипаты мен мазмұны түбегейлі өзгерген. Жарыста сәтті шығу үшін физикалық және тактикалық дайындықтың жоғары деңгейі ғана жеткіліксіз. Қозғалғыштық сенсомоторлық дағдылармен қатар интелектуалдық машықтар да маңызға ие бола түсуде, сонымен қатар ұжымдық әрекеттің де маңыздылығы зор. Сондықтан жарысалды дайындықтарда әртүрлі психикалық үрдістер мен жағдайлар маңызды рөл ойнауда. Психологиялық факторлардың маңыздылығы арта түсуде және соның нәтижесінде жарысқа қатысардағы спортшының психологиялық дайындылығы маңызды. Осындай дайындықтың амалдары мен тәсілдерін дайындау – спорт психологиясының негізгі атқаратын функцияларының бірі. Бұл функцияны жүзеге асыру келесі міндеттердің орындалуын меңзейді:

а) жарыс шарттарында психиканың жұмыс істеу шарттарының заңдылықтарын зерттеу және жарыстық қызметтің сенімділігі мен төзімлігін арттыру әдістерін дайындау;

б) жарыс алды және жарыс шарттарында дамытын психологиялық күйді зерттеу;

в) спортшылардың психожарақаттаушы әрекеттерге қарсы тұру қабілеттіліктерін арттыру, спортшылардың психологиялық шынығу жолдарын, әдістерін қалыптастыру, психопрофилактиканы дамыту.

Дене тәрбиесі мен спорт психологиясында психологиялық ғылымның барлық түрлеріне ортақ әдістер қолданылады. Б. Г. Ананьева классификациясын қолдана отырып, ғылыми психологиялық зерттеудің сан алуан әдістерін төрт топқа жіктеуге болады: ұйымдастырушылық, эмпирикалық, ғылыми дәйектердің сандық-сапалық талдауы және интерпретациялық.

1. Ұйымдастырушылық әдістер – зерттеу стратегиясын анықтайды.

Әдістің бұл санатына салыстырмалы, лонгитюдті және кешенді әдістер жатады.

Салыстырмалы әдіс спортшылардың жасына, жынысына, спорттық мамандығына, біліктілігіне қарай және дене тәрбиесіндегі әдістің ерекшелігіне, спорттық дайындық пен жаттығу шарттарына байланысты олардың тұлғалық ерекшеліктері мен қасиеттеріндегі, психикалық үрдістеріндегі психологиялық айырмашылықтарды зерттеу үшін қолданылады.

Лонгитюдті әдіс психикалық және психомоторлық дамудың барысын көпжылдық байқау мақсатында қолданылады. Мысалы, дене мәдениеті сабағының бастауыш мектеп оқушыларының қозғалғыштық қасиеттері мен психикалық үрдістерінің дамуына әсерін зерттеу. Бұл мектептегі дене тәрбиесінің әдістерін жетілдіру үшін үлкен маңызға ие. Спортшылардың тұлғасының қалыптасуында көп жылдық спорттық жаттығулардың әсерін зерттеуде сәтті қолданылады.

Кешенді әдіс бір нысанды, бір құбылысты жеке әдістердің жиынтығы арқылы жан-жақты зерттеуге негізделген. Мысалы спортшының жаттығу деңгейін анықтау кезінде, спортшының танымдық, эмоционалды, еріктік және тұлғалық сипаттарын зерттеуге бағытталған әдістердің кешені қолданылуы мүмкін.

2. Эмпирикалық әдістер: нысандық бақылау, өзіндік бақылау, тәжірибелік әдіс және психодиагностика әдістері.

Нысандық бақылау – спортшылардың қызметінің табиғи жағдайларында (жаттығу кезінде, жарыстарда және т.б.) олардың психикалық, қозғалғыштық және басқа да мінез-құлықтарын бақылау үшін қолданылады. Ол тұтас немесе таңдаулы болуы мүмкін, сонымен қатар сөздік, қабырға суреті, техникалық құралдар (киноаппаратура, магнитофон және бейнемагнитофон) қолданылуы мүмкін. Бақылау әрқашан мақсатты түрде жүргізіледі, алдын ала дайындалған сызба бойынша, тіркелген деректерді өңдеудің алдын ала қарастырылған жоспары бойынша жүргізіледі.

Өзін-өзі бақылау көбіне басқа әдістермен сабақтас келеді және зерттелетін құбылыстың кейбір субъективті жақтарын ашатын сөздік есеп беру формасында беріледі. Мысалы спортшы, өзінің жаттығу барысында өзінің қимылын, күйін, ойын, жалпы жағдайын талдап бақылауы. Бұл спортшылардың өзін-өзі тануы үшін өте маңызды, оның маңызы қозғалғыштық қасиеттерін дамыту

жоспары ретінде немесе техника-тактикалық қатынаста өз-өзін жетілдіру мақсатынан басқа, өзін өзін тұлға ретінде қалыптастыру және әртүрлі, көбіне кенет жағдайларда өз-өзін рационалды басқару мақсатын көздейді.

Тәжірибелік әдіс – зертханалық және табиғи тәжірибе.

Зертханалық тәжірибе арнайы орындарда жүргізіледі – зертханаларда, әртүрлі аппаратуралармен және қондырғылармен жабдықталған (тахистоскопа, рефлексометр, тіркеу құралдары мен есептеу машиналары) камераларда.

Табиғи тәжірибе – белгілеуші, құрастырушы немесе түрлендіруші.

Зертханалық немесе табиғи тәжірибелерде кейде үлгілеу әдістері қолданылады. Әдетте спортшылардың қызметі өтетін жарыс жағдайлары үлгіленеді.

Психодиагностикалық әдістер спортшының психомоторлық дамуын, ой жүйесінің дамуын, нақты спорт түрлеріне қарай арнайы қабілеттерін анықтау үшін бағытталған, сонымен қатар спортшылардың жарысқа психикалық дайындығын барлау мақсатында, спортшылардың психикалық күйін (жарыс алды, жарыс кезіндегі, жарыстан кейінгі) бағдарлау үшін есептелген, мұндай әдістер құрама командаға кандидатты таңдау үшін де қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар әртүрлі құралдық және бланкілік әдістер қолданылуы мүмкін, бұлар спортшы тұлғасының қасиеттерін, интеллектін, психомоторлық қабілеттерін, нақты танымдық, эмоционалды үрдістерді зерттеу үшін кеңінен қолданылады.

Спортта психодиагностикалық әдістердің қолданылуының үш негізгі бағытын ажыратады.

- Спортқа жаңадан келген балаға немесе жасөспірімге спорттың қай түрімен айналысқан дұрыстығын анықтау үшін.

- Жарыста бір тұтас ұйымшылдық көрсете алатын спорттық ұжымды құру (спорттық іріктеу). Қазіргі уақытта жоғарғы лиганың көптеген командаларында штат құрамында арнайы жаттықтырушы-іріктеушілер бар. Олар төменірек лига командаларынан психикалық, физиологиялық және физикалық қасиеттері бойынша жоғарғы лиганың қатысушы болуға лайық спортшыларды іріктейді. Бірдей жоғары біліктілік деңгейіне ие спортшыларды (команданы құрамдастыру) ұлттық олимпиадалық құрамаға қосу үшін жүргізілуі мүмкін.

3. Сандық-сапалық талдау әдістері зерттеудің нақты мәліметтерін өңдеу үшін қолданылады.

Сандық әдістер бұл математикалық-статистикалық әдістер (корреляциялық, факторлық, дисперсиялық және т.б. талдау әдістері).

Сандық әдістер зерттелетін психикалық құбылыстарды мазмұндық сипатына қарай талдауға негізделген, мысалы тип, топ, нұсқа бойынша жіктеу. Мысалы оқу және жарыстық ынталандырудың күшті және әлсіз жүйкелік жүйесіне ие спортшылардың қозғалғыштық әрекеттеріне иелену әсерін зерттеу кезінде нақты материал келесі талаптарды қанағаттандыруы тиіс:

- біріншіден, оқушылардың жүйке жүйесінің күштілігі-әлсіздігі бойынша топтарға жіктелуі;
- екіншіден, жоғарыда келтірілген уәждеме бойынша әр топта қимылдарды жетістікпен меңгерген нұсқаларды анықтау үшін.

Интерпретациялық әдістерге материалды жалпылау және теориялық талдаудың әртүрлі нұсқаларына қатысты, олардың бағдары өңделетін жағдайды жүйелік-құрылымдық, функционалдық, генетикалық және кибернетикалық өңдеуге негізделген.

Спортшылардың психикалық даярлықты құру белгілі-бір педагогикалық принциптерді қолданумен байланысты:

- саналылық принципі, егер спортшы психикалық даярлықтың кез-келген құралын саналы түрде, яғни осы құрал оның өзіне тән және осы нақты жағдайда оған пайдалы болатынына сене қолданған жағдайда ғана тиімді болады дегенді білдіреді. Психикалық ықпал ету құралдарын әкімшілік амалдармен орнатуға болмайды. Сондай-ақ спортшы осы құралдардың тиімді екенітуралы сөзге ғана сеніп қалмау керек, саналылық – бұл осы құралдардың ықпал ету механизмін білу, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі талдау дағдысын меңгеру.

- жүйелілік принципі. Психикалық құралдарды барлық қосымша факторлардың есебімен жүйелі, мақсатты, тізбекті қолдану ғана жеңіске алып келеді. Жүйелілік - жоспарлы жұмысты және бірізділікті, яғни әр жаңа әсер алдыңғы әсерлерден құралған және болашақтағы әсерлерге дайындайтын жағдайды көздейді.

- жан-жақтылық принципі. Психикалық даярлық әдістері мен құралдары спортшының жалпы және арнайы даярлығының бірігуін қамтамасыз ететін бірегей құрылымға үйлестірілуі қажет, себебі бір ғана тар шеңберге ғана емес, жалпы психикаға, атап айтқанда спортшы тұлғасының бағдарлылығы, оның нейродинамикалық жағдайы, ақыл-парасатына әсер ету қарастырылған жағдайда, психикалық ықпал едәуір тиімдірек болып табылады.

- келістілік принципі психикалық даярлық технологиясына, оның іс-шараларын уақытқа қатысты ұйымдастыруға жатады. Психикалық ықпал ету іс-шаралары спорттық даярлық жүйесінің логикалық құрамдас бөліктері болып табылатын басқа да іс-шаралармен үйлестіріліп жоспарлануы тиіс. Мысалы, психореттеуші жаттығулар (ПРЖ) жаттығу іс-шараларымен келістірілуі керек және жеке жаттығуларға байланысты, жаттығуларға дейін, олардан кейін немесе үзілістерде орын алуы тиіс (егер қысқартылған ПРЖ нұсқасын пайдалану қарастырылған болса).

- даралау принципі психолог немесе жаттықтырушыдан спортшының ерекшеліктерін жан-жақты білуді және осыған байланысты оның барлық жеке қасиеттерімен сапаларына сәйкес психикалық әсерлерді таңдауды қажет етеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Пуни. А. Ц. *Методы психологического исследования в спорте.* М-ФиС., 2010. - 173 с.
2. Гогунев Е.Н., Мартыанов Б.И. *Психология физического воспитания и спорта: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений.* – М.: «Академия», 2000. – 288с.
3. Марищук В. Л. *Методы психодиагностики в спорте.* Минск, МГВРК, 2008. – 221 с.



**А.А. КУРАЛБАЕВА<sup>1</sup>**  
**Ж.СЕЙТЖАППАРОВА<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
(Түркістан қаласы, Қазақстан)

## **БАСТАУЫШ СЫНЫПТА БІЛІМДІ БАҒАЛАУ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӨЛШЕМНІҢ НЕГІЗІ**

### ***Аңдатпа***

Бұл мақалада педагогикалық өлшемнің негізі бастауыш сыныптағы білімді бағалау мәселесі қарастырылады. Оқушылардың білім нәтижелерін бағалау оқыту үдерісінің маңызды бөлігі болып табылады, оқыту үдерісін басқарудың түйінді кілті бағалауда деп те айтуға болады.

Педагогикалық өлшемдер – білім алушылардың (сыналушылардың) оқу іс-әрекеті нәтижелерін бағалау үшін өлшеу құралдары мен әдістерін әзірлеуші және қолданушы педагогиканың саласы. Бағалау – оқушының оқу еңбегінің қорытындысын анықтайтын процесс. Педагогика ғылымы саласында білім, білік, дағдыны бағалаудың көптеген түрлері кең тараған.

Бағалау – бұл білімді басқару құжаттары мен оқу бағдарламаларының талаптарына сәйкес білім, білік пен дағдыларды меңгеру дәрежесін анықтау болып табылады.

*Кілт сөздер:* педагогикалық өлшем, бағалау, тест, Блум мақсаттары, деңгей.

**А.А.КУРАЛБАЕВА<sup>1</sup>**  
**Ж.СЕЙТЖАППАРОВА<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Международный казахско-турецкий университет им. Ходжа Ахмета Ясави  
(г. Туркестан, Казахстан)

## **ОЦЕНИВАНИЕ ЗНАНИЙ В НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ-ОСНОВА ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ИЗМЕРЕНИЙ.**

### ***Аннотация***

В этой статье рассматривается основа педагогических измерений-оценивание знаний в начальных классах. Оценивание результатов знаний учащихся является неотъемлемой частью учебного процесса, а также можно сказать, что оценивание является ключом управления учебного процесса.

Педагогические измерения-область педагогики, разрабатывающая и применяющая методы и средства измерений и оценки результатов учебной деятельности учеников (испытуемых). Оценивание-это процесс определяющий результаты учебного труда учащихся. Виды оценивание знаний, умений и навыков широко распространены в сфере педагогики.

Оценка – это определение степени усвоения обучающимися знаний, умений и навыков в соответствии с требованиями программ обучения и руководящими документами обучения.

*Ключевые слова:* педагогическое измерение, оценивание, тест, цели Блум, уровень.

## **KNOWLEDGE ASSESSMENT IN PRIMARY SCHOOL TEACHING IS THE BASIS OF MEASUREMENT.**

### ***Abstract***

This article discusses basis of pedagogical measurement-evaluation of knowledge in primary grades. Evaluation of the results of pupils' knowledge is an integral part of the educational process, and can also say that the evaluation of the key educational process management.

Pedagogical measurement-region of pedagogy, developing and applying methods and measurement tools and evaluation results of learning activities of pupils (subjects). Evaluation-is the process of determining the results of the training labor of pupils. Types of assessment of knowledge, skills are widespread in the area of pedagogy.

Evaluation – is the determination of the degree of assimilation of knowledge by trainees, abilities and skills in accordance with the requirements training programs

*Key words:* pedagogical measurement, evaluation, test, aims, Bloom, level.

### **Кіріспе.**

Педагогикалық өлшеу теориясының бастамасын Эдвард Торндайк қалаған болатын. Ол өзінің еңбектерінде философиялық, психологиялық және педагогикалық өлшемнің сұрақтарын қарастырған. Эдвард Торндайктың жаңалығының танымалдылығының себебі, ол оқыту теориясын дамыту қажеттілігін ғана емес, сонымен қатар педагогикалық өлшеу теориясының қажеттілігін өзгелерден ерте түсінді. Электрондық оқыту пайда болғаннан кейін бұл екі теория одан әрі терең зерттеліне бастады. Тарихқа үңілсек, ең алғашқы психологиялық өлшеу теориясына қатысты еңбектер жүз жыл бұрын пайда болған [1].

1936 жылы осы саланың теоретиктері жоғары ғылыми дәрежелі «Psychometrika» деп аталатын журнал жасап шығарады. Бұл журнал қазіргі таңда бүкіл әлем бойынша шығарылып және таратылып жатыр. Кейіннен «Психологиялық және педагогикалық өлшеу» атты жалпы бағыт дами бастады. Педагогикалық өлшеу теориясының негізгі пәні – деңгейді өлшеуге арналған сапалы тесттерді жобалау және оқушылар мен студенттердің дайындық құрылымы. Мұндай тесттер қазіргі таңда барлық оқыту технологияларында қолданылып жатыр. Педагогикалық тест-білім беру нәтижелерін зерттеудің технологиялық әдісі. Субъектілердің дайындық деңгейінің құрылымын және өлшемін сапалы бағалауға мүмкіндік береді. Оқыту үдерісінде негізінен тест емес, тест түріндегі тапсырмалар қолданылады. Н.Ф.Ефремова тестті білімді бағалаудың ең әсерлі және объективті формасы деп санайды. Ол тестті педагогикалық өлшемнің түріне емес, бағалау түріне жатқызады (мыс: емтихан, сынақ) [2].

### **Зерттеу әдістері.**

**Педагогикалық өлшемдер** — білім беру іс-әрекетінің ерекше басты бөлігі және оның мәні білім беру стандартымен немесе өлшеудің басқа да жүйесімен бекітілген оқу-тәрбие жұмыстарының нәтижелеріне сәйкес деңгейді анықтаудан тұрады.

**Педагогикалық өлшемдердің мақсаты** – бұл:

- оқушылар мен білім алушылардың ағымдық және қорытынды дайындығы деңгейін объективті бағалай алу;
- қызығушылық тудыратын белгілердің көрінуінің сандық эквиваленттерін алу.

**Педагогикалық өлшемдер теориясының негізгі пәні** – оқушылар мен білім алушылардың дайындығы деңгейі мен құрылымын өлшеу үшін сапалы тесттерді, білім беру мен өзіндік білім алу іс-әрекетіндегі бағалау тәсілдері үшін тиімді және сапалық көрсеткіштерді әзірлеу.

**Педагогикалық өлшемдер практикасының негізгі пәні:**

- тест жасау;

- тестілеуді өткізу;
- тесттердің нәтижелерін шкалалау.

С.Е.Шишов, В.А.Кальней өздерінің «Мектепте сапалы білім берудің мониторингі» деген еңбегінде жалпы білім беретін мекемелердің іс-әрекетінің бағалау критерийі жайлы нақтылап жазып, білім беру сапасы - қоғамның тұтынымының дамуымен және сұранысына талап сай келіп және тұлғаның кәсібилігін, адамгершілігін, қоғамдық өмірге бейімдеу қабілетін қалыптастырып, қоғамдағы білім үдерісінің күйін және нәтижесін анықтайтын әлеуметтік категория деп қарастырған [3, 320 б.].

### **Зерттеу нәтижелері.**

Республикамыздың білім беру жүйесіне ендіріліп жатқан Б.Блумның оқу мақсаттарын (оқыту нәтижелері) зерттеуімізде басшылыққа алып, талдап өтеміз.

Педагогикалық әдебиеттерді зерделеуге сәйкес оқыту мақсаттарының негізгі категорияларын және оқыту мақсаттарының жалпыланған типтерінің мысалдарын төмендегіше сипаттауға болады [4, 24 б.; 5, 172 б.; 6, 146-153 б.]:

**1 Білу (білім) деңгейі.** Бұл категория оқыған материалды есте сақтау мен еске түсіруді білдіреді. Мұнда әртүрлі мазмұн түрлері туралы – нақты фактілерден тұтас теорияға дейін сөз болуы мүмкін. Бұл категорияның жалпы белгілері – сәйкес мағлұматтарды еске түсіру (ұмытпау, есінде сақтау).

#### **Оқушы:**

- қолданылатын терминдерді;
- нақты фактілерді (айғақтарды);
- әдістерді және процедураны;
- негізгі ұғымдарды;
- ережелер мен қағидаларды, т.с.с. біледі (есте сақтайды және еске түсіреді).

### **2 Түсіну деңгейі.**

Бұл деңгейдің ерекшелік сипаты зерделенген/оқыған материалдардың мәнін түсіну мүмкіндігінің көрсеткіштері бір формадан басқа формаға түрлендірілуі, бір «тілден» басқасына тасымалдау (мысалы, сөздік формасындағыны математикалық тілге) болуы мүмкін. Түсінудің көрсеткіші ретінде оқушының өз сөзімен айтып беруі (түсіндіруі, қысқаша мазмұндауы) немесе құбылыстың, оқиғаның (салдарын, нәтижелерін алдын ала айтуы) жүрісінің барысын болжауы болуы мүмкін. Мұндай оқу нәтижелері материалды қарапайым есте сақтаумен жүреді.

#### **Оқушы:**

- фактілерді (айғақтарды), ережелер мен тәсілдерді түсінеді;
- сөздік материалдарды, сызбаларды, графиктерді, диаграммаларды түсіндіріп береді;
- сөздік материалдарды математикалық өрнектерге өзгертеді/түрлендіреді;
- бар мәліметтерден туындайтын алдағы салдарларды дұрыс сипаттайды.

### **3 Қолдану деңгейі.**

Бұл категория зерделенген/оқылған материалдарды нақты жағдайларда және жаңа жағдаяттарда пайдалана алуы білдіреді. Оған ережелерді, әдістерді, ұғымдарды, заңдарды, қағидаларды, теорияларды қолдану кіреді. Оқытудың сәйкес нәтижелері түсінуге қарағанда материалды едәуір жоғары деңгейде меңгеруді талап етеді.

#### **Оқушы:**

- ұғымдар мен қағидаларды жаңа жағдаяттарда пайдаланады;
- заңдарды, теорияларды нақты практикалық жағдаяттарда қолданады;
- әдістердің немесе тәсілдердің, т.б. дұрыс қолданылуын көрсетеді.

### **4 Талдау деңгейі.**

Бұл категория материалды оның құрылымы айқын көрінуі үшін құраушыларға бөлшектей алуды білдіреді. Оған бүтінді/тұтасты бөліктерге ажырату, олардың арасындағы өзара байланысты айқындау, бүтіннің ұйымдасу қағидаларын саналы сезінуі қатысты болып табылады. Оқу нәтижелері сонымен қатар, түсіну мен қолдануға қарағанда едәуір жоғары интеллектуалды деңгеймен сипатталады, себебі оқу материалының мазмұны мен оның ішкі құрылымын саналы сезіну талап етіледі.

**Оқушы:**

- бүркемеленген (жасырынды, айқын емес) болжамдарды айқындайды;
- пікірлер логикасындағы қателіктер мен білместікті көреді;
- айғақтармен және салдарлардың арасындағы өзгешелікті жүзеге асырады;
- мәліметтердің маңыздылығын, т.б. бағалайды.

**5 Жинақтау (синтез) деңгейі.**

Білу категориясы жаңалыққа ие бүтінді алу үшін элементтерді ұластыру, амал жасау іскерліктерін білдіреді. Ондайда жаңа өнім хабарлама (сөз сөйлеу, баяндама), әрекет ету жоспары немесе талдап қорытындыланған байланыстар жиынтығы (бар мәліметтерді тәртіпке келтіру сызбасы) болуы мүмкін. Сәйкес келетін оқу нәтижелері жаңа сызбалар мен құрылымдарды жасауға басымдық беретін шығармашылық сипаттағы іс-әрекеттерді болжайды.

**Оқушы:**

- кішігірім шығармашылық; шығарма жазады;
- эксперимент жүргізудің жоспарын болжайды;
- әр түрлі сала (пән) білімдерін осы немесе басқа қандай да бір мәселені, т.б. шешу жоспарын құрастыру үшін пайдаланады.

**6 Бағалау деңгейі.**

Бұл категория осы және басқа да материалдардың мәнін (көркем шығармаларды, зерттеу мәліметтерін бекітеді) бағалау іскерлігін білдіреді. Оқушының талқылауы нақты критерийлерге негізделуі қажет. Критерийлер ішкі (құрылымдық, логикалық) және сыртқы (белгіленген мақсатқа сәйкес) болуы мүмкін. Критерийлер оқушының өзімен анықталуы немесе сырттан, мәселен, мұғалім тарапынан берілген болуы мүмкін. Бұл категория алдыңғы категориялардың барлығының оқу нәтижелерін және белгіленген категорияның айқындығын бағалау үшін талқылау жетістігін қосуды болжайды.

**Оқушы:**

- материалдың логикалық тұрғызылуын жазба мәтін түрінде бағалайды;
- бар мәліметтерге қорытындылардың сәйкестігін бағалайды;
- ішкі критерийлерге негіздей отырып, осы немесе басқа да іс-әрекет өнімінің мәнін бағалайды;
- сыртқы критерийлерге негіздей отырып, іс-әрекет өнімінің мәнін бағалайды.

Білім сапасы әрбір деңгей үшін бағалау критерийлерімен айқындалады.

Білімді және оның сапасын анықтау ағымдық, аралық, қорытынды бақылау нәтижесінде қамтамасыз етіледі. Ал, білімді қалыптастыру және сапасын арттыру оқыту үдерісін жетілдіру негізінде жүзеге асырылады.

**Талқылау.**

Жоғарыда келтірілген деңгейлерге сәйкес оқушының ақыл-ой (ойлау түрлерінің) қызметінің, ақпаратты амал жасауының артатынын көруге болады. Бұл дегеніміз білім сапасының білімді меңгеру деңгейімен (Б.Блум бойынша) байланысын көрсетеді.

Білім беру жүйесінде жүзеге асырылатын білімнің сапа қасиеттері басқа құраушылармен қатар басты назарда болады және білім сапасын бағалау әдістері білім жүйесін жетілдірудің ең пәрменді құралы есебінде анағұрлым жетілдірілуі тиіс. Жаңа бағалау жүйесі *біріншіден*, оқушылардың ынта-ықыласын, сапалы білімге ұмтылысын арттыруға, *екіншіден*, оқушы білімінің жүйелілігін, орнықтылығын, іс-әрекеттік мәнділігін, өмірлік қажеттіліктерге жарамдылығын; *үшіншіден*, оқушылардың шығармашылық-конструктивтік ойлау қабілеттерін, кәсіптік және ой еңбегін атқаруға, таныс емес жағдайларда проблемаларды шешуге бейімділігін; *төртіншіден*, танымдық, жалпы білімділік, талдау, салыстыру, жүйелеп қорыту, синтез жасау қабілеттерін бағалауға бағытталуы тиіс [7].

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау сыртқы және ішкі бағалау түрлеріне бөлінеді. Бастауыш білім берудегі оқу жетістіктерін бағалау екі деңгейде – 2, 4 сыныптардан кейін іске асырылады.

Бастауыш білім берудің оқу жетістіктерін бағалау 1 сыныпта бағасыз белгілеу жүйесі бойынша жүргізіледі, ал 2 сыныптан бастап оқыту нәтижелері баллдық жүйемен және білім алушылардың жеке жетістіктерін (портфолио ретінде) бағалау енгізіледі.

Оқыту нәтижелерін *ішкі бағалау*:

- 1) 1-2, 3-4 сыныптарда оқыту кезеңіндегі бағалауды (ағымдық бағалау);
- 2) 2, 4 сыныптардағы оқыту циклы аяқталғаннан кейінгі бағалауды (межелік, аралық бағалау);
- 3) бастауыш білім беру деңгейінің соңында: 4 сыныптан кейін бағалау (межелік бағалау).

*Сыртқы бағалау* бастауыш білім беру сапасын мемлекеттік аралық бақылау түрінде 4 сыныптың соңында жүргізіледі.

Білім берудің күтілетін нәтижелері – бастауыш білім берудің оқу жетістіктерінің деңгейлері ретінде ұзақтығы 2 жыл әрбір оқыту циклдері үшін белгіленген бастауыш білім берудің қысқа мерзімді мақсаттар жүйесі.

Бастауыш білім беруде білім алушылардың оқу жетістіктерінің екі деңгейі берілген:

- оқу жетістіктерінің 1-ші деңгейі 1-2-сыныптарды қамтиды;
- оқу жетістіктерінің 2-ші деңгейі 3-4-сыныптарды қамтиды.

Күтілетін нәтижелерді нақтылау оқу пәндерінің бағдарламаларында циклдар бойынша білім беру салалары аясында көрсетіледі. Қазіргі білім беру үдерісінде бастауыш сынып оқушысының табысты оқуы мен сапалы тәрбие алуына ықпал жасайтын жоғары деңгейдегі шығармашылық, интеллектуалдық, коммуникативті мүмкіншіліктерді қамтамасыз ететін пәндер интеграциясының маңызы өте зор.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Thorndike, E.L. *Educational Measurements of Fifty Years Ago* / *J. of Educational Psychology*, 1913, 6: 551–552.
- 2 Ефремова Н.Ф. *ФОРМИРОВАНИЕ И ОЦЕНИВАНИЕ КОМПЕТЕНЦИЙ ВОБРАЗОВАНИИ*. Монография. – Ростов -на-Дону, «Аркол», 2010. – 408 с.
- 3 Шишов С.К., Кальней В.А. *Мониторинг качества образования в школе*. – М.: Педагогическое общество России, 1999. - 320 с.
- 4 Болон үдерісінің қағидалары (қысқаша шолу) / құраст. Шалхарова Ж.С. – Түркістан, 2013. - 24 б.
- 5 Самылкина Н.Н. *Современные средства оценивания результатов обучения*. – М.: Бином. Лаборатория знаний, 2007. - 172 с.
- 6 Әлімов А. *Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану: оқу құралы*. – Алматы, ЖШС «Жедел басу баспаханасы» 2009. - 328 б.
- 7 Дүйсебек Ә. «Егемен Қазақстан» Республикалық газеті. Ұлттық тәрбие тұжырымдамасы болмаған жерде білім сапасы артпайды. – 2009, қараша - 4. - №363-364(25761).

**А.Н.Ильясова<sup>1</sup>**  
**Е.К.Адамбеков<sup>2</sup>**  
**Г.Б.Копжанов<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>*Абай атындағы ҚазҰПУ, «Дене мәдениеті және спорт педагогтарын даярлаудың теориясы мен әдістемесі» кафедрa меңгерушісі, п.ғ.д., профессор  
(Алматы қаласы, Қазақстан)*

<sup>2</sup>*Абай атындағы ҚазҰПУ, «Дене мәдениеті және спорт педагогтарын даярлаудың теориясы мен әдістемесі» кафедрa п.ғ.к., қауым. профессор  
(Алматы қаласы, Қазақстан)*

<sup>3</sup>*Абай атындағы ҚазҰПУ «Дене мәдениеті және спорт» мамандығының 1 курс магистранты  
(Алматы қаласы, Қазақстан )*

## **ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ СПОРТ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ**

### **Андатпа**

Бұл мақалада ұлттық ойынды зерттеген ғалымдардың қысқаша пікірлері мен еңбектері туралы айтылады. Ұлттық қозғалмалы ойындарының тарихи мәселелері және халық тәрбиесіндегі орны атап көрсетілген. Қазақ тарихында ұлттық ойындардың өміршеңдігі қысқаша көрсетілген. Сондай-ақ ұлттық спортты зерттеген қазақ және шет ел зерттеушілердің еңбектері мен пікірлері қысқаша беріліп отыр.

**Түйін сөздер:** ұлттық, ойын, халық, зерттеу, тәрбие, этнограф, шет ел, ғалым.

**А.Н.Ильясова<sup>1</sup>**  
**Е.К.Адамбеков<sup>2</sup>**  
**Г.Б. Копжанов<sup>3</sup>**

<sup>1</sup> *д.п.н., профессор, зав. кафедры «Теории и методики подготовки педагогов физической культуры и спорта» КазНПУ имени Абая.  
(г.Алматы, Казастан)*

<sup>2</sup> *к.п.н., ассоц профессор, «Теории и методики подготовки педагогов физической культуры и спорта» КазНПУ имени Абая.  
(г.Алматы, Казастан)*

<sup>3</sup> *магистрант 1 курса КазНПУ им. Абая специальности «Физическая культура и спорт»  
(г.Алматы, Казастан)*

## **ИССЛЕДОВАНИЕ КАЗАХСКИХ НАЦИОНАЛЬНЫХ СПОРТИВНЫХ ИГР**

### **Аннотация**

В данной статье представлен краткий обзор научных трудов и идей ученых, исследовавших национальные игры. Подчеркнута роль национальных подвижных игр в народном воспитании и раскрыты исторические вопросы национальных подвижных игр. Кратко показана жизнеспособность национальных игр в истории казахского народа.

**Ключевые слова:** национальный, игра, народный, воспитание, зарубежный, этнограф, ученный

**A.N.Iliyassova<sup>1</sup>**

**E.K.Adambekov<sup>2</sup>**

**G.B. Kopzhanov<sup>3</sup>**

*doctor of pedagogical sciences of the "Theory and methodology of training teachers of physical culture and sport" Department at KazNPU named after Abai  
(Almaty, Kazakhstan)*

*candidate of pedagogical sciences, assoc.professor of the "Theory and methodology of training teachers of physical culture and sport" Department at KazNPU named after Abai  
(Almaty, Kazakhstan)*

*<sup>1</sup>the 1<sup>st</sup> course master of specialty "Physical education and sport" Kazakh National Pedagogical University named after Abai  
(Almaty, Kazakhstan)*

## **RESEARCHES IN KAZAKH NATIONAL SPORTS GAMES**

### **Abstract**

This article presents a brief overview of the scientific works and ideas of scientists who have studied national games. The role of national active games in upbringing is underlined and historical issues of national active games are revealed. The viability of national games in the history of the Kazakh people is illustrated briefly.

**Keywords:** national, game, upbringing, foreign, scientist, ethnographer

Қазақ халқымыздың тарихи-мәдени мұраларының түрлері сан алуан. Солардың қай-қайсысы да адам игілігіне қызмет етуге бағытталған. Осындай аса құнды мәдени игіліктердің бірі - ұлттық спорттық ойындар. Қазіргі таңда ойынды халық педагогикасының құрамас бөлігі деп тегін айтпаса керек, адам баласы жасаған жеті кереметтің қатарына сегізінші етіп осы ойынның аталып жүруі де жайдан жай емес. Ал осы баға жетпес құндылықты бізге дейінгі өз еліміздің және өзге елдің ғалымдары қандай деңгейде зерттеп баға берді, басты мәселе осы тұрғысында болмақ.

Этнограф ғалымдардың пайымдауынша, ата-бабаларымыздан бізге жеткен ұлттық ойындарымыздың тарихы Қазақстан жерінде б.з.б. бірінші мыңжылдықта-ақ қалыптасқан. Олардың ішінде тоғызқұмалақ, қуыршақ, асық ойындары Азия елдерінде тайпалық одақтар мен алғашқы мемлекеттерде кеңінен тарады. Біздің қоғамымыздағы ұлттық ойындардың негізі, шығу тегі халқымыздың көшпелі дәстүрлі шаруашылық қарекеттерінен бастау алады. Бұлардың көбісі мал шаруашылығына, аңшылыққа, жаугершілікке негізділген. Ахмет Жүнісовтың айтуынша (Фәни-ден бақиға дейін, - Алматы: «Қайнар», 1994), «Өзге халықтар сияқты қазақтың да ертеден қалыптасқан, атадан – балаға мұра болып жалғасып келе жатқан ұлттық ойын-сауық түрлері бар. Зер салып байқап отырсақ, ол ойын-сауықтар қазақтың ұлттық ерекшелігіне, күнделікті тұрмыс-тіршілігіне тығыз байланысты туған екен және адамға жастайынан дене тәрбиесін беруге, оны батылдыққа, ептілікке, тапқырлыққа, күштілікке, төзімділікке т.б. әдемі адамгершілік қасиеттерге баулуға бағытталған екен». Ал енді, «Қазақстан. Ұлттық энциклопедия» кітабында қазақтың ұлттық ойындарының мән-маңызы туралы былай деп жазылған: «Қазақ ұлты негізінен ұрпақ қамын басты мақсат етіп қойып, балалардың нағыз азамат болып қалыптасуына аса зор мән берген. Нәтижесінде дәстүрлі бала тәрбиесінің басты құралы ретінде ұлттық ойынды орайластырып, дамытып отырған».

Қазақ-тың ұлттық ойындары туралы қағаз бетіне түскен алғашқы деректер 13ғ. басталады. Оны алғаш жинап, Еуропа жұртшы-лығына таныстырған Италия саяхатшысы П. Карпини болды. 13 ғ-да Еуропа халқына Монғол тарихын таныстыру мақсатымен саяхатқа шыққан. П. Карпини Жетісу мен Тарбағатайды басып өткен кезде, осы өңірді

мекендеген ру-тайпалардың тұрмысы, әдет-ғұрыптары, ойын-сауықтары жайлы көптеген этнографиялық материалдар жинаған. Одан кейінгі деректерді біз көптеген ғалымдардың еңбектерінен кездестіруге болады: итальяндық Марко Пола, П.И Рычков, Гросс, Зеленский т.б. Қазақтың ұлт ойындары туралы алғашқы пікір айтушылар мен оның жеке нұсқаларын жинау-шылардың қай-қайсысы болмасын, оны жоғары бағалап, көшпелі халықтан мұндай өрелі өнерді күтпеген-діктерін сөз етеді.

«Дене тәрбиесі, спорттық жаттығулар, сауықтыру және бейімдеу дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесі» бағытындағы мамандандырылған ғылыми диссертациялық кеңесте барлығы 121 педагогика ғылымдарының кандидаты атағын алу үшін қорғалған диссертациялардың ішінде 10 жұмыс ұлттық ойындар мен спортқа арналған, оның ішінде 5-і қазақ тілінде, ал 17 барлық қорғалған докторлық диссертацияның ішінде М.Таникеевтің «Развитие казахских национальных видов спорта и игр в период присоединения Казахстана к России до Великой Октябрьской революции (с 30-х гг. XVIII столетия до 1917 г.)» [28] және «Теория и практика взаимовлияния национальных и интернациональных факторов в развитии физического развития и спорта в Казахстане» [4] және Б. Досқараевтың «Историко – педагогические основы становление и развития системы физической культуры в Казахстане» [5] атты еңбектері бар. Қазақ тілінде қорғалған еңбектер жоқ.

М.Тәнекеевтің «Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстанның дене тәрбиесі тарихы» [28], «От байғи до Олимпиады» [12], «Мир народного спорта» [30] атты еңбектерінде ұлттық ойындар мен спорт түрлеріне қатысты мол мағлұматтар беріледі және ұлттық ойындардың дамуына кедергі болып отырған жағдайлар да көрсетіледі.

Б.Досқараевтың педагогика ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін қорғаған «Историко-педагогические основы становления и развития системы физической культуры в Казахстане» атты еңбегінде Қазақстан жеріндегі ерте дәуірден бастап, қазіргі Қазақстанның Егеменді ел болған кезең аралығындағы дене тәрбиесінің даму тарихын зерттей келе ұлттық спорттың дамуына байланысты қазіргі Қазақстан территориясында әр тарихи кезеңдерде өмір сүрген Гүндер, Сақтар, Құшандықтар, Түркілер сияқты үлкен бірлестіктер кезіндегі дене тәрбиесінің ерекшеліктеріне тоқтай келе, қазіргі кездегі ұлттық ойындар мен спорт түрлері туралы «Қазақстан Егеменді ел болғаннан соң ұлттық спорт пен ойындарға деген құлшыныс арта түсті. Студенттердің 70% ұлттық спорт түрлерімен шұғылданғысы келетіндіктерін көрсетті» деп атап өтеді [5, с.182].

Е.Алимхановтың «Совершенствование национальной борьбы казахша курес путем изменения модели одежды» атты педагогика ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін 1996 жылы қорғаған диссертациясында қазақ күресінің даму ерекшелігіне тоқтай келіп, күрестегі әдіс-айла жасау түрлерін және балуанның киімінің күресу кезінде тигізетін әсерін зерттейді.

Е.Мухиддиновтың педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі үшін қорғаған «Использование казахских национальных игр в физическом воспитании» атты еңбегінде «ұлттық ойындар туралы ғылыми еңбектерді және үлгілі алдыңғы қатарлы тәжірибелерді зерттеу баланың дене тәрбиесіне ғана емес, сонымен қатар оларға интеллектуалды және адамгершілік жағынан да пайдалы әсері бар» деп көрсетеді.

Е.Канағатов «Ұлттық спорт түрлерінің тәсілдері арқылы жастардың салауатты өмір салтын қалыптастыру әдістемесі» атты педагогика ғылымдарының кандидаты дәрежесіне арналған еңбегін денсаулық пен, салауатты өмір салтын сақтау проблемаларына халықтық педагогика тәсілдері арқылы қалыптастыруға болатындығын көрсетті.



А. Караков «Студенттердің дене тәрбиесінде спорттық күрестің ұлттық түрлерін пайдалану» атты педагогика ғылымдарының кандидаты дәрежесі үшін қорғаған диссертациясында: Спорттық күрестің ұлттық түрлерін (дзюдо, самбо, қазақша күрес) дене тәрбиесінде КСРО жоғары білім жүйесінде қолдау бойынша зерттеулердің жүргендігін айта келіп, Қазақстан оқу жүйесінде оның қолданылмағандығын көрсете келіп, ЖОО орындарындағы студенттердің дене дайындықтары төмендеп келе жатқандығын, осы проблеманы шешуге күрестің ұлттық түрлерін пайдалану тиімді екендігін көрсетеді

Б.Мендалиев «Ұлттық халық ойындарын мектеп жасына дейінгі балалардың дене шынықтыру сабағында қолдану» атты еңбегінде бала бақшалардағы дене шынықтыру сабақтарында ұлттық ойындарды қолданудың тиімділігін, жолдарын көрсете келіп, ойындарды бала жасының ерекшелігін ескеріп қолдануды және ойындар түрін іріктеудің қажеттігін көрсетеді.

Ғалым Ж.К. Оңалбеков «Дене тәрбиесі мен спорттың жеке адамдар арасындағы ұлттық қарым-қатынастарды дамытудағы орны» атты кандидаттық диссертациясында Кеңес дәуіріне дейінгі түрлі ұлттық ортадағы дене тәрбиесінің әлеуметтік қызметі, әлеуметтік құбылыс ретіндегі дене тәрбиесінің тарихи түп тамыры, дене шынықтырудың руаралық және тайпааралық қатынастардағы ролі, ұлтаралық және этноаймақтық қатынастардағы дене тәрбиесі мен спорттың әлеуметтік қызметі, жеке тұлғалардың ұлттық қатынастарының дамуындағы дене тәрбиесі мен спорттың әлеуметтік ролі мәселелерін қарастырған.

А.Елемесовтың «Ұлттық спорт пен ойындардың теориялық және педагогикалық негіздері» атты диссертациялық жұмысында қазақ ұлттық ойындары мен спортының өткені мен тәелсіздік алған кездегі дамуы мен ролі жан жақты қарастырылған.

### **Шет ел ғалымдарының ізденістері**

Көрнекті орыс ғалымы, географ, тарихшы А.И. Левшиннің қазақтар туралы «Описание киргиз-казахьи или киргиз-кайсацких орд и степей» деп аталатын еңбегінде қазақтар арасында өтетін ат жарыс, теңге алу, қыз қуу, балуан күресіне тоқталып, қазақ балаларының жастайынан қимыл-әрекет дағдысына қарай қалыптасып еңбек ететіндігін, қазақтардың шыдамды, мықты болып өсетінін суреттей келе: «Халықтың өмірі үнемі мал бағумен, табиғатпен, таза ауада тіршілік етумен өмір өткізуі олардың дене бітімінің зор, күшті болып өсуіне себепкер болған. Сондықтан да олар ыстыққа, суыққа төзімді, көп жасайды, бас ауруы дегендер сирек кездеседі. Олардың көзі қырағы болып келеді. Алыстағы көрінген малдың түсін айнытпай дәл ажыратады. Атқа мініп жүруді балалары жастайынан үйренген. Олар үшін атқа шабу гимнастикалық жаттығудың бір түрі сияқты болып кеткен» деп жазады.

Қазақ халқының этнографиялық құндылықтарын жинап, зерттеген В.В.Радлов қазақтың қыз ұзату, баланы бесікке салу, атқа мінгізу, сүндетке отырғызу сияқты салт-дәстүрлерін жаза келе «қазақтар баланы жастайынан тәрбиелеуге үлкен көңіл бөледі» дей келе: «қазақ әйелдері еңбексүйгіш, қолөнерге шебер, төзімді» деп жазады [32].

Қазақ халқының өмірі жайында көптеген материалдар жинаған орыс ғалымдарының бірі И.С. Паллас өз зерттеулерінде қазақ халқының тыныс-тіршілігін бақылай келе, ұлттық ойындарға сипаттама беріп, қазақ қоғамындағы аңға шығу мен аңшылықты суреттейді [33].

Дүние есігін алғаш ашқан баланың алғашқы күндерінен бастап әр ананың істейтін жұмысы туралы «Жас туған нәрестені анасы суға түсіріп сылаумен қатар, оның қол-аяғын, денесін созып, аунатып әртүрлі жаттығулар жасатады. Балаға туа салысымен сөйлеп, өлең айтып назарын аудартады. Жас нәресте денесін таза ұстап, таза ауада көбірек ұстау оның жергілікті жердің ауа райына бейімделуіне жағдай жасайды» деп, әр ауыл балаларының алғашқы күндерін Х.Кустанаев суреттейді [34].

Қазақтың ұлттық ойындарына мән беріп, оны жинақтап, топтап жарыққа шығарған ғалымы А. Диваев өзінің «Игры киргизских детей» атты еңбегінде автор тарихта алғаш рет қазақтың ұлттық ойындарын үш топқа бөліп қарастырады «бірінші кішкентай балалар ойыны, екінші ересек балалар ойыны, үшінші жігіттер ойыны» деп бөлді [36].

А. Диваевтың «Как киргизы развлекают детей» еңбегінде Шымкент уезіндегі қырғыз балаларының «бес саусақ» ойыны, саусақ атаулары оның діни сенімділік, дәстүр және

табиғат пен күнделікті мал шаруашылығымен байланысын жақсы суреттеген. Мысалы ол «баланың бас бармағын көтеріп малды барымталаймыз, ортан саусақты көтеріп оған пайғамбарымыз не дейді» деп көк аспанға қарап құдай тәңірінен рұқсат сұрағаны айтылады.

Ә. Диваев, Г.П. Потанин еңбектеріне сүйене отырып, қазақ ойындарының мазмұны Орал-Алтай халықтарының ойындарымен үндес келетіндігін де сөз етеді [37].

Орыс ғалымы А. Алекторов «О рождении и воспитании детей киргизов, о правилах и власти родителей» атты еңбегінде көшпенді қазақтардың өмір сүру салтындағы баланың дүниеге келген сәтінен өсуінде ұлттық ойын мен қимыл-қозғалыс әрекетінің алатын орны мен дене мүшесінің қалыптасып дамуындағы халық ойындарының қажетті жақтарын ашады [39].

Қазақтың «Тоғыз құмалақ» ойынының суреті мен ойнау тәртібін қағаз бетіне түсірген этнограф Н. Пантусов өз еңбегінде «бұл ойын өте көне және кім ойлап тапқаны белгісіз. Ол қазақтың үш ордасының барлығына тегіс тараған»- деп жазады.

Әрине ұлттық ойындар туралы тек қана спорт немесе педагогика саласындағы зерттеушілер ғана зерттеген жоқ. Қазақ тарихы, философиясы, мәдениеті, өнерін зерттеген кез келген зерттеуші ұлттық спорт өнерін айналып өте алмаған. Өйткені төл өнерлеріміз бір-бірімен біте қайнасып, халық өмірінің ажырамас бір бөлігі болып қалыптасқан.

Ұлттық құндылықты зерттеген ғалымдар аз болмағанына осы мақалада көз жеткіземіз. Ұлттық спорт турасында қалам түрткен барлық зерттеушілерді бір мақалаға сидыру мүмкін емес. Біз тек ұлттық ойын мен спорттың тарихы бойынша жұмыс жүргізген бірнеше ғалымдардың еңбектерін қысқаша беріп отырмыз.

Қазақ өнерін қазақ ғалымдары ғана емес өзге елдердің ғалымдарының қызыға жазған құнды еңбектерінің бар екендігін, ұлттық құндылығымыздың ауқымының кеңдігін көрсетуді жөн санап отырмыз. Ешқандай жүйе мен заманның ұлттық ойындардың жоғалып кетуіне немесе зерттелмей қалуына кедергі бола алмағанына көз жеткізіп отырмыз.

Біздің ендігі мақсатымыз тарихы терең ұлттық спорт ойындарының тарихилығы мен жаңа заманда да қаншалықты қажет екендігін үйлестіре көрсету. Бізге дейінгі зерттелген құнды дүниелердің жоғалып кетпеуіне және оның ары қарай жаңа тыныс алып, дамуына ықпал ету болмақ.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.«А.Елемесовтың «Ұлттық спорт пен ойындардың теориялық және педагогикалық негіздері» атты диссертациялық жұмысы, 2010

2.Кариков А. Студенттердің дене тәрбиесінде спорттық күрестің ұлттық түрлерін пайдалану (қазақша күрес, самбо, дзюдо): дис. ... пед.ғыл.канд. -Алматы, 1996.

3.10 Канагатов И.Б. Ұлттық спорт түрлерінің тәсілдері арқылы жастардың салауатты өмір салтын қалыптастыру әдістемесі: дис. ... пед. ғыл. канд. - Алматы, 2008

4.5 Доскараев Б.М. Историко – педагогические основы становления и развития системы физической культуры в Казахстане: дис. ... докт.пед.наук: 13.00.04.- Алматы, 2009.

**Г.П. МЕЙРБЕКОВА<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

(Түркістан қаласы, Қазақстан)

## **ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДА ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

### ***Аңдатпа***

Әлемдік бәсекелестік заманда әрбір адамның білім санасын, қабілеттік деңгейін іскерлік мүмкінділігін анықтайтын адам ресурстарын дамыту мәселелері күн тәртібіне өткір қойылып, адамның білімі мен біліктілігі қазіргі кезеңде мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігінің ең маңызды көрсеткішіне айналып отыр. Бүгінгі таңдағы еліміздегі білім беру жүйесінің ең басты міндеті – білім берудің ұлттық модуліне өту арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу.

Қазіргі кездегі барлық білім беру технологияларының алдына қоятын мақсаты - білім алушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылығын қалыптастыру болып табылады. Педагогикалық технологиялардың оқыту үрдісінегі жүйесі – мақсат, мазмұн, әдіс-тәсіл, амал-жол екендігін ұмытпаған жөн. Жаңа педагогикалық технология ұстаз шеберлігін жетілдіруге ықпал жасап, шәкірттің ойлау қабілетінің ұштала түсуіне әсерін тигізеді, сонымен бірге әлеуметтік рухани жан дүниесінің маңыздылығын іріктеуге, ізгілікті жағын дамытуға бағыттайды және өзінің психологиялық даралық сипатын анықтауға ниеттендіреді.

**Түйін сөздер:** педагогикалық технология, білім, білім беру, қалыптастыру, үйрету, оқыту, оқу-тәрбие үдерісі, мақсат, міндет, әдіс-тәсіл.

**Г.П. МЕЙРБЕКОВА<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Международный казахско-турецкий университет им. Ходжа Ахмета Ясави  
(г. Туркестан, Казахстан)

## **ЭФФЕКТИВНОСТЬ ОБУЧЕНИЯ В ПРЕМЕНЕНИИ ТЕХНОЛОГИИ СОВРЕМЕННОЙ ПЕДАГОГИКИ**

### ***Аннотация***

Качественное знание, деловая возможность, уровень способности, развитие человеческого ресурса являются актуальной проблемой в современном мире, знания и навыки людей определяют конкурентноспособность того государства.

Главней задачей системы образования на сегодняшний день – это переход к национальной модули образования, достижения международного уровня образования молодежи. Цель всей современной технологии образования – научить самостоятельного исследования учащихся, развитие творческой личности учащихся, учитывая их личные качества и особенности. Нельзя забывать и о том, что систему педагогического обучения составляют цель, содержание, методы и приемы.

Новая педагогическая технология способствует развитию педагогического мастерства и умственной способности учащихся, вместе с тем, важности осознания социально- духовного развития , определение сути своей психологической личности.

**Ключевые слова :** педагогическая технология, знание, образование, становление, научить, обучать, учебно- воспитательный процесс, цель, задачи, методы, приемы.

## EFFICIENCY OF TEACHING IN APPLICATION OF MODERN PEDAGOGY TECHNOLOGIES

### Abstract

The quality of knowledge, business opportunity, ability level, and development of human resource are actual problem in the modern world, knowledge and skills of people determine the competitiveness of the state. The main task of the educational system today is the transition to the national modules of education delivers world-class youth education. The purpose of all modern education technology to teach independent study students, the development of creative personality of students, considering their personal qualities capabilities. We must not forget that the system of teacher training consists of the purpose, content, methods and techniques.

New pedagogical technology contributes to the development of pedagogical skills and mental abilities students, however, the importance of awareness of the social and spiritual development, the definition of the essence of his psychological personality.

**Key words:** pedagogical technology, knowledge, education, formation, to teach, educate, educational process, purpose, objectives, methods, techniques.

### Кіріспе.

Еліміз егемендік алып, қоғамдық өмірдің барлық салаларында, соның ішінде білім беру саласында жүріп жатқан демократияландыру, жаңа технологияларды енгізу, компьютерлендіру бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруға жол ашуда.

Елбасы өз Жолдауында «ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалады» деп атап өтті. Өйткені, соңғы жылдары пайда болған «ілімге негізделген экономиканы» ескермесе болмайды. Әлемдік бәсекелестік заманда әрбір адамның білім санасын, қабілеттік деңгейін іскерлік мүмкінділігін анықтайтын адам ресурстарын дамыту мәселелері күн тәртібіне өткір қойылып, адамның білімі мен біліктілігі қазіргі кезеңде мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігінің ең маңызды көрсеткішіне айналып отыр. Бүгінгі таңдағы еліміздегі білім беру жүйесінің ең басты міндеті – білім берудің ұлттық модуліне өту арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу.

Қазақстанның экономикалық, саяси, мәдени дамуына үлес қосатын, әлемдік цивилизацияға көтерілетін білімді де мәдениетті, парасатты, денсаулығы мықты азамат тәрбиелеп шығару – бүгінгі мектеп, ұстаздар қауымының міндеті.

Шәкәрім «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бұл сапалар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді» деп есептейді. Құнды қасиеттерге адамды баулу – туған кезден басталса керек. Адамның адам болып қалыптасуында ата-аналармен қатар тәрбиеші мен мұғалімнің орны зор. Ендеше ұрпақ тәрбиесі - бұл болашақ тірегі, мемлекеттік маңызды іс.

Қазіргі педагогика теориясы жаңашылдыққа бет бұрып, білім беру мазмұны жаңарып жаңа көзқарас пайда болуына байланысты даму бағытын қамтитын 50-ден астам оқыту технологиялары өмірге келді. Мысалы, саралап деңгейлеп оқыту технологиясы, тұлғаны жекелей дамытуға бағытталған технология, модульдік оқыту технологиясы, жеделдетіп оқыту технологиясы және тағыда басқа оқыту технологиялары белсенді түрде қолданылуда [1, 17].

### Зерттеу әдістері мен нәтижелері.

Педагогикалық жаңа технология – іс-әрекетке, оқыту барысында жүзеге асатын педагогикалық жүйе. Ол дара тұлғаны жетілдіруге, белгілі бір мақсатқа жету жолында арнайы ықпалды ұйғаруға қажетті байланысқан әдіс-тәсілдер. Ендеше педагогикалық технология – оқу-тәрбие үрдісінің шығармашылықпен оқытумен тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз ететін жанды құрамдас бөлігі, технология – ақырғы мақсатқа жететін әрекеттер жүйесі. Жаңа педагогикалық технология баланың жетілген тұлға ретінде дамуы үшін маңызы зор. Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына

бағытталған жаңа оқыту технологияларын өмірге енгізуге ұмтылуы. «Педагогикалық технологиялар – бұл білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің: оқу-тәрбие процессін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, тұрпаттары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әрбір құрамның басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында оқушының дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды» Жаңа технология түрлерін математика пәнінің кіріктірілген сабақтарында пайдалану, оқушының шығармашылық, интеллектік қабілетінің дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдыларының қалыптасуына әкеледі.

Оқытудың жаңа технологиясын жете меңгерген, оны оқушылардың жас және психологиялық ерекшелігіне қарай таңдап пайдаланудың маңызы зор.

Педагогикалық технология – қазіргі талапқа сай анықталып, іріктеліп реттелген оқытудың жаңа мазмұн, әдіс-амалдарының дидактикалық талаптарының психологиялық-педагогикалық жиынтығы. Ж.Қараевтың педагогикалық технологиясы – оқытуды дифференциялауға негізделген. Оқу үрдісіндегі мұғалім мен оқушының, оқу мазмұны мен түрлерінің, әдістер мен амалдардың, оқу мақсатының ықпалдасу заңдылығының жүйесі [2, 212]. Бұл технологияның маңызды ерекшелігі оқушының әсерлену жүйесін қалыптастырады. Яғни деңгейлік тапсырмалармен жұмыс жасау арқылы оқушының өзіндік жеке жолы, даму динамикасы, ынтасы, ойлау қабілеті, есте сақтауы, оқу сапасы арта түседі.

Педагогикалық технологияның басты мәселесі біріншіден оқушының оқу танымдық әрекеттерінің құрылымы мен мазмұны, яғни сатыланған және тәртіптелген іс-әрекет жүйесі, екіншіден технологияландырудың түбегейлі проблемасы ретінде мақсат құрудың әдіснамасы алынады, ал мақсат - кез келген технологияның оқу процесін басқаруының негізі болып табылады. Педагогикалық технологияның басты мәні алға қойған мақсатқа толықтай жету, міне осыдан педагогикалық технологияның тиімділігі шығады.

Педагогикалық технологияларға барлық елдер ғалымдары қызығушылық танытуда. Шетел зерттеушілері педагогикалық технологияны психология, әлеуметтік философия, басқару және мақсат қою теориясы, техника, қарым-қатынас, аудиовизуалды білім беру және кибернетика элементтерінен тұратын пәнаралық конгломерат ретінде қарастырады.

Сонымен, педагогикалық технологияны - оқыту үрдісін түгелдей қолдану және бағалау, сол сияқты, білімді адамдар мен техника ресурстарын ескеру арқылы білімді игеру, және осы жолда тиімді түріне жету үшін оларды жоспарлаудың жүйелі әдісі ретінде қарастыруға болады.

Білім берудің технологиясы педагогикалық пән ретінде дидактикадан кейінгі орынды алады. Оқытудың технологиясын - қолданбалы дидактика десе де болады. Бір сөзбен айтқанда, оқытудың технологиясы - оқыту іс-әрекетінің әдіс-тәсілдері мен құралдарын ұйымдастыру және қолдану теориясы [3, 56].

Қазіргі таңда сапалы білім беру мәселесі қоғамды толғандырып отыр. Себебі, қарыштап дамып келе жатқан технологиялық прогресс кезеңінде өскелең ұрпақтың білім деңгейі замануи талапқа сай болуы қажет. «Неге оқыту керек?», «қалай оқыту керек?», «не үшін оқыту керек?», нәтижелі қалай оқыту керек?», - деген сұрақтарға жауап іздеген ғалымдар оқыту үдерісін «технологиялық» жолмен жүруге әрекет жасады. Оқытуды нәтижесінде кепілдемесі бар өндірістік технологиялық процеске айналдыру, осыған байланысты педагогикалық технологиялар бағыты пайда болды.

Педагогикалық әдебиеттерде «технология» түсінігі әр түрлі сөз тіркестерінде қолданылады: педагогикалық технология, ақпараттық технология, компьютерлік технология, білім беру технологиясы, тәрбиелеу технологиясы, біртұтас педагогикалық процесті жүзеге асырудың технологиясы, оқытудың дәстүрлі технологиясы және т.б олардың даму динамикасы сол құбылыстың эволюциясында көрініс табады.

Педагогикалық технология ұғымы ғылымға бірнеше жылдар бойы ене бастады. Технология (гректің *techne* - «өнер», «шеберлік», «икемділік» және *logos*-ілім) қандайда бір процестегі іске асырылатын әдістердің жиынтығы болып табылады.

Ұсынылып отырған тақырып мақсаты М.М.Жанпейісованың модульдік технологиясы бойынша қазақ тілі сабақтарында оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастыру болып табылады. Автормен бұл тақырып бойынша ғылыми және әдістемелік әдеби шолу жасалынды, осы тақырып өзегінде жұмыс жасайтын зерттеушілердің ой-пікірлері келтірілген, модульдік технологияны қазақ тілі сабағында қолдану әдістері көрсетілген. Бастауыш сыныптарда қазақ тілі пәнінің мақсаты оқушылардың қарым-қатынас біліктілігін қалыптастыру және дамыту, яғни тілдік және танымдық біліктілікпен қамтамасыз ету екендігі Қазақстан Республикасының жалпы білім берудің мемлекеттік стандартында көрсетілген. Тілді оқыту жүйесінде талаптар жалпы білім беру саласындағы жаңа қағидаларға сүйеніп негізделді. Тіл – адам жанының тілмашы ретінде адамды әлеуметтік ортамен байланыстырушы дәнекер әрі баланың жалпы дүниетанымын қалыптастыратын танымдық іс-әрекеттердің ең маңызды құралы. Қазақ тілін оқытып, үйрену – көптеген ізденістерді, жаңа технологияны қолдануды керек етеді.

### **Талқылау.**

Педагогикалық технологиялар оқытудың мақсатына жетудің тиімді, нақты жолдарын көрсетеді. М.М. Жанпейісованың модульдік технологиясын таңдап алып, саралап, теориялық негіздерін оқып-үйреніп, қазақ тілі сабағында қолдана бастадым. Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың коммуникативтік қарым-қатынас жасауы төмен сатыда болды, ол сөз қорының аз екендігін көрсетеді. Қазақ тілі сабақтарындағы қиыншылықтар, балалардың еркін сөйлеу, аудару, сөйлем құрастыру деңгейлерінің төмендігі, мені көптеген ұсынылған технологиялардың арасынан М.М. Жанпейісованың модульдік технологиясын таңдап алуға себепкер болды. Осы технологияны таңдап алудың себептері мынандай:

1. Модульдік технология оқушының танымдық, өз бетімен білім алуға деген құштарлығын, жалпы жеке тұлғаның қалыптасуына үлкен әсерін тигізеді.

2. Оқу үрдісінде сөйлеу арқылы қарым-қатынас жасауға бағыттайды.

Оқу пәнінің білім мазмұнында тілдің коммуникативтік қызметі, грамматикалық жүйесі модульмен оқыту арқылы бір-бірімен тығыз байланыстырып меңгерту міндеті айқындалады.

М.М.Жанпейісованың модульдік оқыту технологиясы оқушының мұғалімнен қабылдаған білімін шығармашылықпен жеткізуге үйрететін әдіс болып табылады; эмоциялық сезімге бойлап, әсерлі сезімде болуға жетелейді; ойын түрлері арқылы баланың қиялын дамытады, зейінін тәрбиелейді, халықтық педагогикамен қаруландырады, терең білім береді; оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастырады, осы сатыға жеткізуші дәнекер-ойдың модулі деп түйіндеуге болады. Бұл әдіс оқушыны ізденімпаздыққа, өз бетімен білімін жетілдіруге баулып, шығармашылық қабілетін дамытады.

Бастауыш сынып – оқушы тұлғасының қалыптасуы мен дамуының басты баспалдағы. Бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс істеу үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы.

Сабақ беруде пәндерді оқыту технологиясының жан-жақты қолдану- ұстаз білігі мен шеберлігі. Яғни, тәуелсіз елдің талапты ұрпағын тәрбиелеудегі жауапкершілік.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру тұлғаның интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі

әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Қазіргі педагогика жаңалықтарын пән ерекшелігіне қарай қолдана білу - оқыту мақсатына жетудің бірден-бір жолы. Осы жолда педагогикалық технология оқыту мақсатына жетудің тиімді, нақты жолдарын көрсетеді. Оқытудың жаңа технологиясы іс-әрекеттің жоспарланған нәтижесіне жетудің шартты тәсілі ретінде қарастырылатын жаңа әдістердің жиынтығынан тұрады. Оның дәстүрлі оқыту технологиясынан ерекшелігі мынада:

- білім алушы тұлғаның интеллектуалды дамуы аз уақыт ішінде қабылдау дәрежесінің жоғары мөлшеріне жетуіне бағытталғандығы;
- білім алушы мен мұғалімнің белсенділігінің сәйкес болуы;
- мұғалім мен білім алушының өзара қарым - қатынасында жауапкершіліктің міндеттілігі.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

Қорыта келе, қазіргі кездегі барлық білім беру технологияларының алдына қоятын мақсаты - білім алушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылығын қалыптастыру болып табылады. Педагогикалық технологиялардың оқыту үрдісінегі жүйесі – мақсат, мазмұн, әдіс-тәсіл, амал - жол екендігін ұмытпаған жөн. Себебі, жаңа педагогикалық технология ұстаз шеберлігін жетілдіруге ықпал жасап, шәкірттің ойлау қабілетінің ұштала түсуіне әсерін тигізеді, сонымен бірге әлеуметтік рухани жан дүниесінің маңыздылығын іріктеуге, ізгілікті жағын дамытуға бағыттайды және өзінің психологиялық даралық сипатын анықтауға ниеттендіреді. Сонымен қатар білімді жаңаша беру мүмкіндіктерін жасау, білімді қабылдау, оқу тәрбие үрдісінде оқушының жеке тұлғасын жан-жақты қалыптастыру үшін ақпараттық технологияны қолдануды басты назарда ұстау керек. Әрбір ұстаз күнделікті сабақта компьютер, интерактивті тақтаны тұрақты пайдаланумен қатар, электронды оқулық және интернет материалдары арқылы оқушының пәнге деген ынтасын арттыра түсуге міндетті.

Бүгінгі таңда танымал болып отырған оқыту технологияларын белсенді түрде қолдана білсек, жаңа мазмұнды білім беру процесі нәтижелі болып, оның сапалық көрсеткіштерін арттыру қиынға соқпайтыны белгілі. Олай болса оқытуды ізгілендіру жағдайында, өздігінен даму бағдарын анықтап, дамитын және өздігінен дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіріп өсіруші, өзін - өзі тәрбиелеуші тұлға қалыптастыруға тілектеспін

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Сарбасова Қ.А. *Инновациялық технологиялар. Алматы, 2006.*
2. Таубаева Ш.Т., Лактионова С.Н. *Педагогическая инноватика как теория и практика нововведений в системе образования. Алматы, 2001.*
3. Щуркова Н. Е. *Педагогическая технология. М., 2002. С. 12.*

## ВОЛЕЙБОЛ ОЙЫНЫНЫҢ ТЕХНИКАСЫН ОҚЫТУДЫҢ ТӘСІЛДЕРІ.

**Кадырбеков Р.Б.<sup>1</sup>**

**Мукажанов Н.К.<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>*магистр оқытушы Абай атындағы ҚазҰПУ.*

<sup>2</sup>*магистр оқытушы Шәкәрім атындағы Семей  
Мемлекеттік Университеті.*

### Аңдатпа

Бұл мақалада волейбол ойынының техникасын және оның түрлері, сонымен қатар, олардың бөлімдері жайлы баяндалады. Волейболдың техникасын оқыту барысындағы маңызды элементтер, атап айтқанда, дене қуаты дайындығы, жылдамдық, күш, төзімділік, ептілік, икемділік сияқты дене дайындығының бөлімдері және де осы бөлімдерге арналған жаттығу жасау барысындағы волейболшылардың жас ерекшелігін, жыныс ерекшелігін, дене дайындығының деңгейін, жеке физиологиялық және психологиялық ерекшелігін ескеру маңыздылығы туралы баяндалады. Дене дайындығы бөлімдерінің ерекшеліктерін ескере отырып, волейболшыларға жаттығу жасату тиімділігін арттыру және жүктемелерді жеткілікті мөлшерде беру маңыздылығы приоритетті (басым) болып табылады.

**Түйін сөздер:** волейбол, дене дайындығы, оқу-жаттығу, технико-тактика.

### Методы обучения техники игры волейбола

**Кадырбеков Р.Б.<sup>1</sup>**

**Мукажанов Н.К.<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>*магистр преподаватель КазНПУ им. Абая.*

<sup>2</sup>*магистр преподаватель ГУ имени Шакарима.*

### Аннотация

В данной научной работе рассмотрены технические качества волейболистов и виды технико-технических качеств, таких как общая физическая подготовка и специальная физическая подготовка включающих в себя разные направления физических качеств. На основе проведенного исследования выявлено, что в процессе подготовки волейболистов нужно уделять особое внимание важным элементам физической подготовки, таким как скорость, сила, выносливость, ловкость, гибкость и в процессе тренировок на развитие физических качеств нужно учитывать возрастные особенности, уровень физической подготовки, личные физиологические и психологические особенности волейболистов. Приоритетным в подготовке является учет особенностей физических качеств для улучшения эффективности в процессе тренировки.

**Ключевые слова:** физические качества, учебно-тренировочный процесс, общая физическая подготовка, техническая подготовка, тактическая подготовка.

### Methods of teaching volleyball technics

**R.B.Kadyrbekov<sup>1</sup>**

**N.K.Mukazhanov<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>*Master Teacher Kazakh National Pedagogical University named Abai.*

<sup>2</sup>*Master Teacher University named Shakarym.*



### **Abstract**

In this research paper, the technical quality of volleyball players and types of technical qualities, such as General physical training and special physical training includes different areas of physical qualities. On the basis of the study revealed that in the process of preparing volleyball players need to pay special attention to important elements of physical fitness, such as speed, strength, endurance, agility, flexibility and in the process of training on development of physical qualities you need to take into account age peculiarities, level of physical fitness, personal physiological and psychological characteristics of volleyball players. Priority in training is the incorporation of features of the physical qualities to improve efficiency in the training process.

**Key words:** physical qualities, the training process, shared physical training, technical training, tactical training.

Волейбол ойынының техникасын оқытуды мектеп жасынан бастаған нәтижелі болмақ. Олай дейтініміз волейбол ойыны адам дене мүшелерінің барлық қозғалыстарын қажет ететіндігін білеміз. Қазіргі кездегі әлемдік деңгейдегі ойындар өте жоғарғы деңгейдегі дайындықты қажет етеді. Сондықтан волейбол ойынының барлық элементтерін меңгеру үшін ерте жастан бастау қажет. Ойынның техникасы мен тактикасын оқыту бір-бірімен тығыз байланысты жүреді. Техникалық дайындықтың негізгі міндеті оның әртүрлі жағдайларында жоғары дәлдікке жету үшін барлық техникалық тәсілдерді игеріп, оларды одан әрі жетілдіре түсу болмақ. Волейболда төрт техникалық тәсіл бар: допты бір-біріне беру, ойынға қосу, шабуылдай соғу, тосқауыл қою. Техникалық даярлықтың басты міндеті - жарыс барысында қорғаушыларды ойынды дұрыс жүргізуге үйрету. Бұл міндетті шешу үшін жекелей топтық және командалық әрекеттерді үйреніп, кездесудің тактикалық жоспарын дұрыс жасап, оны жүзеге асыра білуді қалыптастыру керек. Шынығудың, техникалық және тактикалық даярлықтың өзара байланысы және тәуелділігі ойыншылар техникасының негізгі тәсілдерін меңгере бастаған алғашқы сабақтардан-ақ жүзеге асыруы қажет. Волейбол ойын техникасы. Ең алдымен шабуылдағы ойын техникасы мен қорғаныстығы ойын техникасын ажырата білгені жөн. Шабуылдағы ойын техникасы. Ойын техникасында дұрыс тұру және орын алмастыру ерекше маңызға ие болды. Шабуыл техникасында тұрудың бір ғана түрі-негізгі түрі бар. Осындай тұрыста аяқ иықтың мөлшерінде қойылып, тізеден бүгіледі, жауырын тік, қол шынтақтан бүгіліп, кеуденің алдындағы жағында ұсталады. Шабуыл техникасы тәсілдерін орындау кезінде ойыншы орын алмастырады. Орын алмастыру кезінде түрлі бағытта жүріп немесе жүгіріп атқарылады. Шабуылдай соғу кезіндегі екі немесе бір аяқпен секіру, бір орыннан жүгіріп келіп секіру қолданылады. Ойыншы дер кезінде орын ауыстырып, негізгі тұрыс қалпына енгенде ғана техникалық тәсіл дұрыс орындалуы мүмкін. Доп беруді оқыту әдістері Допты бір-біріне беру волейболдағы негізгі техникалық әдістердің бірі. Допты беру кезіндегі қолдың жағдайына байланысты бір және екі қолмен жоғарыдан және төменнен беру әдістері бар. Шабуыл техникасында біз тек жоғарыдан беру тәсілін қарастырамыз. Допты дұрыс берудің негізгі дер кезінде доптың астына қарай орын ауыстырып, негізгі тұрыс қалпына ену. Қос қолмен жоғарыдан беру. Бұл негізгі тұрыс қалпында атқарылады. Бір аяқ алда, жауырын тік ұсталады. Шынтақтан бүгілген қол беттің алдыңғы жағында ұсталады. Қолдың саусақтары доптың үлкендігіндей аумақта бүгіле ұстап ширыға түседі. Қимыл тізенің жауырынан басталып, сонан кейін жауырын мен қол іске кіріседі. Қимыл қолдың саусақтары мен білек буынының серпіліп, доптың артынан сілтеуімен аяқталады. Бағытына қарай доп алға, төбеге, кері бір бүйірге бекітілуі мүмкін. Топты тқбеге, немесе артқа беру үшін ойыншы доптың дәл астына орын ауыстырып,

саусақтарын төбесіне көтеріп, белін сәл бүгіу және иығын кері серпіу арқылы жүзеге асыруы қажет. Қол жоғары сермеледі де, саусақтар білек буынына қозғалмайды. Допты төбеге бергенде жауырын тік ұстап, қол жоғарыға тік серпіледі. Қашықтығына және биіктігіне қарай доп беру әртүрлі болады. Қашықтығы жөнінен ол қысқа және ұзын, биіктігі жағынан төмен, орта, жоғары болып бөлінеді. Допты алысқа және биік беру кезінде ойыншының иығы допты беретін бағытқа перпендикуляр орналасуына ерекше көңіл бөлген жөн. Жоғарыдан берудің бір түрі допты секіріп беру болып табылады. Ол ешбір тірексіз атқарылатын болған соң тым күрделі. Доптың астына орын ауыстырған соң ойыншы жоғары секіріп, бүгілген қолын жоғары шығарады. Допты беру секірудің ең жоғары нүктесінде қолды шынтақ және білек буындарында жазу арқылы жүзеге асырылды. Шабуылдай соғу ишарасын жасай отырып жоғарыдан беру « кері серпілу » деп аталады. Кей жағдайда жоғарыдан беру бір қолмен атқарылады. Допты бір-біріне беру: Доп беруге оқыту бастапқы қалыпты дұрыс игеруден басталады. Ойыншы негізгі тұрыс қалпын қабылдап, орнықты күйде тұрып, кез келген бағытқа орын ауыстыруға даяр болуы керек. Негізгі тұрыс қалпында аяқты дұрыс қойып, оның бүгілуіне, жауырын мен қолдың жағдайына басқа көңіл бөлген жөн. Соны мен қатар ойын техникасын жетілдіре отырып басқада қозғалмалы ойындардың жылдамдықты арттыратын кезеңдерінде қолданыған тиімді болмақ.

Техникалық даярлықты біржақты қарауға болмайды, техникалық шешім спортшылардың физикалық, психикалық, тактикалық мүмкіндіктеріне және де нақты спорттық әрекеттеріне байланысты.

Спортшы қаншалықты әдіс тәсілдер мен іс-әрекеттерді меңгере білсе, ол соншалықты қиын тактикалық тапсырмаларды орындауға дайын болады.

Спортшылардың техникалық даярлығына спорт тактикасының дамуы жарыс ережелерінің өзгерісі, спорттық құрал – жабдықтар т. б. ерекше ықпал етеді. Дегенмен көптеген жаңа техникалық түрлердің әдіс-тәсілдерімен іс-әрекеттерін тиімді пайдалануда дарынды дарынды спортшылармен жаттықтырушылардың бірге жұмыс жасауының нәтижесінен көрінеді.

Тіпті әйгілі спортшылардың ішкі техникалық дәрежесін салыстыруда үлкен спорттық техникалық жетістіктерге жеткендігін көруге болады.

Қазақстандықтардың халықаралық жарыстарда жоғары нәтижелерге жетуі спортшылардың спорттық техникалардың әдіс-тәсілдерін жете меңгеруі мен шебер іс-әрекеттері және жекелей, командалық топтың ішкі психологиялық түсінушілігінің нәтижесі деп білуге болады.

Техникалық дайындық структурасында базалық және қосымша қозғалыс пен іс – әрекет деп бөлу өте маңызды. Базалық қозғалыс және іс-әрекет – техникалық жабдықтау негізін құрайды. Онсыз қолданылатын ережелерді жарыстарда тиімді пайдалану мүмкін емес. Базалық қозғалыстарды меңгеру арнайы спорт түрлері мен спортшыға міндетті болып саралады.

Қосымша қозғалыс пен іс-әрекет – бұл тұрақты қозғалыс пен іс-әрекет, жекелеген элементтердің қозғалысы.

Жекелей спортшылардың және оның жекелеген ерекшеліктерімен байланысты. Сондықтан бұл қосымша қозғалыс және іс-әрекет негізінен жекелеген техникалық қимыл, спортшының мәнерін қалыптастырады.

Тактикалық даярлық және спортшылардың тактикалық даярлығы. Спортшылардың тактикалық даярлық дәрежесі олардың техникалық әдіс-тәсілдерді және оларды қолдану барысындағы қабілеттігі, оның түрлеріне

шабуылдау, қорғану, қарсы шабуыл және формасына қарай жекелей, топтық командалық түрде орындау кезінде байқалады.

Тактикалық даярлық структурасын тактикалық білім, білік, дағдылары арқылы анықтауға болады.

Тактикалық білім – ол өзінің құралдары, түрі және спорттық тактика формаларына қарай бейлене отырып, олардың әдіс тәсілдері жаттығу және жарыс кезінде ерекшеліктері анықталады.

Тактикалық білік – тактикалық білігі оның іс - қимыл әрекеті кезінде спортшының біліктілік формасы байқалады. Мәселен оның біліктілігі жарыс кезінде қарсыласының ойын тауып, өз тактикасын өзгерту.

Тактикалық дағды – бұл меңгерген тактикалық іс-әрекеттерді жекелей және ұжымдық комбинацияларда қолдану. Тактикалық дағды толық түрде нақты жарыстарда немесе дайындық кезінде орындалуын байқауға болады.

Тактикалық ойлау - бұл спортшының ой-өрісі спорттық іс-әрекеттер кезінде уақыттың қас қағым сәтінде жүйкеге әсер ете отырып, нақты тактикалық тапсырманы шешу. Негізгі спорттық сайыс бағытын анықтауда стратегиялық тапсырмалар сипаттамаларынан туындайтын тактикалық дайындық құрылымы болып табылады. Бұл тапсырмаларды орындау спортшының көптеген жарыстарға қатысу мақсаты келешекте ірі жарыстарға қатысуына мүмкіндік береді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Беляев А. В. Обучение технике игры в волейбол и ее совершенствование. - М.: ВФВ, 1995.
2. Железняк Ю. Д. Подготовка юных волейболистов. М., Ф и С, 1962.
3. Ивойлов А. В. Волейбол для всех. М., Ф и С, 1979.
4. Фурманов А. Г. Начальное обучение волейболистов. Минск, 1976.
5. Платонов В. Н. Общая теория подготовки спортсменов в олимпийском спорте. Киев 1997.

***А.А.ЖУМАДУЛЛАЕВА<sup>1</sup>***

<sup>1</sup>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
(Түркістан қаласы, Қазақстан)

## **ҚАЗАҚ ПЕДАГОГИКАСЫ – БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ МАМАН ДАЯРЛАУДЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ**

### **Андатпа**

Білім беруде негізгі мақсат - тек білімді, кәсіби мамандығын адам дайындауға емес, рухани дүниесі бай және әлеуметтік адамгершілігі зор, қоғамдық өмірдің барлық аясында ұлттық құндылықтарды түсінуге және дамытуға қабілеті тұлғаны қалыптастыру. Адам мен дүниенің арақатынасын, адамның өзін-өзі тануын, сөйтіп өзін басқаға танытуын, тұлғаның өмірдегі орнымен ролін әлеуметтік және этикалық тұрғыдан жан-жақты зерделеуге айрықша мән беру қазақ педагогикасының ерекше сипаты болып табылады. Бұл тұрғыдан келгенде, қазақ педагогикасы – шығыстық педагогикадағы, ең алдымен, толық, рухани жағынан жетілген адам болу рухын қастерлеу мен зерделеу дәстүрін жалғастыра отырып, оны өзіндік мазмұнмен байытқан педагогика болып табылады.

Жалпы білім беретін мектеп қабырғасындағы әрбір білім алушыны дара тұлға ретінде жетілдіруге оның шығармашылық қабілеттерін құзыреттілік тұрғыда дамыта отырып нағыз ел азаматы етіп тәрбиелеу бүгінгі күннің кезек күттірмес мәселесі. Қазіргі өзгермелі дүние жағдайында адамның мәні мен әлеуметтік ролі жаңа сипатқа ие болып отыр. Соған сай рухани құндылықтар әлемі де түбегейлі жаңарып, адамның ақыл ой қуаты мен интелтуалдық әлеуетін қалыптастыруда білімнің маңызы туралы қағидалары түбірімен өзгереді.

**Түйін сөздер:** әлеумет, ұлттық құндылық, мақсат, адам, қоғам, өзін-өзі тану, қазақ педагогикасы, рухани мәдениет, білім, білік, тәрбие.

***А.А.ЖУМАДУЛЛАЕВА<sup>1</sup>***

<sup>1</sup>Международный казахско-турецкий университет им. Ходжа Ахмета Ясави  
(г. Туркестан, Казахстан)

## **КАЗАХСКАЯ ПЕДАГОГИКА – ИСТОЧНИК ПОДГОТОВКИ КОНКУРЕНТОСПОСОБНЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ**

### ***Аннотация***

Основная цель образования-подготовка не только профессионального специалиста, а также духовнобогатой личности, социально-гуманного, понимающего и уважающего народные традиции.

Взаимоотношение человека с природой, самопознание человека, представления себя к окружающим, дать определение важности роли личности, его социальные и этические аспекты-основные характеристики казахской педагогики.

Казахская педагогика- самая гуманная, полная, богатая своим содержанием в восточной педагогике. Самой актуальной проблемой на сегодня является развитие личности, его творческой способности, воспитание достойного гражданина своей страны.

Суть человека и его социальная роль обретает новые образы в этом меняющемся мире. В связи с этим изменились духовные ценности, и отношение к роли образования в формировании человечества.

**Ключевые слова:** национальная ценность, цель, человек, общество, самопознание, казахская педагогика, духовная культура, знание, навык, воспитание.

**A.A.JUMADULLAEVA<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>International Kazakhstan-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasavi  
(Turkestan city, Kazakhstan)

## **KAZAKH PEDAGOGY - SOURCE OF THE COMPETITIVE SPECIALISTS PREPARATION**

### *Abstract*

Annotation: the main purpose of education is to training not only the professional specialist, as well as spiritually rich personality, socio-humane, understanding and respecting the people's traditions. The relationship of man with nature, the self-knowledge of man, of presenting themselves to others, to define the importance of the role of personality, social, and ethical aspects-main characteristics of the Kazakh pedagogy. The Kazakh pedagogy - the most humane, complete, rich content in the Eastern pedagogy. The most pressing problem today is the development of the personality, its creative ability, the education of a worthy citizen of his country. The essence of man and his social role finds new images in this changing world. In connection with this change of spiritual values and attitudes to the role of education in shaping humanity.

**Key words:** national values, purpose, man, society, self-knowledge, Kazakh pedagogy, spiritual culture, knowledge, skill, education.

### **Кіріспе.**

Қазіргі өзгермелі дүние жағдайында адамның мәні мен әлеуметтік ролі жаңа сипатқа ие болып отыр. Соған сай рухани құндылықтар әлемі де түбегейлі жаңарып, адамның ақыл ой қуаты мен интелтуалдық әлеуетін қалыптастыруда білімнің маңызы туралы қағидалары түбірімен өзгереді. Сондықтан жалпы білім беретін мектеп қабырғасындағы әрбір білім алушыны дара тұлға ретінде жетілдіруге оның шығармашылық қабілеттерін құзыреттілік тұрғыда дамыта отырып нағыз ел азаматы етіп тәрбиелеу бүгінгі күннің кезек күттірмес мәселесі.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына жолдауында: «Әлемдік білім кеңістігіне толығымен кірігу білім беру жүйесіне халықаралық деңгейге көтеруді талап ететіні сөзсіз. Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен анықталады» - деген болатын. Жолдауында бүгінгі қоғам, арды бағалайтын, белсенді, жоғары моральды әдепті және рухани байлығы мол адамдардан тұруы керек. «Қазақстанның бірігей халықтарының ұлтаралық және мәдениетаралық ынтымағы мен жетілуін қамтамасыз ете отырып, қазақ халқының көп ғасырлық дәстүрлерін, тілімен мәдениетін сақтаймыз және дамыта түсеміз» - деуінде үлкен мән, мағына, мазмұн жатыр.

### **Зерттеу әдістері мен нәтижелері.**

Халық педагогикасының ұл мен қызды тәрбиелеудегі өзіндік ерекшеліктері, ереже-қағидалары мен тілектері айрықша мәнге ие. «Адам ұрпағымен мың жасайды ұрпақ жалғасы – бала», «Отбасылық өмірге даярлау – баланы өмірге және қоғамдық еңбекке даярлау», «Балалардың адамгершілік – жыныстық ерекшеліктері неғұрлым ертерек, табиғи жолмен анықталса, соғұрлым олардың жыныстық мінез-құлықтарында ауытқушылық сирек кездеседі», «Жеті-атаны білу- қаны таза, дені сау ұрпақ жалғасын ескеру», «Жетілген адам (Кемелденген адам), Сегіз қырлы, бір сырлы адам адамгершілік-жыныстық тәрбиенің нәтижесі». Жас ұрпақ тәрбиесін жүзеге асырып, тұлғалық көзқарасын қалыптастыруды халықтың ағартушылық көзқарастарымен бірге ойшылдар Қорқыт ата, әл-Фараби, Жүсіп

Баласағұн, Қожа Ахмет Ясауи мен ақын-жыраулардың Асанқайғы, Жалкиіз, Ақтамберді, Бұқар Жырау, ғұлама ағартушылардың Шоқан, Ыбрай, Абай, Сұлтанмахмұттардың педагогикалық идеяларының да ықпалы өте зор болды. Олардың педагогикалық идеялары халықтың адам тұлғасын қалыптастырудың және жас ұрпақты адамгершілік, еңбек, ақыл-ой, эстетикалық, музыкалық тәрбие берудегі көзқарастарымен тығыз үндесті. Еңбекте халықтық педагогикалық көзқарастары өзара әрекеттестікке халық тарихындағы кезеңдерге сай озық педагогикалық идеялар арқылы танылды [1, 215].

Ата-бабамыз көшіп-қонып жүріп-ақ, ұрпақ қамын жеп, оның болашағына жеткілікті мән берген. Соның «Жеті жарғыдан» бастап ата салт, әдет-ғұрыпмыз бұған дейінгі талай ұрпақ үшін теңдесі жоқ, тәрбиелік маңызы зор адамгершілік кодексіміз болды.

Ұзақ жылдар бойы төмендетіліп қағажу көріп келген ұлт мәдениетін, өнерін, бай салт-дәстүрін бүгінгі заман талабына сай қайта дәуірлетіп, жаңғыртуға, сөйтіп, жас ұрпақты саналы азамат етіп тәрбиелудің қуатты құралы етуге болатыны анық.

### **Талқылау.**

Халқымыздың ғасырдан ғасырға қастерлеп келген құнды дәстүрлері өте көп. Оны бүгінгі ұрпақ қаншалықты біледі, қастерлейді, білмесе білуге ұмтыла ма, олар ата салтын мақтан тұта ма? – деген сұраулар әрбір оқытушыны ойландыруы сөзсіз. Адам болашағын шешетін де тәрбие екендігі ежелден белгілі, көңілде жатталған ұлы түсінік болғанымен, оны педагогикалық-психологиялық тұрғыдан келгенде қалай жүргізу керек деген мәселе күн тәртібінен түспейтіні ақиқат. Адам өмірінде тәрбие мәңгілік категория болса, оны ұйымдастыру, жүзеге асыру еш уақытта ескірмейтін, қайта уақыт озған сайын жаңарып, әрбір кезеңнің өз талабына лайық жетіліп отыратын үзіліссіз құбылыс деп түсінеміз. Демек, осы үдерісте жеке тұлғаның физиологиялық және психологиялық даму ерекшелігіне жете көңіл бөлу қажет екенін ғалымдар дәлелдей отырып, ұлттық құндылықтар негізінде жастарға тәрбие беру мәселесі қазіргі таңда өзекті болып отырғынын қатаң ескертеді.

Адам құндылықтар мәселесінің психологиялық аспектісі ұлы Абай шығармаларында көрініс тапқан, оның өлеңдері мен қара сөздеріне үңілер болсақ, тереңнен талғап айтар психологиялық пайымдаулар ұшан-теңіз, оларды білім беру саласында орынды пайдалана білуіміз керек.

Ұлы Абай оқышылардың білімін қалыптастыруға зор ықпал ететін, зейін мәселесін терең зерттеген. Ол баланың есте сақтау, зейін қабілетінің күшті болуының төрт түрлі жолын отыз бірінші сөзінде ашып көрсетеді. Адам ерік-қайраттың адам өмірінде алатын орнына ерекше мән берген, әркімнің өзін-өзі билеуі, өзінің мінез-құлқын басқаруы, мақсатқа жету жолындағы кедергілерді жеңуі – бәрі де ерік қызметінің нәтижесі. Сондықтан ол былай кеңес береді: егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәрте, болмаса жұмасына бір, ең болмаса айына бір өзіңнен өзің есеп ал. Өмірді қалай өткіздің, не білімге, не дүниеге жағымды не қылық жасадың? Бұл даналық ой толғауларын білім мазмұны мен білімге қойылатын талаптарды іріктеуде басшылыққа алатын қағидаларды талдауда қолдануға болады. Абай адамтану әлемінде еңбек ролін биікке қойды. Әйгілі «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде бес асыл іс (талап, еңбек, ой, қанағат, рахым) Абайдың үлкен өмірлік бағдарламасы. Бұл бағдарлама жеткіншектердің өмірлік бағдарламасын құруына үлгі боларлық бағалы дүние [2, 45].

Абай – көрнекті философ және ағартушы, оның көзқарастары бүгінгі педагогикалық қажеттіліктерге жауап береді және адамдарды жаңарту жолдары іздестіреді, халықтың руханилылығын көтеруге, оны жетілдіруге мол үлес қосатыны даусыз. Қазақ философиялық-педагогикалық ой тармақтарында ол сенімді түрде мәдени қатынастың және басқа халықтың әріптестік қарым-қатынаста болуы өте қажет екенін айтып, оларды достыққа шақырады. Ол өзінің «Қара сөздерінде» қазақтың әлеуметтік-мәдени дамуы деңгейіне талдау жасап, өз кезінің өркениет дәрежесін қабылдау мүмкіндігін жан-жақты көрсетеді. Сонымен қатар, Абай өзбек, орыс, татар халықтарының тұрмыс-тіршілігіне салыстырмалы талдау жасады. Осы айтылған Абайдың ізгілік жайлы ойлары әл-Фарабидің философиялық және педагогикалық көзқарастарымен ұштасып жатқанын айту керек. Әл-Фараби өз кезінде

өскелең ұрпақ үшін білім мен тәрбие егіз ұштасуы қажет екенін айтқан болатын. «Тәрбиеміз берген білім – адамзаттың қас жауы» деген де әл-Фараби еді.

Қазіргі педагогика ғылымы тәрбие саласындағы басым міндеттерінің бірі ретінде жас ұрпақты ғасырлар бойы жинақталған халық даналығының жалпыадамзаттық құндылықтарын меңгерту негізінде тәрбиелеу қажеттігін дәлелдеп отыр. Осы мақсатты жүзеге асыруда халқымыздың әлеуметтік –экономикалық, рухани болмысында көптеген түбегейлі өзгерістер мен жаңғырулар ескеріліп, соның нәтижесінде жаңа дүниетаным мен өмірге деген жаңа көзқарастар, ұлттық рухани болмысында өзіндік ерекшеліктері бар өмір ағымынан туындаған құндылықтар жүйесі қалыптасуда. Осы құндылықтардың түп негізі адамдар санасында ғасырлар бойы қалыптасқан, ұлттық мәдени мұралардан бастау алады.

Демек, білім беру жүйесіндегі ұлттық мәдени мұра деп отырғанымыз Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі мен егемендігі үшін ғасырлар бойы күрескен қазақ халқын әлемге ұлт ретінде танытатын құндылықтар жүйесі. Қазақ халқымыздың ұлт ретінде сақталуы, ұрпақ сабақтастығына ұлттық үрдісте жалғастыруды – өзекті мәселе. Ал ұлтқа қажетті білім мен тәрбиені бойына толық сіңірген ұрпақ қана тәрбие мен білімді меңгеруге ұмтылуға тиіс. Сондықтан білім беру мәселесінде бірінші кезекте оқушы жастарға ұлттық тәрбие беруде тәлім-тәрбие мүмкіндіктерін айқындау қажеттілігі туындайды.

Сондықтан да қазіргі оқу-тәрбиесінде сараптай және дұрыс шешім қабылдай алатын және оларға жауапты болатын тұлғаның тәрбиесі қажет, яғни, оқу-тәрбие жұмыстарында жаңа шешімдер іздеу, көптеген ұстанымдарды қайта қарау керек.

Тәрбие мен оқыту үдерісінде мұғалім жұмысының табысты болуы көбінесе, баланың ішкі жан дүниесіне терең байлауға, олардың мінез-құлықтарын түсінуге, жас және дербес ерекшеліктерін білуге, оқушылардың тұлғасын дамытуға әсер ететін әдіс-тәсілдер және тәрбие мен оқыту үдерістерін ұйымдастыратын формаларға байланысты. Адам ресурстарын дамытуға оқушылардың интеллектуалдық әлеуметін қалыптастыра білім беруде жалпы адамзаттық құндылықтарға басым бағыт берумен қатар, педагогика, психология, физиология, мәдениеттану т.б. ғылымдармен бірге ұлттық әлемдік құндылықтардан да тағылым алады [3, 78].

Сондықтан да мұғалімнің басты мақсаты әр білім алушының азамат ретінде сезінуіне ықпал етіп, өзін толық іске асыруына, өзінің әлеуметтік ролі мен өмірлік мұратының мәнін ұғынуына, интеллектуалдық әлеуметін көтеруге және әрбір жеке тұлғаның өзіндік ішкі мүмкіндіктерін толық пайдалана білуге үйрету болып табылады. Бұл мақсат өскелең ұрпақтың тарихи-мәдени білім мен тәрбиесінде, ұлттық құндылықтардың үйлесімді жинақталумен ерекшеленеді әрі олардың физикалық, психикалық, рухани, әлеуметтік, шығармашылық өсуі тұрғысынан үйлесімділікке қол жеткізу қабілеттерін дамытады және балалардың өмірден өз орнын табуы үшін өз бойындағы табиғи дарыны мен қабілетінің ашыла түсуіне көмектеседі зерттеу қортындылары көрсетіп отырғандай көптеген ғалымдардың еңбектеріне сүйенсек осы асыл мұраларды, жалпыадамзаттық құндылықтарды ұрпақ бойына дарытып, білім беру ұйымдарынан бастау алған интеллектуалдық даму дәрежесіне жеткізу білім алушылардың интеллектуалдық әлеуетін қалыптастыру мен тікелей байланысты екенін байқауға болады. Ал ұлттық құндылықтарды қоғамның барлық саласына тәрбие ретінде енгізген сайын егемен еліміздің ертеңі айқын, болашағы жарқын болары сөзсіз. Жеке тұлғаны тәрбиелеп дамыту мәселесімен айналысып жүрген ғалымдардың пікірінше, тұлға жеке адамның мақсатының орындалуы ғана емес; оның ерік-жігерінің іске асуы, яғни өзі жөніндегі ойын, еркін іске асырудың дайындығы және оны іске асырудың нәтижесі, көрінісі.

Жеке тұлғаның ерекшелігі дегеніміз - ол өзіне және мінез-құлқындағы іс-әрекетіндегі, көзқарасындағы ерекшелігімен дараланады. Жеке тұлғаға тән қасиет, ақыл, ес, яғни өмірді сана-сезім өлшемімен қарап бағалауға бейім тұру [4, 116].

Білім беруде негізгі мақсат - тек білімді, кәсіби мамандығын адам дайындау ғана емес, рухани дүниесі бай және әлеуметтік адамгершілігі зор, қоғамдық өмірдің барлық аясында ұлттық құндылықтарды түсінуге және дамытуға қабілеті тұлғаны қалыптастыру. Адам мен

дүниенің арақатынасын, адамның өзін-өзі тануын, сөйтіп өзін басқаға танытуын, тұлғаның өмірдегі орнымен ролін әлеуметтік және этикалық тұрғыдан жан-жақты зерделеуге айрықша мән беру қазақ педагогикасының ерекше сипаты болып табылады. Бұл тұрғыдан келгенде, қазақ педагогикасы – шығыстық педагогикадағы, ең алдымен, толық, рухани жағынан жетілген адам болу рухын қастерлеу мен зерделеу дәстүрін жалғастыра отырып, оны өзіндік мазмұнмен байытқан педагогика болып табылады. Қазақ педагогика ғылымының шоқжұлдыздары әл-Фараби, Ж.Баласағұн, М.Қашқариден басталып, олардың бай мұрасы педагогика ғылымындағы ұлттық тарихымыздың бастау көздері болып табылатындығын айтуға болады.

Рухани-адамгершілік білім нәрімен сусындаған әр адам өзін, өзі арқылы өзгені тануда мейрімді, қайырымды, кешірімді, ақыл-ойы толысқан, бойында «ұят», «ар», «намыс» секілді қасиетті ұғымдардың қалыптасуымен ізгі қоғам құруға қатыса алады.

Қазіргі педагогикадағы тәрбие теориясының мазмұндық-құрлымдық жүйесіне сәйкес Әл-Фарабидің тәрбие тұжырымдамасы бойынша: адамдарды қосатын, байланыстыратын дәнекер, тұтқа-адамгершілік болып табылады, адамдар адамзат тегіне жататын болғандықтан, өзара бейбітшілік, татулық аяқтауы ләзім, адамдар жақсы мінез-құлық пен ақыл-парасатқа ие болған кезде міндетті түрде бақытқа жетеді, шын мәнінде қастерлі, қайырымды, инабатты болады.

#### **Қорытынды.**

Жалпы қазақ халқының ақыл-ой қабілетілігі жөнінде халқымыздың шоқ жұлдызы Ш.Уәлихановтың пікірі жоғары болды, ол халқымыздың ақыл-ой жүйріктілігімен, таң қаларлық көңілшектігімен ерекшеленетіндігін айтады. Ол тәрбиеге үлкен маңыз бере отырып, адам қабілетінің дамуына оның табиғи бейімділігінің мәні зор деп есептеді. Сонымен, қазақ ағартушылары қабілеттілікті туа бітетін қасиет екенін мойындай келе адами құндылықтардың негізі болатын адам қабілеттілігінің дамуына білім мен тәрбиенің, еңбектің, қоршаған ортаның зор ықпалының бар екенін айтады.

Әрбір аданың белгілі бір мамандыққа деген туа біткен бейімділігі бар, сондықтан адам өзінің табиғатына тән қызметпен айналасқаны тиімді болады. Бұл ойды, қазіргі әлемдегі қаржы дағдарысының кезінде орын алып отырған жұмыссыздық жағдайында адамдардың екінші мамандық игеруге мәжбүр болып отырған кезінде де қатаң ескеруі қажет деуге болады. Демек, жеткіншектерді болашақта нағыз маман етіп қалыптастырған жағдайда ғана біз адами ресурстарды жетілдірдік деп айта аламыз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. *Әл-Фараби. Әеуметтік этикалық трактаттар* –Алматы, 1975.-5-28 б.
2. *Сарыбасова Қ.А. Әл-Фарабидің адамгершілік тәрбие туралы идеяларын іске асыру. ҚазҰУ хабаршысы. Педагогикалық ғылымдар сериясы.-207.-№2 (21)*
3. *У.Жарықбаев, С. Пошаев. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. I том. Рауан, 1994.-310 б.*
4. *Б.Көбеев. Қазақ менталитеті кеше бүгін ертең. Алматы: Ғылым, 1999.-200 б.*



**Грек-рим күресі балуандарының орта таулы қырат жағдайында оқу-жаттығу процесін жоспарлау және ұйымдастыру**

**Э.К Ахметова<sup>1</sup>**

**А.Ж Серіков<sup>2</sup>**

*<sup>1</sup>н.э.к., доцент Абай атындағы ҚазҰПУ*

*<sup>2</sup>Дене шынықтыру және спорт мамандығының 2-курс магистранты,  
Абай атындағы ҚазҰПУ*

***Аңдатпа***

Бұл мақалада грек-рим күресі балуандарына қазіргі күнде үлкен нәтижелерге жету үшін, спортшыларды жаңа күрес әдістерінің қолданылатын бағытта дайындаудың қажеттілігі туындайды. Грек-рим күресіндегі жоғары білікті балуандарды дайындау жүйесін жетілдіру заманауи талаптардың бірі және келесідей мәселелермен шартталады, біріншіден, халықаралық спорттық аренадағы бәсекелестіктің жоғарылауы, ал екіншіден, дене дайындығының функционалдық және әдістемелік талаптардың артуына негізделген, жарыс тәртіптерінің өзгеруі

**Тірк сөздер:** функционалдық, жарыс, заманауи, таулы аймақ, грек-рим күресі, оқу-жаттығу жиындары, арнайы дайындық.

***Планирование и управление УТП борцов грек-римского стиля в условиях среднегорья***

**Э. Ахметова<sup>1</sup>**

**А.Ж. Сериков<sup>2</sup>**

*<sup>1</sup>н.п.н.... доцент КазНПУ имени Абая*

*<sup>2</sup>Физической культуры и спорта студент 2-го курса,  
КазНПУ имени абая*

***Аннотация***

В этой статье о греко-римской борьба говорится, что в настоящее время для достижения больших результатов, необходимо применять новые методы для подготовки спортсменов. В греко-римской борьбе одно из важных требований, это совершенствование системы подготовки высококвалифицированных спортсменов путём повышения конкуренции на международной спортивной арене и повышении функциональной и физической подготовки спортсменов.

**Опорные слова:** функциональные, соревнования, современные, горная зона, греко-римская борьба учебно-тренировочные сборы, специальной подготовки.

***Planning and management of UTP wrestlers of Greek-Roman style in the mountains***

**E. Akhmetov<sup>1</sup>**

**A. J. Serikov<sup>2</sup>**

*n. n. n.... associate Professor KazNPU named after Abai  
Physical culture and sports for students of the 2nd course  
KazNPU named after Abai*

***Abstract***

This article on Greco-Roman wrestling said that at the present time to achieve greater results is necessary to apply new methods for the preparation of athletes. In Greco-Roman wrestling is one of the important requirements is the improvement of the system of training of highly qualified athletes by increasing competition in the international arena and improving functional and physical training of athletes.

**Reference words:** functional, competitions, modern, mountain area, Greco-Roman wrestling training camp, special training.

**Кіріспе.** Спортшылар дайындығының тиімділігін арттыратын дәстүрлі емес әдістер арасында, сөзсіз, таулы аймақта жаттығу жасау бірінші орында тұр. Бұл өз кезегінде, жоғары аумақтағы гипоксия дене күш жаттығулардың дайындық тиімділігін арттырады, сонымен қатар тегіс аумақтағы осындай бұлшықет жүктемелерімен салыстырғанда, бейімделу механизмдерін күштірек ынталандырады. Таулы аймақтағы жаттығулардың тиімділігін спортшылардың биіктікке көтерілудің алдында олардың дене күш жұмыс істеу қабілеті мен жылдамдық мүмкіндіктері анықталады. Осы тарапта ережеге бағыну дұрыс шешім болып табылады, және осы ережеге сай таулы аймақтағы жаттығулардың алдында жалпы дене күш және функционалды дайындыққа бағытталған екі-үш апталық кезең болуы қажет. Аэробты бағыттағы жүктемелер, спорттық ойындар, сонымен қатар күштік сипаттағы жаттығулар пайдаланылады.

Грек-рим күресіндегі балуандарының жарыс алдындағы дайындығы үш кезеңге жіктеледі. О.П. Юшкова және И.С. Ярыгинаның [1] пікірінше, еркін және грек-рим күресіндегі балуандар дайындығының **бірінші кезеңі** жарысқа дейін екі ай ерте басталады. Бастапқы орталықтандырылған оқу-жаттығу жиыны екі аптаға созылады. Құралдардың үлесі **жалпы физикалық дайындық(ЖФД)** және **арнайы дайындық(АД)** бойынша сәйкесінше 70% және 30% сәйкес келеді. Интенсивті жүктемелердің, ЖЖЖ 155 соққы/мин шамасы кезінде орындалатын, ЖФД бойынша орындалатын жаттығуларға 40% және АД бойынша орындалатын жаттығуларға 30% сәйкес келеді. Бірінші және екінші орталықтандырылған оқу-жаттығу жиынының арасындағы интервалды, жеке жоспар бойынша орындалатын, жаттығулар толтырады, және сол жаттығуларға сәйкес жаттығу кезінде техника-тәсілдік шеберлікті жетілдіретін жаттығулар басым болады (жалпы жүктеменің 60%). Сонымен қатар жаттығулар белгілі межедегі интенсивтілікпен орындалады.

Жүктемелердің арасындағы қатынас, **екінші орталықтанған** жиын кезінде елеулі өзгеріске ұшырайды, бұл кезеңде ЖФД бойынша жаттығулар үлесі 30%-ға дейін төмендейді, ал өз кезегінде АД бойынша жаттығулар үлесі 70%-ға дейін артады. Атап айтып кету қажет, бұл кезеңде жаттығу процесінің интенсивтілігі жалпы алғанда артады. Сонымен қатар, бұл кезеңдегі арнайы жаттығулар ЖЖЖ 155 соққы/мин шамасында орындалады. Осындай жүктемелердің үлесі, жалпы арнайы дайындық жүктемелерінің 75%-ын құрайды. ЖФД жаттығуларының үлесі, ЖЖЖ 155 соққы/мин шамасында орындалатын жаттығулар есебінен 60%-ға дейін артады. Тәртіпке сәйкес, еркін стилдегі балуандардың екінші орталықтандырылған оқу-жаттығу жиыны таудың төменгі аймақтарында өткізіледі және 14-16 күнге созылады.

Екінші және үшінші орталықтандырылған оқу-жаттығу жиыны арасындағы интервал 7-10 күнді құрайды, және сол кезеңде спортшылар белгілі межедегі интенсивтілікпен жаттығуларды орындайды.

**Үшінші орталықтандырылған** оқу-жаттығу жиыны жарысқа 18-20 күн қалған кезде жүргізіледі. Бұл кезеңнің негізгі ерекшелігі мынада, екінші кезеңмен салыстырғанда ЖФД жүктемелері екі есеге дейін артады және ЖФД және АД бойынша жүргізілетін жүктемелер арасындағы қатынас, бірінші көрсеткішке қарай ауысады, және бұл көрсеткіш 60%-ды құрайды. Қалған 40% АД жүктемелерінің үлесіне тиесілі болады. Алайда АД бойынша жүргізілетін жүктемелер ЖЖЖ 155 соққы/мин режимінде орындалады (бұл жаттығулардың үлесі жалпы арнайы дайындық жаттығуларының 90%-ын құрайды), ал ЖФД бойынша жүргізілетін жүктемелер ЖЖЖ 155 соққы/мин режимінен төмен деңгейде орындалады

(жалпы жүктемелердің 60-70%-ын құрайды). ЖФД және АД құралдарының арасындағы қатынастың 60% және 40% болуы тиімді екенін негіздеуге келетін болсақ, мұнда осы ұсыныс авторларының пікірінше, осындай үшінші кезең дайындығының жоспары, тек спортшылардың шеберлігі жоғары дәрежеде болған жағдайда ғана жүзеге асады деген пікірде.

Шамамен осы құрылымға ұқсас грек-рим күресіндегі балуандардың жарысалды дайындығын Г.А. Сапунов [2] ұсынады. Алайда, бұл ғалымның ұсынысы жоғарыда ұсынылған нұсқамен салыстырғанда айтарлықтай ерекшелікке ие, осындай өзгешеліктің себебі мынада, жарысалды дайындықтың барлық кезеңдерінде күштік-жылдамдыққа бағытталған жаттығуларға басты назар аударылуында. Осыған байланысты Г.А. Арустамованың [3] жұмыстарында, дайындық кезеңінде күштік-жылдамдыққа бағытталған жүктемелердің үлесін, жалпы жүктемелер көлеміне шаққанда, 35-40%-ын құрайтын көрсеткішке дейін жоғарылатудың мақсатқа сай келетіні туралы тәжірибе жүзінде алынған мәліметтер келтіріледі. Жүктемелерді жоспарлауда Г.А. Сапуновтың [2] жасаған нұсқасының келесі бір ерекшелігі мынада, жарысалды дайындықтың барлық кезеңінде жүгірудің дайындық құралы ретінде мүлде қолданбауы. Ғалымның соңғы ұсынылған ұсынысын көпшілік ғалымдар тарапынан толықтай қабылданбады, оның себебі мынада, төменде келтірілген мәліметтерде Алматы қаласы грек-рим күресі балуандар құрамасының жарысалды дайынғы кезеңінде жүгіру жаттығуларының маңыздылығы жоғары екендігі келтіріледі, ал оның жалпы физикалық және функционалды дайындықты арттырудың тиімді құралы екендігін көпжылдық тәжірибелермен дәлелденеді. Жарысалды кезеңнің құрылымына Г.А. Сапуновтың [2] пікірінше, үш кезең: базалық, арнайы және жарысқа дайындық кезеңдері енгізілуі қажет. Әр кезеңнің ұзақтығы орталықтандырылған оқу-жаттығу жиынының уақытымен анықталады, әдетте бұл жиын 14 күнді және 10 күндік «үй жағдайындағы» дайындықты құрайды. Жарысалды дайындық кезеңінің жалпы ұзақтығы 60 күнді құрайды.

**Базалық дайындық кезеңінде**, әдетте шектеулі және жоғары интенсивтіліктегі күштік-жылдамдық сипаттағы көлемді жүктемелер пайдаланылады. Күштік-жылдамдық сипаттағы дайындық құралының жалпы көлемі 60%-ды құрайды. Бұл кезеңде арнайы күштік-жылдамдық сипаттағы сапалық көрсеткіштер деңгейін жоғарылату жөніндегі мәселелер шешіледі.

**Арнайы дайындық кезеңінде**, арнайы және жарыстық дайындық құралдарын ұлғайту мәселелері қарастырылады. Бұл кезеңде арнайы техника-тактикалық сипаттағы сапалық көрсеткіштер деңгейін жоғарылату жөніндегі мәселелер шешіледі.

**Жарысқа дайындық кезеңінде**, жаттығу көлемі екі есеге азаяды және бұл кезең жарысқа мамандандырылған сипатқа ие болады. Бұл кезеңде арнайы дайындық деңгейінің үлесін 63,5%-ға дейін жеткізеді, ал жарыстық дайындық деңгейін 27,7%-ға дейін жеткізеді. Күштік-жылдамдық сипаттағы жаттығулардың үлесін 8,8%-ға дейін арттырады. Спортшылардың жарыс жекпе-жектеріне дайындау осы кезеңнің басты мақсаты болып табылады. Алайда, жарысалды кезеңінде қолданылатын жалпы және арнайы дайындық бойынша жүктемелердің құрылымы және қатынасы жөнінде басқа да көзқарастар бар. Осы уақытқа дейін грек-рим күресіндегі балуандардың жарысқа дайындығының қорытынды кезеңін базалық және жарысқа дайындық кезеңдеріне жіктейтін (А.А. Новиков және соавт.,) [4]. Осы кезеңдердің әр қайсысының ұзақтығы 18 күн болатын, және базалық дайындық кезеңіндегі бір жаттығу сабағының ұзақтығы – 73,4 минутты құраса, ал арнайы және жарыстық жаттығулардың үлесі 63,2 және 3,8%-ды құрады. Интенсивті сипаттағы жаттығулардың (ЖЖЖ 155 соққы/мин жоғары) үлесі 54,1%-ды құрады. Жарысқа дайындық кезеңінде арнайы жаттығулар көрсеткішінің деңгейі алдыңғы кезеңдегі деңгейге сәйкес келеді (62,8%), бірақ жарыстық сипаттағы жүктемелердің көлемі үш есеге дейін артты (12,2%-ға дейін), ал арнайы жүктемелер жүрек жиырылу жиілігі минутына 155 соққы деңгейінде жүргізілді. Осылайша, жарысқа дайындық кезеңіндегі арнайы және жарыстық жүктемелердің көлемі, жалпы жаттығулар көлемінің 75%-ын құрады. Жарысқа дайындық

кезеңінде балуандардың спорттық жұмыс істеу қабілеттілігіне және арнайы төзімділігіне бағытталған жаттығуларға интенсивтіліктің оң әсер ететіндігін В.С. Дахновсканың, Е.Н. Лещенконың, Ф.П. Суслов және А.П. Хреновтың, сонымен қатар А.М. Астаховтың және М.И. Тихомировтың жұмыстарында көрсетілген. Әсіресе В.С. Дахновскийдің және Е.Н. Лещенконың еңбектерінде, балуандардың төзімділігін дамытуда маңызды рөлді максималды жүктемелерді пайдалану жатады [5,6,7,8,9]. Алайда бапкерлердің басым көпшілігі осыларға жарысалды дайындық кезеңінде күмәнмен қарайды, себебі аталған жүктемелер әрдайым күтілетін нәтижені көрсете алмайды. Бұл құбылыс мынамен сипатталады, максималды жүктемелерден кейін жұмыс істеу қабілеттілігінің төмендеуі ұзаққа созылады, ал қалпына келу фазасы әрдайым байқала бермейді. Атап айту керек, жарысалды дайындықты жоспарлауға байланысты мәселелер спорттық күрес саласындағы көптеген мамандардың назарында қалып отыр, себебі осы кезеңдегі жаттығулар жүктемелерінің құрылымы мен қатынасы, спорттық нәтижелерге тікелей әсер етеді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Юшков О.П., Ярыгин И.С. Планирование тренировочных и соревновательных нагрузок в сборной команде СССР по вольной борьбе // Научно-спортивный вестник, 1986. №2 - С.27-29.
2. Сапунов Г.А. Структура и содержание предсоревновательной подготовки спортсменов высшей квалификации ( на примере классической борьбы): Дис. ...канд. пед. наук ( в форме научного доклада): 130004/. В надзаг.: ВНИИ физической культуры - М., 1990. - 33 с.
3. Арустамов Г.А. Структура тренировочных нагрузок в подготовительном периоде у борцов высших разрядов: Автореф. дис. ... канд. пед. наук: 130004/. В надзаг.: ВНИИ физической культуры. - М., 1986. -21 с.
4. Новиков А.А. Управление тренировочным процессом // Спортивная борьба : Ежегодник. - М.: Физкультура и спорт, 1976. - С. 4-8.
5. Дахновский В.С., Венглярский Г.Б., Арустамов Г.А., Лещенко С.С. Изучение информативности некоторых критериев оценки физической и функциональной подготовленности борцов // Теория и практика физической культуры, 1987, №4. - С. 41-42.
6. Лещенко Е.Н., Дахновский В.С. Динамика работоспособности борцов после максимальной нагрузки в зависимости от направленности тренировочной работы в восстановительном периоде // Спортивная борьба: Ежегодник. - М.: Физкультура и спорт, 1978. -С.41-42.
7. Сулов Ф.П. Основные проблемы горной подготовки высококвалифицированных спортсменов // Особенности тренировки спортсменов в условиях высокогорья. Сборник научных статей. - Фрунзе, 1987. - С.98-102.
8. Хренов А.П., Тренин Н.И. Соотношение средств ОФП и СФП при совершенствовании специальной выносливости // Спортивная борьба: Ежегодник. - М.: Физкультура и спорт, 1981. -С.13-14.
9. Астахов А.М.; Тихомиров М.И. Взаимосвязь предсоревновательных нагрузок и соревновательных результатов // Спортивная борьба: Ежегодник. - М.: Физкультура и спорт, 1982. -С.14-15.

**Ж.Н.САДУОВА<sup>1</sup>**

<sup>2</sup>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
(Түркістан қаласы, Қазақстан)

## **ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТРЕНИНГ МҰҒАЛІМ МЕН ОҚУШЫ АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ АЛҒЫШАРТЫ РЕТІНДЕ**

*Аңдатпа*

Бұл мақалада инновациялық педагогикалық технологиялардың бірі әлеуметтік тренингтердің теориялық ерекшеліктері мен тәжірибеде қолдану барысы талданады. Яғни оқыту үдерісінде мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынастың тиімді құралы болып табылатындығы көрсетілген. Әрбір оқыту үдерісінің мәселелерін шешуде әлеуметтік тренингтерді қолдану ерекшеліктері нақтыланып берілген.

Жоғарыдағы айтылғандар мұғалімнің әлеуметтік-психологиялық компетентілігі оның педагогикалық шеберлігінің де маңызды бөлігін құрайтынын көрсетеді. Бұл компетенттіліктің жоғарылауын педагог мұғалім шеберлігінің жоғарғы сатыға көтерілуінің формаларының бірі ретінде қарауға болады. Тұлғаның әлеуметтік-психологиялық компетентілігінің жоғарылауының көлемдегі құралдарды назарға аударуды қажет ететін күрделі тапсырма. Осындай құралдардың бірі әлеуметтік-психологиялық тренингтердің әртүрлі әдістері болып табылады.

**Кілттік сөздер:** құзырлылық, мотивтер, интенциялар, мінез-құлық стратегиясы, фрустрациялар.

**САДУОВА Ж.Н<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Международный казахско-турецкий университет им.Х.А.Ясауи  
(г. Туркестан, Казахстан)

## **СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКИЙ ТРЕНИНГ В КАЧЕСТВЕ ПРЕДПОСЫЛКИ ОБЩЕНИЯ МЕЖДУ УЧИТЕЛЕМ И УЧЕНИКОМ**

*Аннотация*

В данной статье анализируются теоретические основы одного из инновационных педагогических технологий социального тренинга и процесс применения его на практике. То есть рассматривается в качестве эффективного средства взаимоотношения между учителем и учеником. Уточняются особенности применения социальных тренингов в решении различных проблем в учебном процессе.

Как видно из выше сказанного социально-психологическая компетентность и педагогическое мастерство учителя тоже являются важной частью. Повышение этих компетенций можно рассматривать как одну из форм повышения уровня педагогического мастерства. Превлечение внимания к способам повышения социально-психологической компетентности личности является важной задачей. Одним из таких способов являются разные виды социально-психологического тренинга. Социально-психологический тренинг – это обучения видам образования в сфере общения и личных способностей, также входят виды соответствующие коррекции. Если точнее то методом тренингов решаются многие проблемы в различных сферах.

Ключевые слова: компетенции, мотивы, интенции, стратегии поведения, фрустрация

## **SOCIO-PSYCHOLOGICAL TRAINING AS A PREREQUISITE OF COMMUNICATION BETWEEN TEACHER AND STUDENT**

### ***Abstract***

The article deals with the theoretical bases of one of the innovative pedagogical technologies of social training and the process of its application in practice. That is regarded as an effective means of relationship between teacher and student. The features of the application of social training in dealing with various problems in the educational process were specified.

As can be seen from the above socio-psychological competence and pedagogical skills of the teacher are also an important part. Increasing these competencies can be seen as a form of raising the level of pedagogical skills. Drawing attention to ways of enhancing the socio-psychological competence of personality is an important task. One of these ways is different types of socio-psychological training. Socio-psychological training is learning forms of education in the field of communication and personal skills, also includes appropriate types of correction. More specifically the method of training solves many of the problems in various fields.

*Key words:* competencies, motives, intentions, the strategy of behavior, frustration

***Kipicne.*** Мұғалімнің педагогикалық іс-әрекеті көп жағдайда оның бүткіл сынып пен жеке оқушылармен қарым-қатынас жасау түрінде өтеді. Бұл жерде әлеуметтік-психологиялық факторлар үлкен орын алады. Бұл факторларды білу және оларды нақты іс-әрекетте тұлғаның қолдана алу қабілеттілігінің әлеуметтік-психологиялық құзырлылығы деп айтсақ болады[1]. Мұндай құзырлылыққа мотивтер, интенциялар, «мінез-құлық стратегиясын» қарым-қатынас кезіндегі өзінің және серіктестіктің фрустрацияларын түсіне алу кіреді. Оған топтық әлеуметтік-психологиялық процестерді түсіну қабілеті, өзара түсінісуде туындауы мүмкін болатын кедергілерді ұғыну қарым – қатынасын технологиялық әдістерін игеру және т.б. жатады. Мұғалімнің мектептегі қызыметі үлкен және айқын талаптарды сонымен бірге оның әлеуметтік-психологиялық хабардарлығын көрсетеді. Мысалы, мұғалім мен оқушылар арасындағы қалыптасатын қарым-қатынас арасында мінез оқыту, тәрбиелеу процестерінің барлық аймағына едәуір әсер етеді. Әлеуметтік-психологиялық зерттеулердің нәтижесі бойынша, көп жағдайда мұғалімнің оқушылармен қарым-қатынас стилі, оқушылар арасындағы қарым-қатынас мінезін анықтайды осыған байланысты оқушының мамандық (мүмкіндіктерінің) қасиеттерінің күрделі ансамблінің қаншалықты деңгейде дамығандығы оның перцептивті және коммуникативті мүмкіндіктерінің қандай деңгейде болуы маңызды. Көбінде олар оқушының адекватті қабылдауына оның психологиялық ерекшеліктерін, іс-әрекеттерінің мотивтерін түсінуіне, онымен сәйкес қарым – қатынастарды орнатуына жауап кершілікті. Мектеп сыныптарындағы қарым – қатынасты нақты талдай алу қабілеттілігі ретінде түсіндірілетін әлеуметтік-психологиялық бақылаушылықтың дамуы мұғалімді дайындауда ең маңызды тапсырмалардың бірі. Оқушылар қалыптастырған мұғалім кейпінен оқушыдан шыққан ақпаратты қабылдау тәуелді, өйткені мұғалім мен оқушылар арасындағы өзара түсіністік тек қана оқыту ақпаратын ғана қабылдауға емес, сонымен қатар мұғалім көрсететін нормалар мен құндылықтарды қабылдауына әсер ететін пікірлермен санаспауға да болмайды[2].

Бұл мәселелер кейбір эмпирикалық зерттеушілердің мәліметтері көрсеткендей, мұғалімдер оқушының адекватты қабылдауын жалпы алғанда педагогикалық жұмыстың алғы шарты болып табылатын оқушының ішкі әлемінің ерекшеліктерін түсіне бермейді (А.А. Бодалев, Я.Л.

Каменский, Н.А. Березовин, Т.Н. Мальковская және т.б.)[3]. Оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арнайы зерттеген Г.И. Чукина бойынша, оқытудың мазмұны мен оқыту іс-әрекетінің процестерімен байланысты, стимулдардың барлық жинағы, оқушылар қарым – қатынасы мен байланысты әлеуметтік стимулдар (яғни әлеуметтік-психологиялық факторлар) оқушы тұлғасы үшін барлығынан маңызды[4].

Жоғарыдағы айтылғандар мұғалімнің әлеуметтік-психологиялық компетенттілігі оның педогогикалық шеберлігінің де маңызды бөлігін құрайтынын көрсетеді. Бұл компетенттіліктің жоғарылауын педогог мұғалім шеберлігінің жоғарғы сатыға көтерілуінің формаларының бірі ретінде қарауға болады. Тұлғаның әлеуметтік-психологиялық компетенттілігінің жоғарылауының көлемдегі құралдарды назарға аударуды қажет ететін күрделі тапсырма. Осындай құралдардың бірі әлеуметтік-психологиялық тренингтердің әртүрлі әдістері болып табылады.

**Зерттеу әдістері.** Әлеуметтік-психологиялық тренинг деп- қарым-қатынас аймағындағы білімдердің өзіндік түрлерін оқыту және жекелей қабілеттіліктер, сонымен бірге оларды түзетуге сәйкес келетін түрлер кіреді. Нақтылай айтқанда, мазмұны бойынша тренинг әдістерімен шешілетін тапсырмалар аймағы кең және әртүлі соған сәйкес тренингтерді жатқызуға болады. Бұл формаларды екі топқа бөледі: А) Арнайы қабілеттіліктерді дамытуға бағытталған мысалы, дискуссия жүргізе алу, тұлға аралық конфликттерді шеше алу. Б) Қарым-қатынас жағдайын анализдеу (талдау) тәжірибесін тереңдетуге бағытталған . [5]Бұл жерде ең алдымен өзін қарым-қатынасқа түскен серіктесін және жалпылай топтық жағдайда талдай алу тәжірибесі айтылыпты.

Әлеуметтік-психологиялық тренинг әдістері әлеуметтік-психологиялық мәселелер бойынша дәстүрлі әңгімелесу, семинарлар, лекциялар қолданумен қатар, оқытудың белсенді әдістерін де жүзеге асырады. Бұл тренингтер әдістерінің көптеген классификациясы бар болғандықтан олардың барлығы екі үлкен облысты көрсетеді – топтық дискуссиялар және топтық ойындар. Топтық дискуссия әдісі көбінесе нақты жағдайларды талдау және топтық өзін-өзі талдау түрінде қолданылады, мысалы, Т-топтары. Әлеуметтік-психологиялық тренингтік ойын әдістерінің ішінде рөлдік ойындар әдісі кең таралған. Әлеуметтік-психологиялық тренингтің барлық әдістері біріншіден, топтық өзара қарым-қатынасын үйрету эффектісін (әсерін) кең қолдануға бағытталған. Екіншіден, бұл әдістер үйренушінің белсенділік принципін оқытуға үйрету элементін қосу арқылы жүзеге асады. Егер дәстүрлі әдістер көбінесе дайын білімге бағытталса, ал бұл жерде қатысушы – зерттеушілер өздері осыған келу керек. Үшіншіден, аталған әдістерде моделдерде оқытудың өзіндік варианттары бар. Аталған әдістердің әрбіреуі жеке-жеке қолданылуы мүмкін және әдістердің қосындысынан тұратын кешенді бағдарламалардың құраушы бөлігі болуы мүмкін [6].

Нақты жағдайларды талдау - әлеуметтік психологиялық тренингтің өте көп қолданылатын түрі. Нақты жағдайлардың енгізгі әдетте қандай да бір адаммен, қандай да бір жерде, қандай да бір уақытта өткен оқиғаларды құрайды. Топтық дискуссияларды ұйымдастырулардың күрделі үрдісінде топ зейінінің фокусы (орталығы) шешетін мәселе, ал басты әрекет ететін адам – дискуссияға қатысушылар болып табылады. Әдістің тиімділігінің қамтамасыз етуші жүргізуші болып табылады. Дәл жүргізушінің қабілеттілігінен, профессионализмінен, тұлғалық ерекшеліктерінен адекватты түрде қойылған мәселе төңірегінде дискуссия жүргізе алу тәуелді.

Топтық дискуссия түрінің мақсаты мынадан тұрады: әлеуметтік-психологиялық тренингке қатысушыларды белгілі бір психологиялық қарым-қатынас жағдайына кіргізіп қойып ұсынылған нақты жағдайда мүмкін болатын және шамалас жауаптарды көруіне және мінез-құлықтың нағыз мақсатқа бағытталған түрін таңдауға итермелеу[7].

**Зерттеу нәтижелері.** Бұл әдіс практикалық тәжірибені кеңейтуге көмектеседі. Типтік мысалдардан құралған бұл әдіс математиканы оқу тапсырмалар мен мысалдарды шешу арқылы

қол жеткізетіндігі тәрізді жалпы ережелерді практикалық түрде қолдану дағдыларына үйретеді. Сонымен қатар, әлеуметтік-психологиялық тренинг қатысушыларына нақты жағдайлар анализінен кейбір жалпы принципін алуға көмектеседі. Нақты жағдайларды талдау психологиялық сипаттағы педогогикалық көптеген мәселелердің шешімін табуға көмектесуі мүмкін. Сол себепті осындай ұқсас жағдайларда психологиялық түрде дұрыс әрекеттерге дайындық қалыптастырады. Әлеуметтік-психологиялық тренинг әдісінің тағы да мынадай артықшылықтары бар: әрбір қатысушыға өзінің көзқарасын анықтап беруге көмектесу, басқа адаммен өзара қарым-қатынас жасау арқылы ақпаратпен байытылу (қанықтырылу), мәселелерге топтық шешімді ортақтастыру дағдысына үйретеді. Осының барлығы әлеуметтік-психологиялық тренингке қатысушыларының шығармашылық белсенділік мүмкіндіктерін белсендіріп олардың, инициативаларын танытуға жақсы жағдай туғызады. Бұл шешімді іздеуде қателіктерден кету қорқыныш тудырмайды, өйткені практикалық түрде теріс салдарға алып келмейді. Осындай өзіндік әрекеттердің еркіндігі, нақты мәселерді шешуде өзінің күштерін сынап көру мүмкіндігі қатысушылар мотивациясын едәуір көтереді. Нәтижесінде, зерттеулер көрсеткендей бұл әдіс лекция типтес әдістерге қарағанда сабаққа едәуір дәрежеде тұрақты қызығушылықтың аса белсенділігін тудырады.

**Талқылау.** Т-топтары сияқты топтық дискуссиялардың барлық түрінде дерлік дискуссия пәні қандай да бір адаммен, қандайда бір жерде, қандай да бір уақытта өткен оқиғалар болып табылмайды, ал “осы жерде және қазір” қалыптасқан Т-тобына қатысушыларының тұлға аралық қарым-қатынасы болып табылады және міндеті сол жерде болып жатқан үрдістерді талдау арқылы оның динамикасын топтық өзінің зерттеуі. Бұндай топта жүргізушінің рөлі сенімділік атмосферасын орнату мен топтық дискуссияға қатысушылар өзінің және басқалардың мінез-құлықтына мұқият қарағысы келетін интенсивті зерттеу орнатуға көмек көрсету. Т-топтағы кері байланыс жүйесі әрбір қатысушыға өзінің не айтып, не істегенін басқалар қалай интерпретация жасайтынын көре алуға мүмкіндік береді, одан адамның өзінің топтағы әрекеттерінің мүмкін болатын соңын (нәтижесін) саналауға алғышарт туындатады.

Әлеуметтік-психологиялық тренинг ойындық әдістері әртүрлі болып келеді. Олардың ішінде кең таралғаны рөлдік ойындарда да, мәселелі оқиға беріледі, бірақ оның шешімі, қарапайым толық дискуссияда жүргізілетін талқылау сияқты тек ұжымдық талқылауда емес. Рөлдік ойында әлеуметтік-психологиялық тренингтің жеке қатысушыларынан сол оқиғадағы рөлдерін айтуын сұрайды. Мысалы, мұғалімнің рөлі мен оқушының рөлі т.б. Сонымен бірге тапсырма қойылған рөлді кездейсоқ ойнап кету қажет. Бір оқиға қайталана береді. Себебі тренингтің қатысушыларына әртүрлі бірнеше рет рөлде болып, өзінің шешімінің нұсқасын ойластыруы үшін осылай жасалады. Рөлдік ойынның барысында қатысушылар рөлді белсенді ойнаушы бола алады, сонымен бірге көрермен-қазылар бағалайды. Бұл шараның соңында, ойыншылар көрсеткен рөлдердегі шындық, іс әрекеттің мақсатты жүзеге асыру және т.б. мәселелерде жетекші мен бірлесіп топтық пікір-талас жүргізіледі.

Рөлдік ойынның қатысушыларына мынадай жағдайлар жасалады: а) іс әрекет рөлімен байланысты қарым-қатынастың нормаларын, өзіндік әлеуметтік бағыттарды сезімдер мен ойлауды жиып алу. б) әлеуметтік-психологиялық құбылыс болып табылатын идентификация мен эмпатияға тікелей байланысты басқа адамдардың жағдайларына кіру қабілеттілігін дамытып, олардың позициялары мен сезімдерін артығырақ түсіну. в) шынайы өмірді модельдейтін жағдайларға қарым-қатынастың жаңа рөлдері мен формаларын қойып көру.

Рөлдік ойындарда топтық пікір-таластың барлық жетістіктеріне ие. Бұл әдістердің айырмашылығы мынадан көрінеді: Егер нақты жағдайды топтық талдау кезінде қатысушылар психологиялық түрде мәселелі жағдайдың сыртында болса, яғни олар оны «шет жақтан » талдап, шешетін болса, ол рөлдік ойын кезінде қатысушылар берілген жағдайдың адекватты шешімін



«іштей» тадуга талпыныстар жасайды. Бұл ойын іс әрекетінің психологиялық механизмдерін қолдану арқылы жүзеге асады.

Әлеуметтік-психологиялық тренинг үшін ойын әрекетінің ашық (анық) көрінетін эмоцияналды қанықтылық сияқты сипаты керек. Әдетте ойын іс әрекеті оның қатысушылары үшін сан қилы қобалжулар тудырады. Бұл қобалжулар өз күшін сынап көрумен, өзін-өзі тұрақтандырумен, ойын әрекеттерімен байланысты немесе ойын барысында, басқа адамдармен қарым-қатынасқа түсу процесінің өзінен рахаттанумен және т.б. байланысты болуы мүмкін. Ойын жағдайының шарттылығына қарамастан ойнаушы сезінген сезімдер шынайы болып табылады. Ол жерде ойналған ойлар мен ойлаулар, ойнаушыға маңызды болып табылатын сұрақтар да шынайы болып табылады. Осы айтылған сипаттар Л.С. Выготский, А.В. Запорожец, А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн, Д.В. Эльконин және т.б. еңбектерінде балалардың рөлдік ойындарын зерттейтін психологиялық жұмыстарын сипаттаған. Ал, үлкендердің рөлдік ойындарына байланысты келетін болсақ, психологтарға біріншіден оның қандай жақтары балалардың рөлдік ойындарына ұқсас, екіншіден оның ерекшелігі неден тұратынын анықтап, дәлелдеу керек.

Әлеуметтік-психологиялық тренинг әдістері қаншалықты көп болса да, топтық дискуссия жүргізу әдісі базалық әдіс болып табылады, өйткені қандай модификацияда босадағы барлық әдістерге дерлік кіреді. Мысалы, сабақтар мүмкіншілік болса мөгнитафон лентасына жазылады немесе олардың видеозапиістері жүзеге асырылады. Бұл дыбыстық және видеожазу тренинг жүргізуші үшін өзінің дәрісін талдау үшін ғана емес, сонымен қатар бұл жазбаларды әлеуметтік – психологиялық тренинг қатысушыларымен, топтық дискуссия жүргізу мақсатымен көрсетіліп ескертіледі.

Әлеуметтік-психологиялық тренингтер контекстінде диогностика үлкен маңызға ие. Бұл жерде психолог тек диогностикалық тапсырманы шешіп қана қоймай сонымен қатар әрбір қатысушыға бұл тапсырманы басқаның көмегі арқылы дербес шеше алу жағдайын туғызу керек. Яғни, топтың әрбір қатысушысы өзінің жеке мүмкіншіліктерімен нақты коммуникативті жағдайларда кездесетін қиыншылықтарды дербес диогностикалай алу. Осындай өзін-өзі диогностикалау өзгертуге, түзетуге бағытталған кез-келген іс-әрекеттің ең қажетті алғышарты болып табылады.

В.А. Сухомлинский былай дейді: «шынайы тәрбие тек өз-өзін тәрбиелеу бар жерде ғана, жүзеге асады». Әлеуметтік-психологиялық тренингке тән берілген диогностикалық мәселенің шешімінің нақты негізгі бағыттарына мыналар кіреді: адамды басқа адамдар қалай көреді, олар оның мінез-құлықын қалай оқиды, интерпретациялайды, қандай мотивтер, ниет сезімдер, т.б. жатқызылады. Лауазымды атрибуция процесі яғни, басқа адамның мінез-құлықның себептерін интерпретациялау тұлғааралық қабылдаудың негізгі белгісі болып табылады. Күнделікті қарым-қатынаста серіктес қатысушы адамдардың сыртқы көрінісінің бірдей ақпараты негізінде сол мінез-құлықтың ішкі корреляттары жайында түрлі шешімдер туындайды. Әлеуметтік-психологиялық тренинг оның қатысушыларына бұл процестің мазмұны мен механизмдерін ашып, қай жерлеріне түзетулер керек болса, сол жеріне коррекция жасауға көмектеседі. Алынған мәліметтер адамға оған сырт адамдардың жатқызатын қасиеттерінің сәйкес келу дәрежесін, осы жағдайда өзінің мінез-құлықның себептері және өзінің жеке психологиялық сипаттамаларының бағасы, сонымен қатар оның басқа адамдар бойынша қандай екендігін елестетулеріне көмектеседі.

Қатысушының өзі жайында үлкейген (өскен) білім спектріндегі маңызды компонент – оның мінез-құлықы қалай әсер ететіндігі, оның ішінде қарым-қатынаста оның қандай да бір көріністері, қандай сезімдер гаммасымен бірге жүретіндігі жайында ойлар болып табылады. Әрбіреуімізде осыған байланысты белгілі бір гипотетикалық мүмкін саналанбаған пікірлер бар, ал тренинг топтарында қатысу арқылы оларды саналап, вериерициациялау жасауға арнайы мүмкіндік

туады. Оның нәтижесі нақтыланып кеңейтілген білім немесе топтағы белсенді зерттеу объектісіне айналуы мүмкін жаңа психологиялық шындықтың ашылуы болады.

Өзін кең түрдегі объективтендірілген түсінуге жылжудың негізгі алғышарты басқа адамдарды тану болып табылады. Өзінің психикалық қасиеттерін бөліп, бағалау басқа адамды танумен байланысты басқа тұлғаның пікірін білмейінше өзіндегі нәрселерді соңына дейін шынайы анықтай алмайды. Сонымен топтық контекст әлеуметтік психологиялық тренинг өзін тану мәселесін шешуде қажетті органикалық алғышарт болып табылады.

**Қорытынды.** Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келетін болсақ, әлеуметтік-психологиялық тренинг контекстінде өзін-өзі талдау, өз көзқарасына деген табандылық түріндегі оқыту процесі үшін дәстүрлі болып табылады. Әрбір пәннің теориялық білімдерін тәжірибеде меңгеру мәселесі нақтыланады: біріншіден, топтық өзара қарым –қатынас арқылы ойларын еркін жеткізу, екіншіден, топтағы өз орындарын нақтылап, көз қарастарын нақты теорияның негізінде дәлелдеу шеберлігін көрсету, үшіншіден өзінің кәсіби шеберлігін қалыптастыруға бағытталады. Осы тұлғалық қасиеттер әр сабақ барысында қалыптасатын болса, бәсекеге қабілетті ұрпақты тәрбиелеп шығатындығына сенім білдіреміз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Немов Р.С. Психология. М., 2003г 286с 2том.
2. Березовин Н.А. Проблемы педагогического общения. Минск, 1988 г.
3. Давыдова В.В., Фельдштейн Д.И. Психолого-педагогические проблемы обучения и воспитания. Душанбе, 1974 г.
4. Шульц М.П. Учителю о взаимоотношениях с учащимся. М, ТГПИ 1988г 175с
5. Rogov E.I. Личность учителя: теория и практика. М., Феникс 1996г 315с.
6. Розин В.М. Психология: теория и практика. М., 1998г 349с.
7. Овчарова Р.В. Практическая психология образования. М., 2003г 270с.

**К.И.Ергазиева<sup>1</sup>**  
**Р.Медведев<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>*Абай атындағы ҚазҰПУ Дене мәдениеті және спорт педагогтарын даярлау кафедрасының*  
*х.ғ.к., доценті*

*(Алматы қаласы, Қазақстан)*

<sup>2</sup>*Абай атындағы ҚазҰПУ-ң 2 курс студенті «5В010800-Дене мәдениеті және спорт мамандығы»*

*(Алматы қаласы, Қазақстан)*

## **ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУ**

### **Андатпа**

Мына мақалада педагогикалық зерттеу, педагогикалық қадағалау әдістерінің бірі айналысады, педагогикалық құбылыс мақсатты қабылдау нақты дәлелдемелер алу үшін ол арқылы. Артықшылықтары мен әдісін әлсіз жақтарын. Осы әдіспен орындалуы, қойылатын талаптарды оқыған және педагогикалық қадағалау объектілері қарастырылады. Педагогикалық бақылау (пассивті және ғылыми), сондай-ақ ақпараттық бақылау алу әдістерін, түрлерін зерттеді. Педагогикалық қадағалау дайындау және өткізу ұсынылатын кезеңдері.

**Түйін сөздер:** Педагогикалық ғылыми-зерттеу, мұғалім бақылау, мұғалім бақылау объектілері, мұғалімі бақылау, оқу-әдістемелік бақылау кезеңдерінің түрлері.

**К.И.Ергазиева<sup>1</sup>**  
**Р.Медведев<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>*к.х.н.,доцент кафедры «Теории и методики подготовки педагогов физической культуры и спорта» КазНПУ имени Абая.*

*(г.Алматы,Казастан)*

<sup>2</sup>*Университет им.Абая 2 курс студент<sup>2</sup>«5В010800-Физическая култура и спорт»*

*(г.Алматы,Казастан)*

## **ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ КОНТРОЛЬ**

### **Аннотация**

В статье рассматривается один из методов педагогического исследования педагогическое наблюдение, с помощью которого осуществляется целенаправленное восприятие какого-либо педагогического явления для получения конкретных фактических данных. Проанализированы достоинства и слабые стороны метода. Изучены требования, которым должен удовлетворять данный метод и рассмотрены объекты педагогического наблюдения. Исследованы виды педагогических наблюдений (пассивное и научное), а также способы получения сведений наблюдения. Предложены этапы подготовки и проведения педагогического наблюдения.

**Ключевые слова:** педагогического исследования, педагогическое наблюдение, объекты педагогического наблюдения, виды педагогических наблюдений, этапы проведения педагогического наблюдения.

**K.I.Yergaziyeva<sup>1</sup>**

**R.Medvedev<sup>2</sup>**

*<sup>1</sup>Candidate of chemistry sciences, Associate professor Kazakh National Pedagogical University named after Abai*

*(Almaty, Kazakhstan)*

*<sup>2</sup>University of Abai 2 year student – 2 «5B010800-Physical Culture and Sport»  
(Almaty, Kazastan)*

## **PEDAGOGICAL CONTROL**

### **Abstract**

The article discusses one of the methods of pedagogical research pedagogical observation, which has been focused on the perception of any pedagogical phenomenon in order to obtain specific factual data. The article analyses the advantages and weaknesses of the method. Studied the requirements which must be met by the method and the objects are considered pedagogical supervision. The investigated types of pedagogical observation (passive and scientific), as well as methods of obtaining monitoring information. The proposed stages of preparation and conducting teaching observations.

**Key words:** pedagogical research, pedagogical observation, pedagogical objects of observation, types of pedagogical observations, the stages of conducting teacher observations.

Ғылыми зерттеу үрдісі кезінде педагогикалық бақылау үрдісінің алар орны ерекше. Бұл әдіс арқылы нақты мәлімет алу үшін қандай да бір педагогикалық құбылыстың мақсатты қабылдануы орын алады. Ол танымдық, пассивті сипатқа ие, зерттелетін үрдістерге әсер етпейді, ол үрдістер жүріп жатқан амал-шарттарды өзгертпейді және тұрмыстық бақылаудан гөрі бақылау нысанының нақты болуымен ерекшеленеді, сондай-ақ бақыланатын құбылыстар мен фактілердің тіркелуінің арнайы тәсілдерінің болуымен ерекшеленеді.

Бақылау әдісінің артықшылықтары:

- Қозғалыста жүріп жатқан нақты педагогикалық үрдісті бақылау мүмкіндігі;
- Құбылысты орын алу сәтінде тіркеу;
- Бақылаушының сынаққа түсушінің жеке ойынан тәуелді болмауы.

Әдістің осал тұстарына келесілерді жатқызуға болады:

- бақыланушы нысанның кейбір жақтарының қолжетімсіздігі (мотивтері, күйі, ойлау қабілеті);
- бір зерттеуші үшін бақылау көлемінің шекті болуы;
- зерттеудің пассивті сипаты және бақылауда субъективтіліктің болуы.

Бақылау зерттелетін объектілерді тану әдісі ретінде бірқатар талаптарды қанағаттандыруы керек, солардың ішінде ең маңыздылары: 1) жоспарлаудың болуы; 2) мақсаттылық; 3) жүйелілік.

Дене тәрбиесі және спорт саласындағы педагогикалық бақылаудың мүмкін нысандарына келесілерді жатқызуға болады:

- оқыту және тәрбиелеу міндеттері;
- дене тәрбиесі және спорттық жаттығу әдістері, олардың сабақтағы, деңгейдегі және кезеңдегі алар орны;
- оқыту және тәрбиелеу әдістері;
- оқытушы мен оқушылардың мінез-құлқы;
- үрдістің ұзақтылығы (жеке жаттығудың, сабақтың, деңгейдің және т.с.с.) және оның сандық жағы (қайталау саны, сабақтар, жаттығулар күні және т.с.с.);
- жаттығу жүктемесінің сипаты, шамасы және оның құрылымдық өзара байланысы;
- қозғалу әрекетінің техникасының элементтері (олардың формасы мен орындалу сипаты);
- тактикалық әрекеттер;
- кеңістіктік және уақыт сипаттарының ұзақтылығы мен шамасы (екпін ұзақтығы, снарядтың ұшу ұзындығы, қашықтық ұзындығы мен оны еңсеруге қажет уақыт және т.с.с.);
- үрдістің сандық жағы (қозғалыс қарқыны, ырғу, соққы, секіру, әрекет, жүгіріс кесімдерінің саны және т.с.с.);
- ортаның сыртқы жағдайлары (температура, желдің күші мен бағыты, жарыс орындарының жағдайы және т.с.с.).

#### Педагогикалық бақылау түрлері

Бақылаудың пассивті, ғылыми және белсенді түрлерін ажыратады. *Пассивті бақылау* әр адамның күнделікті тұрмысында орын алады, соның арқасында оның қоршаған болмыспен үздіксіз байланысы орнайды. Бұл оған табиғи және қоғамдық ортада бағыт алуға мүмкіндік береді, өзінің мінез-құлқын қоршаған ортадағы өзгерістерге сай бейімдеуге баулиды. *Ғылыми бақылау* болмысты пассивті сезімді танудың дамытылған және жетілдірілген формасы болып саналады. Бұл ретте әртүрлі нысандар мен құбылыстардың нақты және объективті бақылауы мен оларға тән сипаттарды тіркеу орын алады. Ғылымда зерттеу мақсатындағы бақылау ғалымның әмбебап әдістерінің бірі ретінде есептеледі.

Бақылау мәліметтерін алу әдістері бойынша ғылыми бақылауды тура және жанама, ашық және жасырын, үздіксіз бақылау, дискретті бақылау, шектеулі мамандықты бақылау, монографиялық (мәселелі) бақылау түрлеріне ажыратуға болады.

Тура бақылау. Бұл әдісте зерттеуші болып жатқан педагогикалық құбылыстың бақылаушысы ретінде өзі орын алады.

1. Зерттеуші сабаққа тікелей қатыспай-ақ сырттай бақылай алады. Ол болып жатқан құбылыстың куәгері ғана. Дегенмен алынған мәліметтің ақиқаттылығы бұрмалануы мүмкін екенін ескеру қажет, себебі оқытушылар мен оқушылардың көптеген бөлігі бөтен адамның болуына және олардың сабағының бақылауға алыну фактілеріне бей-жай қарай аламайды. Бұл ретте зерттеуші сабақты жиі бақылауға алған кезде, оқушылар ол туралы ұмытып кетсе, ал оқытушылар бұл туралы әрқашан есінде сақтайды (бұл қателік нәтижесінде немесе керісінше «көзбояушылық»

болуы мүмкін). Сондықтан психологиялық дайындық, оқытушының көңілін өзіне аудара білу, оның сабақтарында болу жағдайына оң көзқарасты туындата білу маңызды рөл атқаратыны анық.

2. Зерттеуші барлық қатысушылар үшін бірдей құқықтарға ие оқу-жаттығу үрдісінің қатысушы бола алады, бұл арқылы оқушылармен болатын барлық құбылыстарды өз басынан өткеру мүмкіндігі болады. Бұл зерттеушіден қандайдабір жизикалық және техникалық дайындықты қажет етеді, оның жасының зерттелетін субъектілердің жасына сәйкес келуі ескеріледі.

3. Зерттеуші бақылау жүргізіп жатқан топтарда жаттықтырушы, оқытушы ретінде өзі орын алады. Мұндай бағыт бақылау үшін неғұрлым жақсы жағдайлар тудырады. Жетекші, ұйымдастырушы рөлі оқу-жаттығу үрдісін басқаруға мүмкіндік береді, оның барысын көзделген жоспар бойынша жүргізу мүмкіндігі болады және қажет жағдайларды әдейі құру мүмкіндігі де болады.

Жанама (тікелей емес ) бақылау. Бұл бақылау түрінде, басқа субъектілер (студенттер, оқытушылар, оқушылар және т.б.) кірістіріледі, мұндай бақылаудың әдістемесі оны жүргізетіндермен алдын-ала ойластырылуы тиіс. Нәтижесінде, үлкен көлемде нақты деректер жинау мүмкіндігі болады.

Ашық бақылау әдісі ретінде, оқу-жаттығу үрдісінің оқушылары мен оқытушының тыс бақылаушының бар екендігін сезіну жағдайында жүргізілетін бақылауды атайды. Әрине бөтен адамның болуы, педагогикалық жағдайға әсер етеді, ол әдеттегі жағдаймен салыстырғанда кейбір өзгерістерге ие болуы мүмкін. Сондықтан бақылаушы қатысуымен өтетін зерттелетін субъектілер ортасын жайландыру үшін, үйрену деңгейі қажетті болып саналады. Бұл жағдайда бақылаушының көрегенділігі де маңызды рөл атқарады, оның дұрыс бағытқа ие болуы, яғни зерттелетін субъектілердің назарын аса аудармай және өзіне ыңғайлы болатындай бағытты таңдай білу.

Жасырын бақылау зерттелетін субъектілердің бақылауды сезбеу жағдайында жүргізіледі, сондықтан бұл әдіс зерттелетін үрдістің неғұрлым шынайы келбетін көрсетеді. Бұл бақылау түрі біршама қайшылықтарға ие болғанымен, ол пайдалы болып табылады, бұл әдіс бөтен адамның болуы арқылы бұрмаланатын педагогикалық үрдістің нақты сипатын ашуға мүмкіндік береді. Жасырын бақылауды қамтамасыз ету заманауи техникалық құралдардың болуы арқылы мүмкін болады.

Үздіксіз бақылау – бұл құбылысты аяқталған түрде көрсете алатын әдіс, яғни қандайда бір үрдісті (сабақ, жаттығу, кезең, цикл) басынан аяғына дейін тіркеуді қажет ететін әдіс. Бақылау ұзақтығы зерттеу міндетінен тәуелді және бақылау жергізілетін педагогикалық құбылысқа да байланысты. Осылайша бақылау ұзақтығы бірнеше секунд, минут, ай немесе бірнеше жылды құрауы мүмкін.

4. Дискретті бақылаулар зерттелетін үрдіс кезінде барлық педагогикалық құбылыстар тұтастай емес, тек оның жеке кезеңдері, мысалы күшті секірушілердің жаттығуы сияқты құбылыстар ғана зерттелуі мүмкін. Бұл әдіс бақыланушы құбылыстың басталуы мен аяқталуы уақыт бойынша алшақ болғанда жүргізіледі. Бұл әдісте үздіксіз үрдістің келбетін бақылау мүмкін болмағанымен, оның кейбір жеке тұстарын көру мүмкіндігі болмаса да құбылыстың дамуының жалпы барысы, оның сипаты, бастапқы және соңғы мәліметтерін білу жалпы заңдылықты түсінуге мүмкіндік береді.

5. Монографиялық (мәселелі)бақылау көптеген көрсеткіш бойынша жүргізіледі, әдетте ауқымды болады, бірнеше мәселелерді қамтитын болғандықтан, әдетте ұжыммен жүзеге

асырылады. Бұл жағдайда бірқатар құбылыстардың дамуын зерттеу мүмкіндігі болады, олардың өзара сипатын негізгі зерттелетін үрдіске қатысын анықтауға болады.

6. Шектеулі мамандықты *бақылау* құбылыстардың біреуін оның өзінің шектерінде зерттейді. Нәтижесінде құбылыстың мәні және оның сапалық құрылымдық сипаттамасы анықталады.

### Бақылауды ұйымдастыру

Педагогикалық бақылауды жүргізу мен дайындаудың келесі кезеңдерін айқындаған дұрыс:

1. Бақылау алдында тұрған мақсаттарды айқындау. Мақсаттар айқын және біржақты болған сайын бақылау нәтижелерін тіркеу де жеңілірек және дұрыс қорытынды жасау мүмкіндігі арта түседі. «Жалпылай» немесе «керек бола қалған жағдайда» деген мақсатпен бақылауды жүргізу, сосын оны қалай және қайда қолданылуы туралы ойлау пайдасыз бос әрекет болып табылады.

2. Бақылау нысандарын белгілеу. Олар жеке оқушылар, спортшылар, жаттықтырушылар мен оқытушылар, мектептегі әртүрлі сыныптар, БЖСМ бөлімдері, әртүрді дайындықтағы (жаңадан айналысушылар, разряды барлар, құрама ұжымдар), әртүрлі жас пен жынысқа ие спортшылар топтары болуы мүмкін, сонымен қатар жаттығу жағдайлары (залда немесе ашық кеңістікте), оқу мерзімдері (ұзақтығы, жаттығу үрдісінің кезеңдері болуы мүмкін).

3. Бақылау сызбасын (жоспарын) дайындау. Құжаттарды дайындау, сонымен қатар бақылау тұжырымдарының бланкілері, бақылаушы нұсқаулығы және қажет аппаратураны қолдану ережелерін дайындау.

Жоспарда нақты жауап алынуы қажет барлық сұрақтар ашық көрсетіледі. Егер, мысалы бақылаушы оқытушының қызметін бақылайтын болса, онда ол сабақтың әр деңгейінде осы қызметтегі оны не қызықтыратыны туралы толық қамтылған сауалнаманы алын ала дайындауы тиіс. Бақыланатын құбылыстар мен үрдістердің сапалық және сандық сипаттамалары егжей-тегжейлі ашылуы тиіс.

Тұжырымдама бланкісінде келесі мәліметтер көрсетілуі тиіс: бақылау күні, оқу ғимараты, оқу тобы, оқушылар, оқытушы, сабақ тақырыбы және міндеттері, бақылау мақсаты, бақыланатын әрекеттердің мазмұны мен сипаты.

4. Нәтижелерді тіркеу әдістерін таңдау:

- хаттамалау (сөздік сипаттау, кескінді жазба, қабырға суретімен бейнелеу),
- магнитті таспаға жазу (сөйлеу, шолу жасау, толық аудиожазба),
- фотоға түсіру немесе бейнежазба,
- арнайы қондырғыны қолдану (динамометр, құрылғы-тетіктер, сызғыш, секунд өлшеуіш және т.б.).

5. Алынған нәтижелерді талдау әдісін таңдау. Зерттеуші осы немесе басқа да құбылыста тек бақылау мен тіркеудің жеткіліксіз екенін есінде ұстауы қажет, оны әрі қарай талдау мен зерттеу мүмкіндігін қамтамасыз ету керек. Сондықтан құбылысты «фотоға түсіру» жеткіліксіз, бақыланатын құбылыстар мен деректерге дұрыс талқылау бере білу қажет, олардың себеп-салдарлық байланысын ашу маңызды болып табылады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Железняк Ю.Д., Петров П.К. Основы научно-методической деятельности в физической культуре и спорте: Учебное пособие - Москва: Академия, 2009. – 272 с.
2. Кушнер, Ю.З. Методология и методы педагогического исследования: Учебно-методическое пособие – Могилев: МГУ им. А.А. Кулешова, 2001. – 66 с.
3. Лудченко А.А., Лудченко Я.А., Примак Т.А. Основы научных исследований: Учебное пособие — К.: О-во "Знания", КОО, 2001. — 113 с.



УДК:371,72  
МРНТИ 14.25.09

**Баймурзаев Т.Х.<sup>1</sup>**  
**Мендекеева А.Н.<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>*старший преподаватель кафедры «Оздоровительной физической культуры» КазНПУ  
им. Абая*

<sup>2</sup>*старший преподаватель кафедры «Физической культуры и спорта» Университет  
Нархоз*

## **КАЧЕСТВО ЗДОРОВЬЯ НОВОГО ПОКОЛЕНИЯ.**

### ***Аннотация***

Из вышеизложенного, решение проблемы оптимальной физической активности в урочное время, многие педагоги, медицинские работники видят в широком использовании комплекса физических упражнений, способствующих удовлетворению потребности учащихся в движении, укреплению их здоровья и повышению работоспособности.

**Ключевые слова:** Здоровья подрастающего поколения, современная молодежь, физическая культура и массовый спорт

**Баймурзаев Т.Х.<sup>1</sup>**  
**Мендекеева А.Н.<sup>2</sup>**

*аға оқытушы «Сауықтыру кафедрасы» Абай атындағы ҚазҰПУ*  
*аға оқытушы «Дене шынықтыру және спорт» Нархоз университеті*

## **ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНЫҢ ЖАҢА ҰРПАҚТЫҢ САПАСЫ.**

### ***Аңдатпа***

Өсіп келе жатқан жастардың денсаулығының сапасы. Заманауи мектептің өсіп келе жатқан жасөспірімдерінің денсаулығының нығайтуы басты проблема болып автор ретінде қарастырылады. Зерттеу нәтижесінде жасөспірімдерінің физикалық дегерациясы байқалады. Өсіп келе жатқан жасөспірімдердің денсаулығының сапасына ұсыныс беріледі.

**Түйін сөздер:** Өскелең ұрпаққа, бүгінгі жастардың, дене шынықтыру және спорт денсаулық кепілі.

**T.H.Baymurzaev.<sup>1</sup>**  
**A.N.Mendekeeva.<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>*senior lecturer of the Department of "Healthy Physical Culture" KazNPU them. Abay*

<sup>2</sup>*senior teachers of the department of "Physical Culture and Sports" University Narzhoz*

## **QUALITY OF NEW GENERATION S HEALTH.**

### ***Abstract***

From the above, the solution of the problem of optimal physical activity during the time period, many educators, medical workers see in the wide use of a complex of physical exercises that contribute to meeting the students' need for movement, strengthening their health and improving their efficiency.

**Key words:** Health of the younger generation, modern youth, physical culture and mass sports

## **Особенности здоровья подрастающего поколения**

Авторами рассматриваться здоровья подрастающего поколение как основная проблема современной школы. Исследования показывают о заметной физической деградации юного поколения. Даются рекомендации по качеству здоровья подрастающего поколения.

**Введение.** Качество здоровья подрастающего поколения – важный показатель качества жизни общества и государства, отражающий не только настоящую ситуацию, но и формирующий прогноз на ее развитие в будущем. Сегодня безопасность страны, политическая стабильность и экономическое благополучие находятся в тесной связи с суммарным потенциалом здоровья детей, подростков, молодежи. По мнению большинства исследователей данной проблемы именно в этом отношении ситуация вызывает наибольшие тревоги и опасения.

Проблема здоровья учащихся является одной из актуальных проблем современной школы. Сегодняшние дети имеют худшие показатели, чем их сверстники 10-15 лет назад в росте, окружности грудной клетки, а так же возросло количество детей с хроническими заболеваниями. Это говорит о заметной физической деградации юного поколения.

По данным педиатров, лишь 14% детей сейчас рождается без патологий. Уже в первый класс каждый ребёнок приходит с хронической патологией, а среди выпускников школы не более 10% могут считаться относительно здоровыми. До 60-70% учащихся к выпускному классу имеют нарушенную структуру зрения, 30% - хронические заболевания, 60% - нарушенную осанку.

К сожалению, у многих из нас сложилось твердое убеждение, что вопрос здоровья или нездоровья целиком и полностью зависит от детских врачей. Другими словами, многие из нас – детей, как и многие взрослые, считают, что насколько хорошо лечит врач, настолько и зависит наше здоровье. “Однако, в последнее время, ученые доказали, что здоровье человека только на 10% зависит от системы здравоохранения, в то же время более чем наполовину – от его образа жизни”. [1-2]

На мой взгляд, современная молодежь мало времени уделяет укреплению своего здоровья, не имеет необходимых знаний для его сбережения. Исходя из вышесказанного, целью нашей работы стало изучение проблем, связанных со здоровьем молодого поколения, привлечение внимания моих сверстников к сохранению своего здоровья и здоровому образу жизни.

За последние годы отмечается тенденция ухудшения здоровья подрастающего поколения, обусловленная целым рядом причин, таких, как снижение материального благополучия значительной части населения, ухудшение экологической ситуации, ослабление инфраструктуры здравоохранения, возрастание учебной нагрузки, отсутствие культуры здоровья в обществе. Ситуация усугубляется тем, что сами дети более не всегда осознают значимость здоровья, как необходимого условия жизни и нередко пренебрегают элементарными нормами заботы о нем, что в свою очередь ведет к росту соматических заболеваний, функциональных отклонений, психических и сексуальных расстройств. По этой причине проблема здоровья учащихся становится приоритетным направлением развития образовательной системы современной школы, стратегическая цель которой – воспитание и развитие свободной жизнелюбивой личности, обогащенной научными знаниями о природе и человеке, годовой к созидательной творческой деятельности и нравственному поведению. Все это согласуется с основными направлениями проекта

реформы общеобразовательной школы, в котором на одном из первых мест стоит здоровье школьников.

Известно, индивидуальный образ жизни активно формируется в подростковом возрасте. Это связано с развитием у подростков таких важных психических новообразований, как самоконтроль, внутренний план действий, абстрактно-логическое мышление, рефлексия, самосознание, самооценка. Эти новообразования обуславливают столь важную для подростков возможность самим определять свой образ жизни. Следовательно, именно на этом этапе взросления важно побудить подростков к формированию полезных привычек, научить их управлять своим поведением и таким образом актуализировать субъектность в сбережении и укреплении здоровья.

Значительная роль физических упражнений, в сохранении и укреплении здоровья подрастающего поколения, поддержании высокого уровня работоспособности доказана многочисленными исследованиями, которые свидетельствуют, что оптимальная физическая нагрузка в сочетании с рациональным питанием и образом жизни является наиболее эффективной в преодолении “коронарной эпидемии”, предупреждении многих заболеваний и увеличении продолжительности жизни.[1-2]

В действительности же не существует линейной зависимости между величиной нагрузки и её положительным влиянием на состояние здоровья. По мнению профессора Я.С. Вайнбаума, оптимальный эффект достигается только при определенных величинах нагрузки, диапазон которых в общем-то невелик, и в очень большой степени индивидуален. Снижение нагрузки ниже этого диапазона вызывает не пропорционально резкое снижение оздоровительного эффекта. Повышение нагрузки выше верхней границы оптимальности не приводит к столь же значительному улучшению показателей здоровья, и более того, может оказать отрицательное воздействие на его состояние. Следует иметь в виду, что диапазон оптимальности нагрузок в значительной мере индивидуален. Ответная реакция организма на одни и те же нагрузки у разных людей может быть различны в зависимости от уровня физической подготовленности, возраста, пола и др. Считается, что 3-5 разовые занятия в неделю (из них 2-3 на природе) с использованием дыхательной гимнастики, ходьбы, бега, ходьбы на лыжах и других упражнений с циклическим характером движений наиболее эффективно влияют на полное восстановление нарушенных функций организма и имеют общеукрепляющее свойства.

Одним из важнейших социальных факторов формирования образа жизни и здорового образа в частности, выступают физическая культура и массовый спорт, называемые в последние 15-20 лет во многих странах “спортом для всех”. Президент ассоциации “Спорт для всех” А.В. Царик подчеркивал, что физическая культура – стержневое, главное условие здорового образа жизни. Он же признавал, что процесс формирования физической культуры тесно связан с такими объективными факторами образа жизни, как экономика и наличие свободного времени, экология и условия труда, жилищно-бытовые и другие условия, а так же условия физкультурно-спортивных занятий.[1-3]

Б.Н.Рогатин, президент Международной конфедерации спортивных организаций, подчеркивает что человек, систематически занимающийся спортом, в 2-3 раза легче переносит тяготы жизни, на 15-20% более инициативен в работе, общественной жизни коллектива, оказывает больше помощи своим товарищам, у него выше творческая активность, общительность, он больше уверен в себе, стремится добиться лучших результатов, на том участке, где прилагает усилия, будь то производственная или

общественная деятельность, учеба. Он же сформулировал следующий тезис: физическая культура как феномен культуры не может быть сведена к природным явлениям, к физическим качествам человека, свойствам его организма и биологическим системам жизнеобеспечения, телесность человека является базисной характеристикой человека, но его духовность, интеллект неотделимы от человека и его физической культуры. Следует отметить, что в Институте возрастной физиологии имеется десятилетний практический опыт повышения мотивации учащихся средних общеобразовательных учреждений к занятиям физкультурой на основе использования современных компьютерных технологий диагностики физических возможностей и нормирования нагрузок с учетом врожденных особенностей телосложения школьников.

Таким образом, решение проблемы оптимального двигательного режима в образовательных учреждениях становится важным гигиеническо-медицинским и одновременно социально-экономическим вопросом, поскольку влиянию гиподинамии особенно подвержены дети школьного возраста. Отсюда, данное положение приобретает особое значение в воспитании детей старшего школьного возраста в связи с увеличением удельного веса умственной нагрузки в общем режиме дня. Поэтому непременным условием рекреации детей после напряженной умственной нагрузки на занятиях является рационально организованная двигательная деятельность. В настоящее время имеются данные, характеризующие возрастные, половые и индивидуальные особенности двигательной активности детей школьного возраста. Многие научные исследователи, изучавшие двигательную деятельность детей старшего школьного возраста, констатируют, что двигательная активность у мальчиков выше, чем у девочек. Эти различия не установлены у младших школьников.[1-3]

#### **Список использованной литературы:**

1. Иванов Г.Д. Физическое воспитание студентов. Алматы, 2002. -- С.45-55
2. Лисицина Ю.П. Руководство по социальной гигиене и организации школьников.- М.: Медицина, 1987. – С.200-278
3. Виноградов Г.Н.; Кульназаров А.К., Салов В.Ю. Теория и методика здорового образа жизни. Учебное пособие. Алматы, 2004 г. – 320с

**Ш.Ш.ИСАХОВА<sup>1</sup>,  
М.Х.ДОСАНОВА<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
(Түркістан қаласы, Қазақстан)

## **БАЛАБАҚШАДА БАЛАНЫ МЕКТЕПКЕ ДАЯРЛАУДЫҢ МАҢЫЗЫ**

### ***Аңдатпа***

Мақалада қазіргі таңдағы білім беру жүйесіндегі ең бір күрделі мәселе мектепалды даярлық жұмыстары болып табылады. Бүгінгі күнде «мектептегі оқуға дайындық» ұғымы комплексті және баланың барлық өмірінің сферасын қамтиды. Сондықтан да мектеп пен мектепке дейінгі мекеменің, ата-аналардың басты міндеті - баланы мектептегі оқуға, мектеп өміріне даярлау болып саналады. Осыған байланысты мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Біз мектепке барамыз» бағдарламасы мектепке дейінгі 5-6 жастағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудың, қалыптастырудың мазмұндық аспектілерін ашады.

Мектепке дейінгі ересек балаларды мектепке оқуға даярлау-мектепке дейінгі мекеменің және ата-ананың басты міндеттерінің бірі.

Мектеп жасына дейінгі баланың бүкіл өмірін ұйымдастыру, оның денсаулығын нығайту, ақыл-ой, адамгершілік тәрбиесін жетілдіріп, түптеп келгенде мектепке даярлау бағыттары айтылады.

**Кілт сөздер:** мектепалды даярлық, оқуға даярлау, реформа, психология, биологиялық, ақыл-ойының, қалыптасу, ерік, зияткерлік, аспекті

**Ш.Ш.ИСАХОВА<sup>1</sup>,  
М.Х.ДОСАНОВА<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Международный казахско-турецкий университет им. Ходжа Ахмета Ясави  
(г. Туркестан, Казахстан)

## **ВАЖНОСТЬ ПОДГОТОВКИ РЕБЕНКА К ШКОЛЕ В ДЕТСКОМ САДУ**

### ***Аннотация***

В статье самой трудной проблемой в современной системе обучения указывается дошкольная подготовительная работа. В наше время понятие «подготовка к школьному обучению» очень комплексная и охватывает всю жизненную сферу ребенка. Поэтому, главной обязанностью школы, дошкольного учреждения и родителей, является подготовкой ребенка к школьному обучению и школьной жизни. В связи с этим, специальная дошкольная программа «Мы пойдем в школу» открывает содержательные аспекты воспитания, развития и формирования детей 5-6 лет.

Подготовка детей дошкольного возраста к школе одна из важных обязанностей родителей и дошкольных образовательных учреждений.

Так же, говорится об организации всей жизни ребенка, укрепление здоровья, совершенствование интеллекта и человечности, в конце концов направление к школьной жизни ребенка дошкольного возраста.

Ключевые слова: дошкольная подготовка, подготовка к обучению, реформа, психология, биологиялық, интеллект, формироваться, воля, интеллектуальный аспект.

**SH.ISSANOVA<sup>1</sup>,  
M.DOSANOVA<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasavi  
(Turkestan city, Kazakhstan)

## THE IMPORTANCE OF PREPARING A CHILD TO SCHOOL IN KINDERGARTEN

### Abstract

The article states that the most difficult problem in the modern system of education is pre-school preparatory work. Nowadays, the concept of "Preparing for school" is very comprehensive and includes all the vital sphere of the child. Therefore, the primary responsibility of the school, preschool and parents, is preparing the child to schooling and school life. In this regard, special pre-school program "We go to school" opens meaningful aspects of education, development and formation of children 5-6 years.

Preparation of preschool children to school is one of the important responsibilities of parents and preschool educational institutions.

Also, it refers to the throughout organization the child's life, health, improving intelligence and humanity, in the end, the direction to the school life of the child of preschool age.

**Keywords:** preschool training, education reform, psychology, biological intelligence, formation, the intellectual aspect.

**Кіріспе.** «ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жж арналған Мемлекеттік бағдарламасы» мен Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңының талаптарына сәйкес, мектепалды даярлық мәселесі қайта жандандырылуда. [1].

Қазақстанның білім беру жүйесін жаңарту жағдайында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа Жалпыға міндетті білім беру стандартын енгізу және мектепке дейінгі ұйымдағы, соның ішінде 5-6 жастағы балалар үшін, педагогикалық процесті бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ету әзірлемелерін дайындау қажеттілігі туындап отыр.

Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесін реформалау барысында әрбір баланы мектептегі оқу және әлеуметтік ортаға еркін бейімделе алатындай жағдай жасау аса маңызды міндет. Демек, қазіргі талап бойынша мектептің бірінші сыныбына келетін балалардың физиологиялық жағынан мықты, адамгершілік, мәдениеттілік, еңбексүйгіштік қасиеттері мол, ерік-жігері күшті, жұмыс қабілеттеріне ие, білімге қызығушылық сипаттары мол болуы қажет.

**Зерттеу әдістері.** Баланы мектепке дайындау әдістері мынадай бөліктерге бөлінеді:

1. Ақыл-ойының даярлығы.

Бұл мектепке дейінгі баланың білімі және біліктілігі. Кез-келген бала жазып және санаумен ғана шектеліп қана қоймай, ең маңыздысы салыстыра білуді, талдауды, ойлай білуді, өздігінен қорытынды жасай білуі тиіс. Көрнекі - әрекеттік ойлау қабілеттілігі жоғары бала көрнекі үлгімен жұмыс істегенде, заттардың кейпімен, мөлшерін ұйқастырғанда, қойылған міндеттерді шешуде тиімді әрекеттердің барлық түрін орындап шығады.

2. Биологиялық кемелденуі.

Мектептегі оқу әрекеті - бұл ағзаның барлық жүйелерінің қатты жұмыс істеуін қажет ететін үрдіс. Баланың ағзасында жаңа ережелер мен іс-әрекеттерге үйрену өзгерістер туғызады. Оқушы мектептің талаптарын орындап, жаңа күн режиміне, сабақтарда тәртіп сақтап отыруға дағдылануы қажет. Алайда кез-келген баланың денсаулық жағдайы мұндай өзгерістерге бірден бейімделе алмайды. Сондықтан баланың денсаулық жағдайы (дене салмағы, бойының ұзындығы т.б.) нормадағы 6-7 жасар баланың дене көрсеткіштеріне сәйкес болуы тиіс. Сонымен бірге көру, есту, моторикасының дамуы және жүйке жүйесінің физиологиялық жағдайын жатқызуға болады

3. Жеке басының қалыптасуы мен әлеуметтік даярлығы.

Мектепке келген бала оқимын деген ниетпен мектеп табалдырығын аттайды. Бірақ кейде бала оқуға барғым келеді дегенмен, оның мотиві әртүрлі болады. Біреуі мектепте көп бала бар және онда көңілді десе, біреуі партаға отырғысы келгендіктен мектепке баруы мүмкін. Алайда мұндай ықыласпен мектепке келген балалар, біраз уақыттан кейін мектептің қатал тәртібіне және күнделікті оқу сабақтарына шыдай алмайды. Жалпы, бала оқу үрдісінің өзіне қызығуы қажет. Сонда ғана бұл баланың таным қызығушылықтарының дамуына, жаңа білім алуына мүмкіндік жасайды.

4. Ерік сапаларының қалыптасуы мен эмоционалдық даярлығы.

Бұл баланың шешім қабылдай алып, мақсат қоя білуі. Сонымен бірге баланың әрекеттерді жоспарлап, олардың орындалуын жүзеге асыруда күш жұмсай білуі, қиындықтарды жеңуі баланың психологиялық үрдістердің қалыптасуына ықпалын тигізеді.

5. Зияткерлік дайындық. Дайындықтың Бұл түрі баланың нақты білімі мен ой – өрісінің ауқымын көрсетеді. Баланың танысып отырған материалына деген көзқарасы мен материалды жекелей әрі жоспарлы түрде қабылдау жүйесінің қалыптасуы маңызды. Сондай-ақ жалпылай ойлау формасы мен негізгі логикалық операцияларды атқарып, есте сақтай алуы да міндетті.

Зияткерлік дайындық негізінен баланың бойындағы оқу іс әрекетінің бастапқы пайымдарын қалыптастыруды көздейді. Осы дайындық түрі жалпыға алғанда төмендегілерді қамтиды[3].

**Зерттеу нәтижелері.** Мектепке дейінгі ересек балаларды мектепке оқуға, мектеп өміріне даярлау - мектеп пен мектепке дейінгі мекеменің және ата-ананың басты міндеттерінің бірі.

Сондықтан да мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Біз мектепке барамыз» бағдарламасы даярланды. Бұл бағдарлама мектепке дейінгі 5-6 жастағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудың мазмұндық аспектілерін ашады.

Бағдарлама түрлі өмір жағдайларында жинақталған тәжірибені қолданудың басты көрсеткіші ретінде балалардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыру міндеттерін шешуге бағытталған.

Белгілі орыс психологтары А.Н. Леонтьев, А.В. Запорожец, А.А. Люблинская мектепке даярлау ұғымына баланың оқу тапсырмаларын түсінуін, әрекеттерді орындау тәсілдерін меңгеруін, ерік қасиеттерінің дамуын, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалау дағдыларын, мұғалімді тыңдау, материалды еске сақтау біліктілігін жатқызады.

Алайда, мектепке даярлау мәселесі Қазақстан ғалымдары Б. Баймұратова, Қ. Сейсенбаев, Н. Айғабылов, Б. Дабылова еңбектерінде біршама зерттелгені белгілі. Дегенмен, мектептегі оқуға даярлау мәселесі әліде өзекті мәселелердің бірі болып қала бермек. Мектепке психологиялық даярлықты жүзеге асыру ісін ғалымдар түрліше жіктейді. И. Шванцар, Л.И. Божович зерттеулеріне сүйене отырып, мектепке даярлықты жүзеге асыру ісін үш бағытта жүргізу қажет деп тұжырымдайды. Ал Е.Е. Кравцова мектепке даярлықтың төрт бағытын қарастырды:

1 бағыт - балаларды мектептегі оқуға қажетті нақты іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру;

2 бағыт – мектеп жасына дейінгі кезеңнің аяғында байқалатын жаңа құрылымдар мен бала психикасындағы өзгерістерді зерттеу;

3 бағыт - оқу әрекеттерінің алғы шарттары;

4 бағыт - баланың берілген ережелер мен ересектер талабына саналы түрде бағыну іскерлігі [2].

Мектепке дейінгі мекемелерде баланы оқуға психологиялық дайындау ол-көп кешенді құбылыс, көптеген балаларда психологиялық дамудың кейбір жеке компоненттерінің дұрыс қалыптаспауы байқалады. Бұл баланың мектепке бейімделуінің қиын болуы немесе бұзылуына әкеп соқтырады. Шартты түрде психологиялық дайындықты оқу дайындық, әлеуметтік психологиялық дайындық деп бөлуге болады.

Бүгінгі күнде «мектептегі оқуға дайындық» ұғымы комплексті және баланың барлық өмірінің сферасын қамтиды.

Мектепке дейінгі баланың өмірінде әлеуметтік, психологиялық жағынан және физиологиялық жағынан да қиын кезең. Бұл кезеңде мектеп өмірімен танысады, әлеуметтік ортасы өзгеріп және оқушының жаңа әлеуметтік рөлін меңгере бастайды.

Бүгінгі күнгі баланың мектепке дайындығын анықтауда оның психологиялық және физиологиялық дамуы басты назарда болып отыр.

**Талқылау.** Мектепте оқытуға баланың психологиялық дайырлығы - мектепке дейінгі балалық шақ кезеңіндегі психикалық дамудың қорытындыларының бірі. Қазіргі уақытта баланы мектепке дайындау, белгілі бір дағдыларды игеруге бейімдеу заманымыздың көкейкесті мәселелерінің бірі болып отыр.

**Қорытынды.** Ендігі жерде мектеп жасына дейінгі баланың бүкіл өмірін ұйымдастыру, оның денсаулығын нығайту, ақыл-ой, адамгершілік тәрбиесін жетілдіріп, түптеп келгенде мектепке даярлау, тікелей ата-ананың үлесіне тиеді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. *«ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020жж арналған Мемлекеттік бағдарламасы».* А., 2010.
2. *Абрамова Г.С. Практическая психология – М., 2002. С-11-13.*
3. *Алты жастағы балаларды оқыту мәселелері / редакциясын басқарған Баймұратова Б. – Алматы.,1986.С-26-32.*

***А.А.ЖУМАДУЛЛАЕВА<sup>1</sup>***

<sup>1</sup>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
(Түркістан қаласы, Қазақстан)

## **ТАБИҒАТ ҚҰБЫЛЫСТАРЫМЕН ТАНЫСТЫРУ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**Аңдатпа**

Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балаларды жан-жақты дамыту - әр түрлі іс-әрекеттер (ойын, еңбек, сабақ) арқылы жүзеге асырылатындығы жайлы айтылады. Баланың кез-келген іс-әрекетінің негізі – қоршаған орта. Атап айтқанда, табиғатпен танысу кезінде пайда болатын білімдер мен іскерліктерден тұрады.

Балаларды табиғатпен таныстыру - оларды дамытудың басты құралдарының бірі. Оның барысында балалардың қоршаған ортадағы бағдарлаушылығы молаяды, танымдық қабілеті қалыптасады, табиғатпен тиісті қарым-қатынас жасауға тәрбиеленеді. Мектеп жасына дейінгі балаларды табиғатпен таныстыру - оларға заттар, өлі және тірі табиғат құбылыстары, балалардың оларға деген ықыласы мен сүйіспеншілігін тәрбиелеу жөнінде белгілі бір көлемде білім беруді алдын ала көздейді.

Әрбір жас топтарында балаларды табиғатпен таныстыру белгілі бір бағдарламалық міндеттерге сай жүзеге асырылады. Олар баланың табиғат тану білімдерін бірте-бірте меңгеруін алдын ала қарастырады.

**Түйін сөздер:** табиғат құбылыстары, балалар, дүниетаным, қоршаған орта, өлі табиғат, тірі табиғат, ойын, еңбек, даму, түйсік, қабылдау.

***А.А.ЖУМАДУЛЛАЕВА<sup>1</sup>***

<sup>1</sup>Международный казахско-турецкий университет им. Ходжа Ахмета Ясави  
(г. Туркестан, Казахстан)

## **ФОРМИРОВАНИЕ МИРОВОЗЗРЕНИЙ ШКОЛЬНИКОВ ЧЕРЕЗ ЗНАКОМСТВО ЯВЛЕНИЯМИ ПРИРОДЫ**

**Аннотация**

Разностороннее развитие ребенка дошкольного возраста происходит через разные действия (игры, труд, занятия). Основа любого действия ребенка связана с окружающей средой. А конкретнее, его действия составляют знания и навыки, полученные во время знакомства с природой. Знакомство ребенка с природой - одно из главных средств их развития. Во время этих занятий развивается наблюдательность за окружающей средой, познавательное свойство ребенка, воспитывается правильное общение с природой. Цель знакомства ребенка дошкольного возраста с природой - дать определенное знание о вещах, об явлениях живой и мертвой природы, воспитать в них любовь к природе.

Знакомство с природой в каждой группе осуществляется по определенной программе, учитывая возрастные особенности детей.

**Ключевые слова:** явления природы, мировоззрение детей, окружающая среда, мертвая природа, живая природа, игра, труд, развитие, интуиция, восприятие.

***А.А.ЖУМАДУЛЛАЕВА<sup>1</sup>***

<sup>1</sup>International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasavi  
(Turkistan city, Kazakhstan)



## FORMATION OF STUDENTS' WORLD OUTLOOK INTRODUCING NATURAL PHENOMENA

### Abstract

The article deals with the development of preschool-age children takes place through different activities (games, work, and lessons). The basis of any child's actions related to the environment. More specifically, it is the knowledge and skills acquired during familiarization with nature. Familiarizing the child with the nature is one of the principal means of their development. During these sessions, developing the powers of observation of the environment, cognitive property of the child, fosters the correct interaction with nature. The purpose of meeting a child preschool-age with nature - to give some knowledge about things, about the phenomena of wildlife and dead nature, to cultivate in them a love of nature.

Familiarity with the nature of each group is carried out according to a specific program, taking into account age features of children.

**Key words:** natural phenomena, world of children, environment, dead nature, wildlife, game, work, development, intuition, perception.

### Кіріспе.

Мектеп жасына дейінгі балалар мекемелеріндегі тәрбие үдерісінде балаларды жан-жақты дамыту ісі әр түрлі іс-әрекеттер (ойын, еңбек, сабақ) арқылы жүзеге асырылады. Баланың кез келген іс-әрекетінің негізі оны қоршаған заттармен, атап айтқанда, табиғатпен танысу кезінде пайда болатын білімдер мен іскерліктерден тұрады.

Балаларды табиғатпен таныстыру - оларды дамытудың басты құралдарының бірі. Оның барысында балалардың қоршаған ортадағы бағдарлаушылығы молаяды, танымдық қабілеті қалыптасады, табиғатпен тиісті қарым-қатынас жасауға тәрбиеленеді. Мектеп жасына дейінгі балаларды табиғатпен таныстыру - оларға заттар, өлі және тірі табиғат құбылыстары, балалардың оларға деген ықыласы мен сүйіспеншілігін тәрбиелеу жөнінде белгілі бір көлемде білім беруді алдын ала көздейді.

Әрбір жас топтарында балаларды табиғатпен таныстыру белгілі бір бағдарламалық міндеттерге сай жүзеге асырылады. Олар баланың табиғат тану білімдерін бірте-бірте меңгеруін алдын ала қарастырады.

Екі жастан үш жасқа қараған балаларды өсімдіктермен, жануарлармен, өлі табиғат құбылыстарымен таныстырады, оларды кеңістікті ажырата білуге және өсімдіктердің (жапырақтардың, гүлдердің түсін) кейбір белгілерін, жануарлардың кимылы мен дауысын ерекшелеп, дұрыс атауға, алғашқы көрнекі байланыстар мен жалпылауларға сүйенуге (балықтар суда жүзеді) үйретеді. Сөйтіп, балалардың талдағыштығы (көру, есту т.б.) жетіле түседі, бақылаған объектілерге деген назары мен ықыласы артады, оларға деген тілектестік қарым-қатынасы қалыптасады.

Төрт жасқа қараған балаларда олардың өмірде үнемі кездесіп отыратын табиғаттағы заттар мен құбылыстар жөніндегі түсініктері қалыптасады, сабақтардағы, ойындардағы заттық-сезімдік іс-әрекеттер үдерісінде тани алатын байланыстарды орнатуға және оларды нақтылы түсініктер формасында көрсетуге қол жеткізеді.

Өсімдіктерді, жануарларды бақылауға, олардың жекелеген белгілерін бөліп алып, сенсорлық эталондарды (түсін, формасын, үлкендігін) пайдалана отырып анықтауға, объектілерді салыстыруға және олардың сыртқы белгілеріне қарап топтастыруға балаларды үйретеді. Білімдерді меңгеру процесінде оларда танымдық іс-әрекеттердің күрделірек формасы пайда болады: балалар төрт жасқа қарағанда себеп-салдарлық анықтауға қабілетті боп келеді [1, 56].

## **Зерттеу әдістері мен нәтижелері.**

Бес жасқа қараған балаларда көрнекі-бейнелі ойлаудың жоғары формасы қалыптасады. Олар жалпылаушы білімдерді меңгере алады. Балаларды өсімдіктердің, жануарлардың жаратылысына тән ерекшеліктерін айыруға, олардың тіршілік ету жағдайларына байланыстылығын анықтауға үйретеді.

Мектепке баратын жастың соңына таман балаларда логикалық ойлаудың қарапайым формасы дамыған болуы тиіс: анализдеу мен синтездеуге қабілеттілік, өсімдіктер мен жануарлардың жеке және ортақ белгілерін айыра және жалпылай (мысалы, қоректену, қозғалу, тіршілік ететін жерлері т. б. белгілеріне қарай жануарлардың, әр түрлі топтарын жалпылау) білу.

Балаларды табиғаттағы құбылыстардың табиғи себептермен байланысты екендігіне қорытынды жасауға дағдыландырады (мысалы, өсімдіктер мен жануарлар өміріндегі өзгерістер күнге, жарық пен жылуға байланысты). Балаларда мектепке баратын кезде бақылағыштық, білуге құмарлық, табиғатқа деген сүйіспеншілік және оған ұқыпты қараушылық, ондағы әдемілікті таба білудегі қабілеттілік, ауыл шаруашылығындағы еңбектерге деген ынта-ықылас дамыған болуы тиіс.

Бағдарламаға материалды іріктеген кезде оның түсініктілік және ғылымилық принциптері ескеріледі. Балалар өсімдіктер, жануарлар, өлі табиғат құбылыстары жөнінде шынайы және нағыз ғылыми мәліметтер алуға тиіс, бірақ сонымен бірге, бұл мәліметтер оларға түсінікті де болуға тиіс. Сондықтан бағдарламалық материал көлемі мен баяндау тереңдігі жөнінен балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып беріледі, бірақ берілетін білімдердің дұрыстығын міндетті түрде сақтау көзделеді. Ең алдымен, бағдарламаға балалардың серуендеген, ойнаған, еңбек еткен кездерінде табиғаттағы үнемі кездесіп қалатын объектілер мен құбылыстар жөніндегі білімдер камтылады [2, 101].

Балаларды дүниені ғылыми тану жолымен алып жүру үшін, оларға тек қана дұрыс түсініктер беріп қоюмен бірге, табиғаттағы объектілер мен құбылыстардың арасындағы өзара себептік байланыстарды олардың сезімдік тәжірибесіне сай көрсету де керек.

Табиғат жөніндегі қарапайым мәліметтердің көпшілігін балалар алғашқы жеті жылда меңгеріп алады. «Балалар бақшасында мектеп жасына дейінгілер - бүкіл білімнің жалпы очеркін алуға тиіс ...» - дейді Я.А. Коменский, сондықтан бағдарламаға жаратылыс танудың әр түрлі саласынан материал енгізілген. Сөйтіп, материалды іріктеуде энциклопедиялық принцип жүзеге асырылады [3, 35].

## **Талқылау.**

Балалар бақшасында мектеп жасына дейінгі балаларды өлі табиғат заттарымен және құбылыстарымен таныстырады: аспан әлемімен (күнмен, аймен, жұлдыздармен); аспандағы құбылыстармен (күннің шығуы мен айдың батуы, ай фазасының ауысуы, күннің ертеңгіліктегі тұратын орны); сумен - оның қалпының өзгеруімен (қатумен, қар мен мұздың еруімен, бұлттардың түрімен, жауынмен, қара бұлтпен, шықпен, қыраумен); қатты денелермен (күммен, сазбен, таспен), олардың қасиеттерімен; ауамен, оның қозғалысымен, желдің бағытымен және күшімен; электр және жарық құбылыстарымен (найзағаймен - күннің күркіреуімен, кемпірқосақпен, түсті жолақтардың формасы және орналасуымен); өздерінің жер учаскесіндегі, жақын ормандағы, парктегі, көгалдағы, егістік жерлердегі өсімдіктермен (ағаштармен, бұталармен, шөп тұқымдас өсімдіктермен және саңырауқұлақтармен) - өсімдіктердің бөліктерімен, олардың формаларымен, түсімен, өсу үдерісіндегі және жыл маусымындағы өзгерістерімен, өсімдіктерді қорғаумен; жергілікті жерге ең көбірек таралған үй жануарларымен (сыртқы түрімен жекелеген

мүшелерінің құрылысымен және олардың қозғалу, қоректену, жауларынан қорғану ерекшеліктерінің байланысымен, жануарлардың мекендейтін орынымен, жылдың әр түрлі маусымындағы олардың өміріндегі өзгерістерімен жануарлар және оларды қорғау жөніндегі қамқорлықпен); өсімдіктерді өсіру және жануарларды бағып-күту жөніндегі еңбекпен.

Балаларды табиғаттағы құбылыстардың (маусымдық өзгерістер, өсімдіктер мен жануарлардың өсу және даму үдерісіндегі өзгерістер) басталу жүйелілігін белгілеп алуға үйретеді, олардың өсімдіктерді өсіру және жануарларды бағып-күту жөніндегі қарапайым іскерліктерді (дәндерді егу, сабақтарды көшеттеу, көшеттерді көшіріп отырғызу, суару, қопсыту, арам шөптен арылту; балықтарға, қояндарға, тауықтарға және тағы басқа ұсақ жануарларға жем беру) және табиғатқа ұқыпты қарау дағдыларын дарытады. Ересектер тобының балаларын үлкен адамдардың бақшадағы, егістіктегі, бау-бақшадағы мал шаруашылық фермаларындағы т.б. еңбектермен таныстырады.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, табиғатпен таныстыру бағдарламасы жинақталып берілген: балалар балабақшада болған уақыттарының барлығында бір нәрсенің, немесе құбылыстың өзімен бірнеше рет танысады, бірақ әр ретте де кеңірек және тереңірек танысады. Балалардың нақтылы білімі молаяды және сонымен бірге жалпыланады.

Балалар үш жасқа қарағанда объектілерді кеңістікте ажырата білуді үйренеді, күннің жарық беретіні жөнінде түсініктер алады. Сәбилердің екінші тобында балаларға күн мен ауа температурасының арасындағы қарапайым байланысты ажыратуды үйретеді.

Естияр топта балалар күннің қыста шығуы мен батуын бақылайды, күн мен су жағдайының өзгеруі арасындағы қарапайым байланысты анықтайды.

Ересек топтарда балалар айдың фазасындағы өзгерістерді (Ай дөңгелек, жарты дөңгелек, қол орақ сияқты болады), күннің жыл бойындағы бір күнгі қозғалысын, күннің ұзақтығымен байланыстыра отырып бақылайды.

Мектепке даярлық тобында балаларды күннің жоғары көтерілуі мен ауаның температурасының, жылдың әр мезгіліндегі күннің ұзақтығының арасындағы байланыстармен таныстырады.

Мектеп жасына дейінгілерді табиғатпен таныстыру балалардың жыл маусымдары арасындағы байланысты түсінуіне ыңғайлы жүйелілікте жүзеге асырылады. Материал барлық топтарда (бөбектік жастан басқа) жылдың белгілі бір маусымына сәйкес, тоқсандар бойынша орналасқан. Әрбір маусымда өлі және тірі табиғат үшін анығырақ та сипатты құбылыстар бөлінген. Материалдың бұлайша орналасуы - табиғатта болып жатқан құбылыстарды және жекелеген құбылыстардың арасындағы байланысты анықтауды, сондай-ақ оларды бақылаған кездегі қайталанушылығын сезіммен қабылдауын қамтамасыз етеді.

Түсініктер мен ұғымдарды қалыптастыруда сөздің зор маңызы бар. Балалардың сөздік қорының молаюы және ана тілін меңгеріп алуы - табиғатты сезіне танумен біртұтас байланыста жүзеге асады. Сондықтан табиғатпен танысу және тіл дамыту жөніндегі барлық топтардағы материал қосылып, бірге берілген.

«Балалар бақшасындағы тәрбие бағдарламасындағы» табиғатпен таныстыру материалы балалардың іс-әрекеттерінің, түрлеріне қарай берілген. Ол, сабақтарда, күн сайынғы серуендерде, балалардың ойнаған және өсімдіктерді өсіру мен жануарларды бағып-күтудегі еңбектері кезінде жүзеге асырылады. Балаларды сабақтарда және тұрмыста табиғатпен таныстырудың бағдарламалық мазмұнының арасында тығыз байланыс бар. Сөйтіп, мысалы, серуендеудегі, ойнаған және өсімдіктер мен жануарларды бағып-күткен кездеріндегі еңбектерінде алған

түсініктері нақтыланады, жалпыланады және сабақ кездерінде жүйеленеді. Сабақтарда алған білімдерін, іскерліктерін балалар күнделікті іс-әрекеттерінде - ойында, еңбекте, бақылауларда рет-ретімен қолданады [4, 116].

Білімдік материал балалардың іс-әрекеттерінің барлық түрінде жүзеге асырылады. Жұмысты жүргізудің ерекшеліктері - балалардың танымдық үдерістерін ұйымдастыру формалары мен оған басшылық ету әдістерінде.

Балаларды табиғатпен таныстыруда жүргізілетін барлық жұмысты олардың зерттеп жүрген құбылыстарында пайда болатын жүйелілікке сай жүргізу керек. Сондықтан жұмыстың күнтізбелік жоспарын жасау үшін, балаларға табиғаттың қандай құбылысын қашан көрсеткен жөн екенін анықтап алу қажет. Бұл үшін өзінің жергілікті жеріндегі түрлі маусымдық құбылыстардың болатын кезін және ауыл шаруашылық жұмысын жүргізетін кезді, сондай-ақ балалар бақшасының төңірегіндегі табиғатты (саябақтың, гүлзарлардың болуын, орманның, көгалдың жақындығын т.б.), ондағы өсімдіктер мен жануарларды білу керек.

Табиғаттағы заттар мен құбылыстардың әсерінен адамда болатын тітіркенулер бірінші хабар жүйесін, ал оларды білдіретін сөздер екінші хабар жүйесін құрайды. Таным үдерісінің сезімдік жағы бірінші жүйесімен байланысты; ол - түйсік, қабылдау және түсінік формасындағы сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының тікелей сәулесін қамтиды. Дерексіз ойлау екінші хабар жүйесімен байланысты. Екінші хабар жүйесі тек бірінші хабар жүйесі арқылы сыртқы дүниемен байланысты жүзеге асырылады, сондықтан түйсіксіз, қабылдау мен нақтылы түсініктерсіз ойлаудың, болуы мүмкін емес.

Танымның сезімділігі мен тиімділігі бір процестің екі жағы болып табылады.

Танымның сезімділігі мен тиімділігінің өзара қарым-қатынасы дамудың әр түрлі сатыларында, әр түрлі сипатта болады.

Баланың қоршаған шындықты тануы - табиғаттағы заттар мен құбылыстардың оның сезім мүшелеріне әсер етуі процесінде керінетін түйсіктен басталады. Сезімдік танымның физиологиялық негізі - көру, есту, тері, иіс және басқа анализаторлардың бірлескен қызметі екенін И.П.Павлов атап көрсетті. Қабылдауға анализаторлар көбірек қатысқан сайын, түсінік те дәлірек, молырақ, анығырақ және маңыздырақ болады. Мұнан балаларды табиғатпен таныстырудың негізінде көрнекілік, табиғаттағы заттар мен құбылыстардың олардың сезім мүшелеріне тікелей әсер етуі тиіс деуге болады. Балалардың объектілерді көруге, ұстауға, естуге, иіскеуге, олардың ауырлығын т. б. сезуге мүмкіндіктері болуға тиіс [5, 67].

Тәрбиеші балалардың зейінін заттағы басты нәрсеге, олардың атын білдіретін сөздерге аударуы тиіс. Сезімдік түйсінуден, тек түйсінуге сәйкес сөзбен атауға болатын нәрсе ғана меңгеріледі. Сезімдік қабылдау - табиғат жөніндегі бүкіл білімінің алғашқы көзі, ал санадағы шындықтың дұрыс сәулесі осы қабылдаумен байланысты сөздердің көмегімен ғана болатынын әр уақыт есте ұстау керек.

Балалардың түсініктерін қалыптастырудың және олардың сөз байлығын молайту бір уақытта жүзеге асырылады.

Қабылдаудың дамуы бөлшектенбеген әсерлерден заттар мен құбылыстардың сапасына және қасиеттеріне сәйкес ажырату, байланыстыру негізінде жалпылауға келеді. Әрбір түсінікте жалпылаудың бір кезі болады.

Түсінік - мидың анализдік-синтездік іс-әрекетінің нәтижесі. Олар табиғаттағы заттар мен құбылыстардың әр түрлі сапалары мен қасиеттерін бірнеше рет сезініп қабылдау, олардың ішінен айтарлықтай белгілерді және ол белгілердің сөзбен берілуін ажырата отырып, оларды

басқалармен салыстыру нәтижесінде жасалады. Түсініктер іс-әрекетте - балалардың ойыны мен еңбегінде меңгеріледі және тексеріледі.

Түсініктер балалардың санасына сезіну жолымен алынған қабылдаулардың негізінде болғанда ғана дұрыс дамиды. Түсініктің жасалуы - ұзақ үдеріс.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

Балаларды табиғатпен таныстырудың сан алуан құралдары бар. Оларды таңдау - тәрбиелік-білімдік міндеттерге, бағдарламалық материалдың мазмұнына және балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты. Алға қойылған міндеттерді іске асыруды анықтайтын жолдардың негізгі принциптері – тәрбиелеу білім берудің көрнекілігінде, танымды, балалардың белсенділігінің және тәрбиешінің жетекшілік рөлінің бірлігінде.

- 1 Мұханбетжанова Ә.М. *Табиғат және балалар*. – Алматы, 2001. - 210 б.
- 2 Христовская Т.В. *Удивительный мир растений*. – Москва, 1973. – 157 с.
- 3 Баймұратова Б.Б. *Алты жасар балаларды оқыту*. – Алматы, 1986. –190 б.
- 4 Меңжанова А.К. *Мектепке дейінгі педагогика*. – Алматы. 1992 - 206 б.
- 5 Сәтімбекова М.С. *Мектеп жасына дейінгі балаларды табиғатпен таныстыру*. – Алматы, - 148 б.

## ЖҰРУ МЕН ЖҮГІРУ ЭЛЕМЕНТТЕРІ БАР ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ ТӘНТАНУЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

С.К.Юмашева<sup>1</sup>

Г.Б.Копжанов<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ «Дене мәдениеті және спорт» мамандығының  
оқытушысы, б.ғ.к., профессор  
(Алматы қаласы, Қазақстан)

<sup>2</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ «Дене мәдениеті және спорт» мамандығының 1 курс  
магистранты  
(Алматы қаласы, Қазақстан)

### Аңдатпа

Бұл мақалада жүру, жүгіру қазақтың ұлттық спорт ойындарының тәнтанулық сипаттамасы қаралады. Ұлттық қозғалмалы ойындарының адам ағзасына тигізетін әсері, бұлшық еттердің дұрыс дамуы сипатталады. Мақалада спорттың ең қарапайы түрлері жүру мен жүгірудің маңыздылығы айтылды. Сондай-ақ, ойындардың дененің қимыл қозғалыстарының дамуына ықпалы қарастырылған.

**Түйін сөздер:** ұлттық, ойын, жүру, жүгіру, тәрбие, тәнтану.

## ФИЗИОЛОГИЧЕСКИЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ НАЦИОНАЛЬНЫХ ИГР С ЭЛЕМЕНТАМИ ХОДЬБЫ И БЕГА

С.К.Юмашева<sup>1</sup>

Г.Б. Копжанов<sup>2</sup>

<sup>1</sup>к.б.н., профессор кафедры «Теории и методологии подготовки педагогов физической культуры и спорта» КазНПУ имени Абая.  
(г.Алматы, Казастан)

<sup>2</sup>магистрант 1 курса КазНПУ им. Абая специальности «Физическая культура и спорт»  
(г.Алматы, Казастан)

### Аннотация

В данной статье рассмотрены физиологические характеристики казахских национальных спортивных игр. Подчеркнута важность национальных подвижных игр для организма человека, описана необходимость правильного развития мышц. Выделена особенность ходьбы и бега, как самых легких видов спорта. Также, в статье рассмотрено влияние спортивных игр, оказываемое на развитие подвижности организма.

**Ключевые слова:** национальный, игра, спорт, воспитание, ходьба, бег, физиология

## PHYSIOLOGICAL CHARACTERISTICS OF NATIONAL GAMES WITH ELEMENTS OF WALKING AND RUNNING

S.K.Yumasheva<sup>1</sup>

G.B. Kopzhanov<sup>2</sup>

<sup>1</sup>candidate of biology sciences of the "Theory and methodology of training teachers of physical culture and sport" Department at KazNPU named after Abai  
(Almaty, Kazakhstan)

### **Abstract**

In this article, the physiological characteristics of the Kazakh national sports games are considered. The importance of national games for the human body is underlined, the need for proper muscle development is described. A feature of walking and running is identified as the easiest kinds of sport. Also, the article discusses the impact of sports games on the development of body movement.

**Key words:** national, sport, game, upbringing, running, walking, physiological

Қазақ ұлттық ойындарының негізгі сипаты ежелгі дәірден ақ баланың денінің саулығы мен тәрбиеге бейімделгені анық. Бабаларымыз елін, жерін қорғау үшін әр уақытта батыл да шымыр, мығым, епті ұрпақ тәрбиелеуге барынша көңіл бөліп отырған. Кез келген өнер адамзат бойына бала кезден қалыптасады сол сияқты жаугершілік заманда әскери өнердің алғашқы мектебі ұлттық ойындар болған. Адам бойындағы күшті, шымырлықты, ептілікті, төзімділікті, мергендікті, жылдамдықты дамытатын түрлі ойындар болған. Әрине біз өз мақаламызда жүру мен жүгіру элементтері бар ұлттық ойындарды қарастыруды жөн көріп отырмыз. Жүру мен жүгіру барысындағы адам ағзасындағы болатын өзгерістер, бұлшық ет қызметтерін және жүру құбылысының жүзеге асу заңдылықтарына баса назар аударып отырмыз. Жүру, жүгіру элементтерінен тұратын ұлттық ойындар; **түйе тартыс, жаяу көкпар, қоян тазы, ақ серек-көк серек, қасқыр қақпан, көген тартыс, мысық пен тышқан, аңшылар, тұтқын алу, және т.б.** Бұл ойындар негізінен жүру, жүгіру элементтерінен тұратын жылдың кез келген маусымында ойнауға болатын ең кең таралған ойындар. Ойын барысындағы жүру мен жүгірудің тән танулық ерекшеліктеріне тоқталып өтсек.

### **Жаяу жүрудің тән танулық сипаттамасы**

Жүру қимыл-қозғалыстардың басқа да түрлері сияқты жаяу жүру де дененің бүкіл қозғалыс аппараттарының қатысуымен жүзеге асырылады. Бұлшық еттердің жиырылуы арқасында дене жоғары және алға қарай итеріліп күш алып қозғалады. Бұл итерілулерден пайда болған дене екпінінің қимыл әрекеті арқылы жұмсарады, сөйтіп қозғалыс қатты, ытқу емес, жатық бір қалыпты, байсалды сипат алады. Жаяу жүру үстінде аяқты тіреп итерілетін бет қатты болып қарсылық көрсетпесе жүру мүмкін емес. Жер бетінің немесе еденнің қаттылығы дененің салмағын көтеруге жеткіліксіз болып немесе тірелу беті мүлдем тегістігімен үйкелістің мүмкін еместігін көзге елестетсек, онда аяқ тайғанап жүру мүмкін болмас еді. Жаяу жүруді сипаттайтын қозғалыстың толық өтуі қос қадам деп аталады. Қос қадам кезінде дене әр аяғымен бір бірден екі адым жасайды. Екі адым бір қадам болып есептеледі. Егер біз көз алдымызға тұлға арқылы маңдай жазықтық ететінін елестетсек, онда әр аяқтың осы жазықтықтың арт жағындағы қозғалысы «артқы адым» деген, ал жазықтықтың алдыңғы жағындағы қозғалысы, «алдыңғы адым» деген жалпы атауларға ие болады. Бүкіл дененің маңдай жазықтығының арт жағында немесе алдыңғы жағында тұрған аяқ шартты түрде артқы аяқ болмаса алдыңғы аяқ деп аталады. Өткен кеңістігі бойынша байымдайтын болсақ, дене әрбір қос қадам кезінде үш жай адымға орын ауыстырады. Оң аяқтың және сол аяқтың атқарған қозғалыстарына қарап байымдайтын болсақ, онда қос қадам төрт жай адымнан тұрады. Өйткені тірелетін бір аяқтың алдыңғы адымы мен екінші тірелетін аяқтың артқы адымы дене екі аяққа бірдей тірелетін кезеңге тура келеді. Жаяу жүрудің жүгіруден айырмасы – жаяу жүрген кезде дене жүгірген кездегідей ауада қалықтамай үнемі жермен жанасулы болады. Жерге біресе оң аяқ біресе сол аяқ тіреледі. Тірелетін аяқ дегеніміз дене жерге тірелетін аяқ. Жалғыз аяқтың тірелу кезеңінде тірелу бетіне жанаспайтын, немесе жүру үшін көтерілген аяқты тасымал аяқ деп атайды. Әрбір қос қадам кезінде аяқтың қос тірелу кезеңі де, жалғыз тірелу кезеңі де болады. Тірелетін аяққа да, тасымал аяққа да тік қалыпқа келетін сәт яғни

негізінен дененің маңдай жазықтығына дәл келетін кездері болады. Бұл сәт тік кезеңі деп аталады. Жаяу жүрген кезде аяқтардың қозғалыстары екі қолдың қозғалысына қатаң түрде сәйкес келеді. Мысалы: оң аяқтың алға аттауына сол қолдың алға сермелуі сәйкес келеді. Сөйтіп аяқ қолдың қозғалысы адам жаяу жүрген кезде жалпы ауырлық орталығы ирелең сызықтың бойымен өтеді. Жүріп келе жатқан адамға бір қырынан қарайтын болсақ, онда оның тұлғасы мен басы жалғыз тірек кезеңіндегідей емес, қос тірек кезеңіндегі төмен болатынын көреміз. Ал жүріп келе жатқан адамға жоғарыдан немесе алдынан қарасақ, онда оның дәл осы сәтте жерге тірейтін аяғына қарай үнемі орын ауыстырып тербелмелі қозғалыс жасап келе жатқанын, яғни теңселе жүріп келе жатқанын байқаған болар едік. Көлденең бағытта жүзеге асатын бұл тербелмелі қозғалыстар тепе теңдікті сақтауға мүмкіндік береді, өйткені жаяу жүргенде осындай қозғалыстар арқасында ауырлық орталық үнемі тірек ауданының үстінде болады. Қос қадам жасау кезеңінде әр аяқтың орындайтын қозғалысын төмендегідей алты орындалу кезеңге бөлуге болады.

**БІРІНШІ КЕЗЕҢ** – тірелетін аяқтың жерге тию және алдыңғы қадам кезеңі. Бұл кезеңде аяқ басы жерге алдымен өкшемен одан соң табан тиеді. Өкше табан жерге тиген кезде денеге жоғары және біраз артқа қарай бағытталған серпін әсер етеді де балтырдың алдыңғы бетінің бұлшық еттерінің босаңсиды.

**ЕКІНШІ КЕЗЕҢ** – кезінде тірелген аяқтың басы табан бетімен жерді немесе еденді толық басып тұрады. Тірелген аяқ «тік кезеңінен» алға қарай ауа бастайды. Бұл кезеңде балтырдың артқы беті мен санның алдыңғы бетіндегі бұлшық еттердің бұларға қоса жамбастың төмен түсуіне кедергі келтіретін ұршық буынның сыртқы бұлшық еттерінің күшті жиырылатыны байқалады.

**ҮШІНШІ КЕЗЕҢ** – тірелуші аяқтың артқы адымы басталады. Бұл кезеңде дененің салмағы аяқ басының алдыңғы бөлігіне бірте бірте ауыса береді, ал бұл кезде оның артқы бөлімі яғни өкше жағы тірек ауданынан (еденнен) көтеріледі. Осы сәтте санның алдыңғы бетінің балтырдың артқы және сыртқы бетінің бұлшық еттері жиырылады. Бұл жиырылу үшінші кезең аяқталатын, яғни аяқтың жерден итеріліп көтерілетін кезінде өзінің ең жоғары шегіне жетеді. Аяқтың жаяу жүргендегі қозғалысының бұл суреттеліп жазылған үш кезеңі тірелетін аяққа қатысты. Тірелетін бұл аяқ жерден итерілгеннен соң және көтерілгеннен кейін тасымал аяққа айналады. Келесі суреттелетін кезеңдер осы тасымал аяққа қатысты.

**ТӨРТІНШІ КЕЗЕҢ** – тасымал (көтерілген) аяқтың артқы адымына тура келеді. Бұл кезеңде аяқ алға қарай қозғалады. Осы кезде санның артқы бетінің бұлшық еттері біраз жиырылады, ал балтыр тізе буыннан бүгіледі. Сонымен бірге балтырдың алдыңғы бұлшық еттерінің жиырылуы арқылы аяқ басы жоғары қарай ептеп көтеріледі. Тасымал аяқтың алға қарай орын ауыстыруының бәрі белгілі бір дәрежеде, оның осы бағытта тербелуі іспеттес болады. Тербелу қозғалысы ұршық буынының алдыңғы бет бұлшық еттерінің жиырылуы арқасында ретке келеді.

**БЕСІНШІ КЕЗЕҢ** – тасымал аяқтың «тік кезеңіне» тура келеді. Тасымал аяқ жерге тірелген аяқтың қасынан біраз бүгіліп барып өтеді. Аяқты алға тасымалдау осымен бірге бір мезгілде жамбастың ұршық буынының орталығынан өтетін тік біліктің жанында айналуы арқасында жеңілдейді әрі үлкейе түседі.

**АЛТЫНШЫ КЕЗЕҢ** – тасымал аяқтың алдыңғы адымына тура келеді. Бұл кезеңде санның қозғалысы баяулайды, ал бұл сәтте балтырдың тізе буынындағы қозғалысы одан ары жалғаса береді. Тасымал аяқ санның төрт басты егі балтырды итеру (баллистикалық) жұмыс атқарады, түсініктірек айтқанда, бұлшық ет өзінің жиырылуы арқылы балтырдың қозғалысы үшін серпін (екпін) береді, соның нәтижесінде балтырдың қозғалысы бұлшық ет босаңсыған соң да ары жалғаса түседі. Аяқ басы жерге тие бастаған кезде, яғни суреттеліп жазылған кезеңдердің біреуі жүзеге аса бастаған сәтте балтыр тізе буыннан толық жазылады. Жүрген кезде аяқ-қозғалыстарынан басқа омыртқа бел бөліміндегі жеке-жеке омыртқалар аралықтарында да елеулі қозғалыстар болады. Тасымал аяқ жақтағы жамбас біраз көтеріледі де омыртқа бағанасы қарама-қарсы жаққа шамалы иіледі.



Қарама-қарсы жақтағы аяқ жерге тиген сәтте, омыртқа бағанасының бұлшық еттері жиырыла бастайды. Жүрген кезде осындай жиырылудың болатынын бел омыртқа бағанасының жазатын бұлшық етін сипап көру арқылы білуге болады. Үнемі аяқ жерге тиер алдында дене өзінің жалпы ауырлық орталығының тік тірек ауданының аздап алдынан өтетіндей қалыпта болады. Егер алдыңғы аяқ денеге тіреуіш, сүйеніш бола алмай қалатындай жағдай туса, адам құлайды.

### **Жүгірудің тәнтанулық сипаттамасы**

Жүгірудің жүруден айырмасы сол – жүгірген кезде қос тірек кезеңі болмайды. Жүгіргенде дене жерге біресе оң аяқпен біресе сол аяқпен тіреледі, тіректің бұл екі кезеңі арасында «ауада ұшу» кезеңі болады. Жүгірген кезде дене қозғалыстарын үйлестіру негізінен жай жүрген кездегіге ұқсас. Жүгіргенде де аяқ-қол қозғалыстарындағы айқаспа үйлесімділік болады.

Жүгірудің екі негізгі түрі: жүгіргенде аяқтың жерге өкшемен тиетін түрі және жүгіргенде аяқтың жерге ұшымен тиетін түрі бар. Жүгірудің бірінші түрі әдетте алыс қашықтыққа, ал екіншісі қысқа қашықтықтарға жүгіргенде пайдаланылады. Жүгірудің бірінші түрі онша қатты шаршатпайды, екінші түріндей емес, ол өзі жаяу жүруге жақын. Жерге алдымен өкше тиетін жүгірудің кезеңінде де жаяу жүргендегідей әр аяқтың қозғалысында алты кезең болады. Оларға: тірелетін аяқтың жерге тиюі және алдыңғы адымы, тірелетін аяқтың тік кезеңі, тірелетін аяқтың артқы адымы, тасымал аяқтың артқы адымы, тасымал аяқтың тік кезеңі және тасымал аяқтың алдыңғы адымы жатады, жерге тигеннен кейін кезеңдер қайтадан басталады. Жүгірген кезде де жай жүрген кездегідей алдыңғы және артқы қарапайым адымдар толық бір қадамды құрайды. Екі аяқ бірінен соң бірін жүйелі түрде орындайтын екі жалғыз адым – қос адым болады. Жүгірген кездегі тұлғаның қозғалыстары оның жай жүрген кездегі қозғалыстарына сәйкес келеді. Адам алға қарай көлденең бағытта да, тік бағытта да түзу сызықтың бойымен емес, ирек сызықтың бойымен тербелмелі қозғалыстар жасайды. Сонымен бірге тұлға өзінің тік білігінің бойымен емес, ирек сызықтың бойымен айналмалы қозғалыстарды және көлденең білігінің бойымен айналмалы қозғалыстарды және көлденең білігінің бойымен аздаған қозғалыстарды орындайды. Бұл соңғы қозғалыстарды орындаған кезде алдыңғы адымды жасаған сайын тұлға аздап алға қарай еңкейеді. Жай жүрген кездегідей емес жүгіргенде екі қолдың сермелуі үлкендеу болады, бірақ қолдар шынтақ буынынан тіпті жазылмайды. Жүгіргенде бұлшық еттерге күш көп түседі, әсіресе санның төрт басты бұлшық еті, сондай-ақ балтырдың артқы және сыртқы беттерінің бұлшық еттері жерден итеріліп күш алған сәтте қатты жиырылады. Алдыңғы аяқ жерге тиген сәтте санның төрт басты бұлшық етінің жиырылуы тізе буынының бүгілуіне кедергі келтіреді. Жерден итеріліп күш алғаннан кейін тасымал аяқтың артқы адымы кезеңінде балтыр тізеден жай жүрген кездегідей емес көбірек бүгіледі. Мұның өзі тасымал аяқтың екпінін азайтуға мүмкіндік береді, сөйтіп аяқтың артқы қалыптан алдыңғы қалыпқа ауыстыруды жеңілдетеді.

Жүгіру мен жүру- күнделікті өмірде көп кездесетін дене жаттығуларының табиғи түрі. Осы екі түрімен күнделікті жаттығу адам денесінің негізгі мүшелері мен жүйелерінің қызметіне жақсы әсерін тигізеді.

Бабаларымыз адам ағзасының бала кезден дұрыс дамына ежелден ақ жіті көңіл бөлгендігін бүгінге дейін өз маңыздылығы мен құндылығын жоймаған ұлттық ойындарынан білеміз.

Бүгінгі таңда белгілі хирург профессор Н. М. Амосов ( Киев) жүрек және қантамырлар жүйесінің ауруларының алдын-алуда қажетті дене жаттығуларының жақтаушысы болып табылады. Ол дене шынықтыруды жәй жүгіруден немесе жүруден бастау керектігін ұсынады. Олай болса халықтың ұлттық тәрбиесіндегі әр бір ойынның адам ағзасына тигізер пайдасының мол екеніне тағы бір мірте көз жеткіздік.

Жалпы, қазақтың ұлттық ойындарының қай-қайсынының да қоғамдық және әлеуметтік мәні зор. Ата-бабаларымыздың ұлттық ойындар арқылы ұрпақтың береке-

бірлігі мен ынтымағын жарастырып отырған. Шындығына келсек, адамның өмір сүруіне қазақтың ұлттық ойындарының атқаратын маңызы ерекше. Басқаны былай қойғанда, әр ұлттық ойын, әсіресе ат спорттық ойындары - оған қатысушыны өмір сүруге бейімдеп ғана қоймай, қиындықтан қорықпай, қарсы тұра білуге үйретеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1.Жұмашева С. Спорттық морфология негізіндегі тәнтану, Оқу құралы, Алматы 1994.
- 2.Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары / Оқулық. - Алматы, 1994.
- 4.Канағатов И.Б. Ұлттық спорт түрлерінің тәсілдері арқылы жастардың салауатты өмір салтын қалыптастыру әдістемесі: дис. ... пед. ғыл. канд. - Алматы, 2008.
- 5.М.Балғымбаев «Қазақтың ұлттық спорт ойыны түрлері» - Алматы, 1985

Болатқызы Ш.<sup>1</sup>  
Муратова Ж.М.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ-нің аға оқытушысы

<sup>2</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ-нің, 5В010800 - Дене мәдениеті және спорт мамандығының 3 курс студенті

## ТӨЗІМДІЛІК ҰҒЫМЫНЫҢ МӘНІ ЖӘНЕ ОНЫ ДАМУ ҒАДЫСТЕМЕСІ

### *Аңдатпа*

Бұл мақалада төзімділік ұғымының мәні мен мағынасына жан-жақты сипаттама беріледі. Авторлар мақалада төзімділік қасиетін дене қасиеттерінің ішіндегі ең маңызды түрі ретінде қарастырады. Төзімділік ағзаның ұзақ уақыт бойы жұмыстың тиімділігін төмендетпей орындай алу қабілеті болып табылады. Ол спортшылардың белсенді қабілетімен, жоғары қарқынмен спорт түрін әртүрлі тиімді техникалық-тәсілдік әрекеттердің үлкен мөлшерін қолдануымен сипатталады. Сонымен қатар, мақалада төзімділіктің түрлері және олардың жіктелуі қарастырылады. Арнайы және жалпы төзімділікті дамытуға бағытталған жаттығулардың ерекшеліктері мен оған қойылатын талаптар келтіріледі. Сондай-ақ авторлар төзімділікті дамытудың жолдарын, құралдарын және оны жетілдіру әдіс-тәсілдеріне кеңінен тоқталған.

**Түйін сөздер:** дене қасиеттері, төзімділік, жалпы төзімділік, арнайы төзімділік, аэробты, анаэробты, әдістеме, әдіс, күш қасиеттері, күш қасиеттерін жетілдіру, дамыту.

Болатқызы Ш.<sup>1</sup>  
Муратова Ж.М.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Старший преподаватель Национального педагогического университета имени Абая

<sup>2</sup>КазНПУ им Абая, 5В010800 - студентка 3 курса специальности в области физической культуры и спорта

## ХАРАКТЕРИСТИКА ВЫНОСЛИВОСТИ И МЕТОДИКА ЕЕ РАЗВИТИЯ

### *Аннотация*

В данной статье всесторонне рассмотрены содержание и значение понятия выносливости. Авторы статьи рассматривают выносливость как основное физическое качество. Выносливость - способность организма к продолжительному выполнению какой-либо работы без заметного снижения работоспособности. Уровень выносливости определяется временем, в течение которого спортсмен может выполнять заданное физическое упражнение. А также, в статье рассмотрены виды и классификация выносливости. В статье рассмотрено применение различных упражнений, пути, средства и методы для развития общей и специальной выносливости.

**Ключевые слова:** физическое качество, выносливость, общая выносливость, специальная выносливость, аэробное, анаэробное, методика, методы, силовые качества, совершенствование силовых качеств, развитие.

**Bolatyzy Sh.<sup>1</sup>**  
**Muratova Zh.M.<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Senior teacher of the National Pedagogical University named after Abay

<sup>2</sup>KazNPU im Abay, 5B010800 - 3-year student of specialty in the field of physical culture and sports

## **THE CHARACTERISTIC OF STAMINA AND METHOD DEVELOPMENT**

### ***Abstract***

This article comprehensively reviewed the contents and the meaning of endurance. The authors consider endurance as a basic physical quality. Endurance - the ability of the body to prolonged execution of any work without substantial decrease in performance. The level of endurance is determined by the time during which the athlete can perform a specified physical exercise. Also, the article describes the types and classification of endurance. The article describes the use of various exercises, ways, means and methods for the development of General and special endurance.

**Keywords:** physical quality, endurance, General endurance, special endurance, aerobic, anaerobic, technique, techniques, power quality, power quality Sovershenstvovanie, development.

Қазақстан Республикасының егеменді ел болып, дамыған мемлекеттердің санатына қосылуы жағдайында спорт мәдениетінде үлес қосып, соның ішінде әр түрлі спорт түрлерін дамыту, білікті спортшыларды тәрбиелеу бүгінгі қоғам талабы. Спорт адамның денсаулығын нығайту, түрлі жарыстарда жоғары көрсеткіштерге жетуі үшін қолданылатын маңызды іс-әрекет түрі болып табылады. Қазіргі кезде әлемдік спорттық жарыстарда Республикамыз әртүрлі біліктегі таңдамалы спорт түрінен жан-жақтылықты көрсетіп, жүлделі орындарға ие болуда.

«Дене қасиеттері» мен «қозғалыс қасиеті» деген терминдер, ұғымдар оқу құралдарында бір мағынада пайдаланылады. Дене қасиеттері адам қозғалғанда, дене қуатын көрсеткісі келгенде пайда болады. Адам жай тыныштық күйде болғанда ол қаншалықты күшті, жылдам немесе төзімді екенін біз білмейміз, кеңістікте көп уақыт аралығында жылдам қозғалса ғана жылдам екенін, қарқынын азайтпай ұзақ жүгіре алса төзімді екені көрінеді. Яғни, дене қасиеттері адам денесінде белгілі бір деңгейде сақталып тұрады. Ол қозғалған кезде, дене қуаты деңгейін көрсеткісі келген уақытта ғана, адамның қаншалықты күшті, жылдам, төзімді екенін білеміз. Спортшы дене жаттығуларын тұрақты орындау арқылы дене қасиеттері деңгейін жоғарылата алады. Ол сол жоғарылатқан деңгейінде адам денесінде, санасында сақталып тұрады. Әрине, спортшы әрекет жасап, ол дене қасиеттерін тұрақты деңгейде ұстап отырмаса, ол қасиеттер төмендейді, егер тұрақты, өмір бойы жүйелі жаттығулар арқылы шұғылданып отырса, жаттығу техникасы секілді дене қасиеттері де адам денесінде, санасында сақталып тұрады. Бұл қасиеттер адам дене қасиеттерінің деңгейін көрсеткісі келіп әрекет жасағанда ғана толық деңгейде көрінеді. Мысалы, спортшы күш деңгейін көрсеткісі келіп ауыр штангы көтереді, белтемірде көп тартылады, жылдамдық деңгейін көрсеткісі келіп 30 м-ді тез жүгіреді, төзімділік деңгейін көрсеткісі келіп 3 шақырымға жүгіріп, жақсы уақыт көрсетеді, т.с.с.

Жеткіншектік және жасөспірімдік шақтарда спорттық жетілдіру кезеңіндегі дене қимылы қасиеттерін жетілдіру барысында, көптеген мамандардың пікірінше, төзімділік күш қасиеттерін тәрбиелеуге жеткілікті дәрежеде орын бөлінуі тиіс.

«Төзімділік» түсінігі адамдардың дене (бұлшықет) және ой еңбегі түрлерінің ұзақ орындалу қабілетін сипаттай отыра ауызекі тілде өте кең мағынада қолданылады. Адамның қозғалыс дене сапасы (кабілеті) ретінде төзімділікке сипаттама беру салыстырмалы, яғни ол әрекеттің тек белгілі бір түріне қатысты. Төзімділікті үдеп келе жатқан шаршауды жеңіп, жаттығуды тиімді орындауға қабілет деп түсіну қабылданған. Бұл қасиеттің даму деңгейі спортшының ағзасының энергетикалық (қуат) әлеуетінің және спорттың нақты түріндегі талаптарға оның сәйкес келуімен техника мен тәсілдің тиімділігімен, спортшының психикалық мүмкіндіктерімен анықталады, ол жаттықтыру және жарыс қызметінде бұлшық ет белсенділігінің жоғары деңгейін ғана қамтамасыз етіп қоймайды, сонымен бірге шаршау, болдырудың және т.б. үдеу үдерісіне қарсы әрекет етуді және алыстатуды қамтамасыз етеді.

Бұлшық ет қызметінің әр алуан түрлерінде төзімділік деңгейін анықтайтын, себепкер шарттардың алуан түрлілігі, әртүрлі белгілерді пайдалану негізінде төзімділіктің түрлерін жіктеуге (топтастыруға) мамандарға қозғау салды. Сондай-ақ төзімділікті жалпы және арнайы, жаттықтыру және жарыс, жергілікті, өңірлік және ғаламдық, аэробтық және анаэробтық, статикалық және динамикалық, жылдамдық және күш деп бөледі. Төзімділікті осындай түрлерге бөлу әрбір нақты жағдайда аталған қасиеттің көрінуін анықтайтын, себепкер шарттарды талдау жасауды жүзеге асыруға, ең тиімді әдістемені таңдауға мүмкіндік береді, алайда спорттың нақты түріндегі жаттықтыру және жарыс қызметінің өзіндік ерекше талаптарын жеткілікті дәрежеде қамтамасыз ете алмайды. Спорттың нақты түріндегі төзімділікті дамытудың өзіндік ерекшелігі, қимыл-қозғалыс қызметінің алуан түрлілігін және одан туындайтын регуляторлық (реттегіш) және атқарушы органдардың талаптарын есепке ала отырып, жарыс қызметінде осы қасиеттің көріну деңгейін шектейтін, себепкер шарттарды талдау жасаудан келіп шығуы қажет.

Тәжірибелік мақсаттарда арнайы әдебиеттерде және спорт тәжірибесінде берік орын алғанына қарамастан, оны жеткілікті дәрежеде нақты деп құптауға (тануға) болмайды. Ол жетістік деңгейі көп жағдайда аэробтық өнімділігімен анықталатын, спорт түрлеріне және жеке спорт пәндеріне – велосипед спорты (шоссе (тас жол), ұзақ ара қашықтыққа жүгіру, шаңғы спорты және т.б. қатысты толық көлемде қолдануға жарамды. Циклдік (кезендік) сипаттағы түрлеріндегі, жылдамдық-күш және спорттың күрделі үйлестіру түрлеріндегі, жеке-жеке және спорттық ойындардағы, спринтерлік ара қашықтықтарға қатысты айтатын болсақ, оларға қатысты аталған анықтама толықтыруға және нақтылауға мұқтаж, өйткені спорттың бұл түрлерінің өкілдерінің жалпы төзімділігінің төзімділікті жалпы және арнайы деп бөлуге болады.

Жалпы төзімділік - спортшының бірқалыпты қарқынды (аэробтық сипаттағы) жұмысты ұзақ әрі тиімді орындау қабілеті, мұнда бұлшық ет аппаратының айтарлықтай бөлігі қатысады. Алайда мұндай анықтама, құрылымына, ең алдымен жылдамдық-күш, анаэробтық, спорттың күрделі үйлестіру сипатында ұзақ әрі тиімді жұмыс істеуге қабілет кіреді. Осы жағдайға немқұрайлы қарау, спорт теориясында да, тәжірибесінде де байыпты қателіктерге әкелді. Аэробтық мүмкіндіктер спорт нәтижелерін анықтайтын, бейінді қасиет болып табылмайтын, спорт түрлерінде бірқалыпты қарқынмен ұзақ жұмыс істеудің негізінде жалпы төзімділікті дамытуға қызығушылық, жиі еңсерілмейтін сипатқа ие, жағымсыз (теріс) нәтижеге әкелді. Бұл спортшылардың жылдамдық-күш және үйлестіру қабілеттерін дамытудағы мүмкіндіктерін ауырлатудан, техникалық тәсілдер мен әрекеттердің шектеулі мөлшерін меңгеруден, аталған спорт түрінде бейінді қасиеттерді дамыту үшін атқарымдық негізді құруға көңіл бөлудің нашарлығынан көрінеді.

Осылайша, *жалпы төзімділікті* қызметтің ерекше емес түрлерінен өзіндік ерекше түрлеріне жаттықтыруды «ауыстыру» құбылысының бар болуының және жүктемелерге бейімделудің арттуының арқасында спорт шеберлігінің өзіндік ерекше құрамдас бөліктерінің қалыптасу үдерісіне оң ықпал жасайтын, арнайы емес жұмыстарды ұзақ әрі тиімді орындауға деген қабілет ретінде анықтау қажет.

Арнайы төзімділік — бұл спорттың нақты түрінде жарыс қызметінің талаптармен детерминдендірілген (анықталған, негізделген) жағдайында шаршауды, болдыруды жеңіп, жұмысты тиімді орындауға деген қабілет. Л.П. Матвеев (1977 ж.) «Арнайы жаттықтыру төзімділігін» бөліп көрсетуді ұсынды, ол жаттықтыру сабақтарында, микроциклда және өте ірі жаттықтыру үдерісінде орындалатын, өзіндік ерекше жұмыстың жиынтық көлемі мен қарқындылығының көрсеткіштерінен көрінеді, «арнайы жаттықтыру төзімділігі» қимыл-қозғалыс әрекеттерінің жұмысқа қабілеттілігі және тиімділігі және жарыс жағдайында психикалық ерекшеліктері бойынша бағаланады. Арнайы төзімділік өте күрделі көп құрамдас қасиет болып табылады. Әрбір нақты жағдайда оның құрылымы спорттың өзіндік ерекше түрімен және оның жеке тәртібімен анықталады. Спорт түрінің ерекшелігіне байланысты арнайы төзімділік көбінесе, жергілікті немесе ғаламдық, аэробтық немесе анаэробтық, статикалық және динамикалық, сенсорлық немесе сезімдік және т.б. ретінде қарастырылуы мүмкін. Спорттың белгілі түрінде төзімділіктің нақты көрінуін анықтайтын себепкер шарттарды қарастыруды тереңдету, қуатпен қамтамасыз ету жолдары мен құрылымдарын, психикалық құбылыстарды, қатыстырылған қимыл-қозғалыс бірліктерін, шаршау, болдырудың үдеуінің және спортшылардың техникалық-тәсілдік мүмкіндіктерімен органикалық өзара байланысының себептерін есепке ала отырып, арнайы төзімділікті көрсету қажеттілігіне әкелетіні, шүбәсіз. Тек осы негізде ғана белгілі бір спорт түріндегі өзіндік ерекше талаптарға қолдануға жарамды бұл қасиеттің толық дамуын қамтамасыз етуге болады.

Басқа себепкер шарттардың қатарында бұлшық ет қызметінің энергетикалық қамтамасыз етілуіне және оның мүмкіндіктерін кеңейту жолдарына ерекше орын берілуі тиіс. Спорттың басым көп түрлерінде энергиямен қамтамасыз ету жүйесінің мүмкіндіктері қолдануға жарамды және белгілі бір спорт түрінде немесе оның нақты пәні бойынша мамандандырылған, спортшылардың жаттықтыру және жарыс қызметін құрайтын, қимыл-қозғалыс әрекеттерін орындағанда, оларды ұтымды қолдана білу, спортшылардың төзімділігінің жоғары көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін шешуші мағынаға ие болады. Олардың қатарында келесілерді атап көрсетуге болады:

- энергиямен қамтамасыз ету үдерістерінің оңтайлылығы, ол нақты қимыл-қозғалыс қызметінің және түрлендірудің талаптарына сәйкес, энергиямен қамтамасыз ету жүйелерін белсендендіру жылдамдығын анықтайды;

- энергиямен қамтамасыз ету үдерістерінің өсіңкілігі, жұмыстың қарқындылығы мен сипатын өзгертуге деген әрекеті, спортшының атқарымдық жағдайын өзгерту (бабына ену, кірісу, меңгеру, шаршау, болдыру және т.б.);

- үнемділік қимыл-қозғалыс әрекеттерінің тиімділігіне және жұмысқа қабілеттіліктің ең жоғары көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін энергияны үнемді әрі ұтымды пайдалана білу қабілеті ретінде;

- тұрақтылық (орнықтылық) берілген деңгейде энергияны шығаруды ұзақ уақыт бойына қамтамасыз ету қабілеті ретінде.

Жалпы төзімділікті дамытумен екі негізгі міндет көзделеді: жоғары жаттықтыру жүктемелерге көшу үшін алғышартты құру және спорттық жаттығулардың таңдаулы

формаларына төзімділікті ауыстыру. Бұл спорттың әр алуан түрлеріндегі өзіндік ерекшелік ұсынатын, талаптарға байланысты жалпы төзімділікті дамыту әдістері мен құралдарының айтарлықтай айырмашылықтарын қарастырады.

Білікті спортшыларда жалпы төзімділікті дамытуға бағытталған, жұмыстарды жоспарлауда, ең алдымен, спортшының мамандандырылу құралдары мен әдістерінің, оның бағытының қаталдығын есепке алу қажет. Спорттың әр алуан түрлерінде маманданып жүрген, спортшыларда жалпы төзімділікті дамыту әдістемесінде, аталған қасиетті дамытуға бағытталған, негізгі жұмыс орындалатын кезең, барабар (ұқсас) болып табылады – әсіресе, бірінші және белгілі бір көлемде, дайындық мерзімінің екінші кезеңі, құралдардың ортақтығы (жалпылығы) — жалпы дайындық және қосалқы сипатындағы жаттығуларды қолдану; жаттықтыру жұмыстарында жиынтық көлемінде жалпы төзімділікті дамытуға бағытталған жұмыстар көлемі. Әр түрлі мамандандырылған спортшыларда жалпы төзімділікті дамыту әдістемесіндегі негізгі ерекшелік, әр түрлі сипаттағы жұмысқа қолдануға жарамды жалпы төзімділікті жетілдіруге бағытталған, құралдардың біркелкі емес көлемі болып табылады: бұлшық ет аппаратының айтарлықтай бөлігінің жұмысына қатыстырылатын, бірқалыпты қарқынды ұзақ жаттығуларға (аэробтық сипаттағы);

Жылдамдық, жылдамдық-күш және күш сипатындағы жаттығуларға; анаэробтық және аэробтық мүмкіндіктерге жоғары талаптар қоятын, жаттығуларға; икемділік пен ептіліктің дамуына мүмкіндік туғызатын құралдарға және т. б. 21.1 кестеде білікті спортшыларды жаттықтыруда жалпы төзімділікті дамытуға әр түрлі бөлімдерінің үлгілік ара қатынасы келтірілген.

Сонымен қатар, спорттың циклдік түрлерінде ұзақ және орташа ара қашықтықта мамандандырылған спортшыларда, жалпы төзімділікті дамыту, аэробтық қабілеттерді мобилизациялауды (жұмылдыруды) талап ететін, үлкен әрі бірқалыпты қарқынды жұмысты тиімді орындауға ағзаның мүмкіндіктерін арттырумен байланысты. Бұл жағдайда жаттықтыру жұмысының үлкен көлемін ауыстыру, жүктемелерден соң толық қайтадан қалпына келтіру үшін жағдай қамтамасыз етіледі, сонымен бірге арнайы жұмыс кезіндегі аэробтық мүмкіндіктердің жоғары деңгейінің көрінуі үшін қажетті алғышарттар жасалады.

Циклдік түрлеріндегі спринтерлік ара қашықтықта, ойындарда, жекпе-жектерде, жылдамдық-күш түрлерінде мамандандырылған спортшыларда, жалпы төзімділікті дамыту үдерісі айтарлықтай күрделі. аэробтық мүмкіндіктерді арттыруға бағытталған жұмыс, қалпына келтіру үдерістерінің өтуін және өзіндік ерекше жұмыстардың тиімді орындауын қамтамасыз ететін көлемде орындалуы қажет, сонымен бірге ыдамдық қасиеттерінің кейінгі дамуы және жылдамдық техникасын жетілдіру үшін кедергілерді жасамауы тиіс. Жылдамдық-күш қасиеттерін, анаэробтық мүмкіндіктерді, икемділік пен үйлестіру қабілеттерді дамытуға бағытталған, жалпы дайындық және қосалқы жаттығуларды орындауда жұмысқа қабілеттілікті арттыруға негізгі екпін салынуы қажет.

Арнайы төзімділіктің жоғары деңгейіне қол жеткізу үшін спортшыға жеке қасиеттері мен қабілеттерінің, нақты жарыс қызметі үшін тән жағдайларда, оның анықтаушы себепкер шарттарының кешенді көрінуіне қол жеткізу қажет. Дайындықтың бастапқы кезеңдерінде спортшы жоспарланған жылдамдықпен бүкіл жарыс ара қашықтығын меңгеруге, ойынның немесе күрестің тиісті қарқынын ұстауға әлі дайын емес. Алайда осындай қарқынмен жұмыстың үлкен көлемін орындау қажет болады, өйткені бұл жарыс техникасының қалыптасуына мүмкіндік туғызады, жұмыстың үнемділігін арттырады, қимыл-қозғалыс және вегетативтік атқарымдардың (функция) ұтымды үйлесуін қалыптастырады, психиканы жетілдіреді. Бұл өзіндік ерекше қасиеттерді дамыту үшін аралық және үздіксіз әдістердің әртүрлі нұсқалары кеңінен

қолданылады. Арнайы төзімділікті дамытумен жұмыс істеуде, формасы, құрылымы және ағзаның атқарымдық жүйесіне ықпал ететін ерекшеліктері бойынша жарыс жаттығуларына өте жақын, арнайы-дайындық жаттығулары, сонымен бірге жеке дәріс бағдарламаларын орындауда ұзақтығы әр түрлі жаттығуларды үйлестіру негізгі болып табылады. Мысалы, күрескерлердің арнайы төзімділігін дамытуда серіктесімен ұқсас жаттығулар, манекенді әр түрлі тәсілмен лақтыру, бір немесе бірнеше серіктесімен күресу бөліктерін көп рет қайталау, жарыс ережелерімен шектелген уақыттан, көбірек уақыттың ішінде жарыс сипатындағы жаттықтыру күрестері қолданылады және т. с. с. Күрестің басқа түрлерінде де осындай әдістер қолданылады. Мысалы, бокста шын мәнінде жекпе-жекке тән, атқарымдық және техникалық-тәсілдік көріністердің бүкіл жиынтығын үлгілеуге мүмкіндік беретін, әр түрлі жаттығулар кеңінен қолданылады.

Жүзушілердің, жүгірушілердің немесе коньки тебушілердің арнайы төзімділігін дамыту жарыс немесе оған жақын жылдамдықпен және ұзаққа созылмайтын демалыс үзілістерімен ара қашықтықты көп рет жүріп өту, бақылау немесе арнайы жарыс жағдайында жарыс ара қашықтықтарын жүріп өтуді қарастырады. Жиі жаттығулар күрделілендірілген жағдайларда орындалады (тыныс алуды қиындатуға арналған арнайы маскалар немесе трубаларды пайдаланып, орташа тауда жұмыс істеу; жүгірушілер және коньки тебушілер арнайы ауыр жүктермен жүгіруді қолданады, жүзушілер – байлап немесе арнайы тежегіш құрылғыларын қолданып жүзеді және т.с.с.). Жұмыстың қарқындылығын жоспарланған жарысқа жақын етіп жоспарлайды. Жарыс жоспарынан біршама басым қарқынды жаттығулар кеңінен қолданылады.

Егер жеке жаттығулардың ұзақтығы онша ұзақ болмаса (жарыс қызметі ұзақтығынан әлдеқайда аз болса), онда олардың арасындағы демалыс аралығының ұзақтығы онша ұзақ болмауы мүмкін. Ол, әдетте, алдыңғы жаттығудан шаршаған соң, шаршау, болдыру кезінде келесі жаттығуларды орындауды қамтамасыз етуі қажет. Алайда шаршау, болдыру жағдайында кезектегі жаттығуларды орындауға болатын уақыт аралығын есеке алу қажет, ол өте ұзақ (мысалы, жоғары қарқынмен ұзақтығы 20—30 с жұмыс істеген соң, шамамен 1,5—3 мин. бойына жұмысқа қабілеттілік төмен күйінде қалады). Сондықтан үзілістердің ұзақтығын жоспарлауда, жүктеме, бір жағынан, жаттықтыру ықпалын көрсетуге қабілетті, талаптарды оның ағзасынан талап етуін, ал екінші жағынан – шектен тыс көп болып, бұған қоса оған жағымсыз әсер етпеуін бақылай отырып, спортшының біліктілігі мен жаттықтыру деңгейін есепке алады.

Жеке жаттықтыру жаттығулары ұзаққа созылғанда, онда қайталаулар арасындағы үзілістер ұзақ болуы мүмкін, өйткені бұл жағдайда жаттығулар кешенінің шоғырланған әсерінің нәтижесі емес, әрбір жеке жаттығуды орындау барысында болатын, жылжулар, негізгі жаттықтырушы ықпал етеді. Арнайы төзімділікті дамытуға бағытталған, жаттығуларды таңдауда, спорттың нақты түріндегі жарыс қызметіне тән ерекшеліктермен байланыстыру қажет.



Субмаксималды және жоғарғы қарқынды жұмыстың арнайы төзімділікті тәрбиелеуде ұзақ істелінетін басқа жұмыстан кейін қысқа бөліктерді орындау кезінде қолданылады (тандап алынған арақашықтықтан гөрі көп қысқартылған арақашықтық). Бір рет қысқа арақашықтықты жүгіріп өту организмге аз әсер етеді. Әрбір жаттығуды бірнеше рет өту арқылы жоғарғы жетістіктерге жетуге болады, маман спортшылар 200 м, 400 м, ережелер қатысты қашықтықты 40-тан 100 ретке дейін қайталайды.

Орындалатын дене (бұлшықет) жұмысы типі мен сипатына байланысты төзімділік келесідей жіктеледі:

1.Статикалық және динамикалық төзімділік, яғни сәйкесінше статикалық немесе динамикалық жұмысты ұзақ орындау қабілеті;

2.Жергілікті (локалды) және ауқымды (глобалды) төзімділік, яғни сәйкесінше жергілікті (бұлшықеттің аз санының қатысуымен) немесе ауқымды (бұлшықет массасының жартысынан көбірек бұлшықеттер тобының қатысуы кезінде) жұмысты ұзақ жүзеге асыру қабілеті;

3.Күштік төзімділік, яғни көп бұлшықет күшінің көрінуімен қатар жүретін жаттығуды бірнеше рет талау қабілеті;

4.Анаэробтық және аэробтық төзімділік, яғни энергиямен қамтамасыз етілудің анаэробтық немесе аэробтық типтерінің басым келуімен ауқымды жұмысты ұзақ орындау қабілеті.

Сонымен, спортшылардың дайындығының арнайы міндетін шешуде төзімділік күш қасиеті маңызды орын алады. Төзімділік ағзаның ұзақ уақыт бойы жұмыстың тиімділігін төмендетпей орындай алу қабілетін көрсетеді және адамның шаршауды жеңу қабілетін арттырады. Төзімділік арқылы ғана спортшыларымыз кәсіби спорттың ең биік шыңына жетеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Есмағанбетов З.А. Дене тәрбиесі ілімі мен әдістемесінің негіздері. – Қарағанды, 2011.
2. Аманбаев Р.Р. Спорт теориясы мен әдістемесінің жалпы негіздері. – Алматы, 2011.
3. Уанбаев Е.Қ. Дене мәдениеті және спорттың теориясы мен әдістемесі. - Өскемен, 2006.
4. Платонов В.Н. Выносливость и методика ее совершенствования. – Киев, 1986.
5. Ашмарин Б.А. Теория и методика физического воспитания. - Москва, 1990.

*Р.Б.Кадырбеков<sup>1</sup>  
М.Г.Айдарбекова<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>магистр-преподаватель кафедры «Теории и методики подготовки педагогов физической культуры и спорта»*

*<sup>2</sup>старший лаборант кафедры «Теории и методики подготовки педагогов физической культуры и спорта»*

## **ВЕЛОСИПЕДНЫЙ ТУРИЗМ**

### ***Аннотация.***

Велосипедный туризм становится все более популярным в Казахстане и за рубежом, но его содержание и особенности остаются недостаточно определенными. Конкретизации содержания велосипедного туризма посвящена данная статья.

**Ключевые слова:** туризм; спорт; велосипедный туризм; активный отдых.

*Р.Б.Кадырбеков<sup>1</sup>  
М.Г.Айдарбекова<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>«Дене мәдениеті және спорт педагогтарын даярлаудың теориясы мен әдістемесі»  
кафедрасының магистр-оқытушысы*

*<sup>2</sup>Дене мәдениеті және спорт педагогтарын даярлаудың теориясы мен әдістемесі»  
кафедрасының аға лаборанты*

### ***Аңдатпа.***

## **ВЕЛОСИПЕД ТУРИЗМІ**

Велосипед туризмі Қазақстанда және шетелде танымал болып барады, бірақ оның мазмұны және ерекшеліктері жеткіліксіз. Бұл мақала велосипед туризмінің мазмұнын нақтылауға арналған.

**Түйін сөздер:** туризм; спорт; велосипедтық туризмі; белсенді тынығу.

### ***Abstract***

*R.Kadyrbekov<sup>1</sup>*

*M.Aidarbekova<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>master-teacher of the Department "Theory and methodology of training teachers of physical culture and sport"*

*<sup>2</sup>senior laboratory assistant of the Department "Theory and methodology of training teachers of physical culture and sport"*

## CYCLING

Cycling tourism is becoming more popular in Kazakhstan and abroad, but its content and features remain insufficiently defined. Specify the content of cycling tourism this paper is devoted.

**Key words:** tourism; sport; cycling; active recreation.

**Велосипедный туризм** (велотуризм) — один из видов [туризма](#), в котором [велосипед](#) служит главным или единственным средством передвижения. Понятие «велосипедный туризм» многозначно и относится как к одному из видов [активного отдыха](#), так и к разновидности [спортивного туризма](#).

### *Велотуризм как активный отдых*

Велотуризм как [активный отдых](#) заключается в прохождении на [велосипеде маршрутов](#), содержащих общетуристические и специфические для велотуризма объекты экскурсионного характера. Сложность таких походов может колебаться от простой до крайне высокой, маршруты прокладываются так, чтобы использовать преимущества, которые дает велосипед для быстрого передвижения по маршруту. Главные отличия таких велопоходов от спортивного велотуризма, ориентированного на получение спортивных разрядов и званий — отказ от преднамеренного усложнения маршрута, деления походов на категории сложности и совмещение спортивной составляющей похода с осмотром культурных и природных достопримечательностей. Среди видов активного отдыха, велосипедный туризм является лидером по скорости передвижения и протяженности маршрутов.

### **Разновидности велопоходов**

- **Однодневный велопоход** — велопоход без ночёвок. Как правило, выезд утром, приезд — вечером того же дня.
- **ПВД** — «Поход выходного дня» — велопоход с одной ночёвкой, как правило выезд в субботу утром и приезд в воскресенье вечером.
- **Многодневный велопоход** — велопоход продолжительностью в несколько дней с ночёвками.

### *Спортивный велотуризм*



Переход велотуристами через [болото](#) в национальном парке «[Лосиный Остров](#)»

Спортивный велотуризм входит, наряду с другими видами туризма, в [Федерацию спортивного туризма России](#) и в Федерацию спортивного туризма Украины, при которых работают комиссии по всем видам спортивного туризма, и различные клубы туристов.

### Категорирование

В велосипедном спортивном туризме выделяется шесть категорий сложности [походов](#). Первая [категория](#) — самая простая, шестая — самая сложная. Категория сложности похода определяется по методике категорирования велосипедных походов. Минимальная протяженность велосипедного похода первой категории сложности составляет 300 км.

| Категория | Протяженность                    | Препятствия<br>«Равнина»                                                                                                              | Препятствия<br>«Горы»                                                                                               | Требования<br>к<br>участникам                        |
|-----------|----------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------|
| 1 к/с     | 300 км — 6 дней<br>(+1 днёвка)   | Не регламентируется                                                                                                                   | Не регламентируется                                                                                                 | все<br>желающие                                      |
| 2 к/с     | 400 км — 8 дней<br>(+1-2 днёвки) | Не менее 150 км г/д.<br>При отсутствии г/д ><br>800 км                                                                                | Не менее 75 км г/д<br>Н=2.000 м.<br><br>При отсутствии г/д Н<br>= 4.000м                                            | прошедшие<br>велопоход<br><br>1-й к/с <sup>[1]</sup> |
| 3 к/с     | 500 км — 10<br>дней (+2 днёвки)  | Не менее 200 км г/д,<br>полевых и лесных троп.<br><br>При отсутствии этих<br>препятствий >1000 км                                     | Не менее 100 км г/д,<br>Н= 4.000 м.<br><br>При отсутствии г/д Н<br>= 7.000 м                                        | прошедшие<br>велопоход<br><br>2-й к/с <sup>[1]</sup> |
| 4 к/с     | 600 км — 13 дн.<br>(+2-3 днёвки) | Не менее 300 км г/д,<br>полевых и лесных троп.<br><br>При отсутствии этих<br>препятствий > 1200 км                                    | Не менее 150 км г/д,<br>Н = 7.000 м<br><br>При отсутствии г/д Н<br>= 10.000 м                                       | прошедшие<br>велопоход<br><br>3-й к/с <sup>[1]</sup> |
| 5 к/с     | 700 км — 16<br>дней (+3 днёвки)  | Не менее 400 км г/д с<br>песчаными или<br>заболоченными<br>участками, лесных<br>буреломов с<br>преодолением водных<br>преград «вброд» | Не менее 200 км г/д,<br>Н = 10.000 м. При<br>отсутствии<br><br>г/д Н = 15.000 м                                     | прошедшие<br>велопоход<br><br>4-й к/с <sup>[1]</sup> |
| 6 к/с     | 800 км — 20<br>дней (+4 днёвки)  | Не менее 500 км<br>труднопроходимых<br>дорог с<br><br>заболоченными и<br>песчаными участками,<br>лесных буреломов,                    | Не менее 250 км г/д,<br>Н = 12.000 м,<br>прохождение не<br>менее<br><br>одного категорийного<br>пер. 1-А или реки с | прошедшие<br>велопоход<br><br>5-й к/с                |

|                                                               |                                                                  |
|---------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------|
| преодолением рек и<br>проведением не менее<br>одной переправы | наведением<br>переправы. При<br>других условиях — Н<br>= 20.000м |
|---------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------|

### Обозначения:

1. г / д — грунтовые дороги;
2. Н — суммарный набор высоты за весь поход;
3. количество дней отдыха составляет примерно 20 % от числа ходовых дней;
4. не менее 50 % ночёвок для велопоходов всех к/с должно проводиться в полевых условиях.<sup>[1]</sup>

### Велосипеды

Специфика велотуризма накладывает определённые требования к конструкции велосипеда. Например, велосипед «[Турист](#)» производства ХВЗ имеет 4-5 передач, облегчённый вес по сравнению с обычными дорожными велосипедами. В отличие от спортивного велосипеда туристический велосипед обеспечивает более высокую проходимость, более прямую посадку велосипедиста. Велосипеды для велотуризма (кроме спортивного) имеют передние и задние багажники для сумок и рюкзаков.

### Заплечные



### Велорюкзаки и велосумки

Длительная перевозка большого груза на спине неприятна и вредна для позвоночника, что вызвано специфической позой велосипедиста. Поэтому они обычно имеют небольшой объем — от 5 до 35 л и предназначены для коротких маршрутов для перевозки питьевой системы ([Camel Back](#), [гидропак](#)) и минимума одежды.

Для велорюкзаков характерны:

1. Яркая раскраска, наличие светоотражателей и крепления для маячка.
2. Характерная форма, сужающаяся кверху. Благодаря этому, снижается аэродинамическое сопротивление и вероятность зацепиться рюкзаком за свисающие над дорогой ветки.
3. Наружные крепления для шлема.

### Багажные

Багажные велорюкзаки («велоштаны») крепятся на багажник велосипеда, при этом части рюкзака, как правило, свешиваются по обе стороны колеса. По количеству отделений делятся на:

- Однообъёмные
- Двухобъёмные
- Многообъёмные

### ***Велосумки***

#### **На багажник**

Самые распространенные велосипедные рюкзаки. Только в них можно перевозить достаточно большие грузы. Имеют объем от 8-10 до 90 литров, часто - чехол от дождя и лямки для переноски, а также систему внешнего крепления груза.

#### **На руль**

Имеют небольшой объем и обычно используются для фото-видеотехники и мелких вещей.

#### **Под раму, под седло**

Небольшие по объему подрамные велосумки используются для инструментов, запасной камеры, заплаток, бортовок и т.д.

### ***Список использованной литературы:***

5. Основополагающие документы. Нормативные акты по спортивно-оздоровительному туризму на 2001—2004 гг. — М. 2001 г.; стр. 74.
6. Агентство спортивного туризма <http://www.nasbory.ru>
7. Об утверждении правил вида спорта «Спортивный туризм», Министерство спорта РК, приказ от 22 июля 2013 г. № 571.
8. Нормативные акты по спортивно-оздоровительному туризму на 2001—2004 гг. — М. 2001 г.
9. История туризма в Казахстане : Советы по туризму — новый этап развития туризма в стране (1962—1969)

**Ж.Н.САДУОВА<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

(Түркістан қаласы, Қазақстан)

## **ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА СТУДЕНТТЕРДІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

### ***Аңдатпа***

Бұл мақалада жоғары оқу орындарында студенттерді психологиялық дайындау жүйесінің теориялық-әдіснамалық негіздері талданып, этнопсихологиялық мәдени ерекшеліктер негізге алынады. Сонымен қатар әр әдеиттердегі мәліметтерді талдай келіп, олардың арасындағы қарам-қайшылықтар айқындалып, олардың ортақ мәселелері нақтыланған. Яғни студенттерді қоғам талабына сай дамытып, қалыптастыру бағыттары берілген.

Психологиялық дайындаудың Қазақстанда даму жолы мен қазіргі жағдайы психология курсының оқулықтарымен, оқу құралдарымен қамтамасыз етілуі, қазақ тілінде психологияны оқыту мәселесі, жоғары мектепте оқу жоспарлары бойынша психология пәндерінің түрлері, оларды оқуға бөлінетін сағат көлемдері, оқыту формалары, дәрісханадан тыс психологиялық жұмыстар, психологиялық білім беруді жүзеге асырып, жетілдіретін мамандарды дайындау жағдайы бойынша сарапталып зерттелді. Зерттеу барысында республиканың жоғары мектептерінде студенттерге психология пәндерінен дәріс берудің өзіндік ерекшеліктері мен мәселелері ашылды.

***Кілттік сөздер:*** индивид, тұлға, субъект, даралық, инновациялық, субъект, микроорта, педагогикалық технология.

**САДУОВА Ж.Н<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Международный казахско-турецкий университет им.Х.А.Ясауи

(г. Туркестан, Казахстан)

## **ТЕОРЕТИКА-МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ СИСТЕМЫ ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВКИ СТУДЕНТОВ ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ**

### ***Аннотация***

В данной статье анализируется теоритико-методологические основы системы психологической подготовки студентов высших учебных заведений, в основу которых взяты этнокультурные особенности. Также проведен анализ литературы, выявлены противоречия и общие проблемы. То есть определены направления формирования развития студентов в соответствии с требованиями общества.

Исследуются вопросы повышения уровня подготовки специалистов занимающихся обеспечением и подготовкой учебников, учебных пособий, учебных планов на казахском языке и осуществляющих разработку и реализацию часов обучения, форм обучения и вне лекционных

работ по психологии. В процессе исследования рассматриваются специфические особенности и проблемы преподавания психологии в республиканских высших школах.

**Ключевые слова:** индивид, личность, субъект, индивидуальность, инновационные, микрообщество, педагогические технологии.

**SADUOVA ZH.N.<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Khoja Ahmet Yasawi International kazakh-turkish university  
(Turkestan city, Kazakhstan)

## **THEORETICAL-METHODOLOGICAL BASES OF THE SYSTEM OF PSYCHOLOGICAL TRAINING OF STUDENTS OF HIGHER EDUCATIONAL INSTITUTIONS**

### ***Annotation***

This article deals with the theoretical - methodological bases of the system of psychological training of students of higher educational institutions, which are based on ethno-cultural characteristics. Also the analysis of the literature revealed inconsistencies and general problems. That is determined by the direction of formation of development of students in accordance with the requirements of the companies.

Examines the issues of improving the training of specialists engaged in maintenance and preparation of textbooks, manuals, curricula in the Kazakh language and engaged in the development and implementation of hours of training, forms of learning outside of the lecture work in psychology. During the study, discusses the specific features and problems of teaching psychology in the national high schools.

**Key words:** individual, personality, entity, individuality, innovation, micro society, educational technology.

**Кіріспе.** Қазіргі қоғам өмірінің бар саласындағы қарқынды динамика мен ғаламды бетбұрыстар сипаты жастардың іс-әрекетіне, қарым-қатынасына жаңаша талаптар қоя бастады.

Қазақстан Республикасының болашағының іргетасын қалайтын жастар болғандықтан, барлық жағдайлар, талаптар осы жастарға яғни студенттерге қойылған. Бұл талаптар студенттердің өмірге көзқарасының, материалдық, рухани құндылықтарының дүниетанымының өзгеруіне әкеліп соқтырады. Себебі студенттер тәуелсіз, өз іс-әрекетіне өзі жауап беретін дәрежеге жеткендіктен, "мен" қасиетінің жоғары дамығандығымен, қабілетін жоғары биіктіктерге шарықтата алуымен ерекшелінеді. Сол себептен қазіргі таңдағы студенттердің талаптары, қажеттіліктері қандай сатыда екендігі актуалды мәселелерге айналып отыр[1].

Психологиялық дайындаудың Қазақстанда даму жолы мен қазіргі жағдайы психология курсының оқулықтарымен, оқу құралдарымен қамтамасыз етілуі, қазақ тілінде психологияны оқыту мәселесі, жоғары мектепте оқу жоспарлары бойынша психология пәндерінің түрлері, оларды оқуға бөлінетін сағат көлемдері, оқыту формалары, дәрісханадан тыс психологиялық жұмыстар, психологиялық білім беруді жүзеге асырып, жетілдіретін мамандарды дайындау жағдайы бойынша сарапталып зерттелді. Зерттеу барысында республиканың жоғары мектептерінде студенттерге психология пәндерінен дәріс берудің өзіндік ерекшеліктері мен мәселелері ашылды.

Жоғары оқу орындарында студенттерді психологиялық дайындау тарихы психология курсын оқыту бойынша ұстанымдардың пайда болуымен және аталмыш мәселеге қатысты еңбек еткен



ғалымдардың зерттеулерімен байланысты кеңестік кезден басталып, болашақ педагогтарға кәсіби білім беру жүйесінің негізінде және оның аясында одан әрі жетілу мүмкіндігіне ие болғандығы айқындалды.

Әдебиетте бұрын да қолданылған дәстүрлі психологиялық дайындау ұғымын студенттердің психологиялық даярлығын жетілдіру процесінде сырттан реттеу басымдылығының; білімнің мінез-құлыққа сіңісті болуын емес, тек академиялық деңгейге бағдарының; оқу-кәсіби іс-әрекет пен қарым-қатынасты жетілдіруді және студенттердің өзін-өзі тануынан бастап өзін-өзі дамыту, өзін-өзі актуалдандыру дәрежесіне жетуін қамтамасыз ететін үйлесімді тұлға бола алмауының жалпы сипаттамасы ретінде анықтап, қарастырдық.

Психология пәндерінің мазмұнын талдау арқылы онда индивид, тұлға, субъект, даралық ұғымдарын, көріністерін қарастыру дәрежесінің жеткіліксіздігі; психика формаларымен танысу, олардың заңдылықтары мен фактологиясын сипаттаумен шектелетіні белгілі болды[2].

Дәстүрлі психологиялық білім беру процесінің іс-әрекетке, қарым-қатынасқа, өзіндік дамуға қатысты студенттердің психологиялық проблемаларды шешуді қамтамасыз ете алмайтыны айқындалды. Студенттерді дәстүрлі психологиялық дайындау жүйесінде олардың психология ғылымдарын меңгеру іс-әрекетіне қатынасы, осы орайдағы қажеттілігі мен үміттері әрқашан ескеріле бермейтіні ашылды.

**Зерттеу әдістері.** Студенттерге психологиялық білім берудің дәстүрлі жағдайы деректер негізінде талданып, психологиялық даярлықтың жеткіліксіз дәрежесіне себепкер болатын қайшылықтар анықталды:

- жоғары мектептің оқу жоспарларындағы психология пәндерінің қазіргі орны және оның қазіргі ғылым-білім жүйесінде алатын маңызы зор болуы, ізгілікті пәндерге қатысты қоғамның әлеуметтік үміттерінің артуы арасында;
- психология пәндерін қазіргі оқу процесіне таңдап алу, редуциялау, енгізу жағдайы және студенттерді кәсіби дайындау жүйесіне негіз болатын психологиялық біліммен оны барынша қанықтыру қажеттігі арасында;
- студенттерді кәсіби дайындау жүйесінің психологиялық нұсқауларға, психологиялық көмекке зәрулігі және жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие процесінде олардың қолданылмауы, жүзеге асырылмауы арасында;
- психологиялық білімнің іс-әрекетті жүзеге асыруда, оны дамытуда мәнділігі және студенттердің іс-әрекетті психологиялық қамтамасыз етуге даярлығының жетіспеуі арасында;
- қазіргі студент жастардың жеке басында психологиялық көмекті қажет ететін әлеуметтік, тұлғалық мәселелердің көптеп кездесуі және кәсіби дайындық жүйесінде оларды психологиялық жолмен шешу жағдайының, әдіс- тәсілдерінің, құралдарының қолданылмауы арасында;
- студенттерді психологиялық дайындаудың шынайы және идеалды нәтижесі арасында[3].

Студенттерге дәстүрлі психологиялық білім беруге жүргізілген талдау республикадағы жоғары мектептерде психологиялық дайындау тиімділігін арттыру қажеттігін айқын көрсетті[4]. Студенттердің психологиялық даярлықты дамытуына және іс-әрекетті, қарым-қатынасты психологиялық жолмен жетілдіруіне бағытталған өзіндік әрекеттерін өзекті ету қажет. Осыған орай жоғары мектептегі психологиялық дайындаудың ерекше үлгісін жасауға онда орын тепкен

қайшылықтардың ғылыми негізде зерттелінуі және педагогикалық тәжірибе тұрғысынан жалпылануы бағдар болады.

***Зерттеу нәтижелері.*** Психологиялық дайындауды студенттерге енжарлыққа бой алдыруға мүмкіндік бермейтін; адамның жан-дүниесі жайлы біртұтас түсінік қалыптастыратын; қарым-қатынас жасаудың үйлесімді мәнерін меңгеруге ахуал болатын; психолог-ғалымдардың зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне зәрулік танытып, оларды өздерінің кез-келген іс-әрекетін жетілдіру, соған орай өзін-өзі дамыту, өзін-өзі актуалдандыру мақсатында қолдануға ұмтылдыратын процесс ретінде жасау керектігі дәлелденді. Осыған орай психологиялық дайындау бағыт-бағдарын студенттердің іс-әрекетті, қарым-қатынасты жетілдіруге, дамытуға ұмтылысы мен белсенділігін көкейтесті ету мақсатында бұру қажет деп санаймыз.

Жоғары оқу орнында психологиялық дайындаудың жаңаша жүйесі іс-әрекет пен қарым-қатынасты, өзіндік даму процесін жетілдіруге және өзін-өзі актуалдандыруға мүмкіндік беру үшін оны құру мен іске асыру теориялық-әдіснамалық негізге арқалануы тиіс[5].

Қазір республика оқу орындары ұсынып отырған көп нұсқалыққа байланысты өздерінің қалауына сәйкес кез-келген үлгі бойынша қызмет етуіне мүмкіндік алды. Бұл бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан әртүрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны әрбір білім алушының жас және жеке дара психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде іс жүзінде анықталып табылған оқыту үрдісінің нәтижесін көретін әдіс-тәсілдері, түрлері көбіне жаңашыл, инновациялық болып табылады[6].

***Талқылау.*** ХХІ ғасырда болашақ мамандарды даярлау, олардың кәсіби бейімделуін қалыптастыру мәселелері – кезек күттірмейтін өзекті қоғам талабы. Сондықтан біз болашақ педагог маманның жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды қолдануға даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасадық. Болашақ мамандардың жаңа инновациялық педагогикалық технологияларды қолдануға даярлықты қалыптастыру мына көрсеткіштерді қамтиды:

***Кәсіби-мотивациялық өлшемдеріне*** танымдық қызығуды қалыптастыру бейнесі жатады. Оған болашақ мамандарды кәсіби қалыптастыру, құндылық қарым-қатынас, болашақ маман өзінің кәсіби шеберлігін дамытуға талпынуы, болашақ мамандығын ерекше жақсы көруі, ұрпақ тәрбиесінде ұстаздың жетекші орнын сезінуі, кәсіби жеке біліктілік деңгейін көтеруге бағыттылығы, инновациялық іс-әрекетке ұмтылу әрекеттері және оларды жаңашылдықпен жүзеге асыру қабілеттері кіреді.

***Мазмұндық өлшемдеріне*** болашақ маманның жалпы мәдениеттілік дайындығы мен пәндік әдіснамалық дайындығының деңгейі, мамандығы бойынша білімін тәжірибеде еркін қолдана алуы, педагогикалық біртұтас білім жүйесі, біртұтас педагогикалық үрдістің заңдылықтары, мен қозғаушы күштерінің жалпы теориялық білім негіздерімен қарулануы кіреді. Оған біртұтас педагогикалық үрдістің теориялық негіздерін және жеке тұлға териясының ғылыми негіздерін меңгеруі, педагогикалық іс-әрекет теориясының негіздерін білуі, білім алушылардың барлық мүмкіндіктерін пайдаланғанда инновациялық іс-әрекеттің көбіне нәтижелі болатындығын сезіне алуын қалыптастырады.

***Бейімділік өлшемдеріне*** болашақ маманның барлық жағдайға бейімделе алу қабілеті жатады: бейімділік жағдаятына бағдарлана алуы, микроорта өзгерістеріне сай қолайлы инновациялық педагогикалық технологияларды таңдай алуы. Бейімділік өлшемдері болашақ

маманның білімгер мәртебесінен оқытушы, ұстаз мәртебесіне ауысуының ерекшелігін сезіне білуімен, бейімділік іс-әрекетті жүзеге асырудың жаңа әдіс-тәсілдерін шығармашылықпен пайдалана алуларымен ерекшеленеді.

*Танымдық өлшемдері* болашақ маманның әлеуметтік кәсіби қоршаған ортаны жедел тани алуымен, өзін кәсіби жүзеге асырудың нәтижелі әдіс-тәсілдерін пайдалануымен, инновациялық педагогикалық технологияларға қызығу танытумен ерекшеленеді. Оған болашақ маманның әлеуметтік кәсіби қоршаған ортаны біліп тануы, кәсіптік білімін өз тәжірибесінде қолдана білуі, инновациялық педагогикалық технологияларды оқып меңгеруі, үйренуі және оқыту үрдісінде жүзеге асыруы жатады.

*Іс-әрекеттік өлшемдері* болашақ маманның өзінің кәсіби іс-әрекетінің мақсаты мен міндетін анықтай алуы және педагогикалық қарым-қатынастық үрдісті тиімді жүзеге асыра алуымен өлшенеді. Оған болашақ маманның өз пәнін жете меңгеруі, біртұтас оқу-тәрбие үрдісінің психологиялық, педагогикалық негіздерін білуі, педагогикалық үрдісті жоспарлап, жүзеге асыра алуымен ерекшеленеді.

*Технологиялық өлшемдері* оқытудың әдістемелік мақсаттары, оқыту үрдісі, оның міндеттерін анықтай алуы, оқытудың нәтижесін болжай алуы және психологиялық-педагогикалық білімдерді меңгерумен анықталады. Оған болашақ маманның біртұтас оқу-тәрбие үрдісінде сабақты тиімді ұйымдастыра білуі, оқушылармен ынтымақтастық қарым-қатынасты жүзеге асыра алуы, біртұтас педагогикалық үрдісті диагностикалап алуы және сабақтың нәтижесі жоғары болатындай ең тиімді педагогикалық технологияны таңдай алуын қамтиды.

*Шығармашылық өлшемдеріне* шығармашылық ептілікті, шығармашылық белсенділікті, болашақ маманның шығармашылық-ізденушілік дамыту кіреді. Оған болашақ маманның ғылыми-зерттеу жұмыстарына өзіндік талдау жасай алуы, өз білімін көтеруге, жетілдіруге талпыныстың болуы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануға өзіндік (авторлық) жаңалықтар, өзгерістер енгізумен және жаңалықты кәсіби шығармашылықпен қолдана алуымен сипатталады.

Болашақ мамандарды субъект-бағдарлы психологиялық дайындау процесі әдіснамалық тұрғыдан негіздеуді қажет етеді. Себебі, психологиялық даярлық детерминанттарын; студенттерді субъект-бағдарлы психологиялық дайындау негізінде болған өзгерістердің әлеуметтік орта, қоғам талаптарына сәйкестігін; психологиялық дайындау нәтижесінің басқа да психологиялық қасиеттер жүйесіне ықпалын; психологиялық дайындауды іске асырудың, оңтайландырудың психологиялық-педагогикалық ахуалын; психологиялық дайындау процесінің субъектісі ретінде студенттердің даму, жетілу басталатын «кезі» мен бағытын, заңдылықтарын анықтауға, сипаттауға негіз болуы керек. Болашақ мамандарды субъект-бағдарлы психологиялық дайындау мәселесіне қатысты зерттеу жұмысы тіркелетін тұжырымдар, қағидалар біртұтас жүйені құрайды.

***Қорыта келгенде,*** студенттердің қайшылықтарды шешуге қатынасы мен білімін танытуы бойынша анықтау субъектілік дамудың да, психологиялық даярлықты дамытудың да ең жоғары деңгейіне сәйкес екенін көрсетеді. Студент осы деңгейде ғана өзін-өзі жүзеге асыруға психологиялық тұрғыдан даяр болады. Яғни әрбір психологиялық пәндерді оқу арқылы, олардың ерекшеліктерінің негізінде кәсіби-тұлғалық қасиеттерін және теориялық білімдерін тәжірибеде жанашылдықпен еркін қолданып, өзінің жаңа идеялары мен ұсыныстарын шығармашылықпен жүзеге асыруға сеніммен қарайтын болады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.- Астана, 2004.- 132 б.
2. Жарықбаев Қ.Б. Жалпы психология.- Алматы, 2000 ж.

3. Ерментаева А.Р. Психология пәнін оқу жағдайындағы студенттің жеке басында болатын феномендік даму мәселесі // *Наука и образование: достижение и проблемы: сб. научн. тр. - Усть-Каменогорск, 2000. - 7-11 бб.*
4. Ерментаева А.Р. Субъект-кәсіби бағытта студентгердің өзіндік даму мәселелері // *Орта Азияда философия, педагогика, психология және психоанализдегі өзіндік тануды дамыту мәселелері: ғыл.-тәжірибелік конф. материалдары. - Алматы, 2004.-16.-7-10 бб.*
5. Столяренко Л.Д. Основы психологии. Ростов-на-Дону 2001г. 354 -356.
6. Рогов Е.Н. Психология. Москва-Ростов-на-Дону 2004 г.

**А.Қ.РЫСБЕКОВА<sup>1</sup>,  
ОМАРБЕК Қ.<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
(Түркістан қаласы, Қазақстан)

## **ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРДІҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕ АЛАТЫН ОРНЫ**

### ***Аңдатпа***

Мақалада халқымыздың мазмұны бай тәжірибесін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін сан ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан бала тәрбиелеуге байланысты түйінді қағидаларын келер ұрпаққа ата-мұра ретінде қалдырып, ұрпақ бойына ұлттық тәрбие қалыптастырудың жолдарын қарастыру мәселелері қозғалады. Адамгершілікке, инабаттылыққа, ізгілікке, имандылыққа тәрбиелеу арқылы бала болашағына зер сала отырып, Отанын, елін-жерін сүйетін, адамгершілік құндылықтары қалыптасқан толық адамды тәрбиелеуге және өмірлік мақсаты мен міндетіне жету жолындағы мүмкіндіктері қарастырылады.

Қазақ халқының ұлттық салт - дәстүрлерінің тәрбиелік мүмкіндіктері елін-жұртын сүйуге, үлкенді құрметтеу мен кішіге ізет көрсетуді, жалпы ұрпақ бойына ананың сүтімен берілетін тәрбиені талдауда ғылыми педагогикалық әдебиеттерге шолу жасалған.

***Кілт сөздер:*** тәрбие, салт-дәстүр, ұлттық тәрбие, әдет – ғұрып, адамгершілік тәрбиесі, инабаттылық, адамгершілік құндылықтар.

**А.К.РЫСБЕКОВА<sup>1</sup>  
К.ОМАРБЕК<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Международный казахско-турецкий университет им. Ходжа Ахмета Ясави  
(г. Туркестан, Казахстан)

## **МЕСТО НАЦИОНАЛЬНЫХ ТРАДИЦИЙ В ВОСПИТАНИИ РЕБЕНКА**

### ***Аннотация***

В статье затронуты сложившихся веками традиции, обычаи, богатый опыт ключевых правил по воспитанию детей, которые должны передаваться от поколения к поколению и рассматриваются пути формирования национального воспитания. Рассматриваются возможности воспитания ребенка с учетом перспектив на будущее, любящего свою Родину, свою землю, полного жизненных и нравственных ценностей, а также пути достижения жизненных целей

Проанализирована научно-педагогическая литература по воспитанию ребенка на национальных традициях и обычаях казахского народа, рассмотрены традиционные воспитательные возможности, которые передаются с «молоком матери»-любовь к своей родине, опекать младших и оказывать уважение старшему поколению.

***Ключевые слова:*** воспитание, традиции, национальное воспитание, обычай, нравственное воспитание, нравственность, нравственные ценности.

## THE PLACE OF NATIONAL TRADITIONS IN CHILD REARING

### *Abstract*

This article examines the rich experiences that people transferred to the next generations during the centuries through traditions, customs etc. However, this causes social problems to appear. In order to eliminate these problems, education children is required which focuses on moral, decency, patriotic and the future of country. Besides, the children must be given opportunities to get the aims and targets in their lives, and the moral values be transferred.

In order to honor the national Kazak culture, the researches, analyses, literature studies must be carried out on the basis of patriotism and traditional education.

**Key Word:** Education, Traditions, National Education, Religious Rituals, Spiritual Education, Collectivity and Moral Values.

**Кіріспе.** Қазақстан Республикасының тәлім-тәрбие тұжырымдамасында: «Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-мәдени даму жолы дегеніміз - ең алдымен адамзат қазыналарына баса назар аудару, прогресшіл халық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының толымды түлеуі, гуманитарлық ғылымдарға, өнерге, халықтардың моральдық байлықтарына қайтып оралу, мәдениеттің барлық салаларында ұлттық даралықты сақтау, барлық ұлттық мәдениеттердің қазыналары мен дербестігін мойындау», - деп атап көрсетілген [1, 12 б.].

«Өзіңнің тарихыңды жете білмей, оған деген көзқарасыңды әбден анықтап алмай тұрып, салт-дәстүрінді, мәдениетінді ешқашан дамыта алмайсың», - деп Л.Н.Гумилев [2, 111 б.] өз пікірін айтқан. Бұдан шығатын ой қайсы халықтың ұрпағы болмасын өз тарихы мен мәдениетін, салт-дәстүрлерін білуі, оның рухани байлығын өсіре түсетіндігін көрсетеді және осы тарихы мен мәдениетін, салт-дәстүрін бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу ол еліміздің жарқын болашағы екені анық.

**Зерттеу әдістері.** Ата – бабаларымыз да ешбір қағазға түсірмей, жігі бұзылмай келе жатқан ұрпақ тәрбиелеудің белгілі бір жүйесі болғанына ешкім талас тудыра алмайды. Ол сан ғасыр бойы, атадан балаға, баладан өзінен кейінгі ұрпағына мирас болып, жалғасып келе жатқан салт – дәстүр, әдет – ғұрыптар. Ата дәстүрін ардақтау – қазақ халқының ұлттық ұжданы. «Атадан бала тусайшы, ата жолын қусайшы» деп, халқымыз атадан балаға мұра болып келе жатқан жақсы қасиеттерді келесі ұрпақтың бойына сіңіріп, ізгілікке тәрбиелеген. Соның бірі ананың бесік жыры, ол халықтық тәрбиенің бастау бұлағы. Ана баласын әлдилей отырып елін-жұртын сүйуге, үлкенді құрметтеу мен кішіге ізет көрсетуді, жалпы ұрпақ бойына ананан сүтімен берілетін тәрбиені өз бесік жырымен жеткізген.

Ұлттық салт-дәстүрлердің тууы ұлттың ұлт болып қалыптасуына байланысты. Ғылыми деректер қазақ ұлтының пайда болуы 13-14 ғасырларда басталғанын дәлелдейді. Олай болса, қазақтың салт-дәстүрлері де осы кезден бастап дамып, олардың озық үлгілері ұрпақтан-ұрпаққа көшіп, қазіргі біздің дәуірімізге жетті [3, 82 б.].

В.Г.Белинский [4, 86 б.]. «Әдет-ғұрып замандар бойы сыннан өтеді. Өз дәуірінде ардақталып, ата-бабадан әулетке мұра болып ауысып, рудан - руға, ұрпақтан-ұрпаққа жетеді. Олар халықтың сыртқы бейнесі болып табылады. Онсыз халық бет-әлпетсіз бейне, болымсыз тас мүсін тәрізді...» деп өз пікірін айтқан.

Осы тұрғыдан алғанда халқымыз ежелден өз ұрпағын адамгершілікке, инабаттылыққа, ізгілікке, имандылыққа тәрбиелеуді ең басты мақсаты санаған, көшіп-қонып жүріп-ақ ұрпақ қамын жеп, оның болашағына жеткілікті мән берген, ал бүгінгі таңда өмірлік мақсаты мен міндетіне жету жолындағы мүмкіндігіне сенімді, Отанын, елін-жерін сүйетін, адамгершілік құндылықтары қалыптасқан толық адамды тәрбиелеуге бағдарлануы тиіс. Ұрпағымызға халқымыздың мазмұны бай тәжірибесін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін тереңірек қалыптастыру басты міндетіміз. Осы

міндетті жүзеге асыру ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы өмірден көргенін, түйгенін, басынан өткерген істерін, білген білімін, білігін елеп-екшеп керекті түйінді қағидаларын келер ұрпаққа ата-мұра ретінде қалдырып, ұрпақ бойына ұлттық тәрбие қалыптастыруы.

**Зерттеу нәтижелері.** Балаларды ұлттық тәрбиеге баулу – қазіргі білім беру жүйесіндегі басты қағиданың бірі. Бұл заңды да, өйткені біздің қоғам өмірінде ұлттық тәрбиеге баулудың бастамаларының рөлі барған сайын артып, моральдық фактордың ықпал аясы кеңейіп келеді. Ұлттық тәрбиеге баулудың маңызды педагогикалық міндеттері – балалардың белсенді өмірлік позициясын, қоғамдық борышқа саналы көзқарасын, сөз бен істің бірлігін, адамгершілік нормаларынан ауытқушылыққа жол бермеуді қалыптастыру болып табылады.

Яғни ұрпақты ұлттық салт-дәстүр бастамасымен тәрбиелеу, қазақ халқының балалар мен үлкендер арасындағы саналы қарым-қатынасы, тұрмыстың қарапайым ережелерін орындау, кеңпейілдік, қайырымдылық, жақын адамдарға қамқорлықпен қарау. Осылайша мейірімділіктің негізі қаланады, немқұрайлықтың пайда болуына, құрбыларына, төңіректегі үлкендерге қалай болса солай қарауға мүмкіндігі жасалмайды. «Ата тұяғын тай басар» деп, кейінгі ұрпақтың ата салтын бұзбауын талап еткен. Осының арқасында әуелі отбасылық, содан кейін әулеттік, ұлттық тағылымдар ата дәстүріне айналып, ұрпақтардың санасына сіңіп, әдет-ғұрыпқа, салт-санаға айналған.

Қазақ салт-дәстүрлерінен еңбексүйгіштік, отансүйгіштік, рулар мен тайпалардың өзара ізгілік қатынастары, әйелдерге, қартқа құрметпен қарау, адамгершілік, батылдық, балаларға қамқорлық, мейірбандық туған жерге, табиғатқа деген сүйіспеншілік көрініс табады.

Халқымыздың мақал сөздерінен ой-арманы мен ар-намысын қастерлеген аталық ақыл - өсиет сезіледі, халқына, оның өмір тіршілігіне деген сүйіспеншілік сезім аңғарылады, бүкіл әдет-ғұрып пен салт-дәстүрі қамтылады.

**Талқылау.** Салт-дәстүр арқылы болашақ ұрпақтарды туған елін, жерін сүюге, мәдениетін, өнерін дәстүрін қадірлеп, сыйлауға үйретіп, имандылық, ізеттілік, парасаттылық, тәртізді қасиеттерге тәрбиелейді, рухани қазынасын байытады. Халықтың салт-дәстүрлері ұрпақтан - ұрпаққа мирас бола отырып, оның озық үлгілері ұрпақты тәрбиелеудің таптырмас құралына айналды. Халықтың балаларға деген нәзік, мейірбанды, аялы ықыласын соларға арналған салт-дәстүрлерден айқын көруге болады. Бұған мысал ретінде шілдеhana, туған күн, бесік жыры, тұсау кесу, жеті жас, он үш жас, жиырма бес жас сияқты елеулі сәттерге арналған салт-дәстүрлерін айтуға болады.

Ата-аналардың балаға деген сүйіспеншілігінен, оның тағдырына деген жауапкершілігінен, бала болашағы туралы ой-толғаныстарынан баланың адал мейірімді, ақылды азамат, өз халқының лайықты қорғаны, батыры болса деген тілектестік білінеді, ең бастысы - бала кім болса да қай мамандық таңдаса да адам болып қалуға деген үлкен үміті аңғарылады. [3, 86 б.].

Халқымызбен бірге жасап келе жатқан салт-дәстүрлердің ішінде той-тамашалардың түрлері көптеп саналады. Бүгінгі таңда ел ішінде отбасы қуанышы - тілашар тойын өткізу дәстүрге айналып келеді. Баласының білім әлеміне алғаш қадам жасауын ата-ана үлкен қуаныш деп есептейді. Осындай шаттыққа толы мерейлі күнді өмір бойы ұмытпай еске алып жүруі үшін де, жан дүниесіне жақсылық нұрын сеуіп, балапан сезімді байыта түсу үшін де, мұндай тойдың тағылымдық жағы мол.

Ежелден сауықшыл халқымыз әрбір қуанышты жағдайды дүбірлі той жасап атап өткен. Адам өміріндегі осындай елеулі қуаныш тойдың бірі - сүндет тойын өткізу дәстүрі. Сүндет тойында ақсақалдың берген батасы, сөйлеген сөздері, тілектері, орындалған әндер мен өлеңдердің мазмұны балаға тағылымдық - тәрбиелік мүмкіндіктер береді. Мысалы: «Имандылықты бойына сіңірген азамат болсын» деген тілек тілеген.

Бұл талдаулардан байқағанымыз, қазақтың салт-дәстүрлерінің оқушыларды оқытуға, тәрбиелеу мен дамытуға мүмкіндіктері шексіз, өйткені, олар жеке адамның танымына, эмоциясы мен жігеріне, іс-әрекетіне, мінез-құлқына әсер етеді.

Сонымен көптеген ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге шолу жасау арқылы қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрінің негізгі мақсаты айқындалды. Өзінің ғасырлар бойы жинақтаған рухани құндылықтарын келесі ұрпаққа жеткізу үшін сол мұралардың мән-мазмұнын, маңызын

түсіндіре білуге және оны үйретуге тырысқан. Сол дәстүрлердің рухани өзегі мен мәйегі жас ұрпақты тәрбиелеуге бағытталған. Сол себептен, басты мақсатымыз - осы салт-дәстүрлерді пайдалану арқылы жас ұрпақтың ақыл - ойын дамыту үшін болашақ мұғалімдерді дайындау.

Болашақ мұғалімдерді мектеп оқушыларын ұлттық салт-дәстүр негізінде тәрбиелеуге даярлаудың педагогикалық негізі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына (2007), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тәлім-тәрбие тұжырымдамасына сүйенеді [5, 2 б.].

**Қорытынды.** Қорытындылай келе, біз қазақтың ұлттық салт-дәстүрлері негізінде оқушыларды тәрбиелеуге студенттерді даярлаудағы мынадай негізгі жолдарды айқындадық:

- қазақ салт-дәстүрлерінің түрлерін, педагогикалық ықпалын талдау және соның негізінде оларды жоғары оқу орнының оқу үдерісіне енгізу;
- қазақ салт-дәстүрлерінің материалдарын оқу үдерісіндегі мазмұнды аспект ретінде іріктеу;
- қазақтың жалпы салт - дәстүрлерінен білім жиынтығын құрайтын материалдарды

білімгерлер, салт-дәстүрлер біліміне айналуын қамтамасыз ететін оқытудың әдістерін, құралдарын тиімді пайдалану.

Сонымен қазақтың ұлттық салт-дәстүрлері және оның тәрбиелік мүмкіндіктері танымдық, тағылымдық, әдістемелік материалдарды, бағыттарды қамтиды: қазақ халқының ұлттық салт - дәстүрлерінің тәрбиелік мүмкіндіктері ұлттық салт-дәстүрлердің халықтың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейімен байланыстылығын оқушыларға меңгерту, қазақтың салт-дәстүрлері арқылы оқушыларға тәрбие берудің формалары мен әдістерін айқындау.

Қазақ халқының салт-дәстүрлері - ежелден бері халық тұрмысында кең көлемде бірнеше ғасыр бойы қолданылып келе жатқан қарым - қатынастардың жүйесі, студенттерге салт-дәстүр білімін берудің негізі.

Қазақ халқының салт-дәстүрлері - педагогикалық білім мазмұнының құрамдас бөлігі, адамгершілік, оқыл-ой, еңбексүйгіштік, әсемдік және дене тәрбиесін жүзеге асырудың мүмкіндігі.

Қазақ халқының салт-дәстүрлері элективті курс, факультатив, тақырыптық кеш, конференциялар, көрмелер, диспуттар, кездесулер, экскурсиялар, апталықтар сияқты оқу-тәрбие жұмыстарының негізі бола алады.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы ҚР Білім және ғылым Министрінің 2009 жылғы 16 қарашадағы № 521 бұйрығымен бекітілген. - интернеттегі мәліметтер
2. Гумилев Л.Н. Популярные лекции по народоведению. - СПб.: СЗКЭО, Изд. Дом "Кристалл", 2003. - 416с. - интернет желісінен
3. Белинский В. Г. Избранные педагогические сочинения / Под ред. действ. чл. АПН Е. Н. Медынского. — М.; Л.: Академия пед. наук РСФСР, 1948. — 280 с.: портр.-кітап
4. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл, ISBN 5-89800-123-9, II том. кітап
5. ҚР Білім туралы заңы. Егемен Қазақстан. 2017ж. 15.08. №254-256- газеттегі мақала



Ш.Ш.ИСАХОВА<sup>1</sup>,  
М.Х.ДОСАНОВА<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
(Түркістан қаласы, Қазақстан)

## МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС СУРЕТ САЛУ ТӘСІЛІМЕН ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ.

### *Аңдатпа*

Бұл мақалада мектепке дейінгі жастағы көркемдік эстетикалық тәрбиені дәстүрлі емес сурет салу тәсілімен беру қарастырылған

Мектепке дейінгі жастағы көркемдік эстетикалық тәрбиенің өрісі кеңейіп, өз деңгейінде жүргізілуі тәрбиешілердің ұлттық психологияны, халықтық тәлім-тәрбие дәстүрлерін тиянақты меңгеруіне және өз жұмысында сапалы пайдалана білуіне байланысты. Балабақша тәрбишісі бағдарламалық және оқу-әдістемелік талаптарды орындаушы ғана емес, ол балалармен жүргізілетін тәрбие жұмысында кездесетін күрделі мәселелерді өздігінен шешетін, оны жүзеге асыратын болуы керек.

Эстетикалық мәдениетті дұрыс қалыптаспаған адам ғылымда, саясатта және қоғамда өзгелермен тіл табысуда мәдениетті түрде адамгершілікпен әрекет жасай алмайды. Сондықтан қазірден бастап мектепке дейінгі жастағы балаларды эстетикалық тәрбиеге баулуда дәстүрлі емес сурет салу әдістерін пайдалану тиімді болып саналады.

Дәстүрден тыс әдіспен сурет салуды үйренген бала, өз бетінше бастыру құралдарын іздеп тауып көрсетеді. Бұл баланың өмірге шығармашылықпен қарауының, кез келген затты әр түрлі мақсатта қолдана білу іскерлігін дамытудың алғы шарты болып табыладығы айтылады.

**Кілт сөздер:** Эстетика, эмоция, сезім, қолөнер, психология, сурет, дәстүрлі емес, бастыру, саусақпен сурет салу, далаппен сурет салу, нүктелер арқылы сурет салу, құммен сурет салу.

Ш.Ш.ИСАХОВА<sup>1</sup>,  
М.А.ДОСАНОВА<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Международный казахско-турецкий университет им. Ходжа Ахмета Ясави  
(г. Туркестан, Казахстан)

## ЭСТЕТИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ РЕБЕНКА ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА ПУТЕМ НЕТРАДИЦИОННОГО РИСОВАНИЯ

### *Аннотация*

В этой статье рассматриваются способы художественно-эстетического дошкольного воспитания способами нетрадиционного рисования. Расширение художественно-эстетического дошкольного воспитания и его проведение на своем уровне зависит от основательного обладания национальной психологии, народной воспитательной традиций преподавателем и их качественного использования в своей работе. Воспитатель детского сада не только исполнитель программных и учебно-методических требований, но так же должен уметь самостоятельно решать трудные проблемы, возникшие при воспитательной работе с детьми.

Человек, с неправильным формированием эстетической культуры, не сможет правильным образом общаться и действовать с людьми из сферы науки, политики и социума. Поэтому, с ранних дней, детей дошкольного возраста нужно приучать к художественно-эстетическому воспитанию способами нетрадиционного рисования.

Ребенок, научившийся рисовать нетрадиционным способом, сможет самостоятельно указывать на аппликационные инструменты. Это показывает первые шаги творческого видения ребенка, понимание использования любого инструмента в разных целях и его развитие работоспособности.

**Ключевые слова:** Эстетика, эмоция, чувство, ремесло, психология, рисунок, нетрадиционный, аппликация, рисование пальчиком, рисование с помадой, рисование точками, рисование на песке.

## THE AESTHETIC EDUCATION OF THE CHILD OF PRESCHOOL AGE THROUGH UNCONVENTIONAL PAINTING

### Abstract

This article discusses ways of artistic and aesthetic ways of preschool unconventional painting. Expansion the program of artistic and aesthetic preschool education and its implementation at their level depends on teacher's quality of thorough possession of national psychology, popular educational traditions and its using in their work. Kindergarten teacher not only program carrier of educational requirements, but also should be able to solve difficult problems encountered in the educational work with children.

The man with the wrong formation of aesthetic culture, will not be able to properly communicate and work with people from the spheres of science, politics and society. Therefore, from the earliest days, preschoolers need to accustom to the artistic and aesthetic education methods of unconventional drawing.

Child, who learned to draw a non-traditional way, will be able to point to the application tools. This shows the first steps of the creative vision of the child, understanding of the use of any tool for different purposes and its development efficiency.

**Keywords:** aesthetics, emotion, feelings, crafts, psychology, drawing, unconventional, applique, finger painting, drawing with lipstick, drawing with dots, drawing in the sand.

**Кіріспе.** «Біз өзіміздің болашағымызды, жеке балаларымыздың болашағын қандай күйде көргіміз келеді, осыны айқындап алатын уақыт жетті» деп көрсетілген Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2030 жылға арналған стратегиялық бағдарламасында. Сондықтан да еліміздегі ұлттық қоғамды кемелдендіру ел болашағы – жас ұрпақты жаңа инновациялық әдісте рухтық тәлім және білім негіздерімен қаруландырып, қалыптастыру қажет.

Мектепке дейінгі жастағы көркемдік эстетикалық тәрбиенің өрісі кеңейіп, өз деңгейінде жүргізілуі тәрбиешілердің ұлттық психологияны, халықтық тәлім-тәрбие дәстүрлерін тиянақты меңгеруіне және өз жұмысында сапалы пайдалана білуіне байланысты. Балабақша тәрбиешісі бағдарламалық және оқу-әдістемелік талаптарды орындаушы ғана емес, ол балалармен жүргізілетін тәрбие жұмысында кездесетін күрделі мәселелерді өздігінен шешетін, оны жүзеге асыратын ұстаз.

Қазіргі кезеңде баланы тұлға ретінде қалыптастыру, оның бойына ұлттық әдеп-ғұрып пен салт-дәстүр мұраларын сіңіру, имандылыққа тәрбиәріелеу бүкіл халықтық іске айналып, жұртшылық назарын аударуда.

Тәрбиеші баланың сұлулықты қабылдауынан бастап, оған эмоциялық жауап қату, оны түсіну, эстетикалық ұғым, эстетикалық пікір, эстетикалық баға беру қасиетін қалыптастыруға дейін жетелеп отыруы тиіс.

Бейнелеу өнері – көркемдік талғам қалыптастырудың өзекті құралы ретінде баланы өз халқының эстетикалық мұраларын игеруіне, халық өнерінің айшықты туындыларынан ләззат алуға, рухани дамуына және халық талантын қастерлеуге, сүйе білуге баулиды.

Бейнелеу өнерінде балалардың сурет салуға, өнерді қабылдауы тұрғысынан білім деңгейлерінің әр сатылы болуына байланысты, сурет салуға мүмкіншіліктерін анықтай отырып, сапалы білім беру.

**Зерттеу әдістері.** Эстетикалық тәрбиенің әдістері оның мақсаты мен міндеттеріне байланысты анықталады. Әдістер баланың жас және іс-әрекет ерекшеліктеріне байланысты қолданылады. Баланың көркемдік-эстетикалық дамуы сәтті болу үшін тәрбиеші, педагог жас ерекшелігіне сай әртүрлі ойындар, сабақтардың түрлерін қызықты, әрі танымды өткізеді. Танымдық ықпалдар эстетикалық қобалжулармен неғұрлым байланыста болса, соғұрлым нәтижесі де, әсер етуі де жақсарады. Педагогтың балалар қажеттіліктерін, мүмкіндіктерін, қызығушылықтарын ескере отырып, әр біреуімен жұмыс жасауы, бала тұлғасының дербестігін көркемдік шығармашылық арқылы айқындауы, баланың өзін-өзі көрсетуіне мүмкіндік береді.

Шығармашылық ықпал кез келген міндеттерді шешуде педагогтық бейнелеу техникасының ерекше, дәстүрден тыс жолдарын, шешімнің көптеген нұсқалары мен тәсілдерін көрсеткен кезде ғана туындайды.

Дәстүрден тыс сурет салу әдістерін қолданудың бір ерекшелігі - балалар нәтижеге тез қол жеткізеді. Мысалы, әр бала үшін саусақпен сурет салу, өз алақанының таңбасымен сурет салу, қағаз бетінде бояу тамызып, оны үрлеп сиқырлы бейнелерге айналдыру өте қызықты.

Дәстүрден тыс әдіспен сурет салуды үйренген бала, өз бетінше бастыру құралдарын іздеп тауып көрсетеді. Бұл баланың өмірге шығармашылықпен қарауының, кез келген затты әр түрлі мақсатта қолдана білу іскерлігін дамытудың алғы шарты болып табылады.

*Дәстүрден тыс сурет салу әдістері:*

«Бастыру әдісі»: Өртүрлі заттармен бастыру арқылы сурет салу балабақша дәстүріне айналып келеді. Аталмыш техника арқылы жұмыс істеу балаларда жағымды эмоция тудырады, таныс тұрмыстық заттарды көркем сурет салуға қолдану мүмкіншілігін ашады. Бастыру үшін әртүрлі заттарды қолдануға болады. Мысалы: жапырақ, түрлі өсімдіктер, поролон, көкөністер, жүн, алақан, қарындаштың теріс бөлігі, жіп;

«Көкөністер бастырмасы»: Балалар бастырма көмегімен салынған бейнеге ерекше қызығушылық танытады. Әсіресе көкөніс қалдығынан балалардың көз алдында даярланған штамптар даяр сатып алғандарға қарағанда қызығушылықты үдете түседі. Картоп, сәбіз, асқабақ қабығынан, және қызылшадан түрлі пішіндер жасауға болады. Мысалы: шаршы, дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш даярлау; картоп немесе өзге көкөніс қиығында контур жасап, артығын кесу; штампты гуашка батыру немесе оған қылқалам көмегімен субояу жағу; қағаз немесе мата бетіне ойлаған сурет шығатындай етіп бастыру; Штамптар көмегімен мата, кілем үлгілерінің оюын жасауға немесе ұлттық ою-өрнектерден сәндік композициялар құрастыруға болады. Жұмысқа ұлттық нақыш беру үшін жеке суреттермен ұжымдық жұмыстарды әшекейлеуде ұлттық ою-өрнектерді жүйелі қолдану өте маңызды. Балалар ою-өрнекті бейнелеу арқылы кеңістікті бағдарлауға үйренеді және олардың аттарын атап есіне сақтайды.

«Саусақпен сурет салу әдісі»: Саусақпен сурет салу - алақанмен, саусақпен, табанмен бейнелеудің тағы бір тамаша әдісі. Бұл әдіс гуашь, майлы бояудың қасиетін (қанықтық, жұмсақтық) сезінуге көмектеседі. Балаларға алақан немесе саусаққа әр түсті бояу жағу арқылы заттың суретін салу ұсынылады, сондай-ақ таяқша, макта, мата, поролонды қолдануға болады.

«Далаппен сурет салу»: Дәстүрден тыс әдістер жинағына ескі далаппен, лакпен, көз бояйтын теньмен сурет салуды жатқызуға болады. Косметикалық құралдармен сурет салуды ұйымдастыру бала тілегінің орындалуына мүмкіндік тудырады және ол пайдалы іс болып саналады.

«Нүктелер арқылы сурет салу»: Нүктелер арқылы сурет салу (нүктелі сурет) дәстүрден тыс әдіске жатады. Сурет көптеген жекеленген нүктелер арқылы бейнеленсе, онда бұл сурет салу техникасы пуантилизм деп аталады. Нүктелер саусақ немесе қылқалам ұшымен тықылдату әдісі арқылы түсіріледі, нүктелердің көлемдері ір түрлі болуы мүмкін. Нүктелер арқылы салынған сурет мозаика сияқты болады. Педагог контур нүктелерді қойып суреттің сызбасын даярлайды. Балаға нүктелерді сызықтармен қосу ұсынылады. Пайда болған бейнені аяқтауға, бояуға, сюжет ойластыруға және ат қоюға болады. Жұмысты аяқтаған соң балалар ашық түстерді немесе суық және жылы түстерді көп қолданған суреттерді топтастырады.

«Құммен сурет салу әдісі»: Балаларға құммен сурет салу өте қызықты болмақ, өйткені олар құммен ойнағанды қатты ұнататыны сөзсіз.

Қолдану ережесі: - ақ қағаз бетіне суреттің пішіні сызылып алынады;

- Пва желімін сызылған сызық бойымен қылқаламмен жағып шығамыз;

- Жағылған желімнің үстіне ыдыстағы құмды себелеп шығамыз.

**Зерттеу нәтижелері.** *бейнелеу сабақтарын ұйымдастырудың нәтижелері*

-балаларға айнала қоршаған ортадан алған әсерлерін, қабылдағандарын бейнелеу іс-әрекетінде бере білу дағдыларын меңгерту;

- бейнелеу өнері түрлері жайында түсініктері мен көркем өнер туындыларын ажырату;

- өнер туындыларынан әсер алу, сипаттап әңгімелей білу дағдысын меңгерту;

- бейнелеу өнерінің мәнерлеу құралдары жайында (түс, сызықтар, көлем, кеңістік, композиция) қарапайым түсініктерді меңгерту;

-сурет салуға қажетті құрал-жабдықтармен жұмыс істеудің іскерліктерін игерту; - ұлттық нақыштағы бейнелеу өнері түрлерін басқа халықтар өнерімен салыстыра, ажырата білу;

- көркем өнер туындылары арқылы көркемдік талғамын, өнердің бұл түріне деген қызығушылығын арттыру;

**Талқылау.** Эстетикалық мәдениетті дұрыс қалыптаспаған адам ғылымда, саясатта және қоғамда өзгелермен тіл табысуда мәдениетті түрде адамгершілікпен әрекет жасай алмайды. Сондықтан қазірден бастап мектеп оқушыларына ойлау, эмоционалдық сезімдерді қалыптастыру,

экологиялық, патриоттық тәрбиелер ауадай қажет, оны ұлттық қолөнеріміз бен мәдениеттің қатысуынсыз жеткізу мүмкін емес.

Эстетикалық бағытта бейнелеу іс-әрекеті (сурет, мүсіндеу, жапсыру) түрлері еңбек тәрбиесі, құрастыру және музыка сабақтары арқылы балалардың эстетикалық қабылдауын, сезімін, көркемдік талғамын дамыту іскерлік-дағдыларды меңгеруге, ұлттық қол-өнер ерекшеліктерін, оның әсемдігін сезінуге көңіл бөледі

Эстетикалық тәрбиені бала дамуының алғашқы сатысы мектепке дейінгі кезеңнен бастау жан-жақты жарасымды дамыған ұрпақ тәрбиелеуге алғы шарт жасайды. Эстетикалық тәрбие – сұлулық пен эстетикалық даму заңдылықтарына сай сұлулық пен әсемдікті бағалай білу қабілетін жетілдіруге бағытталған мақсатты жүйе.

**Қорытынды.** Сонымен мектеп жасына дейінгі балалардың дәстүрлі есес сурет салу арқылы эстетикалық тәрбиесін қалыптастыруда атап көрсетілген әдістерді пайдалансақ баланың өнерге деген қызығушылығын артту барысында эстетикалық тәрбиесін де мақсатты түрде қалыптастыруға мүмкіндік табамыз.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. *Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру мемлекеттік саясаттың басты мақсаты».*// Дала мен қала №5 8-ақпан.2008жыл.
2. *Швайко Г.С. Балабақшадағы бейнелеу өнері сабақтары.*-М.: Валдос.2000
3. *Нүсіпбекова М.И.Бейнелеу өнері «Аруна» баспасы Алматы 2002ж.*
4. *С.Ұзақбаева. Тамыры терең тәрбие.* - Алматы, 1995.

УДК: 17:37.01  
МРНТИ: 02.51.45

### Ізгілік - адамның басты рухани құндылығы

Болатқызы Ш.<sup>1</sup>

Оразбаев Б.Г.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ 5В010800- Дене шынықтыру және спорт мамандығының 2 курс студенті, [bauka\\_04.98@mail.ru](mailto:bauka_04.98@mail.ru)

<sup>2</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ, Өнер, мәдениет және спорт институты, «Дене мәдениеті және спорт педагогтарын даярлаудың теориясы мен әдістемесі» кафедрасының аға оқытушысы, [shynar-14@mail.ru](mailto:shynar-14@mail.ru)

Мақалада ізгілік, адамгершілік сияқты адамның басты рухани қасиеттері мен құндылықтары баяндалған. Авторлар ізгілік ұғымының мәні мен мағынасына жан-жақты тоқталған. Сонымен қатар, ізгілік ұғымының адамгершілік ұғымымен байланысын келтіріп, ізгілік ол адамның басты рухани адамгершілік құндылығы болып табылатындығын баян етеді. Адамгершілік адамның рухани арқауы, байлығы, адам бойындағы гуманистік құндылық болып табылады. Адамгершілік болашақ ұрпақты ізгілік бесігіне бөлейтін жаңа қадам. Сонымен қоса, мақалада ізгілікті тәрбиемен ұштастырып, тәрбие ұғымына тоқтала, оның анықтамасы көрсетілген. Мақалада сонымен қатар, осы асыл қасиетті терең және жан-жақты зерттеген ғұламалар жайлы баяндалған. Олардың қанатты сөздерін мысалға ала отырып, құнды және сапалы ой-пікірлері жайлы дәйектер келтірілген.

**Түйін сөздер:** ізгілік, адамгершілік, құндылық, рухани байлық, қайырымдылық, мейірімділік, тәрбие, тәрбие түрлері мен бағыттары, тәрбие мақсаты, оқыту, білім беру, дамыту, өзін-өзі тану.

### Гуманность – основная духовная ценность человека

Болатқызы Ш.<sup>1</sup>

Оразбаев Б.Г.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>студент 2 курса специальности 5В010800 - Физическая культура и спорт.  
[bauka\\_04.98@mail.ru](mailto:bauka_04.98@mail.ru)

<sup>2</sup>Научный руководитель: старший преподаватель [shynar-14@mail.ru](mailto:shynar-14@mail.ru)

### Аннотация

В статье рассматриваются такие человеческие качества как гуманность и нравственность, основой которых являются духовность. Авторы всестороннее рассматривают значение и смысл понятия гуманизм. Кроме того показана связь между понятиями нравственность и гуманизм, где гуманность рассматривается как основная духовная и нравственная ценность. Нравственность это духовный свет, богатство, гуманистическая ценность человека. Кроме того в статье в сочетании с нравственным воспитанием, рассмотрены понятия воспитания и приведены его определения. Также в статье приведены идеи ученых которой занимались этой проблемой.

**Ключевые слова:** гуманность, человечность, ценность, духовное богатство, милосердие, доброта, виды и направления воспитания, цель воспитания, обучение, образование, развитие, самопознание.

## Humanity is the main spiritual value of man

**Bolatkyzy Sh.<sup>1</sup>**

**Orazbayev B.G.<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>2<sup>th</sup> course student specialty of PhCaS , [bauka\\_04.98@mail.ru](mailto:bauka_04.98@mail.ru);

Scientific supervisor:

<sup>2</sup>KazNPU named after Abai, [shynar-14@mail.ru](mailto:shynar-14@mail.ru)

### Abstract

The article discusses the human qualities such as humanity and morality, which are based on spirituality. The authors consider the full significance and meaning of humanism. Also shows the relationship between the concepts of morality and humanism, where humanity is considered as the main spiritual and moral value. Morality is spiritual light, the wealth, the humanistic value of human. Additionally, this article combined with moral education, considered the notion of education and given its definition. The paper also gives ideas of scientists which studied this problem.

**Keywords:** humanity, values, spiritual wealth, compassion, kindness, types and directions of education, target education, training, education, development, self-knowledge.

«Үш-ақ нәрсе-адамның басты қасиеті:

ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» **Абай Құнанбаев**

Әрбір адам өзінің адамгершілігімен, ізеттілігімен, қайырымдылығымен, адалдығымен және әділеттігімен ардақты. Адамгершілік тәрбиенің нәтижесі адамдық тәрбие болып табылады. Ол тұлғаның қоғамдық бағалы қасиеттерімен сапалары, қарым-қатынастарында қалыптасады. Адамгершілік қоғамдық сананың ең басты белгілерінің бірі болғандықтан, адамдардың мінез-құлқы, іс-әрекеті, қарым-қатынасы, көзқарасымен сипатталады. Олар адамды құрметтеу, оған сену, әдептілік, кішіпейілдік, қайырымдылық, жанашарлық, ізеттілік, инабаттылық, қарапайымдылық т. б. Ізеттілік - ең жоғары құндылық деп қарайтын жеке адамның қасиеті, адамгершілік қасиеттерінің жиынтығы.

Ізгілік бұл адамдарға деген адамгершілік, сүйіспеншілік қатынас, бұл өзге адамға жақсылық жасаудың негізі. Біздің ұғымымызда ізгілік бұл жылулық, жүрекке жылулық ұялату болып табылады. Тарихына көз жүгіртер болсақ, IX–XIX ғасыр ойшылдары (Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, М.Қашқари, Я.А.Коменский, К.Д.Ушинский, Ы.Алтынсарин, Абай Құнанбаев және т.б.) ізгілік, адамгершілік туралы өздерінің түйінді, құнды ойларын келтіргендіні халыққа мұра ретінде қалдырған баға жетпес еңбектерінен белгілі. Бертін келе, Ресей психолог (Л.С.Выготский, С.Л.Рубинштейн, А.В.Петровский, В.В.Давыдов т.б.) және педагог (Ш.А.Амонашвили, Е.В.Бондаревская, Т.А.Ильин, И.С.Якиманская т.б.) ғалымдары өздерінің еңбектерінде жеке тұлға, қоғам, адамзат қоғамының дамуы, келешегі, өмір сүру мүмкіндігі осы ізгілік тәрбиесінің бағыттаушы сипатына байланысты екендігі туралы жазған. Бұл қасиет адамның қоғамдық және жеке өміріндегі құбылыстардың жағымды адамгершілік мәнін бейнелейді. Қоғамдық тұрғыда ізгілік адамдар арасындағы бытыраңқылық пен жатсынуды жеңуге, өзара түсіністікті, моральдық теңдік пен туысқандық бірлікті орнықтыруға жәрдемдесетін іс-қимылдар мен қоғамдық бастамаларды білдіреді. Ізгілікті бұлайша ұғыну — мұратқа ұмтылған адамның өз нәпсілерінен,

материалдық мұқтаждықтан, жеке адамға жасалатын топтық және қоғамдық қысымнан тәуелсіз болуына себептесіп, ізгіліктің тарихи және жағдаяттық нақтылықтарына гуманистік тиянақтылық береді. Идеяда ізгілік адамның кемелділікке құлшынысын бейнелейді. Зұлымдыққа қарсы қойылғанда ізгіліктің мазмұны іс жүзіндегі бағыттылыққа ие болады. Адам ізгілікті тандағанда зұлымдыққа қатысын анықтап алуға, оны жою қажеттігін, ізгілік пен зұлымдықтың осы қарама-қарсылығын туғызған себептерді жеңу керектігін ұғынуға тиіс. Ізгілік идеясы зұлымдыққа қарама-қарсы болғандықтан ғана емес, адамның басқа алдындағы және өзінің алдындағы міндеттері жүзеге асырылғанда өзінің әлеуметтік нақты мәніне ие болады. Ізгілік пен парыздың қатынасы проблемасын сонау классикалық философия қойған болатын. Ізгілік мақсат ретінде адамдардың мінез-құлқына реттеушілік ықпал жасайды да, осы арқылы әлеуметтік талап, міндеткерлік түрінде көрінеді. Әр адам өзін-өзі, өзінің қажеттілігін, өмірдегі және қоғамдағы рөлін толық түсіну нәтижесінде өз мүмкіндіктерін таниды. Адам өз бойындағы мүмкіндіктерін толық пайдаланғанда ғана, алдына қойған мақсатына жете алады. Мақсатқа апаратын ізгі жолдарды өздігінен іздеп табу жақсы нәтижеге жеткізеді. Адам жағымды қасиеттерін, ізгі ниеттерін дамыту барысында өзін-өзі тәрбиелейді.

Ізгілікті іс игілікке жеткізеді. Адамның мейірімді, ықыласты болуы, елін, жерін сүюі, танып білуге құштарлығы, еңбексүйгіштігі ізгі істер мен жақсы әрекеттерге жетелейді.

Жүсіп Баласағұн «адам баласының құндылығы оның білімінде һәм ойлана білуінде» демекші, беріліп жатқан білімнің арқасында бойымда дұрыс іс-әрекетке, өмірге деген көзқарасым өзгерді. Өзіңе, өзгеге қиянат жасамау, барша адамға сүйіспеншілікпен қарау керек. Сонда ғана өзінді тани отырып, алға қарай ұмтылып отырасың. Адам өмірі баспалдақ сияқты. Бір жақсы қадам жасасаң, баспалдақтың біреуіне шығып, тағы да алға ұмтыласың. Сөйте жүре өмір жолында алға қойған мақсатыңа бойындағы адамгершілік құндылықтардың арқасында тек алға жылжуға тырысып, барыңды саласын. Ізгіліктің ізгі шыңына, биікке шыға отырып алға өрлейсін. Ізгілік кенеттен бір пайда болған құбылыс емес. Ол үнемі бойымызда болады. Адам зұлымдықты жеңген сайын, ізгілік оған қар болып жауады. Міне, өзіңнің бойындағы кемшілігіңді жеңу – өзінді-өзің танумен тығыз байланысты.

Қазақтың ұлы ғұлама ойшылы, ақыны Абай Құнанбайұлы адамға үш-ақ нәрсе керек: ыстық қайрат, ол дегеніміз тандаған мамандығың бойынша барыңды салып еңбек ету, нұрлы ақыл – жамандығың мен жақсылығыңды ақылмен шешу, жылы жүрек-мейірімділік пен ізгілік, өзінді кеңірек зерттеу. Сол тәрбиені келер ұрпаққа жеткізу – біздің міндетіміз. Ал егер біреуінен ақау шықса жұқпалы аурудай біріне-бірі тарайды. Қазақ халқы бір құмалақ бір қарын майды шірітеді дейді. Сондықтан бәрін бірге жұмылдырып түйіндей білу керек. В.Соловьев айтқандай: «адамның табиғаттың басқа барлық жәндіктерінен бір артықшылығы - ақиқатты танып және іске асыра алатындығы. Ал кәсіби тұрғыдан қарағанда ізгілік дегеніміз- жеке студенттердің өзіндік кәсіби қызмет саласын қоғамдық жауапкершілікпен бағалауға және дамытуға бағытталған азаматтық қасиет деп анықтама берген. Дана ойшыл Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанында: «Адам болмысының мәні және әдебін ашатын ұғым ретінде ар-ұят алынады. Адамның адамгершілігін, оның тұлғасын ардақтайтын және көкке көтеретін ар мен ұят. Адам бойындағы ар-ұят сезімі оның ибалығын, қайырымдылығын, бақытын, әділетті ұстанымын, парасат-пайымын, қанағатшыл құлқын асқақтатады. Ар-ұят – бұл адамның көркем мінезділігінің, тәрбиелілігінің белгісі. Ар-ұят дегеніміз адам бойындағы кісілік пен кішіліктің арлылық пен сыпайылықтың негізі» делінген.

Ізгілік адамның өзіне және өзгелерге жасаған жақсы, игі істері. Ізгілікке тән мейірімділік, сүйіспеншілік, сыйластық, қайырымдылық сияқты қасиеттер адамды тек жақсылыққа жеткізетінін бәріміз білеміз. Бүгінгі таңда еліміздің жаңа ғасырдың табалдырығын асқақ жетістіктермен аттап, дамыған елу елдің қатарына қосылуға бет бұрып отырғандықтан, еліміздің білім беру жүйесі де бүкіл әлемдік білім талаптарына сәйкес болуы тиіс. Ал бүкіл әлемдік білім

кеңестігінде адам мүмкіншілігінің шексіздігін, өзін-өзі дамыту қабілетіне деген сенімі мен ерік бостандығын мойындау, абыройын қорғау және адамның бақытқа жету жолындағы құқығы мен сұраныстарын қамтамасыз ету негізгі мақсаттардың бірі.

Сондықтан біздің білім жүйесі тек қана білім беруге ғана құрылмай, адамдар арасындағы қарым-қатынастың сүйіспеншілікке негізделуі, олардың ар-намысын, абыройын, ұжданын құрметтеу, адамгершілік тұрғыда қамқорлық жасау, қадірлеуге үйретуге бағытталуы тиіс.

Жалпыадамзаттық құндылықтар – уақытқа бағынбайтын, ешқандай ортамен, қоғаммен шектелмейтін, бүкіл адамзат үшін маңызы зор құндылықтар.

«Өзін-өзі тану» пәні бойынша рухани-адамгершілік білім берудегі жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесі төмендегіше жіктеледі:

- ақиқат;
- сүйіспеншілік;
- дұрыс әрекет;
- ішкі тыныштық;
- қиянат жасамау.

Ақиқат дегеніміз – адам ойының шынайылықпен сәйкестілігі, яғни адамның ақиқат пен әділдіктің жолында жүруі. Сүйіспеншілік – адамның бүкіл адамзатты сүюі, мейірім шапағатын күнделікті тұрмысында бір-біріне деген достық, сыйластық, қайырымдылық жасау сезімдері арқылы көрсете білуі. Дұрыс әрекет – ешқандай тіршілік иесіне жамандық жасамау, ұрлық-қорлықтан қашық болуы, ал қиянат жасамау – ешкімге оймен, сөзбен, іс-әрекетпен озбырлық жасамау болып табылады. Адам біреуге қиянат жасаса, оның жүрегін кір шалды деген сөз. Адам ақиқатты танып, сүйіспеншілікпен дұрыс әрекет еткенде, оның жан дүниесінде ішкі тыныштықтың хош иісті гүлі шешек атады. Рухтың мекені – адамның жүрегі. Жүрек жылуы, махаббат, ар-ұят, қайрат, мейірімділік, жақсылық, адамшылық осы жүректен туындайды. Рухтың табиғаты материалдық зат емес, оның табиғаты – асыл нұр.

Рухани адамгершілік тәрбиенің қайнар көзі саналатын «Өзін - өзі тану» пәні баланы жастайынан отаншылдыққа, әдептілікке, достыққа, тазалыққа, ұқыптылыққа, мейірімділікке, табиғатты сүюге, отбасын сыйлауға, ұйымшылдыққа үйретуге, ұрпақ бойына жалпы адамзаттық құндылықтарды, адамгершілік принциптер мен мұраттарды ғұмыр бойы басшылыққа алатын тұлға қалыптастыруға негізделген. Бұл пікірді Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа Жолдауында айтқан «Біз тұрғызатын қоғам арды бағалайтын, белсенді, жоғары моральды, әдепті және рухани байлығы мол адамдардан тұруы керек» деген сөздері айғақтайды. Рухани-адамгершілік тәрбие беру – қазіргі мектептердің ең маңызды міндеттердің бірі десек, бұл – әрине, заңдылық. Өйткені, біздің қоғам өмірінде адамгершілік бастамаларының ролі барған сайын артып, аясы кеңейіп келеді. Осы талаппен «Өзін-өзі тану» рухани адамгершілік білім беру бағдарламасының, өскелең ұрпаққа адамгершілік-рухани білім беру және тәрбиелеу басымдылығының мәнін күшейтуге бағытталған, жалпы мақсаттары ұштасады.

**Адамгершілік-адамның ішкі қасиеті және рухани байлығы.** Адамға қойылатын басты талап – асыл да ізгі адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірген, ұлағатты азамат болып шығу. Өйткені, адам – өзінің адамгершілігімен, қайырымдылығымен, адалдығымен және әділеттігімен ардақты. Адамгершілік – адамның рухани арқауы. Адамгершілік мәдениет адамзат қоғамының даму тарихы арқылы қалыптасады, әрбір дәуірдің өзіндік қайшылықтарымен біте қайнасып, жетіледі. Сондықтан да адамгершіліктің мәнін абстарктылы түрде қарап, оны адамдардың табиғатымен, биологиялық ерекшеліктерімен ғана байланыстыруға болмайды.



Адам адамгершілігі арқылы көптің арасында қадыр-қасиеті арта түседі. Ол елге осылайша сыйлы болады. Мұндай адамгершілік – әдеп адамды істейтін ісіне, сөйлейтін сөзіне, қабылдайтын шешіміне баса назар аударады. Адам – өз өміріне өзі қожа. Өйткені, ол өз тұрмыс-тіршілігін өзі реттестіріп отыруға қабілетті. Ол өзінің осы бір қабілетін дұрыс пайдалана алған жағдайда ғана дегеніне жете алады. Себебі адамды адамгершілік сезімі ғана биік белестерге бастайды.

«Адамгершілік» - ол тұлғаның адамгершілік сана сезімін, іс-әрекетін қалыптастыратын, құндылық бағдарын айқындайтын құрал. Сондай-ақ, тұлғаның ар-ожданын, танымдық қызығушылығын кешенді дамытады. Адамгершілік адамды сүюді және оның бостандығын, құқықтың, қадір-қасиетін құрметтеуді, рақымшылдық пен шыншылдық қасиеттерін қалыптастырады. Қазіргі заманда ғылым мен білім, ақпараттық технология, техника қаншалықты қарыштап дамыған сайын, адамның бойындағы рухани-адамгершілік қасиеттерінің соншалықты төмендеп бара жатқанын күнделікті өмірде көріп отырмыз. Атап айтар болсақ: тастанды бала, қарттар үйі, қатыгездік, табиғатты ластау, ағашты кесу, суды ластау, алдап соғу, жемқорлық, өлтіріп кету, өз-өзіне қол салу, т.б. толып жатыр. Адамзаттың ең асылы – «адам» деп қарайтын болсақ, онда адамның азғындауына не себеп? Әлде заман кінәлі ме? - деген сұрақтар туындайды. Көпшілігі «заманына қарай адамы» деген принциппен өмір сүруде. Ал, заманды құрайтын адам емес пе? Міне, сонда барлығы қайтадан адамға келіп тіреледі. Сондықтан күллі әлемді сақтап қалатын бірден-бір жол рухани адамгершілік білім екені даусыз. Ал, адамның жүрегіне нұр құятын, риясыз сүйіспеншілікпен рухани бастауға жетелейтін, ол – ұстаз. Ол тек біліммен емес, тәрбиемен де сусындатады.

**Тәрбие - адамның саналы іс-әрекеті.** Тәрбие барлық іс-әрекеттің бастамасы болып табылады. Адамның рухани байлығының, адамгершілігінің, мәдениеттілігінің бет бейнесі, көрінісі ол әрине-тәрбие. Ол ғасырлар бойы дамып, түрленіп, қоғам керектігіне қарай өзгеріп отырды. Кез келген педагог-ғұламаны тәрбие туралы ойлар көп толғандырған. Зерттеушілер оны тереңінен зерттеп, тіпті бірнеше түрге бөліп қарастырған. Соның ішінде атай кетсем, адамгершілік тәрбиесі, ақыл-ой, эстетикалық, еңбек тәрбиесі. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дидактикалық дастанында тәрбие мақсатына ерекше мән беріледі. Дастанда тәрбиенің түпкі мақсаты ретінде текті, парасатты, ізгілікті адамды тәрбиелеу туралы жан-жақты сөз болады.

Тәрбие адамға ізгілікті болуға, адамгершілігі мол, қайырымды жан болуға жетелейтін рухани күш.

Ал, енді жалпы ізгілікті зерттеушілер, яғни ізгілік классиктері жайлы айта кетсек. Осы қасиетті педагогикамен ұштастырып, оны кеңінен зерттеп, мазмұнын аша білген ол - Амонашвили.

Ол өз кезегінде ізгілік бастамасы, оның қайнар көзі ұстаз деп біліп, бұл қасиеттің мектеп кезінде-ақ қалыптаса бастайтынын айтқан. «Рухани ізденістің биіктігі оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасында ерекше орынға ие, ал білім - адамға жүрекпен ақыл арқылы беріледі, өйткені ол адам жанына сүйіспеншілік арқылы жол табады», - дегендей, бала тәрбиесіндегі ең бастысы - рухани біртұтастық. Балалардың айналасындағы адамдарға, табиғатқа, қоршаған ортаға, жан-жануарлар, аң-құстар, өсімдіктер, яғни, тірі және өлі табиғаттың қай-қайсысына да болсын адамгершілікпен қарым-қатынас жасау қажеттілігін сезіндіруде адамгершілік құндылықтар негізінде білім беру аса маңызды.

«Балалық - адам өмірінің ең маңызды кезеңі, келешекке деген дайындық емес, бұл қайталанбас, жаңашылыққа толы, біртұтас ашық түсті өмір. Балалық шақтың қалай өткеніне қарамастан, баланы бала күнінде кім қолынан жетектеді, оның жүрегімен ақылына осы қоғамнан не кірді, осыдан келе ақтық сында баланың қандай, бүгінгі күннің бүлдіршіннің қандай болатыны тәуелді.

Ізгілікті –адамгершілік үрдісіндегі мұғалімнің негізгі ұстанымдарына баланы сүйу әрі баланы түсіну жатады.

Мұғалімнің басқарушылық қағидалары:

- бала тұлғасын құрметтеу қағидасы;
- баланың қалыптасуында - ұстамды, сабырлы болуы.

Мұғалімнің өсиеттері:

- бала қабілетінің шексіздігіне деген сенім;
- өзінің педагогикалық қабілеттеріне деген сенім;
- балаға деген ізгілік қадамның күшіне сенім.

Ш.А. Амонашвилидің «Күлкім менің қайдасың?» атты авторлық шығармасында «Ойшылдар былай дейді», делінген:

- күлкі қажет, көз жасы рухтың күшін әлсіретеді;
- өмірде алынып жатқан сабақтарды күлімдей қабыл алындар;
- күлімдеп қауіпті қарсы аламыз;
- күлкімен жолдарды ашыңыздар;
- күлкіні жұлдыздарға жіберу керек;
- келер сәтке күлімсіреңіздер;
- бағбаншы, жапырақтан күлімдеп шаңды ал.

Бұл тұста «бағбаншы» деп автор ұстаздар қауымына айтады. Ал оқушыны өсіп тұрған гүлге теңейді. Оқушыны оқыту мен тәрбиелеуде әрқашан оған күлімдеу қажеттігін өсиет етеді. Одан кейін Әл-Фараби ертедегі Қазақстан жерінен шыққан, қазақ топырағында дүниеге келген, ғұлама ғалым, Шығыстың ұлы ойшылы, әрі ағартушысы, әйгілі математик, философ, музыка зерттеушісі, тарихшы болған. Туған жері – Отырар қаласы. Әл-Фараби Орта Азия ойшылдарының ең атақтысы, ең ғұламасы – Аристотельден кейінгі "екінші ұстаз", "Шығыстың Аристотелі" ұлы ғұлама. Ол:

1. «Кез келген адамның қалайтыны, мақсаты бақыт болып табылады» деп көрсете отырып, осы бақытқа жетудің жолы адамның бойында ізгілікті қасиеттердің қалыптасуын қараған.

2.«Қайырымдылық бақытқа жету үшін керек. Ол табиғи түрде де, қалау түрінде де бола алады. Зұлымдық бақытқа жетуге кедергі жасайды». Ізгілік идеясы әл-Фарабидің педагогикалық идеясының негізгі өзегі болған. Ол өзінің ғылыми еңбектерінде білім берудің ізгілік принципіне негізделуіне ерекше мән берген. Ғұламаның бұл ойы қазіргі кезде де өз мәнін жойған емес, бүгінгі таңдағы жаңа білім беру парадигмасы ретінде қабылданып отырған ізгілендіру принципі – осының нақты дәлелі. Ол ізгілікті, қайырымды адамға 4 кедергі бар дейді де, оларға жеке-жеке түсінік береді. Олар: тәртіпсіздік, құбылмалылық, адасу және имансыздық.

Ғұлама әр адамның білімді болуы үшін оның күш-жігерімен қатар, адамдармен қарым-қатынасындағы жақсы қасиеттердің, адамдардың бір-біріне деген мейірімділіктерінің, өзара көмектерінің, жалпы алғанда олардың бойындағы ізгілік қасиетінің мол болуының керектігі туралы айта келе, «Біз жақсы мінез-құлық пен ақыл-парасатқа ие болған кезде солардың арқасында міндетті түрде бақытқа жетеміз... Бұл екеуі бар кезде біздің өзіміз және іс-әрекеттеріміз үстем де кемел болады, осылардың арқасында біз шын мәнінде қастерлі, қайырымды, инабатты боламыз» деп ой түйеді.

XI ғасырда өмір сүрген, қазақ топырағына өсіп шыққан түркі ғұламасы ойшыл-ақын Жүсіп Баласағұн. Оның бүкіл әлемге танымал еңбегі «Құтты білік».

Дастанда ізгілік идеясы оның дамуымен тығыз байланысты. Ғұлама ізгілік идеясының негізіне адамның өзін-өзі дамыту қабілетін, өзінің ерік-жігерін, өз абыройын қорғай білуін, бақытқа жету жолындағы құқығы мен сұранысын жатқызады.

«Құтты білік» дидактикалық дастанындағы ізгілік идеяларының негізгілері:

- таным теориясының рационалдық дамуы;
- ғажайып ізгілік жүйесін жасау: әділдік, ақыл, дәулет, қанағат;
- жетілген тұлға тәрбиелеу;
- тұлға тәрбиелеудегі детерминаттарды есепке алу, санаткерлік сапаларды дамыту;
- мұрагерлік принципін регламентациясы;
- ақиқат білімді қабылдаудың педагогикалық талаптарын бекіту.

Жүсіп Баласағұнның ілімі ізгілік идеясының қайнар көзі, ол дастанда ізгіліктің сипаты мен пайдасын ашып көрсетеді. Адам бойындағы жақсы, жаман қасиеттерді ашып айта отырып, жақсы адамда ізгілік қасиеттердің мол болатынын айтады, сөйтіп жақсы мен жаманның ара жігіне салыстырмалы түрде талдау жасайды. Осылайша ғұлама адам бойында кездесетін ізгілік оның ізгі ниетінен, ізгі сөзі мен ізгі қылығынан көрінетінін өте көрегендікпен тұжырымдаған. Оның ойынша ізгі ниет адамды ізгілікке, адамгершілікке апаратын ізгі жол, сондықтан оны адам бойында қалыптастырудың маңызы зор. Адам өзінің ізгі сөзі арқылы білімділігін таныта алады, айналасындағы адамдарды шапағатқа бөлейді, кісілік келбетін көрсетеді, ізгі қылық пен ізгі ниет адамның мінез-құлқынан көрінеді. Ізгі қылығы арқылы өзінің мейірін айналасындағы адамдарға сеуіп, мінез-құлқының жақсылығын көрсетеді деп ойып айтқан.

**«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста»** сөзін айтқан қазақтың бас ақыны, халықтың мақтанышы Абай Құнанбаев болатын. Ол қолына қалам алып, қазақтың рухын көтерген дана адам. Ұлы Абай атамyzдың өлеңдері мен қара сөздері халыққы ерекше тәлім-тәрбие беріп қана қоймай, рухани адамгершілікке баулиды. Адам баласы рухани – адамгершілік қасиеттерінсіз өмір сүре алмайды. Абай атамyz өз шығармаларында осыны негізге алған. Ол жақыннан алысқа қарай, қызықты, күлкілі жағдайлардан қиынға қарай біртіндеп жетелейді. Мұның негізгі мақсаты адамзатты адамгершілікке жетелеу болатын. Абай Құнанбаевтың қара сөздеріне мән беріп қарасақ, орасан зор тәрбиелік мәні бар. Әсіресе білімге ұмтылған жастарға ерекше қымбат деп ойлаймын. Адамды бақытқа жеткізетін білім екені баршаға мәлім. Оны игеру жастардың ғана қолынан келеді. Сондықтан да білімге құштар жас ұрпақ Абайдың қара сөздері мен өлеңдерінде көп мағына жатқандығын білу керек. «Алтыншы», «Сегізінші», «Он бірінші» қара сөздерінде білімге бөгет жасайтын мақтаншақтық, еріншектік, надандық мінездерді ашып көрсетуге арналған деп айтуға болады. Абай «бірлік, тірлік» сөздерінің мәнін аша келе «Он алтыншы» сөзінде былай дейді: «Бірлік – ақылға бірлік, малға бірлік емес». Сол қиын қыстау заманда адамдардың мал, ақша үшін ар-намысын сату, бір-біріне жала жабу, өзара ауызбіршіліктің болмауы сияқты мінездердің бәрі де жалқаулықтан, мәдениетсіздіктен, еңбексіздіктен туындайтындығын дәлелдей отырып, адамдардыосы аталған мінездерден қашық болуға тәрбиелейді. Яғни адамдарды рухани-адамгерліктері мол болуға шақырды.

Ізгілік бұл әрбір адамның бойынан табылуы тиіс қасиет. Ол өз қарамағына имандылық, әдептілік, тәрбиелілік, мәдениеттілікті қамтиды. Ізгілік адамның рухани байлығының ең биік нүктесі. Адамды ізеттілікке, мейірімділікке тәрбиелейді. Бұл арқылы адам өзінің ішкі жан дүниесімен қатар, сыртқы табиғи әлемінің шыңына шығады. Ізгілік барлық игі істердің бастауы боп табыла бермек.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Амонашвили Ш.А. Здравствуйте, дети!. – Москва, 1983.
2. Абай энцикоопедиясы. - Алматы, 1993.
3. Амонашвили Ш.А. Улыбка моя, где ты?. - Москва, 2003.
4. Абай Құнанбайұлы кара сөздері, Алматы, 2005.
5. Қ. Сейталиев. Педагогика тарихы. Алматы, 2008.